

Нұргелді Уәли

**ГРАФИКА.
ОРФОЭПИЯ**

ОРФОГРАФИЯ.

УДК 811.512.122
ББК

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми кеңесі ұсынған

Монография «*Латынграфикалы жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын жаңғыртудың ғылыми-лингвистикалық базасын әзірлеу*» атты мақсатты-бағдарламалық жоба аясында дайындалды.

Пікір жазғандар: Қазақстан Республикасы ҒА корреспондент мүшесі
профессор З. Базарбаева
филология ғылымдарының докторы,
доцент Қ. Есенова

Жауапты шығарушылар: филология ғылымдарының докторы,
профессор А. Алдаш
филология ғылымдарының кандидаты
А. Әмірбекова

У ... Уәли Н.М

Графика. Орфография. Орфоэпия / Нұргелді Мақажанұлы Уәли. – Алматы: ...
баспасы, 2018ж. – 250 б.

ISBN

Монографияда қазақ жазуы тарихындағы графика, орфография, орфоэпия мәселелері жөнінде ғылыми-теориялық тұжырымдар жасалады. Жаңа латыннегізді әліпби бойынша қазақ орфографиясын оңтайландырудың жолдары және қазақ емле ережелерінің ғылыми негіздемелері талданады.

Еңбек қазақ жазуы, жазу теориясы емле, орфоэпия мәселелерімен шұғылданатын зерттеушілерге, орта және жоғары білім беру жүйесінің мамандарына, докторанттар мен магистранттарға, сондай-ақ аталған мәселелерге қызығушылығы бар өзге де жеке тұлғаларға арналған.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз
Ұлттық жазудың ұлы тіні.....

I ТАРАУ ГРАФИКА.....

- 1.1 Дыбыс – фонема – графема
- 1.2 Графема – әріп – әліпби.....
- 1.3 Әліпбидегі әріптердің аттары

II ТАРАУ ОРФОГРАФИЯ.....

- 2.1 Қазақ орфографиясының принциптері.
- 2.2 Жазу нормалары және одан ауытқудың түрлері мен себептері.
- 2.3 Кейбір дауыссыз дыбыстардың жазылуы.....
- 2.4 Кейбір дауысты дыбыстардың жазылуы
- 2.5 Кейбір дыбыс құбылыстарының орфографиядағы көріністері....
- 2.6 Біріккен сөздер жазылуы
- 2.7 Шылаулардың жазылуы
- 2.8 Шет тілдерден енген сөздердің орфографиясы
- 2.9 Бас әріптің қолданылуы
- 2.10 Қысқарған сөздердің жазылуы

III ТАРАУ ЖАҢА ӘЛІПБИ. ЖАҢА ЕМЛЕ

- 3.1 Жаңа латыннегізді әліпби бойынша қазақ орфографиясын оңтайландыру жолдары
- 3.2 Қазақ орфографиясы негізгі ережелерінің ғылыми негіздемесі (концепциясы)

IV ТАРАУ. ОРФОЭПИЯ (А.Фазылжанова, Қ.Күдеріновамен авторлық бірлестікте)

- 4.1 Орфоэпиялық нормаларды кодификациялаудың теориялық негіздері
- 4.2 Бұқаралық коммуникация және сөз мәдениеті
- 4.3 Әдеби тілдің жазбаша және ауызша түрлері мен нормалары
- 4.4 Сөз бедері
- 4.5 Жеке сөздердің орфоэпиясы
- 4.6 Сөйлеу техникасы мен эфирдегі дыбысталған сөздің интонациясы
- 4.7 Сөз ағымы және оның бірліктері
- 4.8 Интонация

ҚОРЫТЫНДЫ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ жазуының тарихы, қазақ тілінде жазуды, қазақ тілінің емлесін реттеу, бір ізге түсіру жайы ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының айрықша назар аударған мәселелерінің бірі еді. Қазақ жазуының онтогенездік дамуындағы осы маңызды кезеңде қазақ әліпбиінде, қазақ сөзінің жазбаша таңбалануы мен ауызша айтылуында ұлттық болмысты сақтаудың негізгі іргетасы қаланды. А.Байтұрсынұлы көшбасшы болған алаш ардақтыларының қолданбалы мазмұндағы тұжырымдары арқылы өткен ғасырдың орта тұсында басталған саяси тұмшалауға, тілдің ұлттық сипатын өзгертуге бағытталған сан қилы іс-шараларға, әліпби жүйесінің бірнеше рет алмастырылғанына қарамастан қазақ жазуында ұлттың мәдени-тарихи ерекшеліктері, бірегей, біртұтас тіл түріндегі сипаты сақталып қалды.

Аса ірі фонетист ғалым ретінде де, халық ағарту саласындағы қоғам қайраткері ретінде де іргелі зерттеулер қалдырған профессор Құдайберген Жұбановтың мұрасында қазақ жазуы мен орфографиясы бойынша терең лингвистикалық дәлелдемелер бар.

Қазақ тілі емлесінің мәселелері жиырмамыншы ғасырдың елуінші жылдарында екінші мәрте назарға алына бастады: өйткені қазақ қоғамында осы кезеңнен бастап оқу-ағарту, баспа ісі, ғылым бағыттары өркендеу жолына бет бұрды және оқу-ағарту саласының, баспа өнімдерінің, ғылым жетістіктерінің қалың жұртшылықтың сапалы түрде білім, ақпарат алуына толыққанды мүмкіндік беретін қуатты көзге айналуында жазудың – қазақ тілі емлесінің, тыныс белгілерінің нормалануы мен қалыптануы маңызды рөл атқаратындығы мамандардың ғылыми-практикалық тұрғыдан қарастыруын қажет етті. Осы тұстан бастап қазақ тілі емлесінің барлық проблемалары бойынша академик Р. Сыздықтың еңбектері жариялана бастады және бүгінгі таңда академик Р.Сыздық – сан алуан, көп қырлы еңбектері арқылы қазақ емлесінің ғылыми-практикалық мәселелерін терең талдап, реттеп берген қазақ ортологиясының көш басында келе жатқан аса көрнекті бірегей ғалым.

Дегенмен бір кезеңнің идеалды, мүлтіксіз деп танылған емлесілік қағидалары қоғам дамуының келесі бір кезеңдерінде жекелеген принциптері мен тұжырымдары жағынан тар ауқымдылық танытуы да мүмкін. Осы себепті және қазақ әліпбиінің латын графикалы әліпбиге ауыстырылуы, сондай-ақ тіл динамикасындағы елеулі өзгерістер тұрақталған емлесілік қағидаларын тың тұрғыдан тиянақтауды қажет етіп отыр.

Ұсынылып отырған еңбекте қазақ тілтанымының сан салалы проблемалары бойынша соңғы қырық жыл бойы жемісті еңбек етіп келе жатқан белгілі ғалымның қазақ жазуына қатысты ғылыми тұжырымдары жинақталған.

Қазақ емлесінің негіздерін қалаған және одан әрі дамыта зерттеген баба ұстаздары мен аға ұстаздарының көзқарастарын берік сүйеніш ете отырып, ғалым зерттеуде ең алдымен дыбыс – фонема – графема түсініктері және олардың жазу теориясының басты белгілерін анықтаудағы маңыздылығы тарата баяндайды. Жан-жақты ғылыми-практикалық қисындар арқылы автор

жаңа әліпбиге негізделген қазақ жазуының қазіргі жағдайында фонематикалық, дәстүрлі, айырмыс, транслитерациялық, транскрипциялық, түпнұсқа принциптердің қажеттілігін дәлелдейді. Зерттеушінің жаңа латыннегізді әліпби бойынша қазақ орфографиясын оңтайландыру жолдарын, қазақ тілі емлесінің ғылыми негіздемелерін айқындауы қазіргі қазақ жазуы үшін қазақ тілі дыбыстарының ұлттық әлеуетін мүмкіндігінше толық пайдалана отырып, базалық нормалардың сақталуының қоғамдағы қазіргі социокеңістік үшін қаншалықты маңызды екендігін мойындатады.

Зерттеу қазақ тілі емлесінің теориялық тұжырымдары мен практикалық мәселелерін ғылыми терең қисындармен толықтырады және қазақ жазуының тарихы мен теориясы, қазақ дыбыстары мен әріптерінің табиғи сыр-сипаты және олардың орфографиядағы көріністері, әдеби тілдің жазбаша және ауызша нормалары мәселелерімен шұғылданатын мамандарға, ең бастысы – латын әліпбиіне көшкен қазақ жазуының ұлт болашағы үшін қаншалықты бекем екендігіне ұлтжандылықпен алаңдап қарайтын барша қауымға пайдалы болары анық.

Жауапты шығарушылар

ҰЛТТЫҚ ЖАЗУДЫҢ ҰЛЫ ТІНІ

Сан ғасырлық тарихы бар, өркениетті әлемге кеңінен тараған араб, латын, кирилл, т.б. әліпбилері әр заманда ондаған тілдің жазба түрде қызмет етуіне негіз болып, жалпы адамзат мәдениетінің дамуына, қоғамның ілгерілеуіне ерекше ықпал етті. Олардың біреуі «жақсы», «керемет», екіншісі «түкке тұрғысыз», «нашар» деп үзілді-кесілді «үкім» шығаруға болмайды. Мұндай үкім әліпби туралы айтыс-таласта бұрын да көп айтылған, қазіргі кезде де аз айтылып жүрген жоқ. Әрине, белгілі бір тілдің дыбыстық құрылымына негізделген әліпби жүйесін екінші бір тілге механикалық түрғыдан көшіре салу оң нәтиже бермейді: ондай графикалық жүйені меңгеру үшін мыңдаған адам, мейлі араб, мейлі латын, мейлі кирилл әліпбилері болсын, артық уақыт, артық күш-жігер жұмсайды. Сондықтан мәселе белгілі бір әліпбиді нақты бір тілдің дыбыстық жүйесіне оңтайлы етіп беруде болып отыр.

XV-XVII ғғ. Қазақ мемлекеттігімен байланысты қазақ тілінде жазылған әртүрлі жазба мәтін, құжат нұсқалар болды. Демек, жазба тіл болғаны хақ. Қазақ хан-сұлтандарының бұйрық-жарлықтары, көрші елдермен жазысқан дипломатиялық қатынас қағаздары, өзара жазысқан хаттары, т.б. ескі қазақ жазба тілінің үлгі-нұсқалары болып саналады. Академиктер Ә.Марғұлан, Р.Сыздық, т.б. ғалымдар Қадырғали би Жалайридің тарихи жазбаларын, Әбілғазы Баһадүрдің «Түрік шежіресін» ескі қазақ жазба тілінің бастау көздеріне жатқызды. Профессор Бабаш Әбілқасымов «Түркістан уәлаяты» (1870-1882), «Дала уәлаяты» газеттерін ескі қазақ жазба тілінің үлгілері деп таниды. Сондай-ақ Мәшһүр Жүсіптің жазба мұраларында ескі қазақ жазба тілінің үлгілері молынан кездеседі.

Рас, ескі қазақ жазба тілінің жазу жүйесі күрделі. Өйткені оның құрылымы әртекті (гетерогенді) болды: 1) қазақ тілінің элементтері, 2) ескі қыпшақ тілінің элементтері, 3) қарлұқ, оғыз-қыпшақ, сондай-ақ араб-парсы тілдерінен алынған ауыс-түйістер молынан кездесіп отырды. Осыған қарап, кейбір зерттеушілер бұл тілді шағатай немесе татар тілі деп қате тұжырым жасады. Қазақ топырағында жасалғандықтан, қазақ қоғамына қазақ мемлекетіне қызмет еткендіктен, қазақ халық тілі элементтері, әуелде аздау болғанымен, кейініректе молынан қолданғандықтан, бұл тіл *ескі қазақ жазба тілі* деп арнайы терминмен аталып жүр.

Әрине, ескі қазақ жазба тілі бастан-аяқ қазақтың халық тілі болғанымен, сауатты, хат танитын адамдардың қатынас құралы болып, қоғамның мәдениет қажетін өтеді.

Әсіресе, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ағартушылар, белгілі түркітанушы ғалымдар жазу-сызуды реформалау қажеттілігіне айрықша назар аударып, демократиялық бағытқа қарай бетбұрыс жасауды көздеді. Жазу-сызуды демократияландырудың негізгі мәні жазуды барынша халық тіліне жақындату еді. Жазу жүйесіндегі таңбалар ауызша тілдің дыбыстық жүйесіндегі бірліктерді бейнелеуге тиіс болды. Ал бұрынғы араб әліпбиіне негізделген түркі жазуының графикалық жүйесінде ауызша

қолданыста жоқ архаикалық элементтер мен орфографиялық шарттылықтар, екіұшты оқуға болатын таңбалар жиі кездесіп отырды. Міне, мұндай жайттар араб әліпбиінің түркі тілдерінің дыбыс жүйесіне жарамсыз деген пікірлердің жиірек айтылуына себеп болды. Бұл жерде араб әліпбиін «жарамсыз» деуден бұрын, алдымен араб әліпбиіне негізделген түркі жазуы қайсы тілдің дыбыстық жүйесінің графикалық көрінісі деген мәселенің басы ашылмаған болатын. Шындығында, ол кездегі түркі жазба тілі белгілі бір халықтық тілдің («тірі» тілдің) лексикалық, грамматикалық, дыбыстық жүйесін дәлме-дәл бейнелеген емес. Ол халықтық тілден едәуір айырмасы бар кітаби тілдің тұрпат межесін белгілейтін графикалық жүйе болатын. Сондықтан сол кездегі тілдік жағдаятты халық тілі өз алдына, ал жазба тілі өз алдына жүйе деп тануға тура келді. XIX-XX ғғ. мұндай гомогенді диглоссия жағдаяты ағарту ісін қалың бұқараға қарай бұру ісіне қиындық келтіре бастады. Жазу-сызуды азғана топтың емес, жалпы жұртшылықтың игілігіне айналдыру мақсаты тұрды. Бұқара жұртшылықтың сөйлейтін тілінен оқыған сауатты адамдар қолданатын кітаби тіл жүйесінің едәуір айырмасы болды. Осымен байланысты барлық ағартушылар алдында екі түрлі бағыт тұрды. Бірі бұрынғы кітаби тілдің жазу жүйесін өзгертпей-ақ, халық тілінің элементтеріне кеңінен жол ашу; екіншісі – жазу-сызуды ауызша тілдің жүйесіне лайықтап жасау, яғни жазу-сызу жүйесін түбегейлі реформалау еді. Жазу-сызумен байланысты бұл екі бағыт қазақ қоғамының мәдени өмірінде жарыса жүрді. «Дала уәлаяты», «Айқап», «Қазақстан», т.б. мерзімді басылымдар мен кейбір баспа өнімдері тіліне халықтық тіл дендеп ене бастағанымен, ескі жазба тілге тән кейбір нормалар сақталып отырды. Оның бірнеше себептері болды. Солардың негізгілері, бір жағынан дінге, екінші жағынан, жазудағы ортақ дәстүрлі норманы сақтау дегенге саяды: «...үш жүз миллион мұсылман халықтың арасында біз, қазақ та бармыз. Бізде сол жүз миллион мұсылмандарша араб харпін қабылдап отырмыз. Біздің тіліміздегі бар дыбыстардың араб харпінде жоқтары бар, араб харпінде бар дыбыстардың біздің тілімізде жоқтары бар. Соның үшін араб харпін тілімізге дөп келерлік етіп бейімдемек, жазуды еркін бет-бетімен жаза бермей, белгілі бір соқпаққа салмақ бізге де міндет. Бұрын бұл мәселе ескерілмесе де, енді ескерілетұғын көрінеді. Соқпақ саламыз дегенде ескерілетін жерлер: Біз, қазақ халқы, мұсылман дініндеміз, мұсылман болғанымыз үшін біздер мұсылман дінін үйренуге, шариғат хукімдерін білуге, ислам дінінше амал қылуға борыштармыз. Ислам дінінше амал қылу үшін біз «Құран» оқуға, үйренуге міндеттіміз. Соның үшін біз өзімізге арнап емле түзгенде, сол ислам дінін үйренуден алыстарлық емле қолданбауымыз керек. Балаларымыз діни рухта тәрбие алсын. Жұрттың бәрінің бердей балаларын зор медреселерге жіберіп, ислам ғылымын оқытуға парасатты бола қоймайды; бір қатарлы балаларын тезірек хукімет мектебіне береді; бір қатарлы намаздығын танып, жазу-сызу білетұғын болған соң үй шаруашылығына айналдырады; соның үшін де балаларымыздың жасынан-ақ дін ғылымына түсініп, құран оқуға үйренуі, араб харіптеріне жаттығулары тиіс. Қазақша «Әліппе» жазушылар осы жағын өте ескеру керек. Осы күнгі қалыпта хукімет мектептерінде оқып

жүрген қазақ шәкірттерінің көбі-ақ бұл айтылған қалыпқа келіп жетпейді. Араларында құран аятынан екі жол қосып оқи алмайтындары да толып жатыр, бұл – бір.

Екінші, харіп жаңа «Әліппе» жұртты қосуға да, айыруға да себепкер болғандықтан, біздің тұтынған харпіміз басқа түркі балаларының харіптерімен ұзақтап бөлініп кетпесе тиіс; аталарымыз «саяқ жүрсең, таяқ жерсің» депті ғой. Біз неде болса бізден гөрі мәдениет дүниесіне бұрын аяқ басқан, бізден көрі ояуырақ діндес-қандасымыз ноғай жұртынан алыс жүрмелік. Соларменен ұрандасып, бірімізге біріміз шылбыр берісіп, бірге қимылдалық» [1].

Ал екінші бағыт ескі кітаби тілдің грамматикалық жүйесінен (араб әліпбиінен) мүлде бас тартып, орыс жазуына көшу болатын. Бұл жөнінде кейбір қазақ оқығандарының арасында айтылып жүрген пікірлердің сыңайы мынадай: «Инспектором инородческих школ Оренбургского ученого округа В. Катаринским, при участии учителей-киргиз, составлен и частью издан целый ряд книжек для чтения и элементарных учебников для изучения киргизами русской грамоты и русского языка... Важной особенностью всех этих книжек является то, что киргизский текст напечатан в них русскими буквами. Этим достигается та выгода, что для учащегося киргиза до невероятности облегчается возможность научиться читать на родном языке, если киргизские слова изображены русскими буквами. Этим достигается та выгода, что для учащегося киргиза до невероятности облегчается возможность научиться читать на родном языке, если киргизские слова изображены русскими буквами. Это потому, что русская азбука гораздо лучше и точнее передает звуки киргизского языка, чем арабская, при том одна и та же арабская буква имеет несколько начертаний, что предоставляет главное неудобство арабского алфавита. При том же, при новом способе начертания киргизского текста, по одной и той же книжке могут с одинаковым успехом учиться как киргиз русскому языку, так и русский киргизскому языку. Счастливая мысль – заменить для киргиз арабский алфавит русским, как известно, впервые пришла в 70-годах известному Алтынсарину, применившему ее на деле, и с тех пор составляет мечту всех образованных киргиз, желающих облегчить своему народу путь к просвещению. Тем более эти книги достойны внимания, что они являются первой после Алтынсарина, попыткой освободить киргизский язык от арабщины и татарщины, которыми сплошь и рядом наполнены обыкновенные киргизские книжки» [2].

Қазақ тілін «арабщина», «татарщина»-дан «құтқару» идеясы шын мәнінде Н.Ильминскийдің миссионерлік саясатының «жемісі» болатын. Н.Ильминский қазақтарды ашықтан-ашық ислам мәдениетіне қарсы қою әрекетінен нәтиже шықпасын жақсы білді. Қазақ қоғамындағы ислам түп тірегі жазуда екенін, бұратана халықтарды дәстүрлі дінінен айыру үшін ең алдымен олардың әліпбиін, жазу-сызуын аластау екенін жақсы түсінді. Қазақ қоғамындағы араб жазулы рухани дүниенің бәрін «татарша», «тілі шұбарланған», «таза емес», араб-парсы сөздерімен шұбарланған деп

қазақтың ескі жазба тілі (кітаби тілі) деп аталатын рухани-мәдени құндылықты халық тіліне қарсы қойды. Бірін даптап, екіншісін мақтады.

«Алфавит служит обыкновенно признаком и памятником соотношений религиозных. Та почти историческая аксиома, что когда один народ принимал от другого народа веру, то вместе с верой принимал от него и алфавит.

... Если бы каким-нибудь чудом все подвластные России племена, исповедующие магометство, вдруг приняли православную веру, то и русский алфавит вошел бы к ним без всякого затруднения. Но пока они остаются магометанской вере, до тех пор русской азбуке будет крайне трудно бороться с алфавитом арабским. Если, в виду тех или других соображений необходимо ввести в языке магометанских племен русскую азбуку, то нужно найти или создать какую-нибудь опору для нее в симпатии магометан. За недостатком религиозного сочувствия, можно опереться, например, на идею звукового преимущества. Арабский алфавит очень неудобен для языков татарских, поэтому особенно, чтобы беден знаками для гласных звуков, которыми напротив языка татарской группы богаты» деп Н.Ильминский араб әліпбиі түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің дыбыс жүйесін, әсіресе дауыстыларын бере алмайтынын айтып, қазақ оқығандарын иландыруға тырысады [3]. Қазақтың ескі кітаби тілінің құрылым жүйесінде кездесетін а) архаикалық белгілерді, ә) қарлұқ, б) оғыз-қыпшақ, в) қыпшақ элементтерін, г) орфографиялық шарттылықтардың бәрін «татардікі», «қазақтікі» емес деп уағыздайды. Сол уағызға ерген кейбір қазақ оқығандары қазақтың ескі жазба тілін «татарщина», «арабщина» деп жағымсыз реңмен атады.

Н.Ильминский алғаш рет қазақ тілі материалдарын орыс жазуына түсіріп, орыс әліпбиімен берудің үлгісін жасады. Ондағы көздеген мақсаты орыс әліпбиімен қазақ оқығандарының санасына сіңіру, сөйтіп араб әліпбиімен «жарамсыз» етіп, қазақ қоғамын ислам мәдениеті мен рухани дүниелерінен шеттетуге еді. Оны Н.Ильминскийдің мына сөзінен айқын аңғаруға болады: «Так и у нас в России единство алфавита, даже самое точное, не приведет к внутреннему единению инородцев с русскими, пока первые не объединятся с нами в вере православной. Я даже полагаю, что иноверные инородцы, имеющие свою религиозную письменность, как, например, татары-магометяне, или ламайцы-буряты, не примут русского алфавита ни целиком, ни с каким угодно приспособлениями и прибавками. Все наши инородцы, как и русский сельский народ, находятся в периоде религиозного мирозерцания и руководствуются религиозными мотивами».

Н.Ильминскийдің қазақ тілі дыбыстарын орыс әліпбиіндегі әріптермен таңбалауы онша сәтті бола қойған жоқ. Араб әліпбиіндегі әріптер дауыстыларды таңбалауға кедей болса, орыс әліпбиі дауыссыздарды таңбалауға жеткіліксіз болып шықты. Н.Ильминскийден кейін де қазақ мәтіндерін орыс әліпбиімен берудің В.В.Радлов, Ы.Алтынсарин, В.Катаринский, т.б. жасаған үлгілері болды. Бірақ сол үлгілердің барлығына ортақ кемшілік қазақ тілі фонологиялық жүйесінің жыға танылмауымен байланысты еді.

Міне, осы қысқаша баяндаудан халық тілінің дыбыстық жүйесін белгілейтін жаңа типтегі әліпби түзуде, жазу үлгісін жасауда едәуір қайшылықтар мен қиындықтардың діни, азаматтық, дәстүрлі мәдениет пен ағартушылықтағы жаңа бағыт, т.б. тәрізді аса күшті әлеуметтік факторлармен байланысты екенін байқауға болады.

Сонымен қазақ жазуына реформа жасаушылардың алдында, негізінен, мынадай басты міндеттерді шешу күн тәртібінде тұрды: қазақ жазу-сызуы қай әліпбиді қолдану керек?

Графикалық жүйенің мазмұн межесі байырғы түркі жазба тіліне тән архаикалық элементтерді, қарлұқ, оғыз-қыпшақ (қыпшақ-оғыз), таза қыпшақтық, қазақтық белгілерден тұратын құрылымдық жүйелерді белгілеуі керек пе, әлде бірінғай таза халықтық тілдің (сөйлеу тілін) тірек етуге тиіс пе? Жазу жүйесі жалпы халықтық тілдің құрылымын арқау етсе, қай әліпбиге (араб әліпбиіне, әлде орыс әліпбиіне) негізделуге тиіс? Тілдегі фонемалардың құрамы дұрыс анықтала ма?

А.Байтұрсынұлы жазу-сызудың арқауы халықтық тіл болу керек деген тұжырымды ұстанып, жазуды аз ғана оқығандардың емес, көпшіліктің білім, тәрбие құралына айналдыру, яғни жазу-сызуды демократияландыру қағидасын дәйекті түрде жүзеге асыруды, даналықтың дәнін себуді мақсат етті.

Солай еткенде ғана жазу-сызу ат төбеліндей аз ғана элитарлық топтың ғана емес, күллі халықтың игілігіне айналуы тиіс болды. Осымен байланысты ағартушылардың алдында екі таңдау тұрды. Біріншісі – оқу-ағарту, сауаттандыру ісінің бұқаралық сипат алуы үшін араб графикасына негізделген бұрынғы әліпбиді негізге алып, ескі жазба тілінің графика емле дәстүрін сақтай отырып, қолданыстағы жазу дәстүрінен қол үзбей, тек аздықтөпті оңтайландыру болды. Бұл Айқаптың ұстанымы еді.

Екіншісі – ескі жазба тілінің графикалық жүйесінен мүлде бас тартып, қара халықтың ауызша тіліне негізделген әліпби жүйесін жасау. А.Байтұрсынұлы екінші жолды таңдады. Мұның бірнеше себептері болды: біріншіден, күнделікті өмірде қолданылып жүрген тілдің дыбыс жүйесін арқау етсең, жазу-сызуды халық тез игеретінін, екіншіден, Р.Сыздықтың айтуынша XV-XVII ғғ. қазақ халқының мәдени өмірінде қазақ халқын құраған ру-тайпалардың әріден келе жатқан поэзия тілінің негізінде *ауызша дамыған әдеби тіл* қызмет етті [4]. Осы аталған ауызша тілдің үлгілері болып саналатын шешендік сөздер, эпикалық туындылар, ақын-жыраулардың аса мол көркем дүниелері, мақал-мәтелдер, тұрмыс-салт жырлары, т.б. түбінде жазба тіл нормаларына тірек болғанына, сондай-ақ қазақ тілінің бірегей, біртұтас тіл екеніне Ахаң жете мән беріп, тереңнен түсінді. Бұл факторлар жазуды халық тіліне негіздеудің тиімділігін көрсетті. Ал, өзбек, ұйғыр, татар тілдерінде диалектілік құбылыс басым болғандықтан, халық тілі біртұтас болмады. Халық арасында аса кең тараған эстетикалық-тәрбиелік, танымдық мәні, көріктеуіш құралдары, азаматтық-қоғамдық үні айрықша ауызша әдебиет үлгілері бар екенін, оның қалыптасқан тілдік,

стильдік нормалары жаңа сападағы жазу-сызу түзуге мықты тірек болатын элеуметтік-тілдік фактор екенін А.Байтұрсынұлы терең түсінді.

Жалпы тіл білімінде тұңғыш фонологтар деп әдетте әліпби түзушілерді айтады (олардың фонологиялық зерттеу жазуы шарт емес). А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің дыбыстары жөніндегі фонологиялық көзқарасы алдымен өзі түзген әліпбиден көрінеді. «Қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар. Оның тоғызы дауысты, он тоғызы дауыссыз. Дауысты дыбыстар .../а/, .../о/, .../ұ/, .../ы/, .../е/ және ә, ө, ү, і. Дауыссыз дыбыстар мынау: .../б/, .../п/, .../т/, .../ж/, .../щ/, .../д/, .../р/, .../з/, .../с/, .../ғ/, .../к/, .../г/, .../ң/, .../л/, .../м/, .../н/. Жарты дауысыты дыбыстар: шолақ .../у/, һәм шолақ .../й/». Бірақ А.Байтұрсынұлы тоғыз дауыстының бас-басына таңба алмай, «Бес дауысты» жүйемен әліпби түзе келіп, олардың әрқайсысын бір-бір әріппен белгілейді. Сөйте отырып, әлгі әріптер арқылы жазуда әр фонеманың екі түрлі әуезін (жуан, жіңішкелігін) сол фонеманың таңбасына сыйғызып береді. Сөйтіп төрт дауыстының бас-басына әріп алмай-ақ, дәйекші арқылы жуан немесе жіңішке (дәйекші болмауы – жуан оқуды, дәйекші болуы – жіңішке оқуды) әуезде оқылатындай жазу жүйесін жасайды. А.Байтұрсынұлы әліпби жүйесінің, түптеп келгенде, сол кездегі және қазіргі жазу жүйесінен өзгешелігі әріптердің әрі дыбыстық мәнді, әрі сөз әуезін (жуан-жіңішке әуезін) білдіріп, біте қайнасып тұрған ішкі құрылымдық ерекшелігінде. «Біте қайнасқан» бұл ерекшелік қазақ тілінің сингармонизм жүйесінен ерекше үйлесім табады: «Тәнді жан қандай билесе, дауысты дыбыстар басқа дыбыстарды солай билейді; яғни дауысты дыбыстар жуан айтылса, дауыссыз я жарты дауысты дыбыстар жуан айтылады. Дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, басқа дыбыстар да жіңішке айтылады. Бұлай болғанда дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке айтылмағын белгілеп айырсақ, басқа дыбыстардың да жуан-жіңішке айтылғандығы да айырылғандығы» [6].

А.Байтұрсынов түзген әліпби жүйесінде фонемалар мен әріптердің сандық қатынасы 28/фонема/ 24/ әріп/ болып шығады. Мұндай қатынас, «әліпбидегі әріптің саны фонеманың санына аз кем төмен болуға тиіс» деген жазу теориясындағы ең жақсы әліпби шартымен үйлесіп жатады.

А.Байтұрсынұлы тек әліпби түзіп қойған жоқ, фонология теориясындағы айырым белгі әдісін қолдану арқылы қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен түзілімін 9 дауысты, 19 дауыссыз деп тұңғыш рет дәл анықтады. Дауыстылар мен дауыссыздарға берген сипаттамасына қарағанда А.Байтұрсынұлы дауыстыларды функционалдық басыңқы жүйе, ал дауыссыздарды функционалдық бағыныңқы жүйе деп таниды. Мұндай лингвистикалық танымның мәні айрықша. Әдетте басыңқы жүйенің (дауыстылардың) бағыныңқы жүйеге әсері, ықпалы күшті болады. Соның салдарынан бағыныңқы жүйенің (дауыссыздар) жүктемесі де көбейе түседі. Мәселен, дауыстыларға қарағанда дауыссыздардың реңктері әлдеқайда көп болып, басыңқы жүйенің ыңғайына қарай жуан, жіңішке, еріндік, езулік болып түрленіп отырады. Сөйтіп, жуан немесе жіңішкелік белгі бүкіл сөз бойы тұтаса айтылып, әуен-әуез бірлігіне айналады. «Байтұрсынұлы әліпбиіндегі» (жалпы тіл біліміндегі атауы, Самойловичтің термині) дәйекші

әуен-әуез бірлігін бейнелесе, жеке әріптер жекелеген дыбыстық бірліктерді көрсетеді. А. Байтұрсынұлы жазуының графемалық жүйесі тұрпат межесі тұрғысынан сегменттік, әрі суперсегменттік бірліктерді (жуан, жіңішкелікті) белгіледі. Сондықтан да бұл жазу жүйесі қазақ тіліндегі сингармонизм табиғатымен барынша үйлесімді болды. А. Байтұрсынұлы жазу жүйесінің бұрынғы араб әліпбиі негізіндегі ескі қазақ жазу жүйесінен, орыс әліпбиіне негізделген жазу жүйесінен принципті айырмасы осында еді. А.Байтұрсынұлына дейін араб әліпбиіне негізделген қазақ жазуының тұрпат межесі жуан немесе жіңішке белгілерді дауыссыздардың ырқына бағындырып бейнеледі, яғни дауыстылардың жуан немесе жіңішкелік белгілері дауыссыздардың жуан немесе жіңішкелік таңбасына қарай оқылды. Ал, орыс әліпбиіне негізделген жазу болса, біріншіден, сөздің жуан немесе жіңішкелігіне тән белгілерді жеке дыбыстармен «бөлшектеп» берді, екіншіден, дауыссыздар жүйесінің дауыстылар жүйесіне бағыныңқылық қатынасы ескерілмеді.

А.Байтұрсынұлы түзген әліпбиді сол кезеңдегі фонологиялық мектептің аға буын өкілдері, әлемдік лингвистиканың көшбасшысы болған Е.Д.Поливанов, сондай-ақ Н.Ф.Яковлев тәрізді көрнекті фонологтар аса жоғары бағалады. Түркітанушы К.К.Юдахин мен А.М.Сухотин латын жазуына көшкенде қырғыз халқының Байтұрсынұлы әліпбиі сол күйінде қолданғанын атап айтады. Мұның өзі А.Байтұрсынұлы әліпбиінің ұлтаралық мәртебесін көрсетеді.

Сондай-ақ А. Байтұрсынұлы түзген әліпби жазу тәжірибесінде жұртшылықты сауаттандыру ісіне өте оңтайлы болғанын М.Дулатұлының мына пікірінен айқын байқауға болады: «Қазақ тілін қолына қалам ұстағаннан бері шылғи қазақша жаза бастаған Байтұрсынов қазақ емлесін шығарды, оқу құралдарын жазды. Осы екі жылдың ішінде «Қазақ» газетасының тіл, емле туралы қылған қызметі көзге көрінерлік болды. Екі жылдың ішінде орта есеппен 250 мың дана «Қазақ» нөмірі тарады, жаңа сөйлеммен 15-тей кітап шықты, бұлар 45 мың данадай бар. Осының бәрі қазақ арасына тарап жатыр. Бұл емлені тосырқап түсінбейміз, оқи алмадық деген ешкімді естігеніміз жоқ. «Қазақ» емлесін мұсылман медреселерінде, орыс школдарындағы шәкірттер, учительдер, мұғалімдер жабыла қабыл еткендігі былтырғы «Қазақ» нөмірлерінің көбінен көрінеді. Бұл екі жылдық қана қызмет, иншалла, мұнан кейін артпаса, кемімес деген үміт зор» [6].

А.Байтұрсынұлы бұрын тек бір ғана формада, яғни ауызша түрде қызмет етіп келе жатқан ауызша әдеби тілдің графикалық, орфографиялық жүйесін жасап, оның жазбаша түрде қызмет етуін зерделеп берді. Таңба теориясы тұрғысынан алғанда А.Байтұрсынұлының жасаған араб әліпбиі негізіндегі жазу жүйесі тұрпат межесі тұрғысынан жалпыхалықтық тілдің бір формасы болып табылатын ауызша әдеби тілдің дыбыс бірліктерін, ал мазмұн межесі тұрғысынан сол тілдің мағыналық бірліктерін белгіледі. А.Байтұрсынұлының лингвистикалық мұрасын жан-жақты зерттеп, арнайы монография жазған Өзбекстандағы қандасымыз, филология ғылымдарының докторы, профессор Махамбет Жүсіпов қазақ тіл білімі тарихында

А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің дыбыстық бірліктер түзілімін дәлме-дәл анықтауы арқылы ұлттық жазудың тұңғыш фонемографиялық жүйесін жасағанын атап айтады.

Сөйтіп ХХ ғасырдың басында А.Байтұрсынұлы қазақ жазу-сызуын демократиялық бағытқа (халық тіліне) бұрды; қазақ жазуы фонетикалық жазудан фонемографиялық жазуға қадам басты; ұлттық жазудың негізі қаланды. Қазақ жазуының онтогенездік дамуындағы бұл ерекше кезеңде Ахмет Байтұрсынұлы ақыл-парасатты, қажыр-қайратты лингвистикалық ой тереңдігі жағынан дәуірдің дара тұрған біртуар ұлы тұлғасы болды.

Алайда қазіргі қолданылып жүрген орыс графикасына негізделген жазуды, менің ойымша, ұлттық сипаттағы жазу деп тануға болмайды, өйткені, біріншіден, әліпби құрамында қазақтың дыбыс жүйесін бейнелемейтін әріптер бар. Екіншіден, қазақтың төл сөздері қазақ тілінің дыбыс ережесімен, ал толып жатқан кірме сөздер (экономика, медицина, цех, футбол, т.б.) орыс орфографиясының ережесімен жазылып жүр. Бұл кезінде Орталықтың нұсқауымен жасалған, тоталитарлық режимнің «құндылықтары». Кіндігі орыс тіліне байланып қалған мұндай қостілді жазу-сызуды ұлттық сипаттағы рухани дүниеміз деп тану екіталай. Сондықтан да даналықтың диқаншысы болған Ахаңнан тағылым ала отырып, қазақ жазуын түбегейлі реформалау арқылы оған ұлттық сипат беру кезек күттірмес өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

I ТАРАУ ДЫБЫС – ФОНЕМА – ГРАФЕМА – ӘРІП – ӘЛІПБИ

Жазудың адамзат өміріндегі маңызы былай да түсінікті. Оны санамалап, егжей-тегжейлі айтып жатудың өзі артық. Жазу арқылы адамзат қоғамы мәдениетке қол жеткізіп, цивилизацияға қадам басты. Осы күнгі жазулар бірден пайда болған жоқ. Олар дамудың небір жолдары мен сатыларынан өтті. Осының нәтижесінде адамзат тарихында зерттеушілердің айтуынша¹ жазудың мынадай типтері мен түрлері пайда болды:

Жазудың тегі

I Семасиографиялық немесе идеографиялық (тілдің мазмұн жағына негізделген)

II Фонолографиялық (тілдің тұрпат жағына негізделген)

Жазудың түрлері

A. Пиктография (хабардың жалпы мазмұнын бейнелеуге негізделген).

B. Силлабографиялық (графикалық таңбаның объектісі – буын).

B. Иероглифика немесе логография (сөзге негізделген)

B. Фонемография (графикалық таңбаның объектісі – фонема)

Әрине, орыс әліпбиіне негізделген қазіргі қазақ жазуы я болмаса, араб әліпбиіне негізделген бұрынғы жазу (А.Байтұрсынұлының нұсқасы); немесе латын әліпбиін негіз еткен 30-40-жылдардағы қазақ жазуы ғылыми тұрғыда дәлелдемей-ақ жай ғана ой жіберіп қарағанның өзінде жазудың фонографиялық типіне, фонемографиялық түріне жататынын байқауға болады. Бірақ бұл топшылау басы ашық ақиқат болғанмен, дәл осы ақиқатқа қатысты шешілмеген түйіндер, жауабын күтіп тұрған сұраулар бар. Мысалы: араб әліпбиіне негізделген қазақ жазуындағы әріптердің саны неге 24, ал латын әліпбиі бойынша 29, орыс әліпбиіне негізделген қазіргі жазуда 42?

Ғылым мен техника, білім мен мәдениет, тіпті жалпы прогресс жазуымен байланысты. Сондықтан жазу-сызу мәселесі қашан, қай кезде, қай елде болмасын, ат төбеліндей зерттеушілердің ғана емес, жалпы жұртшылықтың назарын өзіне аударып отырады. Мысалы, ағылшын жазуының неше ғасырлық тарихы болғанына қарамастан, тіл мамандары

жазуды оңтайлы етудің, емлені жеңілдетудің тиімді қолданудың жолдары мен теориялық негіздерін үнемі қарастырып келеді.

«Не случайно в литературе неоднократно ставился вопрос об исчезновении всякого фонемного основания английской письменности. Не случайно и то, что английское письмо приводится в качестве примета письма, приближающегося к идеографическому.

Осознание этой ситуации лингвистической наукой выражается нередко в призывах к сближению письменного и звукового языков, выдвигаются самые различные проекты преобразования английской орфографии, вплоть до создания нового алфавита» [7].

Қазіргі орыс жазуы І Петр заманынан бері бірнеше өңдеуді басынан өткерді. Орыс жазуының зерттеле бастауы В.К.Традиаковский мен М.В.Ломоносов еңбектерімен байланысты. Ал одан беріде орыс жазуының жалпы және жеке мәселелері жөнінде жүздеген зерттеу жазылды [8].

«Қазақ халқы өзге түркі халықтары сияқты 4-5 ғасыр бойы араб жазуын пайдаланды. Тек ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қана қазақ оқығандары, оның ішінде Ыбырай Алтынсарин тәрізді ағартушылар, қазақтың ұлттық жазба әдеби тілін қалыптастыру үшін оның дыбыстық жүйесін дұрыс бере алатын жаңа алфавит қабылдауды не осы жазуды біраз жетілдіруді қоя бастады [9].

Қазақ жазуын жақсарту, оңтайлы ету, тиімді қолдану, әліпбиін өзгерту т.б. мәселелер қазақ қоғамында дүркін-дүркін көтеріліп, үнемі қоғамдық назарда болып отырды. Мұндай пікірлер соңғы жылдарда да (1990 –1993 жж.) айтыла бастады [10]

Әрине әр автордың өзіндік дәлелі, уәжі бар. Бұл жерде әңгіме олар жөнінде емес. Біздің ойымызша, қандай бағыт ұстансақ та, алдымен теориялық тиянақ керек. Ол үшін қазіргі қолданып жүрген жазуымыздың құрылымын, жүйесін қалай да бір талдау елегінен өткізіп алу аса қажет. Міне, осымен байланысты дыбыс тілі мен жазба тілді, олардың негізгі құрылымдық элементтерін (сөз дыбыстары, фонема, әріп, әліпбиді) өзара байланысты қарай отырып, қазіргі жазуымыздың фонологиялық негізін іздеу жұмысымыздың негізгі мақсаты болып табылады.

1.1 Дыбыс – фонема – графема

Сонымен, негізгі объектіміз жазба тілдің негізгі элементтері (әріп, әліпби) және олардың жұмсалыу жүйесі мен ережелері болғандықтан, ең алдымен жұмыс аппараты ретінде жазу деген ұғымның дефинициясын анықтап алуға тура келеді. Соңғы жылдардағы оқулықтардың бірінде «жазу» ұғымына мына тәрізді анықтама беріліп жүр. «Письмо современная наука о языке называет систему знаков, используемую для фиксации звуковой речи» [11]. Осындай анықтамаға сүйенсек, жазу дегеніміз «дыбысталған сөзді арнайы таңбалар жүйесімен хатқа түсіру» немесе ауызша айтылған сөзді жазба тілге транспозициялау болып табылады. Басқаша айтқанда, акустикалық сигналдарды оптикалық сигналға көшіру

(Л.Р.Зиндер... бет). Енді осы айтылған қағидаға сәйкес дыбысталған сөзді (акустикалық сигналды) қазіргі жазуымыз бойынша оптикалық сигналға айналдырып көрейік: [ат], [^yот°], [^yөт°], [ʰет'] т.б. Бірақ жазу тәжірибесінде дәл бұлай жазбай, *ат, от, өт, ет* деп таңбалайтынымыз неліктен? Ауызша сөздің дыбыстық жамылғысы мен хатқа түскен суреті неге сәйкес емес?

Сырт қарағанда, «жазуда негізгі дыбыстар таңбалаанады да, негізгі еместері еленбейтіндей» көрінеді. Әрине, бұлай деу – жазу теориясы тұрғысынан жаңсақ түсінік. Өйткені тілдегі дыбыстарды «негізгі» және «негізгі емес» деп бөлу лингвистикалық тұрғыдан қате пікір болып табылады. Тілдік дыбыстардың «негізгі» және «негізгі емесі», «елеулі», «елеусіздігі» болмайды, тұтынушы үшін бәрінің мәртебесі бірдей. Сондықтан жоғарыдағы сұраудың жауабын басқа тұрғыдан іздестіруге тура келеді. Ол үшін бұл жерде алдымен тілдегі дыбыс дегеннің өзі не нәрсе екенін пайымдап алу қажет. Сөз дыбыстары – «сөйлеу мүшелерінің күрделі артикуляциялық қызметінен пайда болған акустикалық жаңғырық және сол жаңғырықтың құлаққа шалынуы». Тіл дыбыстары – сөздер мен морфемалардың өмір сүру формасы. Сөздің бір-бірімен ұласып жатқан дыбыстар тізбегінен жеке дыбыстар тек фонемалардың өкілі және сол фонеманың сөздегі нақты қолданысы ретінде даралана алады» [12] Міне, мұндай пайымдарға қарағанда, сөздегі дыбыс – фонемалардың өкілі (репрезентанты) болып табылады. Ал «фонема – тілдің мағыналық тұлғаларын: морфемаларды, сөздерді құрайтын және оларды бір-бірінен ажыратып тұратын тілдің дыбыстық құрылысындағы әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең кішкене тұлға» [13]. Енді жоғарыда айтылған мысалдардағы [ат], [^yот°], [^yөт°], [ʰет'] дегендегі [т], [т°], [т°'], [т'] дыбыстары <т> фонемасының сөздегі нақты репрезентанттары, басқаша айтқанда манифестанты. Сондықтан да «белгілі бір фонема белгілі бір дыбыстардың класы, дыбыстардың типтері» делінеді. Фонеманың бір қасиетін фонологиядағы «инвариант – вариант» теориясы тереңірек аша түсті. Бұл қисын бойынша, фонема – инвариант, дыбыстар оның сөздегі (речь) репрезентанттары варианттары деп танылады. Әр вариант (экземпляр) инварианттағы мәнді белгілерді сақтай отырып түрленеді, әр экземплярда, мейлі оның саны қанша болса да, әйтеуір инвариантқа тән қасиет сақталады. Ал дыбысталған сөздің акустикалық жамылғысы хатқа түскенде, инвариант-фонеманың варианттары емес, инвариант фонемалардың өзі «әріп» арқылы таңбалаанады. Міне, сондықтан да инвариант – фонема <т>-тың [т], [т°], [т°'], [т'] вариант-репрезентанттары үшін бір ғана таңба алынады да *ат, от, өт, ет* болып жазылады.

Жазу теориясымен шұғылданушылардың бірі В.Хаастың «...орфография является более удачной, если она отклоняется от фонетической точной репрезентации речи» [13] деуі де сондықтан.

Тілдегі фонемалардың саны мен әліпбидегі әріп саны бірдей болуы шарт. Бірақ мұндай сәйкестік бұрын-соңды ешбір тілдің жазу тәжірибесінде кездеспейді деуге болады. «В принципе число букв алфавита может и соответствовать числу фонем, однако такого положения нет, как будто, ни в

одном языке мира» [14]. Тілдегі фонемалардың саны әліпбидегі әріп санымен сәйкес келмеуі, сондай-ақ тілдің тарихи даму барысында болатын дыбыстық өзгерістерге байланысты бір әріп бірнеше фонеманы, немесе бірнеше әріптердің тіркесі бір фонеманы білдіруі ықтимал.

Дыбыстық тіл мен жазба тілдің ең шағын тұлғалары – фонема мен әріптің арасындағы күрделі қатынас жазу теориясында графема деген жаңа бір ғылыми ұғымның пайда болуына себеп болды. Сонымен, графема деген ұғым дыбыстық тілдің әрі қарай бөлшектенбейтін ең кішкене тұлғасы фонема мен жазба тілдің әрі қарай бөлшектенбейтін ең кішкене тұлғасы әріптің арасындағы қатынастың жиынтығы болып табылады. Басқаша айтқанда, графема дегеніміз таңбаланушы (фонема) мен таңбалаушының (әріптің) бірлігі болып табылады [15]. Бұл бірлікті былайша көрсетуге болады:

Жоғарыда айтылған инвариант – вариант теориясы тек фонологияда ғана емес, жазу-сызумен де байланысты қарастырыла бастады.


Инвариант-вариант теориясы тұрғысынан ауызша тілдің ең шағын дыбыстық тұлғасы фонема-инвариант, ал оның сөздегі репрезентанттары – тілдің дыбыстар-варианттар болып табылса, жазба тілдің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең шағын тұлғасы – графема-инвариант, ал оның репрезентант-варианттары әріптер болып табылады. Жазу теориясындағы бұл қағида жазу-сызудың жалпы жүйесін, ішкі құрылымын тереңірек жан-жақты түсінуге негіз болады. Белгілі бір жазуға жалпы баға беру субъективті не болмаса жеке бір фактілердің төңірегінде емес, осындай теориялық негізден шығуға тиіс. Осымен байланысты қазіргі қазақ жазуын фонема-вариант, вариант-дыбыс; графема-инвариант, вариант-әріп тұрғысынан қарастырудың ерекше мәні бар.

Жазу – ауызша тілдің дыбыстық құрылымына табан тіреген жүйе (система) десек, онда сол жүйенің өзіне тән ішкі құрылымы болады. Ал құрылымның өзі тұрақты элементтерден және сол элементтердің өзара қарым-қатынасынан тұрады. Ал жазба тілдің ауызша тілмен өзара байланысты тек сыртқы байланыс емес, мысалы, жазба тіл ауызша тілдің айнаға түскендей көшірмесі болса, бұл сыртқы байланыс қана болар еді. Онда ешбір қиындық та болмас еді, айтыған сөзді сол күйінде бұлжытпастан хатқа түсіруге болады. Ал, шындығында, бұл байланыс – ауызша тілдің де, жазбаша тілдің де ішкі құрылымына, сол құрылымды құрап тұрған элементтердің және олардың өзара ұйымдасқан қарым-қатынасы деңгейінде болатын ішкі құрылымдық байланыс.

Ауызша тілдің дыбыс құрылымындағы мағынаға әсер ететін ең кішкене тұлға-фонема, және осы тұлғаның (единицаның) субстанциясы (материализациялануы), яғни сөз дыбыстары түрінде өмір сүруі; фонемалардың жазба тілде субстанциялануы, яғни таңбалануы (графема), ол таңбалардың билатериалдық сипатта болуы (мазмұны жағынан фонеманы білдіруі, тұрпаты жағынан белгілі бір символ (сурет) түрінде болуы т.б. ауызша тіл мен жазба тілдің байланысын анағұрлым тереңде, атап айтқанда, құрылымдық элементтердің деңгейінде екендігін байқатады.

Қазақ тілі ауызша және жазбаша түрде қызмет етеді. Ал жазбаша тіл болса, әуелде қазақ тілінің дыбыстық құрылымына табан тірей отырып, өзінің жүйесін, құрылымын әрі қарай бекіте түсуге тиіс. Қалай дегенмен де, ауызша тіл тәрізді қазақтың жазба тілінің өзіндік жүйесі бар. Ал бұл жүйенің жақсы (қолдануға оңтайлы, икем, үнемді, бірізді т.б. деген мағынада), я болмаса жаман (қолдануға қиын, икемсіз, бірізділік, үнемділік принцип сақталмаған т.б. деген мағынада) деп бірден баға беруге болмайды. Мұндай тұжырымға келу үшін алдымен, жоғарыда айтылғандай, ауызша тіл мен жазбаша тіл элементтерінің (сөз дыбыстары, фонема, графема, әріп, әліпби) өзара байланысын, қарым-қатынасын ішкі құрылымдық деңгейде қарастыру қажет. Бірақ бұлай қарастырудың өзіндік тәсілдері көп. Біз бұл жерде қазақ жазуының жүйесін «фонема-әріп», басқаша айтқанда, жазба тілде «фонема әріппен таңбаланады» немесе «әріп фонеманы таңбалайды» деген әдеттегі қағидадан басқаша жол ұстандық. Сөйтіп, қазақ жазуының жүйесін «дыбыстарған сөз – фонема – графема – әріп» тұрғысынан қарастыруды мақұл көрдік. Өйткені «фонемадан әріпке» деген қағида бойынша жазудың лингвистикалық мәнін толық ашу мүмкін емес. Бұл қағида бойынша фонеманың өкілі – «әріп» деп танылады. Ал фонема дегеніміздің өзі, бір жағынан, абстракті единица. Олай болса, абстракт единицаны жазбаша қалай таңбалауға болады? Міне, сондықтан жазу жүйесіне талдау жасауда бастау алатын, табан тірейтін негізгі дерегіміз дыбысталған сөз болуға тиіс. Өйткені фонема алдымен сөз дыбыстарында көрінеді. Сөйтіп, абстракті единица сөздегі дыбыс арқылы материалға айналады. Фонема аллофон түрінде белгілі бір дыбыстық құндақта өмір сүреді. Сөз дыбыстары фонемалардың ауызша сөздегі манифистанттары болып табылады. Міне, сондықтан фонема ауызша сөздегі өзінің дыбыстық құндағы арқылы танылады.

Сонымен, дыбысталған сөз сол күйінде бірден хатқа түспейді: алдымен сөздегі дыбыстарды қай фонеманың өкілі (репрезентанты) екенін тани отырып, жазушы акустикалық сигналды оптикалық сигналға көшіреді. Бұл айтылған процесті схема түрінде былай көрсетуге болады.




Сөйтіп, бұл процестен мынаны байқауға болады: ауызша сөздің ең кішкене единицасы – дыбыс жазба сөздің ең кішкене единицасы – әріп, бір-бірімен тілдің ең кішкене единицасы фонема арқылы байланысып жатады. Осы байланыстар жазуда орфография арқылы реттеліп отырады. Сонда орфография дегеніміз, тар мағынасында, «дыбысталған сөзді (акустикалық сигналды) жазба сөзге (оптикалық сигналға) көшірудің ережесі» болып табылады.


Бұл процесті біз шартты түрде дыбысталған сөзді фонологиялық електен өткізу деп алдық. Алғаш сауат ашып жүрген адам қашан қара танып кеткенше жазылған сөзді ежелеп оқиды. Яғни әріптің фонемалық мәнін іздейді. Мысалы, *тіс* деген сөздегі дауыссыз фонемаларын жуан әуезбен [ты], [сы] деп, дыбыстық құндығынан бөліп жеке-жеке дыбыстап алады да, соңынан бәрінің басын қосып жіңішке тембрмен [т', і, с'] түрінде дыбыстайды, яғни сол сөздегі фонемаларды өзінің дыбыстау құндылығына қайта бөлеп айтады. Әдетте, жазылған сөзді оқуға жақсы дағдыланғанға дейін осылай болады. Ал оқу дағдысы жетілген кезде жазылған әріптерді (әріп-фонеманың өкілі) сол сөздегі фонемалардың дыбыс құндылығына бөлеп сөз түрінде айту сананың бақылауымен тыс, өздігінен (автоматты түрде) болады.

Жазылған сөзді айтқанда ондағы фонемаларды белгілі бір позицияға тәуелді реңктерін (аллофондармен) дұрыс айту орфоэпиялық нормаларды сақтау болып табылады. Соңғы жылдарда әсіресе жас буын өкілдерінің тілінде орфоэпиялық нормалардың бұзылуы көбіне оқушы жастардың тілінде, радио-телевизиядан айтылатын сөздерде жиі ұшырайды. Әсіресе жазба текске сүйенген дикторлар мен комментаторлардың тілінде ауызша тілдің нормалары өрескел бұзылып жатыр. Мысалы: *қазақ елі, ақ орда, бір қатар, он бес* тәрізді т.б. сөздердің аралығында <к>, <н> фонемаларының аллафоны [Ғ], [М] түрінде дыбысталуы керек: [қазағ елі], [ағ орда], [бірғатар] т.б. Бірақ жазылған сөзді оқығанда ауызша сөздер аса мәнді бұл заңдылыққа жете мән берілмегендіктен, сөздің дыбысталу тұрқы бұзылады да ондай сөз құлаққа тосын естіледі. Сөз жазылуынша [қазақ елі], [ақ орда], [бірқатар] деп айтылды делік. Әрине, бұл жерде сөздің фонемалық құрамы бұзылған жоқ (МФМ). Егер сөздің фонемалық құрамы бұзылса, онда ол басқа сөзге немесе дыбыстардың мағынасыз тіркесіне айналады да тыңдаушыға мүлде түсініксіз болып қалады. Бірақ сөздің фонемалық құрамын бұзбай айту жеткіліксіз, сонымен бірге фонеманың белгілі бір позициядағы аллофондарымен дұрыс айту да аса қажет. Олай болса орфоэпиялық норма дегеніміздің өзі сөз құрамындағы фонемалардың белгілі бір позициядағы құндылығына бөлеп, айту дегенге саяды. Сонда жазу-сызу дегеніміз (орфоэпияны қоса алғанда) жазушының ғана үдесінен шығып қоймауға тиіс, сол жазылғанда оқушылардың да талабын қанағаттандыратындай болуы керек. Олай болмаған жағдайда орфоэпия тек қалам ұстаушылар үшін ғана болып қалады. Ал жазудың өз ерекшеліктерін ескермей, емле тек оқуға бейімделсе, онда орфография тек оқушылар үшін ғана болып қалады.

Ал жазылған сөзді оқығанда (оптикалық сигналды акустикалық сигналға көшіргенде) бұл әрекет керісінше болады:



У әріп



Дыбысталған сөздің фонетикалық транскрипциясын беруде мына кітапта қолданылған белгілерді және сонда көрсетілген жүйені ұстандық: Абуов Ж., Джунисбеков А. Фонетическая запись казахского текста. Алма-ата: «Ғылым», 1991. Бұған қосымша алынған шартты белгілер <...> «фонема», [...] «дыбыс» / .../ – «графема» дегенді білдіреді.

Жазудың ең кішкене единицасы әріптің тілдің ең кішкене дыбыстық единицасы фонемамен қатынасының қазіргі жазуымыздағы жүйесі, сонымен, мынадай болып келеді.

Графемалар^о

<a> – /a/ <a> <ата> [ата], *ата*

а

<ə> – /ə/ <ə> <ән> [ән'], *ән*

ə

<д> – /d/ <д> <дән> [д'ə н'], *дән*

д

<ж> – /ʒ/ <ж> <жақын> [жақын], *жақын*

ж

<з> – /z/ <з> <зейін> [з^ʎе й і н], *зейін*

з

<м> – /m/ <м> <мен> [м^ʎе н], *мен*

м

<н> – /n/ <н> <нан> [нан], *нан*

н

<ң> – /ŋ/ <ң> <соң> [с^оуоң], *соң*

ң

<о> – /o/ <о> <он> [ʏон], *он*

о

<ө> – /ø/ <ө> <өн> [ʏөн'], *өн*

ө

<с> – /с/ <с> <сан> [сан], *сан*
с

<т> – /т/ <т> <таң> [таң], *таң*
т

<ұ> – /ұ/ <ұ> <тұр> [т'ұр°], *тұр*
ұ

<ү> – /ү/ <ү> <үн> [үн°'], *үн*
ү

→ $\frac{\langle \text{ы} \rangle + \langle \text{й} \rangle}{\text{и}}$ <сыйрақ> [сыйрақ], *сирақ*

→ $\frac{\langle \text{і} \rangle + \langle \text{й} \rangle}{\text{и}}$ <сійрек> [с'ійр^іек'], *сирек*

/и/

→ $\frac{\langle \text{ү} \rangle + \langle \text{й} \rangle}{\text{и}}$ <дүрүйа> [д'үр°'үй'ә], *дүрия*

→ $\frac{\langle \text{ұ} \rangle + \langle \text{й} \rangle}{\text{и}}$ <шұқшұйа> [ш'ұқ°ш'ұйа], *шұқшия*

→ $\frac{\langle \text{л} \rangle}{\text{л}}$ <төл> [т'у'өл°], *төл*

→ $\frac{\langle \text{ы} \rangle + \langle \text{л} \rangle}{\text{л}}$ <ылақ> [ылақ], *лақ*

→ $\frac{\langle \text{і} \rangle + \langle \text{л} \rangle}{\text{л}}$ <ілек> [іл'ақ], *лек*

/л/

→ $\frac{\langle \Psi \rangle + \langle \text{л} \rangle}{\text{л}}$ <үлокүлдау> [үл°ок°үл°дау], *локүлдау*

→ $\frac{\langle \Psi \rangle + \langle \text{л} \rangle}{\text{л}}$ <үлпүлдеу> [үл°'үп°'үл°'д°'еу], *үлпүлдеу*

→ $\frac{\langle \text{р} \rangle}{\text{р}}$ <ора> [уор°а], *ора*

→ $\frac{\langle \text{ы} \rangle + \langle \text{р} \rangle}{\text{р}}$ <ырас> [ырас], *рас*

/P/

→ $\frac{\langle \text{i} \rangle + \langle \text{р} \rangle}{\text{р}}$ <ірет> [ір°ет], *рет*

→ $\frac{\langle \Psi \rangle + \langle \text{р} \rangle}{\text{р}}$ <үр ұу> [үр°ұу], *ру*

→ $\frac{\langle \text{у} \rangle}{\text{у}}$ <сау> [сау], *сау*

/У/

→ $\frac{\langle \Psi \rangle + \langle \text{у} \rangle}{\text{у}}$ <сауу> [сауұу], *сауу*

→ $\frac{\langle \Psi \rangle + \langle \text{у} \rangle}{\text{у}}$ <келүү> [кел'үү'], *келу*

→ $\frac{\langle \text{й} \rangle + \langle \Psi \rangle + \langle \text{у} \rangle}{\text{ю}}$ <ойүү> [уойұу], *ою*

→ $\frac{\langle \text{й} \rangle + \langle \text{ү} \rangle + \langle \text{у} \rangle}{\text{ю}}$ $\langle \text{түйүү} \rangle$ [т°'үй'үү], *түю*

/ю/

→ $\frac{\langle \text{ү} \rangle + \langle \text{у} \rangle}{\text{ю}}$ $\langle \text{бүртүйүү} \rangle$ [б°'үр°'түй'үү], *бұртию*

→ $\frac{\langle \text{ү} \rangle + \langle \text{у} \rangle}{\text{ю}}$ $\langle \text{бүрсүйүү} \rangle$ [б°'үр°'с°'үй'үү], *бұртию*

→ $\frac{\langle \text{й} \rangle + \langle \text{а} \rangle}{\text{я}}$ $\langle \text{сайа} \rangle$ [сайа], *сая*

→ $\frac{\langle \text{а} \rangle}{\text{я}}$ $\langle \text{жарыйа} \rangle$ [жарыйа], *жария*

/я/

→ $\frac{\langle \text{ы} \rangle + \langle \text{й} \rangle + \langle \text{а} \rangle}{\text{я}}$ $\langle \text{ыйағыный} \rangle$ [ыйағыный], *яғни*

→ $\frac{\langle \text{і} \rangle + \langle \text{й} \rangle + \langle \text{ә} \rangle}{\text{я}}$ $\langle \text{ійәкій} \rangle$ [ій'әк'ій], *яки*

/е/ $\frac{\langle \text{е} \rangle}{\text{е}}$ $\langle \text{егін} \rangle$ [егін], *егін*

/ө/ $\frac{\langle \text{ө} \rangle}{\text{ө}}$ $\langle \text{көгөн} \rangle$ [к°'өг°'өн°'], *көгөн*

/ы/ $\frac{\langle \text{ы} \rangle}{\text{ы}}$ $\langle \text{қыны} \rangle$ [қыны], *қыны*

$\langle \text{ү} \rangle$

/ы/ — <күһү> [к°үһ°ү], *құһы*
і

<і>
/і/ — <іһі> [іһ°і], *іһі*
і

<ү>
/і/ — <үһү> [үһ°ү], *үһі*
і

<к>
/х/ — <қат> [қат], *хат*
х

<к>
/к/ — <қат> [қат], *қал*
қ

<к>
/к/ — <кел> [к°ел], *кел*
к

<к>
/һ/ — <қақарман> [қақарман], *қақарман*
һ

<п>
/п/ — <патша> [патша], *патша*
п

<п>
/ф/ — <пәһій> [п°ән°ій], *фәһі*
ф

<й>
/й/ — <сыһі> [сыһі], *сый*
й

<и>
/и/ — <қыһі> [қыһі], *қи*
й

<ш>
/ш/ — <шаш> [ш°аш], *шаш*

ш

/щ/ $\frac{\langle ш \rangle + \langle ш \rangle}{щ}$ <ашшы> [ашшы], *ащы*

/г/ $\frac{\langle г \rangle}{г}$ <егін> [ег'ін'], *егін*

/ғ/ $\frac{\langle г \rangle}{ғ}$ <ағын> [ағын], *ағын*

/б/ $\frac{\langle б \rangle}{б}$ <бал> [бал], *бал*

/б/ $\frac{\langle п \rangle}{б}$ <арап> [арап], *араб*

Бұл талдаудан графемалардың үш түрлі типі бар екенін көре аламыз:

- 1) бір әріп – бір фонеманы белгілейді;
- 2) бір әріп бірнеше фонеманы белгілейді. Ал бұлардың тұрақты және факультативті түрлері бар;
- 3) бірнеше әріп бір фонеманы белгілейді, бұлардың да тұрақты және факультативті түрлері бар.

Міне, бұдан қазіргі қазақ жазуы жүйесінің ішкі құрылымын: «дыбыс – фонема – графема – әріп» біршама толық байқауға болады. Осы ішкі құрылымға иек арта отырып, жазу жүйесіне талдау жасау оның жөндейтін, жетілдіре түсетін тұстарын айқын ашып береді. Тіпті басқа әліпбиге көшкеннің өзінде мұндай талдаудың бұрынғы жазуда кеткен олқылықтарды қайталамайтындай тағылымдық мәні де болады.

«Дыбыс – фонема – графема – әріп» деген төрт мүшелі қатынас жазудың ішкі құрылымын біршама толық аша түседі. Мұндағы сөз дыбыстары фонемалардың ауызша тілдегі өкілі болса, фонеманың жазба сөздегі өкілі – графема (инвариант), ал графема фонема тәрізді дерексіз единица, бірақ ол нақты әріптер (варианттар) арқылы көрінеді. Ал әріп дегеніміз – «жазуда фонемаларды немесе оның варианттарын белгілейтін белгілі бір әліпбидегі графикалық таңба». Олай болса, бар мәселе алдымен әліпбиге келіп тіреледі.

1.2 Графема – әріп – әліпби

Әдетте әліпби «белгілі бір жазуда қолданылатын, белгіленген тәртіппен орналасқан әріптердің жиынтығы» деген ұғымды білдіреді. Алайда әліпбидің мәні бұл ұғымда айтылғаннан гөрі әлдеқайда тереңде. Әсіресе «әліпби дегеніміз жазуда қолданылатын әріптердің жиынтығы» дегенге көңіл аударсақ, жазу дегеннің өзі не нәрсе деген сұрауға келіп тірелеміз. Егер «жазу» акустикалық сигналды оптикалық сигналға көшіруге мүмкіндік беретін кодтың түрі» [14, 42] болса, онда сол кодтың кілті (шифері) болуға тиіс. Сонда кодтың элементтерін әріптер деп түсінсек кілті әліпби. Олай болса «әліпби дегеніміз белгілі бір фонемалардың жазудағы өкілі болып табылатын әріптердің жай ғана жиынтығы емес, сонымен қатар сол әріптерден түзілген жазуда оқудың кілті болып табылады. Ал әліпбидегі әріптердің саны, түптеп келгенде, тілдегі фонемалардың санына тәуелді болып келеді. Жалпы жазу теориясы бойынша белгілі бір тілдегі фонемалардың саны мен алфавиттегі әріптердің саны идея бойынша дәл келуге тиіс, яғни бір әріп бір фонеманы белдіруге, ал бір фонема бір әріппен таңбалануы қажет. Бірақ ешбір ұлттың жазуында фонемалардың саны мен әліпбидегі әріптердің саны тепе-тең бола бермейді. Мысалы, ағылшын тілінде 46 фонема, әліпбиінде 26 әріп болса, орыс тілінде 41 фонема, әліпбиінде 33 әріп бар. Неміс тілінде 39 фонема 26 әріп бар.

Бұл жерде жазу типологиясына байланысты байқалатын бір ерекшелік, қалай болғанда да, «әліпбидегі әріптердің саны тілдегі фонемалардың санынан артпауға тиіс деген талап айтпаса да өзінен-өзі түсінікті, тіпті, керісінше, әліпбидегі әріптің саны фонемалардың санынан азды-көпті кем болуға тиіс» (Зиндер Л.Р.).

Жазу типологиясы бойынша қазақ әліпбиіндегі әріптердің саны, әрине, қазақ тіліндегі фонемалардың санынан артық болмауға тиіс. Ал, керісінше, азды-көпті кем түсіп жатса құба-құп. Қазақ әліпбиі дәл осы талапқа сай ма? Қазіргі әліпбиде 42 әріп бар екені белгілі, ал жазу-сызу үшін бұл сан аз ба, әлде көп пе? Міне, бұл мәселе алдымен «қазақ тіліндегі фонемалардың саны қанша?» деген сұраудың жауабын іздеуге келіп тіреледі.

Бұрын-соңды жазылған оқулықтарда, зерттеулерде қазақ тіліндегі фонемалардың саны әр түрлі көрсетіліп жүр. Мұның өзі әлі де болса қазақ тіліндегі фонемалардың анвентары жөнінде зерттеушілердің бір тоқтамға келмегенін көрсетеді.

Қазақ тілінің фонемалық инвентарын анықтауда мұндай әркелкілік, біріншіден, қазақ тілінің дыбыстарын фонетикалық ыңғайда, екіншіден фонологиялық тұрғыда қарастырумен байланысты. Ал фонологиялық тұрғыда қарастырған зерттеулердің өзі, қай фонологиялық мектептің (МФМ, ЛФМ, принципін ұстануына байланысты тілдегі фонемалардың санын әр түрлі көрсетуі ықтимал.

Қазақ тілінің фонологиялық жүйесін талдауда дәстүрлі көзқарастан мүлде басқаша бағыт ұстанған соны зерттеу Ә.Жүнісбековтің «Проблемы тюркской словесной просодии и сингармонизм казахского слова»

(Автореферат диссерт. На соискание ученой степени доктора филол.наук. Алма-Ата, 1988) деген еңбегі. Автор қазақ тілінде тоғыз сингармодауысты, он жеті сингармодауыссыз бар деп көрсетеді.

Қазақ тілі фонетикасының фонологияға дейінгі зерттелу тарихына шолу жасалған шолуда мынадай деректер бар: «Н.И.Ильминский қазақ тілі дыбыстарын екі топқа жіктеп, дауыстылардың сегіз түрін (а, ә, е, ы, і, о, ө, у, ү), дауыссыздардың он тоғыз түрін (п, б, м, w, т, д, н, ж, з, ш, с, р, л, j, қ, ғ, к, г, н) атап өтеді; В.В.Радлов Қазақ вокализмі тоғыз дауыстыдан (а, ә, е, о, ө, ы, і, ұ, ү) консонантизм саласы жиырма дауыссыздан құрылатынын атап, дауыссыздарды қатаң (j, к, t, p, S,s), ұяң (j, d, z,), үнді (т,п,ң, ч, е і) деп таптастыра келіп, w (у) дыбысын жартылай дауысты және j (й) сонорының жіңішке түрін дербес дыбыс деп қарайды; П.М.Мелиоранский қазақ вокализмі тоғыз дауыстыдан (а, ә, е, о, о, ы, і, у, ү), консонантизм саласы жиырма бір дауыссыз дыбыстан (б, п, м, т, д, н, ж, з, ш, с, р, л, к, г, қ, ғ, ң, й, дж) құралатынын атап өтеді. Мелиоранский де л сонорының жіңішке түрін дербес дыбыс деп қарайды» (Айдаров Ж. қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. Алматы, 1989, 5-7 бб.). Проф. Қ.Жұбановтың айтуынша, қазақ тілінде 26 түрлі дыбыс бар. Олар мыналар: а, б, ш, ж, д, е, г, ғ, и, к, л, м, н, ң, қ, р, п, о, с, т, ұ, у, үу, з, ы, ый (Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966, 170-бет).


Олар: [а], [ә], [е], [о], [ө], [ы], [і], [ү], [ұ] сингармодауыстылар (36-б.) және [б], [г-ғ], [д], [ж], [з], [і], [к-қ], [л], [м], [п], [р], [с], [т], [у], [ш] сингармодауыссыздары (43-б.). Ал [к], [қ] дыбыстарын зерттеуші қатаң жуыспалы тіл ортасы дауыссыздарының тепе-тең варианттары деп қарайды ғ.ғ әріптерімен таңбаланып жүрген [г], [ғ] дыбыстары да осы тәрізді. Бұл жөнінде қазақ тілінің дауыссыздарын фонологиялық ыңғайда қарастырушылардың пікірі бір жерден шығып жатады. Мәселен, қ-ғ, к-г дыбыстары жеке фонемаларға жата ма, екеуі архифонема – гиперфонеманы құрайды ма? Еңбектерде бұларды дербес-дербес фонемаларға жатқызып жүрміз. Шынында, қосымша дистрибуция әдісін қолдансақ, олар жеке-жеке фонема болып есептелмейді»¹

Сондай-ақ Жүнісбеков Ә. [x], [h] дыбыстары қазақ тілінің төлтума дауыссыздарының қатарына жасанды түрде жатқызылып жүр деп біледі. [x] – [к – h] қазақ консонантизм жүйесінде оппозиция құра алмайды, егер мұндай оппозиция бар болса, орыс тілінен ертеректе енген қамыт [хомут] *хамыт* түрінде жазылуы (айтылуы) керек еді деген уәж айтады. Сөйтіп, «Безусловно, [x] как интервокальный ассимилятивный вариант [к – h] в казахском языке существует» (42-б.) деп пікір түйеді, зерттеушінің [h] дыбысы жөнінде айтқан мына пікіріне де біршама қосылуға болады: «В непринужденной живой речи носителей языка этот звук вообще не встречается, и лишь написанный текст понуждает интеллигенцию (дикторов, артистов, учителей) произносить его. Однако его произношение требует сознательный, заранее подготовленной артикуляции, из-за которой оно лишено автоматизма в речи. У рядового носителя звук, обозначенный



этой буквой, реализуется в виде щелковых позиционно-комбинаторных вариантов [к – һ], [қ - х] қаһарман (кахарман) «отважный» [16, 196.].

Зерттеушінің бұл дәлелдері мен айтқандырына қосыла отырып, оны әлі де болса тиянақтай түсу керек тәрізді. Тегінде, фонемалық статусы даулы көрініп жүрген [х], [һ] дыбыстарын, біздің ойымызша, төрт әуез (тембр) тәсілімен тексеріліп, бұлардың қазақ тілінің фонологиялық жүйесіне кірген-кірмегенін анықтауға болатын тәрізді.


Қазақтың төл сөзінде қолданылатын әрбір дауыссыз инварианттың [у] –дан басқа, қай-қайсы болмасын төрт түрлі әуезбен айтатын варианттары және тоғыз реңкі болады:




<к>



<д>



Ал [х], [һ] дауыссыздарының жоғарыда айтылған дауыссыздарындай төрт әуезбен тоғыз түрлі реңкте түрлене алмайды.



[x], [h] дыбыстары тек *халық*, *қаһарман* тәрізді бірер сөзде жұмсалып, онда да спонтанды түрде емес, тек бір ғана әуезде [x] = [xa] = [h] = [ha] айтылады. Қазақ тілінің төл сөздеріндегі он жеті дауыссыздың артикуляциялық базасы (ойнақы болып келсе, олардың тоғыз ([y] бес) түрлі реңкте айтылуы да сондықтан, ал [x], [h] дыбыстарының тек бір ғана реңкте болып, оппозиция құра алмауы олардың әлі де фонемалық кезеңге өтпегенін көрсетеді. Сондықтан бұл дыбыстарды к фонема-инварианттың варианттары деп тануға тура келеді.

Сонымен, қазақ тілінің фонологиялық жүйесінде тоғыз дауысты <a>, <ә>, <ы>, <і>, <е>, <о>, <ө>, <ү>, <ү> және он жеті дауссыз: <б>, <г>, <д>, <ж>, <з>, <и>, <к>, <л>, <м>, <н>, <ң>, <п>, <р>, <с>, <т>, <у>, <ш> фонема-инвариант бар. Ал қазақ әліпбиінде қырық екі әріп бар: а, ә, б, в, г, ғ, д, е, ё, ж, з, и, й, к, қ, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ұ, ү, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, ң, ы, і,

ь, э, ю, я. Басқа тілдердің жазуында әріп саны фонемалардың санынан әлдеқайда кем. Салыстырыңыз: ағылшын жазуында 26 әріп, 46 фонема, орыс жазуында 33 әріп, 41 фонема, неміс жазуында 26 әріп, 39 фонема, ал қазақ жазуында, керісінше, 42 әріп, 26 фонема.

Ағылшын, неміс, орыс мектептерінің оқушылары 26-33 әріптің төңірегінде сауат ашып, қара таныса, қазақ оқушылары қара тану үшін 42 әріпті үйренеді. Бұдан қазақ мектебі оқушылары мен мұғалімдерінің тек сауат ашуда қаншама уақыт пен күш-жігер жұмсайтыны ойша шамалауға болады.

Қазақ әліпбиінде фонема мен әріптің сандық қатынасы 26:42 «Число букв в алфавите не должно превышать число фонем. Это само собой разумеющееся требование: желательно же, чтобы оно было меньше» [14, 108б.]

Қазақ әліпбиіндегі 42 әріптің ішінде, төл сөздерді жазуда жұмсалмайтын в, ё, ф, ц, ч, ь, ъ, э тәрізді әріптерді есептемегенде әріптердің саны отыз төрт екен (а, ә, б, г, ғ, д, е, ж, з, и, й, к, қ, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ұ, ү, х, һ, ш, щ, ы, і, ю, я.). Осының өзінде әріп пен фонеманың сандық қатынасы 34:26 болып шығады. Мұндай алшақ сәйкессіздіктің өзі, түптеп келгенде, қазақ әліпбиінде басы артық әріптер шамадан тыс көп емес пе деген күмән тудырады.

Қазіргі әліпбидегі үйлесіміз көрінетін тағы бір жайт-құрамының бірыңғай еместігі. Мысалы, қазіргі әліпбидегі әріптерді шартты түрде екі топқа бөлуге болады: бірі шеттілдік сөздерді жазу үшін қолданылатын әріптер тобы (в, ф, ц, ь, ъ, э), екіншісі төл сөздерімізді жазуда жұмсалынатын әріптер. Тегінде, жазу-сызу дәстүрі ежелден келе жатқан ағылшын, неміс, француз, араб т.б. тілдердің әліпбиінде шеттілдік сөздерді жазу үшін әліпбиде арнайы алынған әріптер тобы болмайтын көрінеді. Олар әліпбиге сәйкес келмейтін шеттілдік сөздерді жазуда әріп тіркестерін, графикалық контекст, әріптердің әр түрлі тіркестері мен комбинацияларын пайдаланады. Мұндай тәсілді, арнайы әріптер тобын әліпбиге алмай-ақ, қазақ жазуында да қолдануға болар еді.

Біз бұл жерде, өзінен-өзі түсінікті болса да, негізінен шет тілдік сөздерді хатқа түсіру үшін әліпбиге арнайы әріптерді (в, ф, ц, ь, ъ, э) енгізудің қажет еместігіне, оның біркелкі әріптерден түзілуіне тоқталдық. Өйткені мәселенің түйіні, түптеп келгенде, алдымен әліпбидегі әріптердің дұрыс түзілуіне, ондағы таңбалардың тілдің дыбыстық құрылымына сай болуына келіп тіреледі.

Енді арнайы сөз етуді қажет ететін әліпбидегі тағы бір өзекті мәселе – қазақтың төл сөздерін жазуда жұмсалатын әріптердің қызметі.

1. Бұл жерде алдымен байқалатын кемшілік бір фонеманың әліпбиде төрт түрлі таңбамен берілуі: <к>: к, қ, х, һ (*кеше, қашан, қалық, қаһарман*). Ал, шындығында, <к> фонемасын әліпбиде бір ғана таңбамен (к) белгілеп, бұл сөздерді *кеше, қашан, қалық, қақарман* түрінде, ал <г> фонемасы үшін әліпбиде алынған г, г-ның орнына бір ғана таңба (г) алып, мысалы, *гүл, гарыш* тәрізді сөздерді *гүл, гарыш* түрінде жазуға болар еді.

Бұл арада графикалық контекстің үлкен мәні бар: көршілес дауысты жазылған сөздің жуан не жіңішке әуезбен айтылатынын байқатып тұрады. Сондай-ақ <и> фонемасы әліпбиде *й, и* әріптерімен таңбаланады: *кейін, киін* [к'ій'ін'], ал, дұрысында, бұл фонема үшін бір ғана таңба алып, *кейін, киін* түрінде жазуға әбден-ақ болады. Өйткені дәл осыған ұқсас дауыссыз <у> фонемасы үшін әліпбиде екі таңба *У және Ў* алынбай, бір ғана таңба берілген: *тау, ту* [түү].

2. Тағы бір атап айтпауға болмайтын кемшіліктің бірі – әліпбиде <и>, <а> фонемалары үшін *и, а* әріптері бола тұра, қосымша *я* таңбасының, дәл осы тәрізді <и>, <ү>, <у> фонемалары үшін *и, ұ, у* әріптері бола тұра қосымша *ю* таңбасының алынуы жазуда басы артық таңбаларды көбейту болып табылады. Әліпбиде <ш> фонемасын белгілейтін *ш* әрпі бар, осыған қарамастан қосымша *щ* таңбасын алу қисынды болып көрінбейді. *Ащы, тұщы, кеңсе* тәрізді сөздерді *ашшы, тұшшы, кеңше* түрінде жазуға да болар еді.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды жинақтай келгенде *х, һ, й, щ, ю, я* таңбаларын әліпбиге кіргізудің пәлендей дерлік графикалық мәні жоқ деуге болады.

3. Енді әліпбидегі әріптердің нақты қолданысын «дыбыс» «фонема» – «фонема – графема» – «графема – әріп» – «әріп – әліпби» тәртібі бойынша қуалай қарастырсақ, кейбір графемалардың инициал, медиал, финалдық позицияда факультативті вариант түрінде қолданылатынын байқауға болады:

<б> фонема – /г/ графема4 <б> фонема *біз, бала*
б әріп

Осы графеманың факультативті варианты:

<п> фонема – /б/ графема <п> фонема [арап] *араб*
б әріп [бап] *баб*

Финалдық позицияда /б/ графемасының <п> фонемасын білдіру жүйелі емес, факультативті болып келеді. Ал бұлай жазу емледегі шарттылықты көбейтеді және ондай сөздердің саны артқан сайын жазудағы автоматизмді әлсіретіп /қандай сөздердің финалында *б* жазылатынын есте сақтауға тура келеді, санаға күш түсіреді. Жазу теориясында «Единственным универсальным и притом конкретным требованием является то, что графема не должна иметь факультативных вариантов» [14] деген қағида бар. Инициал позицияда қолданылатын /Л/ графемасы жөнінде де осыны айтуға тура келеді: *лек, лекер, лек-лек, іле, ілескізу, іле-шала* т.б.

<л>

/л/ — *лек, лекер, лек-лек*

л

/л/-дың факультативті варианты:

<і>+ <л>

/л/ ————— *іле, іліскізу, іле-шала*

л

Әліпбиді басы артық бұл тәрізді таңбалардан арылта және графемалардың факультативті варианттарынан екшей келгенде, жазу-сызуымыз артық-ауыс таңбалардан арылып, біршама ықшамдала түсетінін байқауға болады. Бірақ, түптеп келгенде, әліпби жазуымыз, мықтағанда, фонологиялық транскрипцияның қайталамасы (аналогы) болып шығады. Ал мұндай жазу жүйесі графикалық лингвистикада аса бір үлгілі жүйе деп танылмайды. Бұл жөнінде зерттеушілердің мына бір пікіріне ден қоюға болады: «Нельзя рассматривать, например, фонемную транскрипция как наилучший алфавит. Фонемная транскрипция и алфавитное письмо служат различным целям: первая используется в лингвистическом анализе и в лингводидактике, а второе служит для целей коммуникации» [17, 64б.].

«Хотя буквенное письмо имеет целью передачу звукового облика слов (разумеется, в его фонемной интерпретации), отдельная буква алфавита не должна соответствовать одной фонеме, т.е. число букв не должна быть равно числу фонем соответствующего языка. Этим отличается от транскрипционной системы, в которой каждой фонеме отводится определенный знак, а каждый знак определенной фонеме, т.е. соответствие между ними однозначно. Законы сочетаемости фонем, присущие каждому языку и специфические для каждого языка, дают возможность путем различной комбинации одних и тех же букв передавать сочетания разных фонем» [14, 67б.].

Жоғарыда зерттеуші айтқандай, фонемалардың тіркесу заңдылығын еске ала отырып, дыбыстық тілдегі фонемалар мен әліпбидегі әріптердің сандық қатынасын (26:26) үйлестіре келе, әліпбидегі әріп санын әлкіде болса, бірер таңба көлемінде ықшамдай түсудің мүмкіндігі бар тәрізді. Мысалы, фонемалардың тіркесу қабілетіне сүйене отырып, <ң> фонемасы үшін әліпбиде арнайы *ң* таңбасын алмай-ақ, бұл дыбысты *нг* әріптерінің тіркесімен де беруге болады. Мысалы: *танг*, [таң], *анг* [ан] т.б. Осының өзінде жазуымыз негізінен фонологиялық транскрипция жүйесінің қайталамасы болып шығады.

Ал әліпбиіміз фонологиялық транскрипцияның таңбалары болып шығады: <а> А, <ә> Ә, <б> Б, <г> Г, <д> Д, <е> Е, <ж> Ж, <з> З, <и> И, <к> К, <л> Л, <м> М, <н> Н: арнайы таңбаланбайды, әріптердің тіркесімен беріледі <о> О, <ө> Ө, <п> П, <р> Р, <с> С, <т> Т, <у> У, <ұ> Ұ, <ү> Ү, <ш> Ш, <ы> Ы, <і> І (26:25).

Әрине, бұл түзілімге енгізілмей отырған *ё, я, щ, э, ь, ъ* және *й* тәрізді әріптердің орыс жазуында фонемалық мәні мен қызметі ерекше. Бұл әріптер арқылы орыс әліпбиінде 15 таңбаға дейін үнемделеді екен. Мысалы, *я* әрпі өзінің алдындағы дауыссыздың жіңішке фонема екенін білдіріп қана қоймайды, сонымен бірге <а> фонемасының позициялық вариациясын да [â] танытады. Осындай тәсілдер арқылы орыс жазуындағы әріптер тек фонемалық мәнді емес, дыбыстық мәнді де білдіреді. Әріптердің фонемалық

мәні мен дыбыстық мәні біте қайнасқан түрде болады. Орыс жазуының ғажаптығы да осында.

Ал қазақ жазуында қолданылып жүрген *я, ю* әріптерінің кей позицияда бір-үш таңбаға дейін үнемдейтін жағдайы болмаса, орыс жазуындағыдай фонологиялық қызметі немес дыбыстық мәні жоқ (әліпбидегі *й, а, й, ү, у* – лардың қайталамасы).

Сондай-ақ қазіргі біздің жазуымызда қолданылып жүрген қайсыбір әріптер кей позицияда өзінің фонемалық мәнінде жұмсалса, дыбыстық мәнінен ажырап қалып жатады. Мысалы, *көген, дүйім, ұлым* дегендегі *е, і, ы* әріптері фонемалық мәнде жұмсалып тұрғанмен (МФМ бойынша) дыбыстық мәні басқа. Кейбір зерттеушілер мұндай позицияда әріпті дыбыстық мәніне қарай «еріндікті екінші, үшінші буынға дейін жазған жөн» деп біледі [18, 30б.].

Әрине, мұндай пікірді фонологтердің (ЛФМ) біразы құптай түсері сөзсіз. Бұл жөнінде 70 жылдардың басында фонологиялық тұрғыда пікір айтып, мәселе көтергендер де ЛФМ-нің өкілдері (мысалы, Ә.Жүнісбеков), ал фонологтердің біразы бөл жөнінде С.Мырзабековпен мәмлеге келе қоюы қиын. Өйткені бұл жерде әріпті дыбыстық мәніне қарай жазғанмен, фонемалық мәні сақталмайды. Сондай-ақ әріптерді бірыңғай дыбыстық мәніне қарай белгілесек (ЛФМ), онда *басшы, бізсіз, көз жібер* дегендерді *баишы, биісіз, көжжүбөр* деп жазуға тура келер еді. Бұл қазақ әліпбиі мен орфографиясының аса даулы мәселелері болып табылады.

Әдетте фонемалардың инвентарын анықтап алғаннан кейін, әр фонеманы бір-бір таңбамен белгілеп, әліпби түзу пәлендей дерлік қиын емес. Мәселенің күрделілігі мынада: белгілі бір әріппен фонеманы бейнелей отырып, оның әр түрлі позициялық реңкіне сол әріпті үйлестіре алатындай (мысалы, орыс жазуындағыдай) әліпби түзу – қиынның қиыны.





Бұл арада әліпбиге байланысты талдауымызды осымен де аяқтауға болар еді. Бірақ тағы бір мәселенің басын аша кету қажеттігі байқалып тұрады. Қазақ жазуы, жұртшылыққа мәлім, дүниежүзіне аса кең тараған және ғасырлар бойы қызмет етіп келе жатқан үш әліпбидің екеуін (араб, латын) басынан өткізіп, үшіншісін (орыс әліпбиін) қолданып келеді. Біз осы аталған әліпбиге негізделген жазу-сызуымыздың жүйесін құрылымдық (структуралық) тұрғыда шама-шарқымызша талдаудың елегінен өткіздік.

Сөйте отырып, әліпбидегі басы артық-ау дейтін әріптерді және әріптердің нақты қолданысындағы кейбір қайшылықтар мен даулы мәселелерді байқадық. Мұның өзі ендігі жерде бір кездерде қолданылған араб нұсқалы әліпбидің (А.Байтұрсынов), латын әліпбиінің, сондай-ақ олардың ешқайсысына ұқсамайтын әліпби жобасының (Ә.Жүнісбеков) қазіргіден артық немесе олқы түсіп жатқан тұстары бар ма деген сұраудың төңірегінде қысқа да болса өз пікірімізді айтуға мүмкіндік береді. Өйткені бір зат құбылысты екіншісімен салыстырғанда барып, айырмасы байқалып тұрады.

Жалпы тіл білімінде тұңғыш фонологтар деп әдетте әліпби түзушілерді айтады (кейде олардың фонологиялық зерттеу жазуы шарт емес). Олай болса,

қазақ тіл біліміндегі алғаш фонологтар – Ахмет Байтұрсынов, Құдайберген Жұбанов. А.Байтұрсыновтың қазақ тілінің дыбыстары жөнінде фонологиялық көзқарасы алдымен өзі түзген әліпбиден көрінеді (Байтұрсынов А. Тіл тағылымы, 324-329 бб.). «қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар. Оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз. Дауысты дыбыстар: .../а/, .../о/, .../ұ/, ... /ы/ ... /е/. Дауыссыздар мыналар: ... /б/, .../п/, .../т/, ... /ж/, ... /ш/, ... /д/, ... /р/, .../з/, ... /с/, ... /ғ/, .../қ/, .../к/, .../г/, .../н/, .../л/, .../м/, ... /ң/. Жарты дауысты дыбыстар: шолақ ... /у/, һәм шолақ ... /й/ [19]. Бұл түзілімде қазақ дауыссыздарының инвентарына және оларды таңбалайтын әріптерге байланысты аса бір елеулі айырма жоқ, әйтседе [x], [h] тәрізді дыбыстарды ғалымның дауыссыздар жүйесіне енгізбегені көрініп тұр. Ал ең басты ерекшелік дауыстыларға байланысты екені бірден байқалады. Біздің ойымызша, А.Байтұрсынов көрсетіп отырған қазақ дауыстыларының жүйесін фонологиядағы «инвариант-вариант» қисыны бойынша негізінен былайша түсінуге болады.


Қазақ тілінің дауыстылар жүйесінде бес инвариант-фонема бар. Осы инвариант-фонемалардың нақты қолданыста әрқайсының, е –ден басқасының, жуан және жіңішке әуезбен (тембрмен) түрленіп отыратын екі варианттары бар:


1. инвариант – фонема <a>  вариант [a] ақ
вариант [ә] әк
2. инвариант-фонема <o>  вариант [o] оқ
вариант [ө] өк
3. инвариант-фонема <ұ>  вариант [ұ] ұқ
вариант [ү] үк
4. инвариант-фонема <ы>  вариант [ы] ық
вариант [і] тік
5. инвариант-фонема <е> – е ек

Әдетте [a] мен [ә] варианттарын бір инвариант-фонема деп тану үшін олардың өзара ортақ белгілері болуы шарт. Ол – екі варианттың да ашық, езулік болуы; ал осы екеуін екі түрлі вариант деп тану үшін олардың ортақ белгісінен басқа айырмасы да болу керек. Ол – бірінің жуан [a], екіншісінің жіңішке [ә'] әуезде айтылуы. <o>, <ұ>, <ы> инвариант-фонемалары жайында да осыны айтуға болады. Бұл – бір. Екінші, варианттар парадигмалық қатынаста болады, яғни «екінің бірі» принципі бойынша сөзде не [a] варианты, не [ә'] варианты қолданылуы шарт. Ал инварианттар синтагмалық қатынаста болады, ал бұл қатынас «және ... және» принципі бойынша жүзеге асады.

Бұл айтылған дауыстылар жүйесінің (варианттар) мен синтагмалық (инварианттар) қатынасын былайша көрсетуге болады:

парадигма






Синтагмалық қатынас бойынша бір сөздің шенінде [a], [o], [ʏ], [ы] дауыстылары қолданыла береді: *ақын, отан, ұлы, қызы*; [ә], [ө], [ү], [і], [е] дауыстылары да осы тәрізді: *әні, өнері, үні, елі* т.б. Бұдан байқайтынымыз бір инварианттың варианттары синтагмалық қатынасқа түспейді немесе олар бір сөздің шенінде ұшырамауға тиіс. Қысқасы, А.Байтұрсыновтың «бес дауысты» жүйесін, біздіңше, осылай түсінуге болады. «Бес дауысты» жүйесімен әліпби түзе келіп, Байтұрсынов бес инвариант фонеманың әрқайсысын бір-бір әріппен белгілейді. Сөйте отырып, әлгі әріптер арқылы жазуда әр фонеманың екі түрлі әуезін (жуан, жіңішке) сол фонеманың таңбасына «сыйғызып» береді. Сөйтіп, инварианттардың варианттары үшін бас-басына әріп алмай-ақ, дәйекші арқылы жуан немесе жіңішке (дәйекші болмауы жуан оқуды, дәйекші болуы жіңішке оқуды) әуезде оқылатындай жазу жүйесін жасайды. Сонымен, А.Байтұрсынов әліпби жүйесінің, түптеп келгенде, қазіргіден өзгешелігі әріптердің фонемалық мәнді бере отырып, дыбыстық мәнді де (жуан-жіңішке әуезін) білдіріп, біте қайнасып тұрған ішкі құрылымдық ерекшелігінде. «Біте қайнасқан» бұл ерекшелік қазақ тілінің сингармонизм жүйесімен ерекше үйлесім табады: «Тәнді жан қандай билесе, дауысты дыбыстар басқа дыбыстарды солай билейді: яғни дауысты дыбыстар жуан айтылса, дауыссыз я жарты дауысты дыбыстар да жуан айтылады. Дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, басқа дыбыстар да жіңішке айтылады. Бұлай болғанда дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке айтылмаған белгілеп отырсақ, басқа дыбыстардың да жуан-жіңішке айтылатындығы да айырылғаны» (А.Байтұрсынов, Тіл тағылымы, 325-б.).


А.Байтұрсынов түзген әліпбидегі жүйені қатаң ұстана отырып, тек бірер дауыссызды ықшамдап алатын болсақ (қ, к, ғ, г-лердің орнына к, г-ні ғана алып), бұл әліпбидегі фонемалар мен әріптердің сандық қатынасы 26 (фонема): 22 (әріп) болып шығады. Мұндай қатынас, «әліпбидегі әріптің саны фонеманың санынан аз-кем төмен болуға тиіс» деген жазудың жалпы шартымен үйлесіп жатады.

Әліпби және жазу-сызуға тікелей қатысты болған соң, Ә.Жүнісбеков түзген сингармоәліпбиіне қысқа да болса арнайы тоқтала кету керек. Жүнісбековтің зерттеуінде («Проблемы тюркской словесной просодии и сингармонизм казахского слова») сингармонизм құбылысының дәстүрлі сипаттаудан түбегейлі өзгерісі бар. Сингармонизм – дауыстылармен дауыссыздардың ықпалдасып, бір-бірінен мүлде ажырамастай ортақ төрт әуезбен (тембрмен) айтылуы. Дауыстылар мен дауыссыздардың өз алдына дербес тембрі болмайды немесе бірінің тембрі басыңқы (дауыстынікі), бірінікі бағыныңқы (дауыссыздікі) болмай, тепе-тең дәрежеде ықпалдасады. А.Байтұрсыновтың сөзімен айтқанда, «дауыссыздар мен дауыстылардың бірлігі тән мен жанның бірлігі» тәрізді. Мұндай тембр, зерттеуші көрсеткендей, әдеттегі фонетикалық тембрден (эмоционалды-экспрессивті,

политембрлерден) мүлде бөлек сингармотембр деп аталады. Сингармотембрлер морфеманың, сөздің дыбыстық құндағын құрайды әрі тілдің мағыналық единицаларын бір-бірінен ажыратып тұрады. Басқаша айтқанда, фонологиялық қызмет атқарады. Сөйтіп, сингармонизмнің, зерттеушінің пайымдауынша, лингвистикалық мәні, түптеп келгенде, фонологиялық қызмет атқаруына саяды. Алдымен зерттеуші күллі дауыстылар жүйесінен үш сингармотипті анықтап алады. Олар: ашық, қысаң, дифтонг дауыстылар. Түсінуге ыңғайлы болу үшін бұл үш сингармотипті біз шартты түрде үш «инвариантфонема» деп алдық. Әр вариант-фонеманың сөз қолданысымызда бірнеше варианттары болады:

1. ашық дауысты инвариант  вариант [а]
вариант [ә]

2. қысаң дауысты инвариант  вариант [ы]
вариант [і]
вариант [ү]
вариант [ұ]

3. дифтонг инвариант  вариант [е]
вариант [о]
вариант [ө]

Бұл жерде [а], [ә] варианттарының бір типке, класқа жататын ортақ белгісі ашық және езулік болып келуі, солай бола тұра бір-бірінен айырмасы жуан және жіңішкелік қасиетінде.

Ал екінші топтағы [ы], [і], [ұ], [ү] варианттарының бір типке, класқа (инвариантқа) жататын ортақ белгісі бәрінің де қысаң болуы, солай бола тұра, вариант есебінде бір-бірінен айырмасы жуан, жіңішке, еріндік, езулік түрленуінде.

Үшінші топтағы [е], [о], [ө] варианттардың бір типке, класқа (инвариантқа) жататын ортақ белгісі дифтонг түрінде болуы, солай бола тұра вариант есебінде бір-бірінен айырмасы олардың жуан-жіңішке, еріндік-езулік болу ерекшелігімен байланысты.

Сонымен, үш инвариант-фонема сөзде тоғыз түрлі вариантқа дейін түрленеді. Ал дауыссыздар жүйесі он жеті инвариант-фонемалардан түзіледі: б, г, д, ж, з, и, к, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ш. Зерттеуші түзген дауыссыздардың жүйесі дәстүрлі филологиялық ұстаныммен бірдей. Айырма, түптеп келгенде, дауыстылардың типтері мен түрлерінде болып шығады. Сөйтіп, Ә.Жүнісбеков қазақ дауыстыларының осы жүйесін бейнелейтін жазу системасын ұсынады. Автор алдымен он жеті инвариант-фонеманы бір-бір таңбамен (сингармоәріппен) белгілейді (қосымшаны қараңыз). Ал осы он жеті инвариант-фонемалардың төрт тембрмен (жуан, жіңішке, еріндік, езулік болып) айтылып, сөз құрауын дауыстыларды белгілейтін (әр дауыстыға бас-

басына) арнайы таңба алмай-ақ дауыссыздарға қосылатын дәйекшінің әр түрлі орналасу ыңғайымен беріп отырады [20, 51-53б.].

Сөйтіп, күллі қазақ сөзін осы тәсілмен жазып шығуға болады. Бұл жазудың, түптеп келгенде, мәні мынада: белгілі бір әріп жазуда дауыссызды таңбалай отырып, оның төрт түрлі тембрмен қоса бейнелейді. Ал А.Байтұрсыновтың «бес дауыстыға» құрылған жазуындағы әріп белгілі бір фонеманы таңбалай отырып, оның жуан-жіңішке екі тембрін қоса бейнелейді. Сондай-ақ «бес дауыстыны» арқау еткен жазудағы дәйекші сөздің қандай тембрде айтылуына «дирижер» болып тұрады. Ал үш дауыстыны арқау еткен бұл жазудағы дәйекші буынның қандай тембрмен айтылуына «дирижер» болып тұрады. Ал осы екі жазудың ортақ қасиеті олардың ішкі құрылымында: әріптер сөзді, морфеманы құрап және ажыратып тұратын дыбыстарды белгілей отырып, оларды өзінің құндылығында қоса бейнелейді.

Үш дауыстыға негізделген жазудағы әріптер мен тілдегі инвариант фонемалардың сандық қатынасы жалпы әліпбиге қойылатын талаппен де үйлесіп жатады (фонемалардың санынан әліпбидегі әріптің саны аз-кем төмен болуға тиіс). Мысалы, автордың сингармофонологиялық зерттеуінде 3 дауысты, 17 дауыссыз инвариант-фонема бар, ал әліпбидегі әріптің саны 17. Сонда фонема мен әліпбидегі әріптің сандық қатынасы 20:17. Бұл қатынасты дәстүрлі фонологиялық жүйемен көрсетсек 26 инвариант фонема: 17 әріп болып шығады. Сондай-ақ бұл әліпбидің үнемділік жағын да айта кетуге болады. Мысалы, қазіргі әліпбиде 100 таңбамен жазылатын сөз сингарможазуда 60-қа жуық таңбамен беріледі (үнемділігі 40/-тай).

1940 жылға дейінгі қолданылған латын жазуы жүйесі мен әліпбиі, әріптердің азын-аулақ ықшамдылығы, болмаса, осы күнгі жазу жүйемізден пәлендей принципті айырмасы жоқ, сондықтан бұл әліпбиге тоқталуды жөн көрмедік. Дегенмен айта кететін нәрсе – қазіргі жазуымыздағы негізгі жүйе болып табылатын «бір әріп – бір фонема» тәсілі негізінен латын әліпбиі кезінде жасалды. Латын әліпбиі, кейбір ауытқуларды ескермегенде, фонологиялық сипатта болды. Осы күнгі емле принциптері сол кездің өзінде айқындала бастады (жазуда негізгі дыбыстарды белгілеу, сөздерді бір нұсқада жазу т.б.). Сөйтіп, қазақ жазуы бір жүйеден екінші бір ұқсас жүйеге оңай көшті. Әріптердің фонеманы білдіретін мәні сол күйінде қалды да тек символы (суреті) өзгерді: мысалы, латынша

$$\begin{matrix} <p> & & <п> \\ /p/ \text{ графема } \overline{p} & ; & \text{қазіргіше } /п/ \text{ графема } \overline{п} \end{matrix}$$

Сонымен, жоғарыда айтылғандардан қазақ фонологиясында үш түрлі бағыттың бар екенін аңғарамыз.

1. Тоғыз дауыстыға негізделген фонология.

	жуан	жіңішке	езулік	еріндік	ашық	қысаң
а	+	–	+	–	+	–

ə	–	+	+		+	–
ы	+	–	+	–	–	+
і	–	+	+	–	–	+
о	+	–	–	+	+	–
ө	–	+	–	+	+	–
ұ	+	–	–	+	–	+
ү	–	+	–	+	–	+
е	–	+	+	–	?	?

Басқа дауыстылар, салыстырып қарасаңыз, ең аз дегенде бір-бірінен бір айырым бойынша дараланып тұрады, ал <e> туралы мұны айтуға болмайды. Егер бұл дауыстыны ашыққа жатқызсаңыз <ə>-ден, қысыңға жатқызамыз <i>-ден айырымы болмай қалады.

Әдетте бұл дауыстылар былайша топтастырылып жүр.

жуан	а, о, ы, ұ
жіңішке	ə, ө, і, ү, е
езулік	а, ə, ы, і е,
еріндік	о, ө, ұ, ү
ашық	а, ə, о, ө, е
қысаң	ы, і, ұ, ү, е

Біздің ойымызша, бұл фонетикалық ыңғайдағы таптастыруға жатады. Ал фонологиялық таптастыру бұлай болмауға тиіс, Өйткені бір топқа жататын дауыстылар екінші топтың мүшесі бола алмайды.

II. Бес дауыстыға негізделген фонологиялық жүй (А.Байтұрсынов).

<a> [a], [ɑ]

<ы> [ы], [i]

<ұ> [ұ], [y]

<o> [o], [ə]

<e> [e]

Бұл жүйе бойынша сөздегі күллі дыбыстардың басын қосып фонетикалық бір бүтін етіп тұратын нәрсе – дауыстылардың жуан-жіңішке әуезі (тембрі).

III. Үш дауыстыға негізделген фонология (Ә.Жүнісбеков).

1. ашық – [a], [ə]

2. қысаң – [ы], [i], [ұ], [y]

3. дифтонг – [e], [o], [ə]

Бұл жүйе бойынша сөздегі күллі дыбыстардың басын қосып, бір бүтін етіп жұмылдырып тұру жуан, жіңішке, еріндік, езулік әуез арқылы жүзеге асады.

Бірінші топтағы таптастырудан II және III топтағы таптастырудың үлкен айырмасы бар. Соңғы екі таптастыруда бір типке жататын дауыстылар

екіншісінде қайталанбайды. Міне, бұларды сондықтан фонологиялық таптастырудың алғашқы үлгісі деуге болады.

1.3 Әліпбидегі әріптің аттары

Қазіргі жазуымызда қайта қарай отырып, негіздей түсетін нәрсе – **әліпбидегі әріптердің аты**. Жазудағы әріптердің атын алдымен екі топқа бөліп қарау қажет тәрізді. Бірінші топқа жататындар – дауыстыларды таңбалайтын әріптердің аты. Бұл топтағы әріптердің атауы негізінен ашық буындағы дауыстылардың дыбысталуына сәйкес келеді. *А-на, ө-сір, ә-ке, е-рік, ұ-сын, ү-кі* т.б. Дауыстылардың дыбыстық ортаға неғұрлым тәуелсіз реңкі алдымен осындай ашық буында көрінеді. Осы реңктің әліпбидегі әріптің атауы болып жұмсалуды дау тудыра қоймайды. Шешімі қиынырақ көрінетін нәрсе – екінші топтағы әріптердің атауы. Қазіргі әліпбидегі *б* әріп [бе], *г* – [ге], *ғ* – [ға], *д* – [де], *ж* – [же], *з* – [зе], *к* – [ка], *қ* – [қа], *л* – [эл], *м* – [эм], *н* – [эн], *ң* – [эң], *п* – [пе], *р* – [эр], *с* – [эс], *т* – [те], *х* – [ха], *һ* – [һа], *ш* – [ша] түрінде айтылады деп көрсетілген (Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Алматы, 1963). Аталған сөздің кейінгі басылымдарында (1978, 1988) әріптердің осы атауы беріліп жүр. Кезінде «затын алған соң атын да бірге алайық», әріптердің орысша аталуы мен қазақшасы ұқсас болсын деген ыңғайда осылай болып кеткен тәрізді. Бұл аталған әріптердің атын орысша нұсқасымен салыстырсақ, сөздікте аталуын [бе], [ве], [ге], [пе], [че]; ал қалғандарын [дэ], [ка], [эл], [эм], [эн], [пэ], [эр], [тэ], [эф], [ха], [цэ], [ша], [ща] түрінде берген (Ожегов С.И. Словарь русского языка. М., 1960, 14-б.).

Ал соңғы жылдары, шыққан сөздіктерде [бе], [ве], [ге], [пе] дегендер, [че] –ден басқасы [бэ], [вэ], [гэ], [пэ] түрінде беріліп, дауыссыздарды білдіретін барлық әріптердің атауы бір нұсқада көрсетілген (Орфографический словарь русского языка. М., 1986, 12-б.). Бұдан байқайтынымыз орыс әліпбиіндегі дауыссыздарды таңбалайтын әріптердің аты жуан фонемалардың дыбысталуына сәйкес алынған. Орыс әліпбиіндегі әріптердің аттарында бірізділік бар, сонымен қатар олардың неге бұлай аталатыны өзінен-өзі байқалып тұр.

Ал қазіргі әліпбиіміздегі әріптердің аты бір кездегі орысша нұсқамен берілген күйде жүр: [бе], [ве], [ге], [пе] т.б. Сондай-ақ *ң* әрпінің атын [эң]; *к* әрпінің атын [ка] деп беру ешбір қисынға сыймайды. Немесе әліпбидегі *д*, *б*, *ж*, әріптерінің аты үшін [де], [же] делініп жіңішке дыбысталуы берілген, ал *л*, *р*, *қ*, *ғ*, *т.б.* әріптер үшін [эл], [эр], [қа], [ға] делініп жуан түрі берілген. Әріптердің бұлай аталуында негіз бар екенін түсіну қиын.

Міне, мұндайлар әліпбидегі әріптердің аттарын, әйтеуір, келісе салу жолымен емес, қалайда бір негізге сүйене отырып, олардың айтылуын бірізге түсіру қажет екенін көрсетеді.

Қазақ дауыссыздары әдетте жалаң түрде дыбысталмайды. Олар дауыстылардың не өзінен бұрын, не соң айтылуына иек сүйей отырып, тоғыз реңкте түрлене алады: [б] – [аб], [эб], [ыб], [іб], [ұб], [үб], [еб], [об] немесе [ба], [бэ], [бы], [бі], [бұ], [бү], [бе], [бо], [бө]. Өзге дауыссыздар да осы

тәрізді, тек [у] ғана езулік [ы], [і] дыбыстарымен айтылмайды да, өзге дауыстылармен түрлене береді. Бұл жерде әріптің аты үшін ашық буын түрін алудың мәні бар. Өйткені мұндай фонетикалық жағдайда дауыссыздар неғұрлым тәуелсіз реңкте жұмсалады. Сонымен бірге жоғарыда айтылған тоғыз түрленудің ішінен біреуін дауыссызды белгілейтін әріптің аты етіп алу қажет. Мысалы, біздің аңғаруымызша, сол тоғыз түрленудің ішінен фонетикалық жағдайға неғұрлым тәуелсізі – /бы/. Мұны анықтаудың ең қиындығы жоқ: кез келген қазақ аудиториясына *бұл, бұл, бел, бөл, бор, бар, бұр* сөздеріндегі мына бірінші әріпті жеке-жеке дауыстаңыз десе, бәрі дерлік ол әріпті [бы] түрінде айтып береді. Мұндайды мектеп тәжірибесінен де жиі байқауға болады: «Мұғалім кез келген бір оқушыға алфавитті оқытып шығып, ол оқушының алфавиттегі әріптерді дұрыс айтты ма, әлде қате айтты ма, соны бақылай, сол бақылаудың негізінде жаңа сабақты бастап жіберу керек. Өйткені кейбір оқушылар б/бе, г/ге, с/эс, т/те, ф/эф деудің орнына б/бы, г/гі, с/сы, т/ты, ф/фы деп қате айтады» (Қазақ тілін оқыту методикасы, Алматы, «Мектеп», 1988, 62-б.). Шындығында, баланың әріптерді бұлайша дыбыстауы дұрыс. Әріптердің атын бұлай айта отырып, оқушы сол дауыссыз дыбыстың тоғыз түрленімінің ішінен неғұрлым тәуелсіз түрін тауып отыр, сондықтан әріптің атауы да дәл солай болуға тиіс. Ал әріптердің [эс], [ка], [эл], [эм], [эн], [эң] деген атаулары қысқарған сөзді былай қоғанда, қазақтың кәдімгі жай сөздерін оқуға үйлеспейді.

Сонымен, белгілі бір дауыссыздың тоғыз түрлі нұсқасының ішінде қалайда біреуі әліпбидегі сол дауыссызды білдіретін әріптің аты болуы шарт. Ал дауыссыздың тоғыз нұсқасының ішінде неғұрлым дыбыстық ортаға тәуелсізі осы дауыссызды белгілейтін әріптің атау ретінде алынуға тиіс. Міне, осыны негізге ала отырып, әліпбидегі әріптердің аттарын былайша атауға болады:

1. *б* – [бы], *ғ* – [ғы], *д* – [ды], *ж* – [жы], *з* – [зы], *қ* – [қы], *п* – [пы], *с* – [сы], *ш* – [шы]:

2. *к, г* әріптері тек жіңішке дауыссызды таңбалайтын болғандықтан, олар [кі], [гі] түрінде айтылады;

3. Үнділерді білдіретін әріптер былайша бірыңғай аталуға тиіс:

а) *м* – [ым], *н* – [ын], *ң* – [ың], *л* – [ыл], *р* – [ыр]. Бұлай болатыны кейбір үнділердің алдында селбеспе дауысты болады;

ә) тәжірибеге қарағанда *и* әрпі /ій/ түрінде жіңішке дыбысталады. Кейбір оқушылардың *ми* деген сөзді (мій) деп оқытыны да сондықтан. Міне, осындай негіздерге сүйене отырып, қазақ сөздерінің жазылуында қолданылатын 26 (28) әріптің әліпбидегі атын былай деп алуға болады:

А – [а], *Ә* – [ә], *Б* – [бы], *Г* – [гі], *Ғ* – [ғы], *Д* – [ды], *Е* – [е], *Ж* – [жы], *З* – [зы], *И* – [ій], *К* – [кі], *Қ* – [қы], *Л* – [ыл], *М* – [ым], *Н* – [ын], *О* – [о], *Ө* – [ө], *П* – [пы], *Р* – [ры], *С* – [сы], *Т* – [ты], *У* – [ұу], *Ү* – [ү], *Ү* – [Y], *Ш* – [шы], *Ы* – [ы], *І* – [і].

Сонымен, бұл тарауда айтылғандарды түйіндей келгенде, қазақ фонологиясын зерттеуде үш бағыт бар екенін байқауға болады. Біріншісі – тоғыз дауысты мен он жеті дауыссызды жеке-жеке фонемалар деп акцентті

тілдердің дыбыс жүйесі ыңғайында қарастыратын фонология. Соңғы кездегі зерттеулерде бұл акцентті фонология деп аталып жүр (Жүнісбеков Ә. Жүсіпов М.); екіншісі – сингармофонология (осы аталған авторларда). Сингармофонологияның, біздің байқауымызша, екі нұсқасы бар: а) А.Байтұрсыновтың бес дауысты, екі әуезге (тембрге) құрылған фонологиясы; Ә.Жүнісбековтің үш дауысты, төрт әуезге негізделген фонологиясы.

Жазу қалайда белгілі бір фонологиялық негізге табан тіреді. Қазіргі жазу – акценттік фонологияға негізделген жазу. Бұл жазудың құрылысы сөздің жуан-жіңішке, еріндік-езулік әуезде айтылуын жеке-жеке дауыстыларды әріппен белгілеу арқылы жүзеге асады. Латын әліпбиі жазуы да осы акцент – фонологиялық жазуға жатады. Ал сингармофонологияға табан тіреген жазуды сингарможазу деп атауға болады. Бұл жазудың басты өзгешелігі сөздің жуан және жіңішке әуезі жеке-жеке әріптермен емес, бір ғана дәйекші арқылы белгіленеді. Ал Жүнісбековтің үш дауысты төрт әуезге құрылған фонологиясына негізделген жазудың өзгешелігі төрт әуез арнайы әріптермен белгілебей, дәйекшінің әр түрлі қойылуы арқылы беріледі. Сөйтіп, бұл жазулардың қай-қайсын болмасын жазудың фонологиялық типіне, фонемографиялық подтипіне жатқызуға болады. Ал фонемографиялық жазудың өзін, а) акцентно-фонологиялық жазу, ә) сингарможазу деп бөлуге болады. Ал сингарможазудың екі нұсқасы бар: екі әуезге құрылған жазу (А.Байтұрсынов), төрт әуезге құрылған жазу жобасы (Ә.Жүнісбеков). Енді осы тараудың басында айтылған Л.Р.Зиндердің жазуларды топтастырған схемасына қайта назар аударып, оны әрі қарай жалғастырсақ былай болып шығады:

Жазудың тегі

I. Семасиографиялық немесе идеографиялық (тілдің мазмұн жағына негізделген)

II. Фонографиялық (тілдің тұрпат жағына негізделген) .

Жазудың түрлері

A. Пиктография (хабардың жалпы мазмұнын бейнелеуге негізделген).

Б. Иероглифика немесе логография (сөзге негізделген)

A. Силлабографиялық (графикалық таңбаның объектісі – буын).

Б. Фонемография (графикалық таңбаның объектісі – фонема).

а) акцент-фонологиялық (латын, кириллица)

ә) сингарможазу: екі әуезде жазу негізделген сингарможазу, төрт әуезге негізделген сингарможазу

Әр жазудың құрылымына байланысты орфографиясының өзіне тән негізгі принципі болуға тиіс. Мысалы, сингарможазудың негізгі орфографиялық принципін сингармопринцип деп атауға болады. Қазақ сөздерінің жазылуында сингармопринцип бойынша сөздегі екі әуез (А.Байтұрсынов) немесе буындағы төрт әуез (Ә.Жүнісбеков) үндестігінің қатаң сақтау қажет.

Ал акцент-фонологиялық жазудың емлесіндегі басты принцип фонемалық принцип. Ол негізінен сөздің құрамындағы фонемалардың күшті позициядағы түрін жазуға негізделеді. Қазіргі қолданылып жүрген жазу-сызуымыз акцент-фонологиялық жазу болғандықтан, енді келесі тарауда осы жазудың емлесіндегі негізгі принципке арнайы тоқталамыз.

II ТАРАУ ОРФОГРАФИЯ

Қазіргі жазу-сызуымыз жарты ғасырдан астам уақыт бойы қолданылып келеді және қазақ тілінің жазба түрі осы жазу-сызу арқылы тиісінше қызмет етіп, сан қилы қоғамдық қажеттілікті шама-шарқынша өтеп те жатыр.

Әдетте тіл, мейлі ол ауызша, мейлі жазбаша болсын, өзінің қызметін жүйе түрінде жүзеге асырады. Олай болса қолданып жүрген жазу-сызуымыздың ішкі құрылымы, өзіндік жүйесі болуға тиіс екені даусыз. Тіліміздің жазу жүйесін жетілдіру, жақсарту, реттеп отыру, оны дұрыс қолданудың құралдарын жасау т.б. салада елу жыл ішінде едәуір шаралар жасалды: Негізгі Ережелер түзілді, жазу практикасында байқалған тәжірибелердің жинақталу барысында Ережеге (1957, 1983) толықтырулар мен түзетулер енгізілді.

Тағы бір атап айтатын нәрсе – осы жазу-сызу жүйесін дұрыс қолдануды үйрететін құралдар жасалып, олар бірнеше дүркін жарық көрді:

Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. – Алматы, 1941 (ред. Коллег. С.Аманжолов, І.Кеңесбаев); М.Балақаев. Емле сөздігі. 1948; Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі (1963 ж. редакциясын басқарғандар І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев; 1978 ж. Жауапты редакторы М.Балақаев; 1988 ж. Жауапты редактор Р.Сыздықова); Сыздықова Р. Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш (1964, 1974). Анықтағышта алғаш рет қазақ жазу-сызуына жұмсалып жүрген күллі графикалық таңбалардың (нүкте, қос нүкте, көп нүкте, нүктелі үтір, үтір, сызық, сызықша, тырнақша, жақша, бас әріп, кіші әріп, леп белгісі, сұрау белгісі, жол басы т.б.) қолданылу тәртібі мен орындары, ережелері жинақталып берілді. Міне, мұндай практикалық құралдардың жазу нормаларын тұрақтандыруда,

жетілдіруде орны ерекше болды. Жазу жүйесін дұрыс қолдануға үйрететін мұндай құралдармен қатар қазақ жазу-сызуы мен орфографиясының негіздерін қарастырған (*Оралбаева Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының негіздері. – Алматы, 1968*) және жазу тәжірибесінде кездесетін әртүрлі ауытқулар мен қайшылықтарды жинақтай отырып, олардың себебін ашуға, бір ізге салудың жолын іздестірген зерттеулер жарық көрді (*Уәлиев Н, Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы: «Ғылым», 1988; Мырзабеков С. Қазақ орфографиясының арнаулы курсы бойынша методикалық нұсқаулар. – Алматы: «Қазақ университеті», 1991*). Сондай-ақ жазу-сызу мәдениетін жетілдіру, сауаттылықты көтеру, емле сөздіктерін дұрыстау, жеке сөздердің жазылуы жөнінде баспасөз бетінде ондаған мақала жарияланды [21]. Әрине, бұл айтылғандардан жазу-сызу жөнге түсіп, емле мінсіз болып кетті деуге болмайды. Бұл салада атқарылатын жұмыстың дені жазу-жүйесін дұрыс пайдаланудың құралдарын жасауға келіп саяды. Ал қазіргі жазуымыз сөз дыбыстарына негізделген біртұтас жүйе түрінде және сол жүйені құрап тұрған элемент, сол элементтердің өзара қатынасы сияқты ішкі құрылымдық деңгейде әлі де болса зерттелмей келеді. Ал мұндай міндетті шешу жазуымыздың фонологиялық транскрипция мен фонетикалық транскрипция жүйесінен қаншалықты айырмасы мен ұқсастығы бар екенін айқындауға мүмкіндік береді. Графикалық лингвистиканың қисыны бойынша жазу жүйесі фонологиялық, фонетикалық транскрипциядан қалайда бөлек болуға тиіс. Осымен байланысты жазуымыздың ішкі түзілімін және фонологиялық негізін (қандай бағытта, қай мектептің іліміне жақын т.б.), оған ұстанып отырған емле принципінің сайма-сай болуын қарастыру қазақ тілі орфографиясының негізгі міндеті болып саналады. Ол үшін мына мәселелердің басын ашып алу қажет:

- инвариант фонема мен әліпбидегі (алфавиттегі) әріптердің сандық қатынасын көрсету;
- жазудың фонологиялық негізін анықтау;
- әліпбидегі әріптердің аттарын негіздеу;
- жазудың фонологиялық негізіне сай келетін емле принципін дәлдей түсу;
- жазу нормасында кездесетін қайшылықтар мен ауытқуларды жинақтай отырып, себептерін ашу т.б.

Қоғамдық өмірде болып жатқан сан алуан өзгеріс күрделі мәселелерді шешуді күн тәртібіне қойып отыр. Осындай қоғамдық назарда болып, мемлекет көлемінде мән беріліп отырған мәселелердің бірі – республикадағы тілдердің дамуы. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде өзінің сан алуан қызметін өрістете отырып, өркендей түсуі қажет. Ол үшін жазу мәдениеті де жоғары талап деңгейінде болуға тиіс. Қандай жазуды ұстансақ та, басқа әліпбиге көшсек те, әліпбиді тиімді етудің жолдарын қарастыру, емле принциптерін дәлдей түсу, жазу жүйесін дұрыс қолданудың құралдарын (жазу ережесі, емле сөздігі, анықтағыш т.б.) жетілдіру қай кезде де қоғамдық назардан тыс қалмайтын мәселелер.

2.1 Қазақ орфографиясының принциптері

Негізгі принцип. Дыбысталған сөздің, әдетте, әртүрлі жазылмауы, сондай-ақ оның әрқилы оқылмауы шарт. Бір сөзді әркім өз бетінше оқып, өз алдына жазатын болса, жазу-сызудың коммуникациялық мәні болмайды. Сондықтан дыбысталған сөзді хатқа түсірудің және оны сөйлеуде қайта жаңғыртудың жазарман мен оқырманға ортақ негізі болуға тиіс. Жазуда және жазылған сөзді жаңғыртуға басшылыққа алынатын негіз орфографиялық ұстаным (принцип) деп аталады. Жазу теориясында орфографиялық принциптің айқындалған бірнеше түрі бар. Мысалы, Л.В.Зиндердің көрсетуінше тілдің жүйесіне, лайықталған принциптер уәждемелі (мотивированные), ал тілдің өз бітімінен тысқары принциптер уәждемесіз (немотивированные) принциптер деп аталады [14, 91 б.]. Уәждемелі принциптерге фонетикалық (фонематикалық), морфематикалық, грамматикалық принциптер жатады. Ал уәждемесіз принциптерге дәстүрлі, айырмыс (дифференцирующий), транслитерациялық, транскрипциялық, түпнұсқа (цитатный) принциптер жатады. Қазақ тілінің орфографиялық сөздіктерінен, Анықтағыштан (1974) осы аталған принциптер бойынша барлығынан дерлік мысал табуға болады. Әрине, оларға нақты талдау жасай отырып, қай сөздің қандай принциппен жазылғанын көрсету, жалпы қазақ орфографиясының принциптерін зерттеудің жеке объектісі етіп алу болашақтағы зерттеулердің бірі болмақ. Ал біздің бұл жердегі мақсатымыз – жоғарыда аталғандардың ішінен орфографияда басшылыққа алынып жүрген негізгі принципті дәлдей түсу және кейбір қосалқы принциптердің қолданылу мүмкіндіктері мен себептерін көрсету.

Қазақ жазуының ұстанып отырған қазіргі принципі алдымен жоғарыда аталған принциптердің уәждемелі типіне жататыны еш дау туғызбайды. Бірақ осы аталған топқа енетін принциптердің ішінде қазақ орфографиясы фонетикалық, я болмаса морфематикалық немесе грамматикалық принциптердің қайсысын басшылыққа алып отыр (алуға тиіс) деген мәселе даулы болып есептеледі. Бұл жерде зерттеушілердің пайымдаулары мен пікірі бір жерден шыға бермейді.

Профессор Құдайберген Жұбановтың қазақ жазуы мен орфографиясы бойынша аса ірі фонетист ғалым ретінде де, халық ағарту саласындағы қоғам қайраткері ретінде де іргелі зерттеулер жазып, практикалық маңызды жұмыстар атқарған ғалым екендігі мәлім.

Ғалымның ғылыми мұрасын өткен күндердің мирасы ретінде қарастыру бар да, оның теориялық тұжырымдарына қайта үніліп, бүгінгі ізденіс зерттеулерге арқау етіп алу бар.

Ғалым мұраларының бір саласы кезінде күн тәртібінде тұрған тіл құрылысы проблемаларын шешіп беріп, зерттеу нәтижелері, ұсыныс-пікірлері тіл практикасында бірте-бірте орныға түскен еңбектер болса, екінші бір саласы – өз кезеңінен озық тұрған теориялық ізденістері мен зерттеулері.

Қазақ тілінің программалары, емле жобалары, алфавит мәселелері т.б. жөнінде зерттеу еңбектерінің қолданбалы мәні зор болды. Бір ғана мысал,

[ый], [ій] дыбыстарын *и* және [ұу], [үу] дыбыстарын *у* арқылы бір таңбамен белгілеу жөніндегі Қ.Жұбановтың жазу теориясына негізделген жобасы қазақ орфографиясында бірте-бірте орнығып, 1967 жылғы Ережеде біржола заңдастырылды. Ал ғалымның біріккен сөздер, буын жігі, тарихи фонетика мен этимология, орфография мәселелері т.б. сала-сала зерттеулері қазақ тіл білімінің хрестоматиялық беттері деуге болады. Мәселен, жазу нормаларын сөз етсе де, қазақ орфографиясының ғылыми негіздеріне қатысты мәселелерді қарастырса да ғалымның бұл аталған саладағы еңбектеріне зерттеуші тоқталмай өте алмайды. Ғалымның жазу, орфография жөніндегі теориялық зерттеулерін бағдарға ала отырып, әлі де басы ашылмаған мәселелерді сөз етуге болады. Солардың бірі – қазақ орфографиясының принципі. Бұл жөнінде де Қ.Жұбановтың зерттеулері, айтқан ойлары, сөйлеген сөздері мен ұсыныс-пікірлері қазіргі жазу нормаларының жай-күйін бағдарлауға, емле принциптерінің кейбір уәждемесін (мотивтерін) қайта қарауға ойтүрткі болады. Кезінде проф. Қ.Жұбанов: «Емле негізіне қожа сол тілдің жаратылыс заңы болуға керек. Тіліміздің жаратылысына қарасақ, емле дыбыс негізді (фонетикалық принцип негізді – Н.У.) болуға керек» деген болатын [22, 81б.]. Ал соңғы онжылдықтардағы оқулықтар мен зерттеулерге назар аударсақ, қазіргі кездің өзінде қазақ орфографиясындағы жетекші принцип жөнді айқындалмаған деуге болады. Мысалы, кей оқулықтарда: «Қазақ орфографиясының негізгі принципі – морфологиялық принцип. Морфологиялық принцип күллі түркі тілдері үшін қолайлы принцип болып саналады. Бұлай дейтініміз түркі тілдерінің табиғаты, атап айтқанда, ондағы сөздердің морфологиялық құрылысы және олардың түбір тұлғасының сақталу ерекшелігі – осылардың бәрі жазуда морфологиялық принцип ең жанасымды, ең қолайлы деуіміз де осыдан» десе [23], кейбір зерттеулерде қазақ орфографиясы фонетика-морфологиялық принципке негізделген деп тұжырымдайды.

Міне, осы аталған үш бағытты қазіргі жазу нормасы тұрғысынан қысқаша салыстыра қарауға тура келеді. Алдымен морфологиялық принцип жайында: «...Сөздерге сөз тудырушы аффикстер мен сөз түрлендіруші аффикстер жалғанғанда, екі сөз бірігіп немесе өзара тіркесіп айтылғанда, сөздер мен сөз тіркестерінің айтылуы өзгеріп, әртүрлі дыбыстық өзгерістерге ұшырайды. Морфологиялық принцип дыбысталудағы бұл ерекшеліктерді ескермей, сөз құрамындағы сыңарлардың жеке тұрғандағы қалпын сақтап жазуды басшылыққа алады. Мысалы: *басшы* (башшы емес), *ұшсын* (үшшын емес), *сәнқой* (сәнқой емес), *көрінбейді* (көрімбейді емес), *қазанғап* (қазанғап емес), *әркім* (әргім емес), *көзқарас* (көзғарас емес), *Сарыарқа* (Сарарқа емес)» [24].

Осындай айтылғандай, морфологиялық принцип бойынша сөздің морфемалық құрылымы сақталып жазуға тиіс. Бірақ қазіргі жазу тәжірибеміздің орныққан нормалары осы талапқа толық жауап бере ала ма? Алдымен мынадай топтағы сөздердің жазылуына назар аударсақ, бұлардың морфемалық құрамы өзгеріссіз жазылған деуге болмайды. Мысалы: *ақ* – *ағар* (*ақар* емес), *көк* – *көгер* (*көкер* емес), *жақ-жағын* (*жақын* емес), *тақ* –

тағын (тақын емес), бақ – (бағыл емес), ойын – ойна (ойына емес), орын – орна (орына емес), сарын – сарна (сарына емес), сары – сарғай (сарығай емес), қозы – қоздау (қозылау емес); халық – халқы (халығы емес), жоғарғы – (жоғарығы емес), мүлік – мүлкі (мүлігі емес), әріп – әрпі (әрібі емес), қап – қабы (қапы емес), сап – сабы (сапы емес), көп – көбі (көпі емес). Сондай-ақ морфологиялық принцип бойынша қосымшалардың бір ғана варианты, мысалы, -лар алынуы керек те, қалғандары (-дар, -дер, -тар, -тер) оның жай ғана дыбыстық өзгерістері ретінде жазуда еленбеуге тиіс.

Міне, бұл тәрізді сөздердің жазылуын морфологиялық принцип бойынша түсіндіруге болмайды және қазақ орфографиясындағы жетекші принцип морфологиялық деген тұжырымға шүбәмен қарауға тура келеді. Морфемалық құрамы дыбыстық өзгеріске түскен күйде, яғни фонетикалық принциппен жазылатын сөздердің саны «түбірі» сақталып жазылатын сөздерден аз емес. Осындай себепке байланысты болуы керек, соңғы кездегі зерттеулерде қазақ орфографиясы фонетика-морфологиялық принципке негізделген деген пікір орын ала бастады.

Проф. Қ.Жұбанов қазақ жазуы фонетикалық принципі ұстануы керек деген үзілді-кесілді пікірде болды. Ғалымның сондағы сүйенген негізі мен ғылыми дәлелдері қандай? Ғалым мұрасын оқи отырып, осы сұрауға жауап іздесек, экстралингвистикалық және таза лингвистикалық екі түрлі жайтты аңғарамыз. Біріншісі – Қ.Жұбанов – тіл практикасында демократияшыл көзқарасты дәйекті ұстанушы әрі орнықтырушы ғалым. Ғалымның бұқарашыл платформасы жазу, терминология, емле, орфографиялық принциптер туралы ойлары мен зерттеулерінен айқын танылады.

... Тілдің әліпбиінен бастап, жоғарғы сатысына жеткенше төңкеріс практикасының, ілім-техниканың не бір игілігін сөзбен айтып, ашып бере аларлық дәрежеге жеткізудің өзі де емле мен терминологиядан аулақ болмақ емес. Мәдениетті таңдап, жасап шығарушы тап та, оны керек қылушы тап та – еңбекші тап болған соң, емле мен терминологияның қызметі – сол қалың еңбекшінің қолын мәдениетке жеткізу болады да, ондай кезде емле мен терминология мәні әсіресе зор болады.

«...Сонымен, емлені қайта тексергенде, ең алдымен оны қалың елге еңбекші бұқараға түсінікті, жеңіл қылып шығару жағын ескеру керек» дей келіп [25], «Қазір біз туыс жүйелі морфологиялық емлені қабылдасақ, бізде де ағылшындардікі және басқа елдердікі сияқты дәстүрлі жазу болады» [26] дейді. Шындығында, морфологиялық принцип бойынша көпвариантты қосымшалардың бір ғана нұсқасы таңбалануы керек те, қалғандары еленбеуге тиіс. Бұл бағыт, әрине, жазба тілдегі шарттылықты көбейтеді. «Көптік жалғауының қазақша төрт түрі бар. Біз оның бәрін тастап, жалғыз «-лар» -ді ұстап қала алмаймыз. Мұнан оқыту жұмысы ауырлайды, сауаттану жұмысы қиындайды. Сауаттану жұмысы тезірек жүру үшін жазуда сөз естілуіне жақын болуы керек» [26]. Оппоненттерімен пікір таласында ғалымның мұндай қарапайым мысалға жүгінуінің себебі жоқ емес. Морфологиялық принцип бойынша қосымшалардың қалыптасқан

варианттарын бөле-жарып, бірер нұсқасына артықшылық беру тілдің ғасырлар бойына қалыптасқан шын қалпынан қол үзу болар еді.

Емле ережелері мен принциптерін белгілеуде ғалым тек экстралингвистикалық, әлеуметтік факторларға сүйеніп қоймай, таза лингвистикалық дәлелдерге де иек артып отырды. «Жалғауды туыс жүйесімен жазу үшін оның тарихын, бұрын қалай жазылып жүргенін, қысқасы, алғашқы нұсқасын білу керек. Жалғаудың қай түрі тұңғыш, қай түрі кенже екенін бұл күнгі тіл білімі танып біле алмайды. Мәселен, *-дар* көнерек пе, *я -лар* ескірек пе, болмаса *-тар* кәрі ме, оны дәлелдеу мүмкін емес. Тіпті реконструкциялау әдісімен бұл формалардың архитипін тапқанның өзінде, қазіргі жазу практикасында оның соншалықты үлкен мәнге ие бола қоюы неғайбыл.

Сонымен, Қ.Жұбановтың айтуынша қазақ тілінің дыбыс жүйесіне сай келетін бірден-бір принцип – фонетикалық принцип. Ал олай болса, фонетикалық принципке қарама-қарсы қойылып, яғни «морфологиялық принцип» деген айдармен таңбаланып жүрген басшы – [башшы], түнгі – [түнгү], көзсіз – [көзсүз] т.б. сөздердің жазылу нормасын қалай түсінеміз? Мұндай топтағы сөздердің саны едәуір және өз жүйесі бар. Сондықтан оларды «Ереже ескертусіз болмайды» деген рубрикаға жатқызу тіл шындығына сай келмейді. Тегінде, бұл топтағы сөздердің жазылуын фонетикалық принципке қарама-қарсы қоюымыздың өзі дұрыс па? Әрине, фонетикалық принципті «қалай естілсе, солай жазылады» деп түсінсек, онда басшы, түнгі, бізсіз т.б. сөздер морфологиялық принципке негізделген деп, фонетикалық принципке қарама-қарсы қоюға болар еді. Бұл жерде фонетикалық принциптің өзін анықтап алу қажет тәрізді. Қ.Жұбанов «жазуда сөз естілуіне жақын болу керек» дейді, яғни бұл ұғым «қалай естілсе, солай жазылады» деген формуламен бірдей емес. «Фонетикалық принцип, дәлірек айтқанда фонематикалық принцип, әрине, «қалай естілсе, солай жаз» дегенді білдірмейді» [14, 91б.]. «Фонематический принцип имеет большую объяснительную силу, чем морфологический: понятие фонематический принцип полностью покрывает понятие морфологический принцип и сверх того, объясняет те факты, которые не могли быть объяснены в терминах морфологического принципа, а именно, неизбежные отступления от единообразной передачи морфем в случае морфологических чередований» [27. 10б.].

Шындығында, фонетикалық принципті «қалай естілсе, солай жазылады» деп білу бұл принцип туралы түсінігімізді шатастырып, жазу тәжірибесінде оны дұрыс қолдануға кедергі болады. Егер «сөз қалай естілсе, солай жазылады» деген қағидаға сүйенсек, *түн* деген сөзді *түнь*, *тын* деген сөзді *тын* түрінде жазып, н дыбысының жуан-жіңішкелік қасиетін жеке-жеке таңбалар едік. Немесе *сауда* сөзі *сауда*, ал *саудагер* сөзі *сәудәгер* түрінде жазылар еді. Бірақ бұлай жазу фонетикалық принциптің емес, фонетикалық транскрипцияның міндеті. Қазақ жазуында [н`] мен [н], [т`] мен [т] тәрізді дауыссыздардың жуан-жіңішкелігінің арнайы таңбаланбауы сондықтан. Әрине, жазу мен транскрипция әуелден екі басқа нәрсе. Дыбыс

жазуы дыбысталған сөздің айна-қатесіз көшірмесі емес. Оның қызметі алдымен ой мен сезімді жеткізу. Сондықтан дыбыс жазуында фонологиялық жүктемесі жоқ, фонетикалық қоршауға тәуелді небір дыбыс құбылыстары ескерілмейді. Жазу теориясының аса терең білгірі Л.В.Шербаның ертеректе айтқан мынадай пікірі бар:

«Многим казалось и кажется, что наше практическое письмо, не обозначая более тонких звуковых нюансов языка, должно считаться неточным. Это насколько не отвечает действительному положению вещей, что скорее можно было бы поддерживать обратное, т.е. что оно было бы неточным, если бы стремились обозначать все эти нюансы» [28, 19б.].

Жазу теориясына қатысты бұл мәселеге Қ.Жұбанов дер кезінде назар аударған болатын. Дыбыстық қоршауға тәуелді кез-келген дыбыстық құбылысты жазуда таңбалай беру, Қ.Жұбанов айтқандай, ультрафонетик бағытқа бой ұру болар еді.

Бірақ мәселенің қиындығы мынада: фонологиялық жүктемесі жоқ немесе ультрафонетик (Қ.Жұбановтың терминологиясы) құбылыстарын фонологиялық мәні бар дыбыс құбылыстарынан қалай ажыратамыз? Фонема теориясы бойынша бір фонеманың бірнеше реңкі болуы ықтимал, яғни фонетикалық қоршау қанша болса, фонеманың реңкі де сонша болады. Бірақ солардың ішінде фонетикалық қоршауға неғұрлым тәуелсізі – негізгі реңк. Фонологиялық жазудың ерекшелігі бойынша фонемалардың негізгі реңкі таңбаланады да, фонетикалық қоршауға тәуелді реңктері ескерілмейді. Мысалы, *жұмұсшұ* деп жазбай, *жұмысшы* деп жазу себебімізді осы тұрғыдан түсіндіруге болады. *С/ш* алмасуы фонетикалық ортаға тәуелді, яғни [с] мен [ш] ілгерес келген барлық жағдайда <с> фонемасы [ш] реңкіне көшеді. Бұл іргелестікте <с>-ның басқа альтернативиясы болмайды. Осы типтес өзгерістерді шартты түрде жалпы фонетикалық алмасу деп атауға болады. Бұл топтағы дыбыс алмасулардың өздеріне тән белгілері бар.

Жалпы фонетикалық алмасулардың морфемаға қатысы жоқ. Мейлі ол үстеу жасайтын қосымша мен қалау рай тұлғасы болсын немес шартты райдың жұрнағы болсын, сондай-ақ «жоқтықты» білдіретін аффикс болсын, бәрібір, талғампаздық болмайды. Фонема реңктері талғаусыз өзгере береді: *құсша* – [құшша]; *ысшы* – [ышшы]; *безсе* [бессе], *бізсіз* [біссіз]. Ал кейбір дыбыс өзгерістерінде мұндай қасиет жоқ, мысалы, *қ/ғ*, *к/г*, *п/б* белгілі бір морфемалардың аясында болады: *тұрақ* – *тұрағы*, *бұлақ* – *бұлағы*, *қазақ* – *қазағы*, бірақ *қазақы* (сын есім); *қырық* – *қырығы* (сын есім); бірақ *қырқы* – зат есім (этнографизм); *дарақ* – *дарағы*, бірақ *дарақы* (сын есім); *тақ* – *тағыл*, бірақ *тақыл* (зат есім); *бақ* – *бағыл*, бірақ *бақыл* (зат есім); *қап* – *қабы*, бірақ *қапы қалу*; *сап* – *сабы*, бірақ *еңбек сапында* т.б. Белгілі бір морфемалардың аясында болатын мұндай өзгерістерді алдыңғы типтегі алмасулардан бөлектеп, морфонологиялық алмасулар деп атауға болады. Әрине, морфонологиялық алмасулар да фонетикалық алмасу, бірақ бұл алмасулар белгілі бір морфемалардың жүйесінде ғана көрінеді. Мысалы, көптік жалғауының дауыстылар мен /у/, /й/ сонорларынан соң *л* /-лар, -лер/ вариант түрінде болуы осы морфемаға қатысты: *қала-лар*, *тау-лар*, *тай-лар*.

Тап осы жүйе *-лық, -лік* аффикстерінде де қайталаынады: *қала-лық, тай-лық*. Бірақ өзге морфемада, мысалы септік жалғауында, бұл жүйе басқаша сипат алады: *қала-да, тау-да, тай-да*.

Жалпы фонетикалық алмасудың морфонологиялық алмасудан тағы бір айырмашылығы бар. Егер орфоэпиялық нормадан әдейі ауытқи отырып, артикуляциялық жақтан әнтек нық айтуға тырыссақ, қосымша реңктегі фонема өзінің негізгі реңкіне көшуге мүмкіндік алады: [башшы] – *басшы*, [кешегелді] – *кеше келді* т.б. Мектеп мұғалімдері оқыту процесінде, дикторлар радиодан ән тексін үйреткенде, мұндай мүмкіндікті нормадан әдейі ауытқи отырып, ара-тұра пайдаланып отырады. Тіпті сөз мағынасын айқынырақ ажырату үшін кей контексте [к] -ні әнтек нық айтып, фонеманы негізгі реңкте дыбыстауға тырысамыз: [сексеуілдің күлү] – сексеуілдің күлі, салыстырыңыз: [сексеуілдің гүлү] – *сексеуілдің гүлі*.

Ал морфонологиялық алмасулар орфоэпиялық нормадан бұлайша әдейі ауытқуға ырық бермейді. Мысалы, *ақ* – *ағар* сөзін «ақар» түрінде дыбыстаудың мәні жоқ.

Дыбыстардың жалпы фонетикалық алмасуы мен морфонологиялық алмасуы бір сөздің шенінде де кездесе береді. Мысалы, <к> фонемасының сөз қолданыста бірнеше реңкі болуы ықтимал:

- 1) [қырық] дегендегі [қ] – негізгі реңк;
- 2) [қырығы] дегендегі [ғ] – фонетикалық қоршауға біршама тәуелсіз реңк-морфонологиялық алмасу;
- 3) [отызғырық] *отыз-қырық* дегендегі [ғ] – фонетикалық қоршауға тәуелді реңк, жалпы фонетикалық алмасу;
- 4) *қырқы* (этнографизм), *қырық* [қырығы] *қырқы* – тарихи алмасу.

Осы салыстырудан байқайтынымыз, қазіргі жазу нормасында жалпы фонетикалық алмасуларға қатысты дыбыстық өзгерістер жазуда арнайы таңбаланбайды да, бұған керісінше, морфонологиялық алмасулар жазуда жүйелі түрде бейнеленіп отырады. Осы тұрғыдан қарағанда проф. Қ.Жұбановтың «қазақ емлесі дыбыс негізді болуы керек» дейтін тезисін жалпы фонетикалық алмасудың жазу-сызуда еленбей ерекшелігімен, сондай-ақ морфонологиялық алмасулардың арнайы таңбаланатын сипатымен ұштастыра қарауға болады.

Қосалқы принциптер

Тіл-тілдің дыбыс жүйесіндегі алшақтық пен өзгешелікке, әліпбидегі әріп санының әртүрлі болуына байланысты көптеген елдің жазу-сызуында тілдің ішкі жүйесі мен заңдылығынан тысқары жазылатын шеттілдік сөздер, сөз топтары болады. Коммуникациялық жақтан қолайлы болу үшін олар негізінен уәждемесіз принциптер (дәстүрлі, айырмыс, транслитерациялық, транскрипциялық, түпнұсқа принциптері) бойынша жазылады.

Қазіргі қазақ жазуында фонематикалық принциптен кейінгі жүйелі түрде қолданылып келе жатқан принциптің бірі – **түпнұсқа принципі**. Түпнұсқа принципі әліпбиі ұқсас болған жағдайда шеттілдік сөздердің графикалық нұсқасын сол күйінде жазу үшін пайдаланылады. Ол үшін

әліпбиде төл сөздерді жазуда қолданылатын әріптерден басқа арнайы графикалық таңбалар жүйесі алынады. Мысалы, қазіргі қазақ әліпбиіндегі *в, й, ф, х, ц, щ, ч, э, ю, я, ь, ъ* тәрізді әріптер шеттілдік сөздерді түпнұсқа принципі бойынша жазу мақсатымен алынған.

Қазақтың төл сөздерін таңбалайтын әліпбидегі әріптермен (тіркесімен) де шеттілдік сөздерді жазуға болады: *ц – тс, ч – тш*, сондай-ақ *в* әрпін әліпбидегі *у*-мен ертеректегі және қазіргі жазу тәжірибесіндегідей, мысалы, *тауар, Еуропа* т.б. *ф* әрпінің қызметін *п*-мен (бұл да тәжірибеде бар, мысалы, *порым, пасон* т.б.), *э* әрпін әліпбидегі *е*-мен, ал жуан *ъ*, жішкелікті *ь* білдіретін таңбалардың қызметін қазақ тілінің дауыстыларын таңбалайтын әріптермен беруге болады. Бірақ қазіргі қазақ жазуы бұл жолды ұстанбады. Оның түрлі-түрлі себептері де болды. Сол себептердің негізгісін проф. Р.Ғ.Сыздықова былай деп көрсетеді: «Кірме сөздердің жазылуы қазақ емлесінің барлық кезеңінде де күн тәртібінен түспей келеді. Әсіресе бұл проблемаға латынға көшкен кезде қатты ден қойыла бастады. Бұған қазақ тіліне, оның жазба дүниесіне 20-30 жылдардан бастап орыстың өз сөздері (*совет, совхоз, колхоз, союз, гудок, наград* т.б.) мен «интернационалдық» деп аталатын дүниежүзілік ортақ сөздер – ғылыми-техникалық терминдердің молынан ене бастауы түрткі болды. Бір ғажабы, осы кездің өзінде термин сөздердің жазылуына қатысты емле қағидаларының саны (18) қазақтың төл сөздерінің орфографиясына арналғандарынан (12) асып түсті.

Сөйтіп, латын жазуы кезінде «шеттілдік термин сөздерді жазуда қазақ тілінің дыбыс заңдары негізге алынады» деп қабылданған ереже бойынша бір сөзді әркім өзінше дыбыстап, бірнеше тұлғада таңбалануы қиындық келтіріп отырғанын Қ.Жұбанов, С.Аманжолов сияқты мамандар атап көрсетті. ... Сондықтан 1940 жылы «орыс жазуын» қабылдағанда, орыс тілінен жаңадан енген сөздер, әсіресе терминдер сол орысша тұлғаланған түрінде өзгертілмей жазылсын» деген ереже осы қиындықтан шығудың амалы ретінде қолайлы болған болу керек» (Тағы да бүгінгі емлеміз жайында. Егемен Қазақстан, 1993, 27 наурыз). Автордың айтуынша, тіпті кейбір шеттілдік сөздер он алты нұсқада жазылған екен. Ондай сөздердің ғылыми негізге сүйене отырып белгілі бір нұсқасын алуға қазақ жазуының теориялық базасы болмады (болған күннің өзінде енді-енді жасалып жатты).

Шындығында, бұл кезде қоғамдағы саяси-әлеуметтік өзгерістерге байланысты білім-ғылым, техника саласына қатысты сөздер (терминдер) лек-легімен тілге толассыз еніп жатты. Ал оған дейін орыс тіліне негізделген тұрмыстық сөздер (*кереует, бәтіңке, самаурын* т.б.) біртіндеп кірді және олар ондаған жылдардың ішінде ауызша тілдің елегінен өтіп, бірер нұсқада қалыптасты. Ал қазақ жазуының латын мен кириллица кезінде білім-ғылым, техника саласындағы шеттілдік сөздер тілімізге біртіндеп емес, ондап, жүздеп ене бастады. Олар тіпті ауызша тілдің елегінен өтіп үлгермей-ақ, хатқа түсе бастады.

Сөйтіп, латын кезінде қабылданған тәуір Ереже жүзеге аспай қалды. Осылайша қазақ жазуында, орыс әліпбиіне көшкенде, шеттілдік сөздерді түпнұсқа түрінде (цитаталық принциппен) жазу принципі қалыптасты.

«Цитатный принцип принят также в орфографиях всех языков Советского Союза при написании заимствований из русского языка, если письменности их основаны на кирилловском алфавите. Само собой разумеется, что цитатный принцип применяется только в акте письма, чтение же соответствует нормам заимствующего языка» [14]. Бірақ шеттілдік сөздердің түпнұсқа принципімен таңбалануы тек жазу актісінде ғана жүзеге асып қойған жоқ, олардың оқылуы да бөгде тілдің дыбыс ығына түсіп кетті. Тіпті төл сөздердегі дыбыстарды таңбалап тұрған әріптердің өзін соңғы кезде бөтен тілдің дыбыс құндағына бөлеп айту қаупі туа бастады. Мұның өзі тіпті әліпбиді өзгерту қажет-ау деген мәселенің күн тәртібіне қойылуына себеп болды. Академик Ә.Т.Қайдаров латын әліпбиін кейбір жаңғыртулармен қайта қалпына келтіру жөнінде мәселе көтерді [29, 2б.].

Түптеп келгенде, осы күнгі әліпбиді қайта жаңғыртсақ та, я болмаса басқа бір әліпбиге көшсек те, шеттілдік сөздер үшін арнайы әріптер алмай-ақ, оларды төл сөздерді белгілейтін әріптермен жазу принципінен ұстануға тура келеді. Ендігі жерде тіларалық байланыс бұрынғыдай біржақты емес (тек орыс тілімен ғана емес) жан-жақты болып, өзге де халықтардың тілімен (ағылшын, француз, неміс, түрік, жапон, қытай т.б.) қазақ тілінің тікелей байланысқа шығуы таяу болашақтың өзінде-ақ күшейе түспек. Ондай кезде ағылшын сөзі үшін, жапон, қытай сөздері үшін түпнұсқа принципімен жазамыз деп, әліпбиге арнайы әріптер тобын енгізу тіпті мүмкін емес. Мұндай жағдайда да көпнұсқалық тәрізді қиындыққа тап болуымыз мүмкін. Бұл жерде проф. Р.Сыздықованың емле жөнінде өзекті мәселе көтерген мақаласындағы мына пікірге ден қоюға тура келеді. «Егер басқа жазуға, айталық латынға көше қойғандай болсақ, ол күнде орфографиялық принциптерді де бірден өзгертіп, кірме сөздердің барлығын қазақыландырып жіберудің мүмкіндігі болар. Соның өзінде де «әйтеуір қазақша айтылуынша жазу» деп тұрпайы теорияны көлденең тарта бермей, бүгінгі жаппай сауатты, өзге тілдерді де меңгерген қазақ қауымының мәдени деңгейіне карап, ғылыми негізде дыбыстық сәйкестіктерді жүйелеп алып, кірме сөздерді қазақша тұлғаға көшіруді ойластыру (астын сызған біз – Н.У.) қажет болады (Егемен Қазақстан, 1993, 27 наурыз). Шындығында, ғылыми негізде дыбыстық сәйкестікті жүйелей отырып, шеттілдік сөздерді қазақша тұлғада жазудың (30-жылдармен салыстырғанда) қазіргі кезде жасалған теориялық базасы жоқ емес. Мысалы, соңғы жылдардағы зерттеулердің бірінде көрсетілген мынадай салыстыруларға назар аударып көрейік.


Әліпбиге шеттілдік сөздерді жазу үшін арнайы әріптер жүйесін енгізбей-ақ, қазақтың төл тума сөздерін белгілейтін әріптермен де жазу бағыты ұстанылса, онда мұндай сөздердің екі түрлі жүйемен жазылуы мүмкін. Біріншісі, түпнұсқа принципінен бас тартып, уәждемелі принцип бойынша сөзді сингармонизм заңдылығымен «сіндырып» жазу. Бұлай жазудың коммуникациялық жақтан өз қиындығы бар: Мысалы, кейбір сөздерді *кәккей, кәмпүйтүр, үнійберсүйтет, інійстийтүт* деп жазуға тура келеді. Екіншісі, мұндайда сөздің тұрпатын тану былайғы жұртшылыққа қиындау тиеді. Екіншісі, транскрипция принципімен жазу. Бұл принциптің

түпнұсқа бойынша жазумен ұқсастығы да, өзгешелігі де бар. Ұқсастығы – коммуникациялық жақтан қолайлы болу үшін шеттілдік сөздер тілдің ішкі заңдылығы бойынша «сындырып» жазылмайды. Ал өзгешелігі – әліпбиде шеттілдік сөздерді жазу мақсатымен әдейі алынған әріптер тобы болмайды. Әліпби біртұтас болып, шеттілдік сөздер қалайда төлтума сөздерді жазуға арналған әріптермен жазылады. Мысалы: *көккей, университет, институт, компьютер* т.б.

Шетелдік фирмалар, кісіпорындар, ұйымдар, кісі есімдері, ғылыми-техникалық терминдер түгелдей дерлік осы күнге дейін орысша нұсқамен жазылып келгені мәлім. Ендігі жерде ағылшын, неміс, француз, жапон, араб т.б. елдермен тікелей экономикалық мәдени қарым-қатынасқа шығумен байланысты бұл топтағы сөздер көбейе түсуі ықтимал. Мұндайда жазу тәжірибесіндегі транскрипциялық принциптің мүмкіндігін, коммуникациялық жақтан қолайлығын жоққа шығаруға болмайды.


Аса жүйелі болмағанмен қазіргі жазу тәжірибемізде кездесетін принциптің бірі – айырмыс принцип. Бұл аталған принциптің мақсаты – дыбысталуы ұқсас сөздерді (омонимдерді) жазуда парқын айырып хатқа түсіру. Мысалы, *қан-хан, қат-хат, ру-ұру, қауіп-хауіп, қаттау-хаттау, байым-пайым, баб-бап*.


Жоғарыда біз қазіргі жазуымызда қолданылып жүрген кейбір принциптерге азды-көпті тоқтала келіп, олардың ішінде қайсын негізгі етіп алуды, түптеп келгенде, жазудың ішкі жүйесі арқылы айқындауға болатынын байқадық. Мысалы, қазіргі жазуымыз дыбыс жүйелі жазу екені даусыз. Бірақ дыбыс жүйелі жазудың бір-бірімен байланысты фонетикалық жағы бар да, фонологиялық жағы бар. Негізгі емле принципі осы екі түзілімнің бірін жүйелі ұстануды талап етеді. Ендеше қазіргі жазуымыз осы екі түзілімнің қай жағында тұр? Бұл сұраудың жауабын фонеманың дыбысталған сөздегі көріністерін байқататын мынадай нақты мысалдарды талдау арқылы ізденуге болады:



Фонеманың сөз, сөз тұлғаларын ажырататын сигнификациялық қызметі мен дыбысталған сөзді құлаққа шалыну жағынан ажыратып тұратын перцепциялық қызметі сәйкес түсіп жатады. Фонеманың дыбысталған сөздегі бұл күшті позициясы басқаларынан гөрі сан жағынан әлдеқайда басым. Сондықтан болу керек кейбір зерттеулерде қазақ жазуын фонетикалық жазу, ал негізгі принципті фонетикалық деп атайды. Бұл жерде фонетикалық жазу мен фонематикалық жазу бір-біріне қарама-қарсы қойылмайды.


II. Фонеманың дыбысталған сөздегі екінші бір көрінісі:





Міне, бұдан бір морфемадағы <з>-ның перцепциялық жақтан төрт түрлі дыбысталатынын байқаймыз. Осымен байланысты бұл морфеманың орфограммасы төрт нұсқада жазылуы мүмкін: *көз, көш, көс, көж*. Бірақ фонемалық жазу бойынша осылардың ішінде фонеманың негізгі дыбысталуына (инвариант-фонемаға) сәйкес келетін нұсқасы (*көз*) жазылады. Сонда фонематикалық принцип дегеніміз «белгілі бір фонеманың дыбыс түрленімдерінің ішінен фонетикалық ортаға неғұрлым тәуелсіз түрін жазу» болып табылады. Ал фонетикалық принциптің теориялық негізі «фонема дыбыс типтері, дыбыс кластары», сондай-ақ олардың күшті және әлсіз позицияда жұмсалуды дегенге саяды.

III – Фонеманың дыбысталған сөздегі үшінші көрінісі:





Бұл жерде <п> фонемасының позициялық екі түрленімі бар, қа[п] және қа[б] ішінде. Бұл екі түрдің біреуі дыбыстық ортаға неғұрлым тәуелді де [б], ал екіншісі, неғұрлым тәуелсіз [п]. Осы соңғысы фонеманың негізгісі дыбысталуы болып есептеледі.

Фонематикалық принцип бойынша фонема өзінің негізгі дыбысталуы бойынша жазылады.

Ал екінші құбылыстағы, қа[п], қа[б] дыбысы <п> фонемасының позициялық түрленімі ме, әлде <б>-ға алмасуы ма? Егер позициялық түрленім болса, фонематикалық принцип бойынша фонема өзінің негізгі дыбысталуы мен қа[п] ы болып жазылуға тиіс, бірақ жазу тәжірибесінде сөз *қабы* түрінде жазылады. Сонымен, мәселенің қиындығы мынада: фонеманың позициялық түрленімін алмасудан қалай ажыратуға болады? Дегенмен, біздің ойымызша, <п> фонемасы <б>-ға алмасқан. Олай дейтініміз бұл құбылыстағы <б> сөздің грамматикалық мағынасын өзгертуге септігін тигізіп, сигнификациялық жақтан ажыратып тұр. Олай болса, қа[б]ы дегендегі [б] дыбысы <б> фонемасының негізгі дыбысталуы болып табылады. Сондықтан бұл сөз фонематикалық принцип бойынша *қабы* деп жазылады. Жазу тәжірибесінде, басқаларға қарағанда, осы үшінші топтағы сөздердің емлесінен қате жиі кездеседі: *мүлік-мүлігі, мүлікі, мүлкі, әріп-әрібі, әріні, әрні*.

IV. Фонеманың дыбысталған сөздегі тағы бір көрінісі:





Мұндай күшті позицияда фонема өзінің негізгі дыбысталуы бойынша жазылады. Қазақ (түркі) тіліндегі сөздердің құрылымын талдаған зерттеулерде бірбуынды түбірлердің көп буыны гомогенді сөздердің типтері мен класын құрайтыны анықталып отыр [30]. Қуалай келгенде түбірі бірбуынды морфемаға саятын көпбуынды гомогенді сөздердің морфемалық жігі көп жағдайда бір-бірімен астасып жатады. Бұл типтес сөздерді морфологиялық принциппен түбірін қуалап, *жап-*, *жапып-*, *жапа-*, *жапылу-* деп жазу мүмкін емес. Мұндағы п/б/у/м сәйкестігі тарихи дыбыс алмасуына жатады. Басқаша айтқанда, <п>-ның [б], [у], [м] дыбыстарымен өзара байланысы тарихи байланыс (бұлар <п> фонемасының позициялық түрленімі емес). Сондықтан бұл сөздердегі фонемалар өзінің негізгі дыбысталуы бойынша жазылады.

Сонымен, фонематикалық принцип дегеніміз «белгілі бір фонеманың дыбыс түрленімдерінің ішінен фонетикалық ортаға неғұрлым тәуелсіз түрін жазу» болып табылады. Ал фонематикалық принциптің теориялық тірегі «фонема – дыбыс типтері, дыбыс кластары, сондай-ақ олардың күшті және әлсіз позициясы» дегенге саяды.

2.2 Жазу нормалары және одан ауытқудың түрлері мен себептері

Тіл жүйесі өзінің ішкі заңдылығы бойынша бірте-бірте дамиды. Ал тілдік норма дегеніміз сол жүйенің сөздегі (речь) нақты қолданысы болғандықтан, соған сәйкес ол да бірте-бірте өзгеріп отырады. Әдетте мұндай норма адамдардың еркінен тыс (стихиялы түрде) жүзеге асады. Әдеби тілде, оның өмір сүруінің бір формасы – жазба тілде норма сол тілді тұтынушы адамдардың саналы араласуымен ғылыми (сөздіктер, грамматика, анықтағыштар т.б.), кейде ресми (әліпби, орфографиялық ереже туралы үкімет жарлықтары, терминдер жөнінде арнайы комиссияның қаулылары т.б.) тұрғыда қалыпқа түсіп (кодификацияланып) жатады.

Қазақ әдеби тілінің нормаларын практикалық жақтан алғаш қалыптандыру (кодификациялау) қазақ сөзінің хатқа түсе бастаған кезі болса, жазу нормаларын ғылыми жақтан қалыптандыру емле ережелері мен сөздіктерден басталады. Сөйте келе, тәжірибе жинақтаудың барысында, материалды қамту, белгілі бір жүйе мен бірізділікті сақтау жағынан анықтағыш әдебиеттің (сөздіктердің) өзі де толығып, жетіле береді.

Алайда жазу нормаларын қалыпқа салу деген алдымен қолдан ереже, сөздік, грамматика жасап алып, тілді соған сырттан таңу емес.

Керісінше, норманы, оның ішінде жазу нормасын қалыптандыру дегеніміз тілдің сол кезеңдегі жұртшылық мойындаған және қолданып жүрген жүйесін дәл беріп, дұрыс қамту дегенге саяды. Бірақ сөздіктерде, грамматикалық еңбектерде, емле ережесінде көрсетілген нормамен бірге адамдардың күнделікті тіл жұмсау дағдысында әртүрлі жаңа қолданыстар

пайда болып жатады. Сөйтіп, белгілі бір тілдік тұлғаның екі немесе одан да көп нұсқасы қатар қолданылуы мүмкін. Уақыт жағынан алғанда олардың ескісі, жаңасы, функционалдық мәні тұрғысынан қарағанда кітаби, сөйлеу тілі, көтеріңкі, пәс, бейтарап түрлері болады. Сондай-ақ жарыспалы көп нұсқаның ішінде тілдің даму үрдісіне (тенденциясына) сай келетіні алдымен еске алынуға тиіс.

Қазіргі кезде әдеби тілдің жазу нормалары біршама қалыпқа түсті. Әйтсе де жазу нормаларын қалыптандыруда әлі де болса тиянақты шешімін таппай келе жатқан емле жүйесінің осал тұстары аз емес. Солардың бірі, мысалы, қысаң дауыстылардың жазылуы. Әрине, бұл жерде 30-40 жылдардағыдай жаппай қиындық жоқ. Алғашқы кезде *асыра – асра, жамыра – жамра, шарыуа – шаруа, көбірек – көбрек, топырақ – топрақ* т.б. тәрізді сөздер осылайша екіұдай жазыла келіп, қазіргі кезде бір ғана нұсқада орнықты. Сөйтіп, жазылуы кейбір фонематикалық құбылыстармен байланысты едәуір орфографиялық қиындықтардың шеңбері айтарлықтай ықшамдала түсті. Мұның өзі жазу нормаларының біршама аз уақыт ішінде азды-көпті орныға түскенін байқатады. Дегенмен кейбір дыбыстық құбылыстармен байланысты көптеген сөздердің жазылу нормасы түбегейлі шешімін тапқан жоқ. Жазылуы редукция, палатализация, абсорбция, метатеза, ламдаизм, протеза құбылыстарымен ұштасып жататын сөздердің жазу тәжірибесінде ала-құла жазылып жүргендері аз емес. Сондай-ақ күрделі сөздердің кейбір типтері мен түрлері де жазу тәжірибесінде едәуір қиындық келтіріп жүргені мәлім. Осы айтылғандармен байланысты жазу нормаларын қалыптандырып, бірізге салуда қиындық келтіріп жүрген сөздердің топтығы мен түрлерін арнайы қарастырып, азды-көпті талдау жасаудың қажеттілігі байқалады. Олардың біразы, жоғарыда айтылғандай, дыбыс құбылыстарымен байланысты болса, бірсыпырасы күрделі сөз топтары мен көмекші сөздердің жазылуына қатысты болып келеді.

Әдетте тіл өзінің қоғамдық өмірдегі сан-салалы қызметін атқара отырып өзгереді. Сондықтан тіл жүйесінде дағдыға сіңген қолданыстармен бірге ескісі мен жаңасы жарыса жүреді. Ескінің өзі жаңаша мазмұн алып, қайта жаңғырып жатса, су жаңалары дағдыға айналып, сонылығы білінбей, үйреншікті, қолданыстың қатарына қосылады. Тіл жүйесінде болып жатқан мұндай құбылыстарды дер кезінде байқай отырып, оларды тілдің даму үрдісіне сай қалыптандырудың жазу мәдениетін көтеруде үлкен мәні бар. Міне, осымен байланысты бұл тарауда біз тіл жүйесіндегі үрдістерді анықтай отырып, оларға қай нұсқаның сай келетінін көрсетуге тырыстық. Мысалы, 30-40 жылдары дауыстылар белгілі бір позицияда бірде жазылса, бірде жазылмай жүрді (шін-ара) ішін ара, жамыра (жамра). Бірте-бірте қысаң дауыстыларды «естілген жерде» жазу нормаға айналды. Мұның өзі тілдің синхронды күйіне үйлесімді болды. Бұлай болмаған жағдайда дауыссызды дауыстыдан бөліп тастау сияқты қауіпке жол ашылар еді. Бұл жерде қазақ тілі дауыстарының табиғатын дәл бейнелейтін «тәнді жан қалай билесе, дауысты дыбыстар басқа дыбыстарды солай билейді» (А.Байтұрсынов) деген теңеуді тағы қайталауға тура келеді. Сөйтіп, Ереже бойынша қысаң

дауыстыларды жаппай түсіріп жазуға шек (регламент) қойылып, белгілі бір позицияда түсіріп жазуға болатыны анықтағыш әдебиетте көрсетіле бастады. Осымен байланысты бұл саладағы қиындықтың шеңбері едәуір ықшамдала түсті.

Қазіргі кезде, қолда бар тілдік деректерді саралай келгенде, ашық буынның жабыққа айналуы арқылы сөздің буын саны жағынан ықшамдалу үрдісінің бар екені байқалады (парағы, парқы, халығы, халқы, мүлігі, мүлкі). Жазу нормаларын қалыптандыруда, әрине, ықшамдалған нұсқаға басымдық берілуге тиіс. Анықтағыш әдебиет арқылы жазу нормаларын қалыптандыруда тағы бір ескеретін үрдістердің бірі – бейүндес буынды сөздердің палатализация құбылысына ұшырауы (кұдырет – күдірет). Бұл жерде сингармонизм заңдылығының әрекет етуі соншалық, к фонемасы әдеттегі өзінің (к), (х) нұсқаларынан басқа (қ) түріндегі жаңа бір реңкке ие бола бастағанын байқауға болады.

Аталған фонеманың (к¹) реңкі күнделікті сөйлеу тілінде ғана емес, сахна, радио, теле хабарлар тілінде орнығып келе жатқанын қазіргі кезде байқау қиын емес: (қабілет (қа/бы/лет емес), (қар¹ек¹ет¹) (қа/ра/кет емес). Олай болса мұндай типтегі сөздердің жазылу нормасын қалыптандыруда *құдірет*, *қаблет*, *қаракет* тәрізді нұсқасына артықшылық беру қажет. Бейүндес буынды сөздердің сингармонизм заңдылығы бойынша палатализация құбылысына ұшырауы г фонемасының (ғ¹) тәрізді жаңа бір реңке ие бола бастағанын байқатады: (ғаныйбет) (ғ¹ан¹й б¹ет¹). Әдетте мұндай бейүндес буын диахрондық тұрғыда сингармозандылық бойынша екі түрлі жолмен игерілетін: 1) сөздегі буындар бастан-аяқ жуан әуезге көшеді (ғазыйз, қазыйз), 2) сөз басындағы дауыссыз түсіріліп айтылып, барлық буын жіңішке әуезбен айтылады (әзійз), (әзіз). Қазіргі кезде, біздің байқауымызша, бейүндес буынды сөздердің ауызша игерілуінің жаңа бір жолы қалыптасып келеді. Ол – к фонемасының (ғ¹) түріндегі жаңа бір теңкте айтылуы. Мысалы: (ғ¹азійз), (ғ¹анибет) т.б.

Жалпы халықтық тілдегі л/д сәйкестігіне байланысты сөздіктерде бірсыпыра сөз екі түрлі ыңғайда жазылып жүргені мәлім: ақшадай/ақшалай, тірілей/тірідей, жылылай/жылыдай. Егер морфемалар жігіндегі қалыптасқан жүйені ескерсек, «л» нұсқасының басым екені байқалады (таулар, сыйлар, саулық, сайлық). Олай болса жазу нормаларын қалыптандыруда бұл үрдіс ескеріліп, «л» нұсқасына артықшылық берілуге тиіс: *ақшалай* (ақшадай емес), *тірілей* (тірідей емес) т.б.

Жазу нормаларын қалыптандыруға байланысты қиындықтардың бірі – күрделі сөздердің не бөлек жазылуы. Сөздіктерде *ақбөкен* бірге, *ақ аю* бөлек жазылған. Неге? Сырт қарағанда екеуі де бір типке жататын сияқты. Осы тұрғыдан қарағанда сөздіктерде бірізділік жоқ тәрізді. Ал, шынында, *ақ аю*, *ақ бөкен* дегендегі *ақ* бір емес. Бірінші тіркестегі *ақ* сөзі өзінің экстралингвистикалық мәніне сәйкес (Д₁), ал екінші тіркестегі *ақ* сөзі экстралингвистикалық ұғымдағы «ақ» -қа сәйкес келмейді (бөкеннің сүттей ақтығын көрсетіп тұрған жоқ), яғни бұл сема коннотат екіге (К₂) жатады.

Енді осы екі тіркестің сыңарларын семалар бойынша көрсетсек, бұлардың екі басқа құрылымға жататынын айқын көруге болады:

ақ аю	Д ₁ Д ₁	<i>ақ аю</i>
ақ бөкен	К ₂ Д ₁	<i>ақбөкен</i>

Міне, сондықтан бұл тіркестің бірінің бөлек, ал екіншісінің бірге жазылуы әбден мүмкін. Бұл арада бірізділік жоқ деуге болмайды. Бірінші тіркес (Д₁ Д₁) идиомаланудың жоғарғы сатысына көтерілген. Сөйтіп, тіркестің идиомалану сатысы жоғарылаған сайын оларды бірге жазу – қазіргі тіл жүйесіндегі аса күшті үрдістердің бірі.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды түйіндей келгенде, жазу тәжірибесінде әртүрлі нұсқада жазылып жүрген сөз топтарын жинақтай отырып, олардың себеп-салдарын көрсетуге, тіл жүйесінің даму үрдісіне қай нұсқаның сай келетінін анықтауға тырыстық. Бірақ бұл жерде қазақ орфографиясындағы күллі қиындықтар мен қайшылықтарды бастан-аяқ түгел қамтылып себеп-салдары түгел ашылды деуден аулақпыз. Өйткені бұл мәселе бір зерттеудің ауқымына сыймайды. Оның үстіне кейбір норманы қалыптандыру мәселесі әлі де болса өмір тәжірибесінен, уақыт сынынан өткізуді қажет етеді.

2.3 Кейбір дауыссыз дыбыстардың жазылуы

Дауыссыз қ>ғ, к>г, п>б /у/ алмасулары екі морфеманың жігінде жүзеге асады да, сөздердің белгілі бір тобын қамтиды. Фонетикалық бұл жанды құбылысты синхрониялық сипаттағы алмасу деуге болады: *құрық-құрығы, балық-балығы, себеп-себебі, жауап-жауабы, шап-шауып, тап-тауып* т.б. Осы аталған дыбыстардың морфема жігіндегі алмасуынан өзге диахрониялық сипаттағы түрі бар. Соңғы типтегі дыбыс алмасу морфемалар жігінде емес, морфемалардың өз ішінде кездеседі. Мысалы: *айқай – айғай, тақат – тағат, садақа – садаға* т.б.

Қ/ғ, к/г, п/б дыбыстарының белгілі бір морфемалардағы ішкі алмасуынан әртүрлі варианттар пайда болды. Олардың кейбір жарыспалы сыңарларының ішінара мағыналық сипат алып, жеке сөз ретінде қалыптасқандығы байқалады: *бақы-бағы, шақа* (қызыл шақа), *шаға* (бала-шаға) т.б. Осы алмасулардың қатарына өзара этимологиялық байланыстағы сөздерді де жатқызуға болады: *бүк-бүкіл-бүкір; теп-теперіш-тебер, төпел-төпелес* т.б. Алайда қ/ғ, к/г, п/б алмасуын кез келген жағдайда мағына айырымдық, сөзтанымдық функцияда жұмсалып, варианттардың барлығы бірдей семантикалық филиацияға ұшырады деуге болмайды. Орфографияда қиындық тудырып, әркелкі жазылып жүрген сөздердің бір алуаны осы құбылыспен байланысты. Мысалы: *айқай-айғай, садақа-садаға, қым-қуат – қым-ғуат, кереқар – кереғар, ала – көбе, ала – гөбе, ала-кеуім –*

алагеуім, алакүлік-алагүлік, алақанишық – алағаншық, сайкүлік – сүйгүлік, аракідік – арагідік, миғұла – миқұла, тым-тырақай – тым-тырағай, байқұс – байғұс, тұқым-тұқиян – тұқым-тұғиян, тұқжыңда – тұғжыңда, қылқындану – қылғындыру, қыз-қырқын – қыз-ғырқын, ада-күде – ада-гүде, адың-күдің – адың-гүдің, апыл-құпыл – апыл-ғұпыл, кіші-кірім – кіші-гірім, желқабыз – желғабыз, жедеқабыл – жедеғабыл т.б.

Диахрониялық тұрғыдан алғанда сөз құрамы екі (үш) түрлі морфемадан құрылуы ықтимал. Бірақ синхрониялық тұрғыдан оларды екі (үш) морфемадан құрылған деуге болмайды. Өйткені синхрониялық тұрғыдан *алагеуім* сөзім «ала» және «кеуім»; *алағаншық* сөзін «ала» және «қаншық»; *алағөбе* сөзін «ала» және «гөбе» тәрізді морфемалардан құрылған деп үзілді-кесілді айту қиын. Морфемалық құрамы көмескі, жазылуы бірізге түспеген бұл тәрізді сөздерді ұ я ң д а ғ а н в а р и а н т бойынша бірыңғай жазу бағытын ұстану бірізділікке саяр еді.

Дауыссыз п-б (немесе б-п) дыбыстарының алмасуына байланысты әркелкі жазылып жүрген сөздер бар: *қақбас – қақпас, көнбіс – көнпіс, төртбақ – төртпақ, дегбір – дегпір, ақбар – ақпар, етпетінен – етбетінен, бетбақ – бетпақ, шүберек – шеперек, көбе – көпе, ебтейлі – етпейлі* т.б. Бұл тәрізді морфема құрамы көмескі сөздердегі *к, п* қатарларын көршілес дыбыстардың ықпалында бағындыра жазу бағытын ұстануға болатын тәрізді. Мысалы: *қақапас* (қақпас емес), *тәбділ* (тәпділ емес), *көнбіс* (көнпіс емес), *төртпақ* (төртбақ емес), *ақпар* (ақбар емес), *дақпырт* (дақбырт емес), *етпетінен* (етбетінен емес), *бетпақ* (бетбақ емес), *шүберек* (шүперек емес), *көбе* (көпе емес), *етпейлі* (ебтейлі емес).

Бұл жүйеден тек -дан,-дар морфемаларымен келген бірер сөздің ғана жазуы тысқары тұрады. Мысалы: *есепдан* (есебдан емес), *қасапдан* (қасабдан емес), *есепдар* (есепдар емес).

Сонымен, фонемалардың қосалқы мәнін негізгі мәнінен ажырата білу белгілі бір жүйемен жазуға, бірізді жазуға таяныш болады. Мысалы, *бұрынғы, алдыңғы* деп жазамыз ба, әлде *бұрыңғы, алдыңғы* деп жазған дұрыс па? Неге *соңғы, таңғы* деп жазамыз, неге *күңгей, түңгі* деп бір сарынмен жазбаймыз?

Қазақ тілінде <н> және <г> фонемалары іргелес келген тұста комбинаторлық әсерден <н> фонемасының қосалқы мәні [ң] пайда болады: *түңгү-түңгі, бұрұнғұ-бұрынғы, күңгей-күңгей* т.б. Егер осы фонетикалық ситуацияны өзгертсек, бұл фонема өзінің негізгі мәнінде жұмсалады: тү[н]-де, бұры[н]-нан, кү[н]і-мен т.б. Со[ң]ғы, та[ң]ғы сөздеріндегі [ң] өзінің негізгі мәтінде жұмсалып тұр. Алайда орфографиялық сөздікте (1978 ж.) фонемалардың негізгі мәні ескерілмегендіктен, асты[ң]ғы, алды[ң]ғы, үсті[ң]гі түрінде жазылса, ал осы типтес сөздердің кейбірі бұры[-н]ғы делініп берілген. Белгілі бір жүйеге бағынатын бір типтес сөздерді әркелкі жазу орфографияны қиындата түседі. Дұрысы – бұл типтес сөздерді фонемалық негізгі мәні бойынша жазу. Егер үстіңгі, астыңғы, алдыңғы т.б. сөздердегі ң-ге өзгеше фонетикалық жағдай тудыртсақ, бұл дыбыс өзінің негізгі мәніне көшеді: *алдын ала* (алдың ала емес), *астын-үстін* (астың-үстің емес),

астынан (астыңнан емес), *үстінде* (үстінде емес) т.б. Ал *қараң қалу* сөзіндегі <ң> фонемасы өзінің негізгі мәнінде жұмсалып тұрғандығын көреміз. Салыстырыңыз: қаран болды. Сонымен қатар бұл сөздің *қараңдау*, *қараңғы* тәрізді сөздермен этимологиялық байланысы бар екендігі байқалады.

Сондай-ақ *қайран қалу* – *қайраң қалу*, *қаран қалу* – *қараң қалу*, *жиһангер* – *жиһаңгер*, *жиһангез* – *жиһаңгез*, *тыңғылықты* – *тынғылықты*, *тұңғыық* – *тұнғыық*, *тебінгі* – *тебіңгі* тәрізді сөздерді дұрыс жазудың өз қиындығы бар. Сондықтан да мұндай сөздер тәжірибеде әркелкі жазылып жүр. Осы сөздердегі [ң] комбинаторлық өзгерістің нәтижесінде пайда болған. Бұл өзгеріс жазуда ескерілмей, н түрінде жазылуға тиіс.

Сөз тіркесін өзгерту, сөзге әртүрлі қосымшалар жалғау, қосымшаларды түбірден бөліп қарау тәрізді тәсілдер арқылы морфемалар жігіндегі фонема реңкінің фонетикалық ортаға неғұрлым тәуелсіз түрін табуға болады. Мысалы: [қайраңғалу] қайран қалу – қайран қалу – қайрансың, [тыңғылықты] тындыр, тындырымды; [тұңғүйүк] тұңғыық-тұн, тұндыр; [жиһаңгез] – жиһан, жер-жиһан. Осылардың ішінде басқаларымен салыстырғанда қайрансың, тындыр, тұн, жиһаз морфемаларындағы <н> фонемасының реңкі фонетикалық қоршауға анағұрлым тәуелсіз. Сондықтан бұл сөздер фонематикалық принцип бойынша (фонемалардың мәнін сақтап жазу) <н>-ның қосалқы реңкі [ң] арқылы емес, негізгі реңкі [н] бойынша таңбалануға тиіс.

Қазақ орфографиясында -нғ- немесе -ңғ- арқылы таңбаланатын ажырату қиынға соғатын біралуан сөз бар: *інген-іңген*, *кеменгер-кемеңгер*, *жауынгер* – *жауыңгер*, *әменгер* – *әмеңгер*, *шеңгел* – *шеңгел*, *жанғыл* – *жаңғыл* т.б. Бұл типтес сөздердегі фонеманың (<н> ба, <ң> ба?) негізгі реңкін жоғарыда айтқандай тәсілдермен тексеру мүмкін емес. «Тексеруге» болмайтын бұл типтес сөздерді жазуда қазақ емлесі, жауынгер, дүнген, монғол тәрізді бірер сөзді еске алмағанда, ң варианты түрінде таңбалау бағытын ұстанған. Мысалы: *іңген*, *шеңгел*, *шеңбер*, *әмеңгер*, *жаңғыл*, *бастаңғы*, *жеңге* т.б.

Жалпы алғанда, морфемалар жігіндегі фонеманың негізгі реңкін сақтап жазудың пәлендей қиындығы жоқ тәрізді көрінеді. Шындығында, негізгі реңк пен қосымша реңкке байланысты жазылуы қиын бірсыпыра сөз морфемашілік дыбыс құбылыстарына қатысты. Мысалы, жамбас дегендегі [м] негізгі реңкте [м] қолданылып тұр ма, әлде <н> фонемасының қосымша реңкі түрінде жұмсалып тұр ма? Орфографияда бұл типтес сөздер жамбас, шамба, сәмбі тәрізді *м* арқылы таңбаланғанмен, бірақ жазу тәжірибесінде бұл сөздерді *н* арқылы жазып қою дағдысы да ұшырайды. Қазіргі қазақ емлесінде күн аттарының *-нб* арқылы жазылуы дәстүрге айналды. Бірақ осы дәстүрге күмән келтіріп, тіл мамандарының «жаздырып» жібергені деп түсінетіндер де бар.

«Күн аттары (1923 жылдың қазақ календарында – Н.У.) сембі, жексембі, дүйсембі, сейсембі, сәрсембі, бейсембі, жұма түрінде жазылған. XX ғасырдың ортасына дейін күн аттары осылай жазылып келген, Елуінші жылдары кейбір тіл мамандары грамматикалық түбір сақтау заңына сүйеніп,

оларды сенбі, жексенбі, т.б. түрінде жаздырып жіберді. Біз ескілікті тарихи документтердегідей етіп *м* әрпі арқылы жаза беру керек дегіміз келеді. Халық қазынасына сүйенген жөн ғой деп ойлаймыз» [31].

Бұл сөздердің *н* арқылы жазылуының не дұрыс, не бұрыстығын айтпас бұрын мынадай өзгешелікті ескеру қажет тәрізді. Күн аттарын білдіретін сөздердегі *м* мен *б* дыбыстары өзара іргелестігінен айрылса, мұндағы *м* еріндігі *н* дыбысымен айтылады: Жексен (Жексем емес), Дүйсен (Дүйсем емес), Бейсен (Бейсем емес), Сейсен (Сейсем емес), Сәрсен (Сәрсем емес), Сейсенкүл (сейсемкүл емес), Сәрсенкүл (Сәрсенкүл емес).

Бұдан қазақ тілінде сөйлеушілердің психикасында фонеманың негізгі реңкі <н> екендігін байқауға болады. Сондықтан бұл сөздердің <н> арқылы жазылуын қате деп тануға болмайды.

2.4 Кейбір дауысты дыбыстардың орфограммасы

Тілімізде жазылуы мен айтылуы сәйкес келе бермейтін әртүрлі сөздер бар. Солардың ішінде мынадай сөз типтеріне арнайы тоқтала кету керектігі байқалады. Олар шай – шәй, жая – жәя, жайша – жәйша, жайла – жәйла, қадыр – қадір, қазір – кәзір, жайлау – жәйлау, шайыр – шәйір, шайпау – шәйпау, тілмар – тілмәр, тілмаш – тәлмәш т.б.

Осы тәрізді сөздердің баспасөз беттерінде әрқилы жазылып жүргендері жиі байқалады. Бұл ауытқу сөздердің айтылуы мен жазылуындағы «алшақтыққа» байланысты. Олар кей жағдайда орфографиялық сөздікте көрсетілгендей жазылса, кейде айтылуы бойынша жызылады. Мұндай сөздердің орфографиялық сөздіктерде берілген әліптемесінің (орфограммасының) дұрыс немес бұрыстығына көз жеткізу үшін, алдымен сөздің фонемалық құрамын, яғни сөз құрамындағы дауыстыны ([а] ма, әлде [ә] ме?) айқындап алу қажет.

Әдетте сөйлеу процесінде дыбыстардың бір-біріне тигізетін акустикалық, артикуляциялық әсерінің нәтижесінде фонемаларда әртүрлі реңктердің пайда болатындығы белгілі. Солардың ішінде сөзайырымдық қызметтегі негізгі реңкін тани білудің орфография үшін ерекше мәні бар.

Белгілі бір фонемалық позицияда (ш, ж мен й-дің аралығында шай, жай тәрізді сөздердегі) <а> дауыстысы палатализацияланады. Бұл құбылысты зерттеушілер й мен ч, ж, ш дауыссыздарының салдары деп таниды [32, 38б]. І.Кеңесбаев қазақ тілінде *а* фонемасының палатализациялануының екі түрлі шартын көрсетеді: «а) алдыңғы буындағы дауыстының тіл алды болуы, мысалы, *Кұлаш, тілмар* т.б., ә) *ш, ж, й* дауыссыздары а-ға а мен ә-нің аралығында айтылатындай реңк береді... *Ш* мен *й* немесе *ж* мен *й* аралығында келген *а* палатализация құбылысына ұшырайды. Ал бұл шарттылық бұзылса, *а* тұрақты сипат алады» [33, 28б.]. Бұл тәрізді зерттеулерге қарағанда ш, ж, й, аралығындағы фонема – <а>/ш [а]й, ж[а]й т.б., ал ә оның қосымша реңкі, басқаша айтқанда палатализацияланған *а*.

Қазақ графикасы фонемалық принципке негізделген. Бұл принцип бойынша фонеманың басты реңкі таңбаланады да, қосымша реңктері ескерілмейді. Өйткені сөз мағынасын ажыратуға негізгі реңк таяныш болады да, өзге реңктерді берудің жазуда практикалық мәні болмайды. Сондықтан *шай, жай* тәрізді сөздердегі дауысты негізгі реңкі *а* бойынша жазылады.

Жазу тәжірибесінде кез келген дауысты емес, фонемаларды негізгі реңкі бойынша таңбалаудың тиімділігі бұл тәрізді сөздердің түрлі қосымша мен түрленуінде айқындала түседі. Егер жай, шай тәрізді сөздерді палатализациялану ыңғайымен жазсақ, онда олардың жазылуы қосымшалармен түрлегенде мүлдем қиындап, әрқелкі күйге түсер еді. Осы типтес сөздерге әртүрлі қосымша жалғап, түрлендіріп байқасақ, олардың жіңішке түрде айтылуы өзгеріп, дауысты өзінің фонемалық негізгі реңкіне көшеді. Сөйтіп, әртүрлі қосымша жалғанғанда, бұл сөздер тіл алды дауыстылармен айтуға ырық бере бермейді. Мысалы: *шәй-ге, шәйлерің, жәйлеу, жәйге, жәйсәң, жәйшілік, жәйле* – түрінде қолданылмайды. Сондықтан да баспасөз беттерінде сөздің жеке басы кейде *шәй, жәй* т.б. деп жазылғанмен, олардың қосымшалы түрін *шәйлерің, шәйге, жәйлерің, жәйгесу (жайғасу)* т.б. деп жазу мүлде кездеспейді дейге болады. Өйткені қосымшалар бұл жерде фонеманың қосалқы реңкі емес, негізгі реңкі бойынша жазылғанды: *шайға, жайға, жайшылық* т.б. Бұл тәрізді сөздерді осылайша қосымшалармен түрлендірсек, басқаша айтқанда айқын позиция іздесек, фонеманың негізгі реңкі ашыла түседі де, сөздерді фонемалық сипатына қарай жазуға мүмкіндік туады.

Тіл қолданысымызда ала-құла жазылып жүргендердің бір тобы – *шұба, куә, күнә, кінә, күмән, рәсуә, пәтуа, дүдәмал, тілмаш* – тәрізді сөздер.

Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде *күнә, кінә, күмән* т.б. сөздердің қосымшалармен жуан вариант түрінде түрленгендігі көрсетілген: *күнәға, күнәдан, күнәсы, күнәдау, күнәсыз*, т.б.; *кінәға, кінәдан, кінәсы, кінәлау, кінәсыз, кінәлы, күнәшыл* т.б.; *күмән, күмәнға, күмәны, күмәнданғыш, күмәнды, күмәндылық, күмәнсыз* т.б.

Ал баспасөз беттерінде бұл сөздердің қосымшалармен түрленуі бірде жуан, бірде жіңішке күйде жазылып жүр. Бұл қиындық осы сөздердің құрамындағы соңғы дауыстының фонемалық реңкінің неғұрлым тәуелді позицияда болуына байланысты. Жоғарыда мұндай сөздердің фонемалық негізгі реңкін кейде аффиксация тәсілі арқылы айқындауға болатынын байқадық. *Куә* сөзіне де барлық қосымшалар жуан, жіңішке түрде талғаусыз жалғана бермейді. Бұл сөз белгілі бір қосымшаға келгенде тек жіңішке вариантты ғана талғайды. Мысалы, *куәға, куәсыз* (орфографиялық сөздіктерде), *куәге, куәсіз* (баспасөз беттерінде) деп қолданылғанмен, *-лық, -лік* аффиксінің тек *-лік* вариантын ғана талдайды: мысалы *куәлік. Куәлық* түрінде жазу мүлдем кездеспейді. Осындай ерекшелікке қарағанда, *куә* сөзіндегі дауыстының фонемалық негізгі реңкі *ә* екендігі байқалады. Олай болса бұл сөзге қосымшалар жіңішке вариант түрінде жалғануға тиіс: *куәге, куәні, куәсіз, куәлік* т.б.

Егер соңғы буын жіңішке болса, онда бұл сөздер неге қосымшалардың жіңішке вариантымен түрленбейді? Күнә, кінә, күмән сөздерінің жуан вариантты қосымшаларды талғауы, әрине, себепсіз емес. Бұлай болатыны түбір сөздің соңғы буынындағы дауыстының ерекшелігімен байланысты. Сөздің қосымшасыз жеке өзін алғанда, соңғы буындағы дауысты фонема өзінің негізгі реңкінде жұмсалып тұрғандығы байқалады. <ү> еріндігінің әсерінен дауысты <a> (таңбалауы – ә) палатализацияланып, қосымша реңкке ие болған. Мұндай сөздер әртүрлі қосымшалармен түрленгенде, қосалқы реңкте жұмсалып тұрған фонема өзінің негізгі реңкі <a> -ға жуықтайды. Сондықтан да соңғы буынның ыңғайына қарай қосымшалар жуан вариантта жалғанады.

Біраз жылғы қалыптасқан дәстүрді ескермесек, бұл сөздердің *күна*, *кіна*, *күман* (күнә, кінә, күмән емес) түрінде, фонеманың негізгі реңкіне орай таңбалау орынды деп білер едік. Фонемалардың позициялық реңктерін негізгі реңктерінен ажырату ескерілмегендіктен, орфографиялық сөздікте *күнә*, *кінә*, *күмән* фонетикалық принцип ыңғайына таңбаланған тәрізді көрінеді.

Қазақ жазуы, жоғарыда айтқандай, фонетикалық принципке негізделген. Ал осы негізді дәйекті түрде ұстанбай, бірде фонематикалық ыңғайда, бірде фонетикалық ыңғайда жазу – орфографияны қиындата түседі. Оның үстінде, сөзді фонетикалық ыңғайда жазу зерттеушілер айтқандай өтпелі дәуірге тән сипат. «Жазу-сызу ісін жасауды қолға алған алғашқы кезеңде үстем болған фонемалық жазудың ертеде жазуы болмаған тілдер үшін жұртшылықтың сауатын көтеруде үлкен пайдасы тиді. Ол кезеңде жазба тілдің қалың бұқараға барынша түсінікті болу мақсаты көзделді де, сөздің жазылуы мен айтылуын мейлінше жақындату емлеге қойылатын басты талаптардың бірі болды. Қазір жағдай мүлде өзгерді. Түркі халықтарының сауаттылығы мен білімі жоғары деңгейге көтерілді» [34, 276.].

Палатализацияланған [a] қазақ орфографиясында бірде <a> (шай, жай, жайлау т.б.) түрінде таңбаланса, бірде <ә> түрінде беріледі: *күнә*, *күмән*, *шүбә* т.б. Ұқсас дыбыстық құбылыс әртүрлі таңбаланған. Алайда *күнә*, *күмән*, *шүбә* деп жазған соң, *шәй*, *жәй*, *жәйлау* түрінде, немесе, керісінше, *шай*, *жай* тәрізді *күман*, *күна*, *шүба* түрінде таңбалау қажет. Тегінде, жазудағы бірізділік үшін екі түрлі варианттың біріне тоқталған дұрыс. Бұл сөздерді дегенмен *шәй*, *жәй*, *жәйлау*, *күнә*, *шүбә*, *күмән* деп бірізді жазып, қосамшаларды жуан вариантта жалғау орынды да деп ойлаймыз. Жуан варианттағы қосымшалар өзінің негізгі грамматикалық қызметімен қатар, түбір морфемадағы фонеманың <a> екендігін көрсететін белгі (сигнал) ретінде графикалық қосымша қызмет атқарады деп қарауға болады.

Әрине, *шәй*, *жәй*, *жәйлау* т.б. сөздерді «ә» арқылы таңбалауды фонематикалық принциптен пәлендей ауытқу деп түсінбеу керек, өйткені түбір морфемадағы фонеманың <a> екендігін сол сөзге жалғанатын жуан варианттағы қосымшалар көрсетіп тұрады. Мысалы: *шәйға*, *жәйлау*, *шәйнау*, *шәйқа*, *шәйып* т.б. Керісінше, түбір морфемадағы «a» әрпі арқылы

таңбаланатын [а] дауыстысын сол сөзге жалғанатын жіңішке варианттағы қосымша көрсетіп тұрады. Мысалы *хал, халге* [халге], *хали* [хали]. Х [қ] фонемасының іргелес айтылғанда <ә> тіл арты реңкіне [а]-ға көшеді. Алайда мұндай сөзге қосылатын қосымшалар сол сөздегі дауыстының <ә> фонемасы екендігін «хабарлап» тұрады.

Қазақ орфографиясындағы тағы бір қиындық – бірінші буында [ү], [і] дыбыстары, ал екінші буында палатализацияланған [а] кездесетін сөздердің жазылуына қатысты. Бұл дауысты <а> бірде *ә*, бірде *а* әрпімен таңбаланып жүр. Салыстырыңыз: *шүбә, тіфә, кінә, күнә, мүләйім* т.б.; *далда, тілмаш, ділмар, мұттайым* т.б. Бірақ палатал а-ны да «ә» әрпімен таңбалау бірізділікке саяр еді (2-қосымша).

Палатализацияланған [а]-ның жазылуы

Орфографиялық сөздікте берілуі	Ұсыныс
дүбара	дүбәра, дүбәраға
дүдамал	дүдәмал, дүдәмалға
ділда	ділдә, ділдәға
ділмар	ділмәр, ділмәрға
кіназсі	кінәз, кінәзсы
күстана	күстәна, күстәнәлау
күшала	күшәла, күшәлаға
мүбада	мүбәда, мүбәдаға
мүбарак	мүбәрек, мүбәрекке
мүлайім	мүләйім, мүләйімге
мұттайым	мүттәйім, мүттәйімге
мінажат	мінәжат, мінәжатқа

Бірінші буында <ә>, ал екінші буында палатализацияланған [а] дауыстысы келетін сөздердің жазылуы жоғарыда аталған сөздер типінен өзгеше. Бірінші буындағы тіл алды дауысты <ә>-нің әсерінен келесі буындағы [а] палатализацияланады, <а>-ның қосалқы реңкі [ә] ескерілмей, негізгі реңкі бойынша жазылады: *жәннат, зәузат, нәпақа, пәтуа, тәурат, пәруай, пәруаз* т.б. Қазақ орфографиясында бірінші және екінші буында *ә* арқылы белгіленетін сөздер бар: *мәрмәр, сәруәр, зәмзәм, тәмәм, әзәзіл* т.б. Бұл топтағы сөздердің екінші буынындағы *ә* әрпі арқылы таңбаланып тұрған дауыстыны палатализацияланған *а* деуге болмайды. Бұлай деуімізге себеп – екінші буынның тап бірінші буын тәрізді толық немесе біршама толық қайталануы.

Кейбір позицияда дауыстылардың жуан-жіңішке оппозициясы «көмескіленеді» де, сол дыбыстың тіл алды дауыстысы немесе тіл арты дауыстысы екендігін ажырату едәуір қиынға соғады. Осындай ерекшелікке байланысты бірсыпыра сөздердің жазылуы практикада дұрыс шешімін таппай келеді (3-қосымша).

Орфографиялық сөздікте	Қолданыста
ақырет	акірет
кесапат	кесепат
қабілет	қабылет
қаракетсіз	қарекетсіз
қагілез	қағылез
қасірет	қасырет
қатыгез	қатігез
қошамет	қошемет
құдірет	құдырет
лағынет	лағінет
мұбарак, мұбарагы	мүбәрәк, мүбәрегі
тәкаппар	тәкәппар
тақсірет	тақсырет
тауқымет	тауқімет
тақылет	тақілет

Бұл сөздердің сөздіктегі, практикалық қолданыстағы әліптемелерінде бірізділік жоқ екендігі байқалады. Мысалы, *қагілез* деп жазған соң, неге *қатігез* деп жазуға болмайды. Немесе неге *лағынет*, *тәкаппар* деп жазамыз? Неге *лағінет*, *тәкәппар* емес? Әліптемесі қиын мұндай сөздердің дұрыс жазылуының белгілі бір таянышы болуы керек. Біздіңше, ол таянышты сөздің буын құрылымынан іздеуге болады. Жоғарыда көрсетілген сөздерді алдымен бейүндес (асингармониялық) екі буынға бөлуге болады: *а-қы-рет* (а-кі-рет емес), *құ-ді-рет* (құ-ды-рет емес), *ке-са-пат* (ке-се-пат емес), *ла-ғы-нет* (ла-гі-нет емес), *қа-бі-лет* (қа-бы-лет емес), *мүбә-рек* (мү-бә-рак емес), *қа-ре-кет* (қа-ра-кет емес), *тә-кәп-пар* (тә-кап-пар емес), *қа-ғы-лез* (қа-гі-лез емес), *тақ-сі-рет* (тақсы-рет емес), *қа-сі-рет* (қа-сы-рет емес), *тау-қы-мет* (тау-кі-мет емес), *қа-ті-гез* (қа-ты-гез емес), *та-қы-лет* (та-кі-лет емес), *қо-ше-мет* (қо-ша-мет емес), *қо-сі-рей* (қо-сы-рей емес).

Осы типтес сөздердің буын құрылымындағы ерекшелікті ескеру дұрыс жазуға негіз болады. Біріншіден, жуан мен жіңішке буын түйіскен тұста дауыссыз дыбыс өзі жұптасып дауыстымен реңкі жағынан үйлесіп тұрады: *қа-ғы-лез* (қа-гі-лез, қағ-іл-ез емес), *тә-кәп-пар* (тә-кап-пар емес). Ал *қагілез*, *тәкаппар*, *тақілет* деп жазу қазақ сөзінің буын құрылымын бұзу болып табылар еді. *-кі*, *-гі*, *-ка* тәрізді буындар қазақ сөзінің табиғатына тән емес. Екіншіден, жоғарыда аталған сөздердің ішінде *қабілет*, *қарекет*, *тақсірет* тәрізді сөздердің бейүндес буын жігін *қа-бі-лет*, *қа-ре-кет*, *тақ-сі-рет* деп те, *қа-бы-лет*, *қа-ра-кет*, *тақ-сы-рет* деп те екі түрлі бөлуге болады. Дегенмен буындардың бейүндес жігін *қа-бі-лет*, *қа-ре-кет*, *тақ-сі-рет* деп бөлудің өз артықшылығы бар. Себебі *қа-бы-лет*, *тақ-сы-рет* деп буындасақ, сөйлеуде *қа-был-ет*, *тақ-сыр-ет*, *қа-ра-кет* түрінде айтылады да, <р>, <л> дауыссызы <ы> дауыстысының реңкіне бейнеленеді. Сөйтіп, «қабыл ет», «тақсыр ет» «қара кет (ті)» деген еркін тіркестен айырмасы болмай қалады.

Ал буындардың бейүндес жігін *қа-бі-лет, тақ-сі-рет, қа-ре-кет* деп ажыратсақ [б], [с], [р] дауыссыздары [і], [е] дауыстыларының реңкіне бөйімделеді де, *қабыл ет, тақсыр ет, қара кет* (ті) еркін тіркестерінен өзгешеленіп тұрады.

Бейүндес буын жіктерінде қысаң [ы], [і] дауыстыларының таңбалануы мен таңбаланбауы – қазақ орфографиясындағы қиындықтардың бірі. Мысалы: *зақмет-зақымет, рақмет-рақымет, қызмет-қызымет, үкмет-үкімет, лағнет – лағынет (лагінет)* т.б. Қазіргі орфографиялық сөздіктерде бұл тәрізді сөздер бірде қысаң [ы], [і] мен жазылса, мысалы, *қазірет*, кейбірі *рақмет, қызмет* түрінде жазылады. Осы типтес сөздерді қысаң дауыстылар арқылы жазып, оппозициялық жікке бөліп көрейік: за-қы-мет, ра-қы-мет, қызы-мет т.б. Сөйлеу процесінде бұл сөздердегі <к>, <з>, <ғ> дауыссыздары [ы], [і]-нің шылауында айтылады да өзгеше реңкке (біршама созылыққы айтылуы тәрізді) ие болады.

Осындай фонетикалық әсердің нәтижесінде бұл сөздердің дыбыстық құрылымы ритмикалық тұтастықпен айтылатын *зақым ет, рақым ет, үкім ет* тәрізді еркін тіркестердің дыбыс құрылымымен бірдей болып шығады. Ал бұл сөздердің [ы], [і] дауыстыларынсыз түріндегі <к>, <з>, <ғ> фонемаларының реңкі өзгеше болып (келте, кілт айтылуы), ритмикалық тұтастықпен айтылатын еркін тіркестерден өзгеше дыбыстық құрылымға ие болады.

Сөз ажыратуға септігін тигізетін осы өзгешелік ол сөздерді ритмикалық тұтастықпен айтылатын сөз тіркестерінің дыбыстық құрылымынан ажыратып тұрады. Сондықтан бұлардың *қызмет, зақмет, лағнет, рақмет, құрмет* т.б. түрінде жазылуын орынды деуге болады.

Сөздердің бірыңғай жуан немесе бірыңғай жіңішке болып келуі қазақ сөзінің табиғатына тән. Бұларды біржікті буындар деуге болады. Дегенмен біріккен сөздер – көг-ал (мұндағы *ал* морфемасы *алсын* «шабылған шөптің орнына қайтадан көктеп шыққан көк» дегенмен этимологиялық байланыстағы сөз болуы ықтимал), көг-орай, сондай-ақ өзге тілден қоныс аударған сөздердің (*қа-ре-кет, қа-сі-рет* т.б.) ішінде бейүндес буындардан құралғандары да кездесіп отырады. Бұларды екіжікті оппозициялық буындар деуге болады. Ал кейбір сөздерді үш немесе төрт жікті буын (жуан-жіңішке – жуан) түрінде жазу, сөзді тым жасанды көрсетеді. Мысалы: *мұ-ба-рак-қа, дән – да-қу-ым, дар – гу-ман, мұ-шай-ре, бә-да-уи, пәр – уар – диг - ар* т.б. Бұл типтес сөздерді сондықтан мүбәрәк, дәндәку, дәргүман, пәруәрдигер түрінде жазу әлдеқайда қазақ тілінің дыбыс жүйесіне үйлесімді.

Қазіргі қазақ орфографиясындағы елеулі қиындықтардың бірі – түбір сөзге дауыстыдан басталатын қосымша жалғанғанда түбір сөздің соңғы буынындағы қысаң дауыстының түсіріліп немес түсірілмей жазылуы. Мысалы: *ауыл – аулы (ауылы), ерін – ерні (еріні), иық – иығы (иғы), мұрын – мұрны (мұрыны), мүлік – мүлкі (мүлігі), бауыр – бауыры (бауры)* т.б. Дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанда сөз түбірінде болатын бұл өзгерістің қанша сөздерді қамтитынын, таралу шегі қаншалықты екенін

байқау үшін фонетикалық жағдайы бірдей сөздерді өзара салыстырып көтеруге болады (4-қосымша).

Бұл салыстыруға қарағанда қысаң дауыстыларың түсіріліп қолданылуының фонетикалық жағдайы бірдей ортада жалпы сипат алмағандығы, кейбір сөздермен шектеліп отыратын талғампаздығы байқалады. Яғни бұл қысаң дауыстылар фонетикалық ортаға аса тәуелді емес. Қайсыбір тұстарда қысаң дауыстыны түсіріп (не түсірмей) қолдану дүдәмал болса, енді бір сөздерге келгенде, семантикалық қарсылыққа ұшырайды. Мысалы, *халық – халқы* (халығы) деп айтқанымызбен, осы ізбен *түлік, күлік* сөздеріндегі дауыстыны түсіріп, тәуелдік жалғауын жалғау сөз мағынасын мүлде бұзады (мысалы, *түлік-түлкі, күлік-күлкі* т.б.). *Дауыл, ауыл, суыл, көңіл* сөздері де осы тәрізді, қысаң дауыстыны түсіріп қолдануға ырық бермейді: *даулы, аулы, көңлі, сулы* мүлде басқа сөз ретінде ұғынылады.

Бұл қайшылықтың, қысаң дауыстының сонормен іргелес келгендегі «жұтылу» құбылысының (бұл құбылыс тіл білімінде абсорбция деп аталады) қалайда бір себепті болуға тиіс. Абсорбция құбылысының себебін әр зерттеуші әрқилы фонетикалық жағдайға байланысты түсіндіріп келді [35, 281].

а) халық – халқы
Халық – Халығы (жалқы есім)
кұлық – құлқы (мінез-құлқы)
кұлық – құлығы (кұлақтың құлығы)
мүлік – мүлкі (мүлігі)
қылық – қылығы
күлік – күлігі
бүлік – бүлігі
былық – былығы
салық – салығы
қалық – қалығы
шұлық – шұлығы
түлік – түлігі т.б.

ә) нарық – нарқы (нарығы)
көрік – көркі (қыздың көркі)
көрік – көрігі (ұстаның көрігі)
бөрік – бөркі (бөрігі)
қырық – қырқы (этног.)
қырық – қырығы
парық – парқы (парығы)
тұрық – тұрқы (тұрығы)
ырық – ырқы (ырығы)
ерік – еркі (ерігі)
түрік – түркі

жерік – жерігі
көрік – көрігі
қорық – қорығы т.б.

б) мұрын – мұрны (мұрыны)
ерін – ерні (еріні)
орын – орны (орыны)
қарын – қарны (қарыны)
сарын – сарыны
нарын – нарыны

в) иық – иығы (иғы)
сиық – сиқы (сиығы)
ойық – ойығы
сұйық – сұйығы
киік – киігі
қиық – қиығы т.б.

г) мойын – мойны (мойыны)
қойын – қойны (қойыны)
қайын – қайыны (қайны)
жайын – жайыны
қиын – қиыны
жиын – жиыны
құйын – құйыны
шойын – шойыны т.б.

д) көңіл-көңілі
жеңіл – жеңілі
қалып – қалпы (қалыбы)
қалып – қалыбы
құлып – құлпы (құлыбы)
әліп – әлпі (әлібі)
тұлып – тұлыбы т.б.

е) ауыз – аузы (ауызы)
қауыз – қауызы
жауыз – жауызы т.б.

з) ауыл – аулы (ауылы)
кеуіл (диал.) – кеулі (кеуілі)
суыл – суылы
дауыл – дауылы т.б.

ж) дауыс – даусы (дауысы)
қуыс – қуысы
туыс – туысы

сауыс – сауысы т.б.

Бірақ, біздің түсінігімізше, қысаң дауыстылардың тап бұл арадағы түсіріліп, не түсірілмей қолданылуы таза фонетикалық шарттылыққа, мысалы екпінге т.б. тәуелді емес. Егер *бөркі*, *аузы* сөзіндегі [ы]-ның «түсіп» қалуы екпінге байланысты болса, онда *құрығы*, *қауызы* деген сөзде *ы* дауыстысы неге «түсіп» қалмайды? Тегінде, бұл құбылыстың себебі басқаша бір фактормен тығыз байланысты болуы ықтимал. Ал оның қандай фактор екендігін анықтау үшін, алдымен мынадай бір статистикалық салыстыруға назар аударайық. Қазақ совет әдебиетінің классигі М.О.Әуезов шығармаларының толық жинағындағы (1-3 том) *құрық* сөзінің атау және өзге де грамматикалық тұлғалардағы жалпы қолданысының саны – 26. Ал осы сөздің тәуелдік тұлғасында жалғануы – 10. Яғни бұл сөздің тәуелдік тұлғасында жұмсалынған саны өзге тұлғаларымен салыстырғанда әлдеқайда аз [36]. Сол сияқты әртүрлі тұлғада қолданылатын *жарық* сөзінің жалпы саны 120 болса, тәуелдік тұлғасымен қолданылғаны 25 те, өзге тұлғада жұмсалғаны – 95. Ал *ерін* сөзі, барлық тұлғасын қоса есептегенде, 30 рет қолданылған. Оның ішінде тәуелдік тұлғасымен қолданылған сөздің саны 20 да, өзге тұлғада қолданылған осы сөздің саны 10-нан аспайды. *Мұрын* сөзі, барлық тұлғаларымен қоса есептегенде, 52 рет қолданылған. Оның ішінде тәуелдік тұлғасымен келген сөздердің саны 15-тен аспайды. Бұдан байқайтынымыз – *мұрын*, *ерін* тәрізді сөздердің дыбыс құрамындағы *ы*-ның түсіп қалып, *мұрны*, *ерні* түрінде айтылу себебі бұл сөздердің өзге сөздермен салыстырғанда, тәуелдік тұлғасында жиі жұмсалуына байланысты. Ал *құрық*, *жарық* сөздері, керісінше, тәуелдік тұлғада, өзгелермен салыстырғанда, әлдеқайда сирек жұмсалады екен. Бұл фактор, яғни сөздің тәуелдік тұлғада ұзына бойы тұрақты жұмсалуы, сонарлармен іргелес келген қысаң дауыстының абсорбцияға ұшырауына, сөйтіп сөздің фонетикалық жақтан ықшамдалуына қолайлы жағдай тудырса керек.

Тіл – жанды құбылыс. Ол қарым-қатынас қызметін атқару барысында басы артық элементтерді екшеп отыруға тырысады. Қысаң дауыстылардың белгілі бір сөздер тобында, нақтылы бір фонематикалық жағдайда абсорбцияға ұшырауы тілдің дыбыс жүйесіндегі тенденцияның бірі деуге болады. Ал оны әдеби тілдің жазу нормасында, сондай-ақ орфоэпиялық нормасында елеусіз қалдыру – белгілі бір алшақтыққа әкеп соғар еді. Ондайда тілдің шынайы халінен көз жазып қалу қаупі туады. Солай дегенмен де «абсорбция» жетегінде кете беруді тіл фактісі көтере бермейді. Себебі *көңіл*, *бауыр*, *ауыл* сөздерін *көңлі*, *бауры*, *аулы* түрінде тәуелдеу омонимдерді өрбітуге жол ашады. Бұл – тілдің омонимдерден «қашу» тенденциясына қайшы келеді.

Әрине, *ауызы*, *мұрыны*, *мойыны*, *ығы* деп қысаң дауыстыларды бастан-аяқ күмәнді жерде түсірмей жазу орфография үшін оңай жол болар еді. Бірақ бұл қиындықтан шығудың бірден-бір жолы емес.

Бұл жерде абсорбция құбылысының семантикалық қарсылыққа ұшырауын немесе ұшырамауын таяныш етіп алу принципін ұстануға болады.

а) Семантикалық қарсылыққа ұшырамайтын сөздер: *мойын-мойны* (мойыны емес), *ауыз – аузы* (ауызы емес), *дауыс – даусы* (дауысы емес), *иық-иғы* (иығы емес), *ерін – ерні* (еріні емес), *құлық – құлқы* (құлығы емес), *бөрік – бөркі* (бөрігі емес), *көрік – көркі* (көрігі емес), *мүлік – мүлкі* (мүлігі емес), *халық – халқы* (халығы емес), *ерік – еркі* (ерігі емес), *қалып – қалпы* (қалыбы емес), *әліп – әліні* (әлібі емес), *ғұрып – ғұрпы* (ғұрыбы емес), *қырық – қырқы* (қырығы емес, этногр.), *әріп – әрпі* (әрібі емес), *мұрын – мұрны* (мұрыны емес), *сұрық – сұрқы* (сұрығы емес), *шырық – шырқы* (шырығы емес), *ойын – ойны* (ойыны емес), *қойын – қойны* (қойыны емес), *нарық – нарқы* (нарығы емес), *парық – парқы* (парығы емес), *ырық – ырқы* (ырығы емес), *қарын – қарны* (қарыны емес), *сиық – сиқы* (сиығы емес), *қайын – қайны* (қайыны емес), *кеуіл – кеулі* (кеуілі емес), *тәйір – тәйірі* (тәйірі емес), *тәрік – тәрікі* (тәрігі емес).

б) Семантикалық қарсылыққан ұшыраған сөздер: *ауыл – ауылы* (аулы емес), *көңіл – көңілі* (көңлі емес), *бауыр – бауыры* (бауры емес), *жиын – жиыны* (жины емес), *сайын – сайыны* (сайны емес), *жайын – жайыны* (жайны емес), *ақыл – ақылы* (ақлы емес) т.б.

Түбір сөздің буынындағы қысаң дауысты [ы] мен [і]-нің кейбір сөздерде түсіп қалу жағдайын жоғарыда біз тек тәуелдік жалғауымен байланысты сөз еттік. Әдетте қысаң дауыстыны түсіріп қолдану тәуелдік жалғауынан басқа морфемалар ыңғайында кездеседі. Біріншіден салыстырғанда, қысаң дауыстыны екінші ыңғайдағы түсіріліп қолданылуы белгілі бір жүйеге бағынған. Оның өзі екі топқа бөлінеді (5-қосымша).

бүйір – бүйрек	ойын – ойнақ	көрін – көрнеу
дәуір – дәурен	ойын – ойна	жерік – жеркен
ерін – ернеу	орын – орна	жент – жентек
бауыр – баура	жұрын – жұрнақ	сыпыр – сыпыра (тері)
бауыр – баурай	түйін – түйнек	ұлы – ұлғай
жиын – жина	сарық – сарқыт	сүйір – сүйрек
қорық - қорқа	жалық – жалқау	көрік – көркем
қойын – қойнау	қайыр – қайрақ	қиын – қина
мойын – мойнақ	күйіс – күйсе айыр – айран	сары – сарғай
қырын – қырна	үрік – үркек	
сарын – сарна	жайыл – жайла	
зорық – зорға		

Бұл фонетикалық құбылыс түбір сөзге есімнен етістік (ойын-ойна), етістіктен есім (үрік – үркек), етістіктен етістік тудыратын, көбіне ашық дауыстыдан басталатын аффикс жалғануы арқылы жүзеге асады. Ал аффикстердің көбіне қысаң дауыстыдан басталатын түрлері жалғанғандағы сөздің фонетикалық жағдайы мен жазылуы мына тәрізді:

шақыр – шақырым	жұмыр – жұмырық	еріт – ерітінді
ғылым – ғылыми	жауыр – жауырын	қойыл – қойылым
бүкір – бүкірей	сауыр – сауырын	басыл – басылым
иір – иірім	қайыр – қайырым	кекір – кекірік
мейір – мейірім	жайыл – жайылым	көрін – көрініс

Түбір сөздегі қысаң дауысты дыбыстың түсіріліп, я болмаса түсірілмей қолданылуы қосымшадағы дауыстың ашық немесе қысаң болып келуіне тәуелді екендігін байқаймыз.

Бірсыпыра сөздің *құрлыс, бұрлыс, ғылыми, жиылыс* түрінде жазылмай, құрылыс, бұрылыс, ғылыми, жиылыс делініп, *ы* арқылы жазылуын аффикстің қысаң дауысты болып келу жүйесіне байланысты деп түсіндіруге болады. Алайда мұндай орындарда [ы] естілген жерде *ы* жазылады деген қағида бойынша жазылып келді. Бұл қағидаға, әрине, бастан-аяқ сүйену қиын. Өйткені [ы], [і] кейбір позицияда біреуге «естілуі», біреуге «естілмеуі» ықтимал. Сондықтан қайырып-қайрап, айрық-айырық, айырыл – айрыл тәрізді сөздер әркелкі жазылып жүр. Егер азды-көпті «күш» салып айтса, [ы] мен [і]-нің естілмейтін жері жоқ деуге болады. Белгілі бір сүйемелсіз тек «естілуіне» қарай жазудың қиындығы да осында. Ал жоғарыда айтылғандай қысаң дауысты аффикстің түбірге жалғану жүйесіне сүйенсек, бұл типтес сөздер айырық (айыр-ық), қайырыл (қайыр-ыл), мойырыл (мойы-рыл), майырыл (майыр-ыл), ресіми (ресім-и) түрінде жазылуға тиіс.

Жоғарыда біз сөз түрлендіруші қосымшамен (тәуелдік) және сөз тудырушы, форма тудырушы аффикстермен байланысты сөздің жазылу ерекшелігіне тоқталдық. Қысаң дауыстылардың жазылуына қатысты бір қиындық – олардың сөздің ішкі шеніндегі; яғни морфемаішілік әліптемесі. Бұл топтағы сөздердің жазылу ерекшелігіне тоқталмас бұрын, олардың «Орфографиялық сөздіктегі» (1978 ж.) көрсетілген әліптемесіне назар аударып көрейік (6-қосымшаны қараңыз).

Көз жүгірте қарағанның өзінде, бұл сөздердің әліптемесі күрделі екендігі бірден байқалады. Неге *сәурік* сөзі *i*-сіз жазылады? Неге салбуырын арқылы жазылады? Сондай-ақ фонетикалық бір заңдылыққа сая тұра емле, *мемлекет, мәслихат, сіңлі* т.б. сөздердің *мәжіліс, мәміле, саңылау* сөздерінен өзгеше жазылуының себебі неде?

Осы сөздердің қайсысын болса да *ы*, *i*-сіз немесе *ы* (*i*)-лы вариант түрінде де жазуға болатын тәрізді. Бұл тақылеттес сөздердің барлығын *ы* (*i*)-мен жазу керек немес *ы*, *i*-сіз нұсқада жазған жөн деп бір жақты әліптемеге көшу орфография үшін, әрине, онай. Бірақ бұлай ету тілдің шындығынан қол ұзу болар еді. Ал белгілі бір тиянаққа сүйенбей, айтылуына

абырой	көкірек	салбуырын
ақырын	қабылан	самұрық
арлан	қазірет	сауырын
атырап	қайрылу	сәурік
ауру (зат есім)	қайырым	сандақ

ауыру (етістік)	қаңыра	саңлақ
әбілет	қапырық	саңылау
әзірейіл	қобыра	саңырау
бағлан	қойылым	сұдырай
бекіре	қоңырау	сүмірей
бұрыл	құбыла	сіңлі
ғибрат	құбылыс	тақырып
ғұрлы (құрлы)	құмыра	тарлан
ғұрлым (құрлым)	құрлым	тәжірибе
даурық	құрылыс	тәйірі
емле	лоблу	тәурат
емеурін	мағлұм	тегеурін
емірен	мағлұмат	текірек
еңіре	мақлұқат	тоқыра
жағылан (сөздікте жоқ)	мақұлық	тоқырауын
жайылым	мақрұм	топырақ
жамыра	мәжіліс	төңірек
жапырақ	мәкрүк	үңірей
жарлық	мәміле	шақырым
жауырын	мәслихат	шаңырақ
жебірейіл	медресе	шатыраш
жирен	мезірет	шежіре
жұдырық	мейлінше	шүңірей
жұмырық	мейірім	ықылас
жамырай	мекіре	ықылық
запыран	меңіреу	ықылым
зәулім	нағылет	ыңыран
кейуана	нақұрыс	ысырап
кекілік	наурыз	ібіліс
	оқыра	
	омырау	

қарасақ, бұл сөздерді бастан-аяқ *ы, і* мен *де, ы, і*-сіз де айтып шығуға болады. Әдетте сөз бен буынның бір-бірінен көп жағдайда айырмасы да, ортақ жақтары да болады. Олар – бір-бірімен тығыз байланысты тілдік бірліктер. Мысалы, *ат, тас, сат, ат – тас* дегендер – әрі буын, әрі сөз. Қазақ тіліндегі сөз бен буынға ортақ бір заңдылық бар. Ол – көбіне сөздің *р, л* сонорларынан басталмауы. Мысалы: (*ылақ*) *лақ, ылашын лашын, ылайық лайық, ілеген леген, үлек үлек, ыраң раң, ырайза риза, ұрұу ру, ұрұух рух, ырақат рақат, ірең рең* т.б.

Осыған сәйкес буын да *л, р* сонорынан басталмай, ашық буыннан (жылы, қо-ра) және *й, у* сонорларынан кейін келетін буындарды (қай-ра, ту-ра) еске алмағанда, қалайда бір қысаң дауысты селбесіп айтылады. Мысалы: (көкүрек көкірек, меңі –іреу, бағылан (бағлан емес), лобыл (лобл емес), жағы-лан, ке-і-лік, шүңүрей шүңірей, құбұла, құбыла т.б.

Тегінде, жоғарыда көрсетілген сөздердің (б –қосымша) көбіне ы, і әріптері арқылы р, л сонорларымен байланысты деуге болады. Сөз басында р, л дыбыстарымен қалайда қысаң дауыстылар селбесіп айтылатындай р, л сонорлы буындарының алдына да ы, ұ, і, ү қысаңдары селбесіп қолданылады. Топырақ, жапырақ, қапырық, қоңырау, мәміле, еңіре т.б. сөздердің сонорлы буындарының алдында ы, ұ, і, ү қысаңдарының жазылуы да сондықтан. Олай болса сәуірік, емле, мемлекет т.б. сөздерді сәуірік, еміле, мәмілекет түрінде жазу орынды емес пе? Бірақ бұлайша бір жақты әліптемеге көшуге тіл шындығы жібермейді. Мысалы, сәуле, қайрақ, тура, тулақ, бұйрық, байрақ т.б. сөздерді сәуіле, туыра, қайырақ, туылақ, бұйырық, байырық деп жазуға тура келер еді. Сондықтан кез келген сонорлы буынның алдынан ы, ұ, і, ү қысаңдарын жаза беру ақиқатпен үйлеспейді. Тегінде, мұндай қайшылықтың негізін р, у, й сонорларының ерекшелігін іздеуге тура келеді. Әдетте бұл дыбыстардың консонанттар қатарына жатқандығы даусыз. Аталған дыбыстарға аяқталған сөздер тәрізді қабылдайтыны белгілі. Мысалы: қар-ы, тау-ы, са-й, қағаз-ы, ат-ы, ықылас-ы т.б. Ал вокализмдерге аяқталған сөздерге тәуелдік жалғауы –сы, –сі түрінде жалғанады: қала-сы, төбе-сі, аға-сы т.б. Бұл парадигма бойынша р, й, у сонорлары дауыстылардан өзгешеленіп тұр. Енді мынадай қызықты бір құбылысқа назар аударайық р, й, у сонанттарына аяқталған сөз көптік жалғауын (-лар, -лер), есімнен етістік тудыратын аффиксті (-ла, -ле) және сын есімнің -лы, -лі, -лық, -лік қосымшаларын дауыстыларға аяқталған сөздерше қабылдайды.

қар-лар	қар-лы	қар-лық	сыр-ла
қала-лар	тау-лар	тау-лы	тау-лық
сый-ла	қала-лық	сай-лар	сай-лы
сай-лық	сай-ла	желі-ле	

Бұдан р, у, й сонорларының дауыстылардың қасиетіне біршама ұқсайтындығын көреміз. Осы аталған сонорларды шартты түрде «жартылай дауысты» дыбыстар деуге болады. Жоғарыда көрсетілген (б-қосымша) сөздердің жазылуындағы қайшылықты, тегінде, осы ерекшелікпен байланыстыра қараған жөн тәрізді. Атап айтқанда у, й, р сонорларынан кейін р, л дыбыстары келетін болса р, л сонорлы буынның селбескелі (протетический) ы, ұ, і, ү дауыстылармен айтылуы (жазылуы) басы артық құбылысқа айналады. Олай болатын себебі у, й сонорларының дауыстыға ұқсайтын қасиеті бар. Сәуле, әуре, дәурен, айран, мейрам, бұйрық, арлан тәрізді сөздердің (ы) ұ, і, ү селбеспелі дауыстысыз қолданылуы да сондықтан. Енді жоғарыда айтылған сөздерді осы заңдылық тұрғысынан қарасақ, бірсыпыра сөз: сәулік, мейлінше, наурыз, еміреуін, тегеурін, тәурет, ғұрлы, бурыл, құрлы, самаурын т.б. дұрыс жазылған. Бірақ кейбір сөздің әліптемесіне келгенде, оларды ы, і әріпі арқылы басы артық таңбалап жүргендігіміз байқалады: салбуырын, (дұрысы – салбурын), түйірі (дұрысы – түйірі), т.б. Сөз тудырушы -ым, -ім аффиксінің жалғануы арқылы жасалған сөздердің жазылуы (қайыр – қайырым, мейір – мейірім, қойыл – қойылым,

кұрыл – құрылым, жайыл – жайылым және форма тудырушы, сөз түрлендіруші қосымшалар жалғанғандығы сөздердің жазылуы қайыр-у, майыр-у, айыр-ыс, қайыр-ыс т.б.) бұл қатарға жатпайды (12).

Н сонорынан кейін р, л дыбыстары келетін болса, көмескі естілгеніне карамастан, олардың селбеспелі дауыстылар арқылы қолданылуы міндетті. Мысалы, шаңырақ, төңірек, саңылау т.б. Олай болатыны ң дыбысының әдеби тілдегі қасиеті «жартылай дауысты» й, у, р сонорлары тәрізді емес, бұл дыбысқа аяқталған сөз қосымшаларды басқа да консонанттар тәрізді қабылдайды. Мысалы: *тең-дік, тең-де*, (тең-ле емес), *мең-ді* (мең-лі емес). Диалектілік қолданыста болмаса, әдеби тілде ң соноры л-мен тіркесуден қалайда «қашып» отыруға тырысады да, бұл тенденция екі түрлі жолмен жүзеге асады. Біріншісі – л дыбысының міндетті түрде д-ға алмасуы арқылы (*саң-лақ, саң-дақ, түң-лік түн-дік, теңлеу, теңдеу, таңлау, таңдау* т.б. , ал екіншісі – қысаң дауыстылардың селбесіп келуі арқылы (*саңылау, аңыла, анда*). Әдеби тілде ң сонорының л-мен тіркесуден «қашу» тенденциясын ескерсек, *сіңлі, қаңлы, саңлақ* сөздерін (диалектілік қолданыста *сандақ, сінді* деуі осы тенденцияға байланысты) *сіңілі, қаңылы, саңылақ* түрінде жазуға тиіспіз.

Сонымен, міне, «жартылай дауысты» сонорлардан (й, р, у) соң келген р, л, у дыбыстары селбеспелі ы, ү, і, у дауыстыларынсыз жазылады. Ал өзге жағдайдың бәрінде селбеспелі қысаңдардың жызылу себебі (әңгіме б-қосымшадағы сөздер жайында) р, л сонорлы буынның протезалық дауыстысыз қолданылмау қасиетіне байланысты. Бұл жөнінде қазіргі қазақ орфографиясының негізгі бағыты дұрыс, тем емле, мемлекет, мәслихат тәрізді сөздер, қалыптасқан дәстүрлі еске алмағанда, еміле, мемілекет, мәсіліхат түрінде жазылуға тиіс.

Сөздің буын жіктерінде түрлі сонор дыбыстардың шоғырлануы кезінде қысаң дауысты абсорбцияға ұшырап, басы артық дауыстыдан сол сөздің арылып отыруға ұмтылуының себебі бар. Ол – ашық шектен тыс көбейіп кетуіне қарсы тенденция.

Бұл жайында Б.А.Серебренников: «Ашық буынның шоғырлануы сөздің айтылуын қиындатуы ықтимал. Оның себебін ашық буындағы дауыстылардың біршама созылық болып келу жағдайына орай түсіндіруге болады. Марий тіліндегі дауыстыларды экспериментті зерттеу жабық буындағы дауыстылардың созылықтылығын артық түсіп жататын бірде-бір жағдайдың кездеспейтіндігін көрсетті. Ашық буын барлық жағдайда да дауыстылардың созылықтылығын арттыра түседі. Міне, осындай себепке байланысты әртүрлі тілдің тарихында ашық буынның шоғырлануынан арылу, тым болмағанда, ашық буынның санын азайту тенденциясының бар екендігін байқауға болады», – дейді де, бұған мынадай мысалдар келтіреді: түрікше өғлу – оғул «ұл», көпрі – көпір, салыстыр: татарша – күпәр, түрікше йанлыс – йанылыс (жаңылыс), түрікше қарсы қарысы «қарсы, қарама-қарсы» деген мағынада [37, 116б.].

Шындығында, сәурік, салбурын тәрізді сөздерді қысаң дауыстылармен күштеп селбестіре айту физиологиялық тұрғыдан жеңіл болмаса керек. Бұл

типтес сөздерді орфографияда селбеспелі дауыстысыз жазу сөздің айтылу нормасымен де ұштасып жатар еді.

Қазіргі қазақ орфографиясындағы бірсыпыра сөздің әліптемесі ашық буынды «азайту» тенденциясына сәйкес келеді. Мысалы: *қызмет* (қызымет емес), *хикмет* (хикімет емес), *жаднама* (жадынама емес), *құрмет* (құрымет емес), *сахна* (сахына емес), *мәдғұн* (мәліғұн емес), *зақмет* (зақымет емес), *зергер* (зерігер емес), *мәжнүн* (мәжінүн емес). Осы аталған сөздердің қатарына орфографиялық сөздікте (1978 ж.) *ы, і* әріптері арқылы таңбаланып жүрген кейбір сөздерді жатқызып, қысаң дауыстысыз жазуға болар еді. Мысалы, олар мына тәрізді сөздер:

құшынаш – құшнаш	ашына – ашна
қазымыр – қазмыр	базына – базна
қазына – қазна	лағынет – лағнет

Әрине, бұлардың қатарына қамыран, құмыра, саңылақ, бағылан, лобылу тәрізділерді жатқызуға әсте болмайды. Өйткені бұл типтес сөздердің сонорлы буындарын селбеспелі дауыстысыз жазу қазақ тілінің дыбыс заңдылығымен үйлесе бермейді. «Орфографиялық сөздікте» мақұлық, нақұрыс сөзінің мақлұқ, нақрұс түрінде жазылмай, ұ арқылы таңбалануын да осы заңдылыққа орай түсіндіруге болады. Бірақ осы типтес кейбір сөздердің жазылуына келгенде «Орфографиялық сөздік» (1978 ж.) бұл принциптен ауытқып кетеді: *мәкрүк* (дұрысы – *мәкүрік*), *мақлұқат* (дұрысы – *мақұлықат*), *мақрұм* (дұрысы – *мақұрым*), *мағлұм* (дұрысы – мағұлым), *мағлұмат* (дұрысы – *мағұлмат*) т.б.

Сөздің абсолют басы *л, р* дыбыстары үшін қолайлы позиция емес. Сондықтан олар бұл позициядан «қашып» отыруға тырысқан. Бұл процесс, тарихи фонетика тұрғысынан қарағанда, бірнеше тәсіл арқылы жүзеге асып келген: 1) *л* дыбысы *д*-ға алмасып отырған: *лүпілде* – *дүпілде*, *лекет* (үлкен пышақ) – *дөкет*, *лайым* – *дайым*; 2) *л* дыбысы *н*-ға алмасып айтылған ләпсі – *нәпсі*, *лас* – *нас*, *лағынет* – *нәлет*, *лоқта* – *ноқта*, *Лазым* – *назым* («Пердеге жүзін салады, Пердені қолға алады, өз көркінен қыз Лазым Талып түсіп қалады. «Қамбар» (3) *л* сөздің абсолют басында түсіп қалады: *лабақты* – *абақты*, *ләшкер* – *әскер*, *лонх* (он) монғ. «бөтелке», «флакон», қазақ тілі диал. *оңқа* (*оңқа төңкеру*, «банка төңкеру»); 4) *л, р* дыбыстары сөздің басында селбеспелі қысаң дауыстылармен айтылған. Мысалы: *лу* (тибет, қытай) «дракон» – *ұлу*, (ылашын) *лашын* т.б. Өзге алмасулармен салыстырғанда соңғы төртінші тәсілді *л, р* дыбыстарынан басталатын шеттілдік сөзді игерудің аса өнімді түрі деуге болады.

Бұған дейін біз селбеспелі дауыстылардың сонорлы буындары жіктерінде жазылатын және жазылмайтын жағдайларына қатысты мәселеге тоқталдық.

Ал селбеспелі дауыстылардың сөздің абсолют басында *р, л* сонорларымен жұмсалып ерекшелігі осы айтылған мәселемен сабақтас деуге болады. Сөздің абсолют басындағы селбеспелі дауыстының қазақ графикасындағы таңбалануы екі түрлі: «*л, р* дыбыстарынан басталып, одан

кейін *а, ә, е, у, ұ, и* дыбыстары келетін түбір сөздердің басында *ы, і* әріптері жазылмайды: *лаж, лайық, лас, лай, леген, рай, рас, лауазым, лашын, лашық, лақа (балық), лақап, лезде, леп, лепіру, лоблу, рақат, рақым, раң, рет, ренжу, рең, реңк, ру, рух, рухани, рұқсат, риза, рия, ризық, рәсуа.*

Қалған жағдайда сөз басында *р, л* әріптерінен бұрын *ы, і* әріптері жазыла береді: *ырыс, ырым, ырық, іріт, ырыл (дау), ілік (ті)*» [38, 21б.].

Ал *р, л* дыбыстарының (әріптерінің) алдына селбеспелі қысаң дауыстыны белгілейтін *ы, і, ұ* әріптерінің жазылмауына қарап, мысалы, *ру, (ұрұу), рух (ұрұух), леп (ілен), лашын (ылашын), лау (ылау), лақ (ылақ)*, бұл орындарда қысаң дауыстылар мүлде айтылмайды деп ойлауға болмайды. *Л, р* сонорлары сөздің басында келгенде, барлық жағдайда қысаң дауысты селбесіп айтылады. Бірақ олардың фонемалық реңктері *р, л* дыбыстарынан кейінгі дауыстыларға тәуелді болуы ықтимал. Мысалы, *р, л* сонорларынан кейін *а, ә, е, ұ* және дауысты сонор дыбыс тіркесі – *ұу, ый* келсе, *р, л*-дың алдында келетін қысаң селбеспе дауысты өзінің созылықтылығы жағынан біршама қысқа айтылады. Ал сөз басындағы *р, л*-дан кейін қысаң дауыстылар келсе, керісінше, селбеспе дауысты біршама созылықты айтылуы ықтимал. Әрине, бұл дауыстының созылықты немесе айтылу реңкінің фонемалық мәні жоқ. Сырт қарағанда, біршама созылықты селбеспе дауыстыны арнайы көрсетіп (*ырым*), ал қысқасын көрсетпей жазу (*лашын*) қазақ графикасындағы кемшілік тәрізді көрінеді.

Бірақ бұл графикалық тәсілдің, бір жағынан, артықшылығы да бар. Таңбалардың үнемді қолданылатындығын айтпағанның өзінде, бұл графикалық ерекшелік сөздің айтылу нормасын дұрыс бейнелейді. Селбеспе дауыстының жазылуы *р, л*-ның алдындағы қысаң дауыстының біршама созылықты айтылуын қамтамасыз етеді. Мысалы: *ырым ырым, ырық ырық, ілік ілік*. Селбеспе дауыстының жазылмауы – *р, л* позициясындағы қысаңның біршама қысқа айтылуын қамтамасыз етеді: *ырақмет – рақмет, ыраушан – раушан, ылауазым – лауазым*, т.б. Ал *р* сонорының алдында келетін селбеспе дауысты *ұ*-ның *ру ұрұу* сөзінде таңбаланбаумен *ұру, ұрұу* сөзінде таңбалануын омофон сөздерді (1. *Ұрұу ру*, 2. *ұрұу ұру*) ажырату мақсатымен байланысты деуге болады. Зат есім болып келетін *ру* сөзі өзінің жазылуы арқылы *ұру* етістігінен ажыратылып тұрады.

Тарихи фонетика деректеріне қарағанда, түркі негіз тілінде (приязык) сөздің бас шенінде әуелде қатаң дыбыстар қолданылған. Бұл позицияда бертін келе, сыртқы сандхи құбылысына байланысты, ұяңдар да жұмсала бастаған. Бұдан кейінгі кезеңде сөз басында қатаң, ұяңдар ғана емес, кейбір үнді дыбыстар да, мысалы, *м, н* кездесе бастайды. *Н*-ның сөз басында тұрақты қолданылуына бір жағынан экстралингвистикалық фактордың да әсері болды. Парсы тілінен *н* дыбысынан басталатын сөздердің (*нәзік, нан, наразы, нарық, нысан, наурыз, нәр, нәресте, нама* т.б.) молырақ енуі бұл процесті жеделдете түсті. Алайда сөз басындағы *н* дыбысының тұрақты сипатқа ие болуы әуел баста қайшылықсыз болған жоқ. Басқы позициядан *н* дыбысы қайсыбір сөздерде түсіріліп айтылады: *недәуір – едәуір, немеурін – емеурін, нәмеңгер – әмеңгер* т.б., немесе өзге дыбыстарға алмасып отырады:

нәпақа – мәпақа, нану – шану, сену; нану – илану, назым – [ылазым]лазым, нәпсі [іләпсі] ләпсі, нозала – доғала, т.б. Бұл – қазақ тілі үшін өтпелі дәуір. Өйткені [н] дыбысынан басталатын шеттілдік сөздерді өзге дыбыстармен алмастырып айту немесе селбеспелі дауыстымен айту бұл кезде байқалмайды деуге болады. Сөз басында консонанттардың жұмсалудың эволюциясына қарағанда, л, р дыбыстарының да сөз басында қолданылу мүмкіндігі бар.

Бұл мүмкіндікке экстралингвистикалық фактордың да әсер етуі ықтимал. «Тарихи тұрғыдан қарағанда протеза құбылысын түркі тілдері үшін революцияға дейінгі кезеңге тән деуге болады, ал қазіргі кезде бірқатар орыс сөздері мен терминдерін игеруге байланысты түркі тілдеріндегі сөздің бас шені өзгеріске ұшырап, протеза бірте-бірте азая түсті (ең алдымен орфографияда). Бірақ көнеден келе жатқан тұрмыс-салтқа байланысты мықтап орын тепкен ауыс-түйіс сөздерде протеза құбылысы сақталып отырады» [39, 281б.].

Р, л дыбыстарының сөз басында қолданылу мүмкіндігі созылықтылығы біршама қысқа дауыстының [*ырақым*] *рақым*, [*ыразы*] *разы*, [*ілебіз*] *лебіз*, [*ылашын*] *лашын* редукцияға ұшырауы барысында жүзеге аса бастауы ықтимал.

2.5 Кейбір дыбыс құбылыстарының орфографиядағы көріністері

Тілдегі дыбыстық өзгерістер әрқилы. Тілдік дыбыстар сөйлеу кезінде акустикалық, артикуляциялық жақтан бір-біріне әсер-ықпалын тигізіп отыратындықтан, әртүрлі реңктер пайда болады. Бір дыбыс екінші бір дыбыспен алмасып, сөздің дыбыстық құрамы жаңғырып отырады. Дыбыс құбылыстарының бұдан өзге де бірнеше түрі бар. Олардың орфографиядағы көрінісі бірдей емес: қайсыбірі жазуда еленсе, қайсыбірі жазуда елене бермейді. Тіпті метатеза деп аталатын бір құбылысқа қатысты сөздердің жазылуы әртүрлі деуге болады. Мысалы, қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде (1963) *тепкі, текпі, тепкіршек – текпіршек* варианттары шапқыла нұсқасы берілмеген.

Әдетте, сөз ішіндегі дыбыстардың өзара орын алмасуы метатеза деп аталады. Мысалы: *өкпе-өпке, қақпан – қапқан, қақпақ – қапқақ, қақпа – қапқа*. Тіліміздегі кейбір сөз варианттарының (дублет, синоним, жарыспалы сөздер т.б.) пайда болуын, әртүрлі жазылуын метатезамен байланысты қарауға болады. Мысалы, *ләкпе – ләпке* варианттары метатеза арқылы пайда болған. «Келгендердің бәрі де ұғындырған тәртіп бойынша сауда қыла келді. Әр күні әр *ләкпеден* әралуан ұсақ-түйек алды. Алушы жол болып қаңырап тұрған ләкпешілерге әңгіме керек» (М.Әуезов. Қилы заман).

Метатеза өзінің фонологиялық табиғаты жағынан негізінен күрделі туынды түбірлерде ұшырайды : *тепкі-текпі, тебрен – тербе* т.б.[30, 98б.].

Метатеза құбылысына орай пайда болған сөз варианттарын басы артық нәрсе деп сыңар жақ қарауға болмайды. Метатезаға ұшыраған сөздердің тіл қолданысында алатын орны әрқилы. Олардың түрлерін, шамамен, мынадай топтарға бөлуге болады.

1. Метатезаға ұшыраған сөздер әуелде жарыса жұмсала келіп, тілде тек бір ғана вариант түрінде орнықты. Мысалы: *қақпан, қақпақ, өкпе* т.б. Бұлар синхрония тұрғысынан *қапқан, қапқақ, қапқа, өкпе* делініп, әуелдегі күйіндегідей қолданылмайды деуге болады. Себеп сөзі де осы тәрізді, бастапқы түрі *әсбәб* (араб сөзі). *Малақай* сөзінің «*малай*» диалектизмімен метатезалық байланыста екендігін этимология жасай отырып айқындауға болады. Салыстырыңыз: *малақай* (Замахшари, Мукаддимат) <*маңқалай*>*мақалай*>қазақша *малақай*. *Малақай* сөзі *маңдай, маңлай, маңқа* атауларымен тектес түбірлер болуы ықтимал [40, 288б.].

2. Метатезалық варианттар мағыналық жақтан сараланып дербес сөзге айналған: уақ (уақыт) – ауық (бір ауық), демеу (егістік) – медеу (зат есім), тебірен (әсерлен), тербе (шайқа), айнал (су бұға айналады), айлан (айланып-толғану).

Ш мен *қ* дыбыстарының орын алмасуынан *балшық* (*балшақ, а/ы* дауыстыларының алмасуы) және *балқаш* варианттары пайда болған. Кейбір түркі тілдерінде *балғаш* «*балшық*» деген мағынаны білдіреді [41, 239б.]. Қазақ тілінде *Балқаш* сөзі гидроним ретінде ғана емес, әсіресе байырғы әдебиет өкілдері шығармаларында, аға бун тілінде, жалпы есім мәнінде жұмсалады. *Балқаш, балшық* (*балшақ*) әуелде мағыналық жақтан жарыса қолданылғанмен, келе-келе семантикалық дербестікке ие болған. *Балшық* «*лай*», «*батпақ*» деген мағынаны білдірсе, *балқаш* «*сулы, шөбі мол жер*» дегенді аңғартады:

Балқашын орып мал жеген

Аралас үйрек, қаз жеген

(Қашаған Күржіманұлы)

Метатезалық варианттардың кейбірінде стильдік айырым барлығы байқалады: *ұшпақ – жұмақ*. Қазақ тілінде *жұмақ* стильдік жақтан бейтарап, *ұшпақ* көбіне сөйлеу тіліне тән. Сондай-ақ *тыпыр етпе – тырп етпе; үлпіл – лүпіл, шықырлату – қышырлату* параллельдерінің эмоцияналдық, семантикалық реңкі бірдей емес.

3. Метатезалық варианттардың барлығы бірдей мағыналық немесе стильдік тұрғыдан айқын сараланбаған. Оны мынадай салыстырудан байқауға болады:

айналсақта – айналқоста

алпарыс – арпалыс

әлеуметті – әулетті

әпке – әкпе

әпкео – әкпел

әпкіш – әкпіш

бастығырыл – бастырығыл

бопса – боспа

былжыра – жылбыра

дария – дайра

долана – донала

жыпқыл – жықпыл

кежеге – кегеже

кәпкір – кәкпір

күбженде – күжбенде

күдері – көдіре

құптан – құттан

қақсит – қасқит

күнезер – құнезер

қыруар – қырауыр

мегзе – мезге

моқал – молақ

дорба – добра
дөрекі – дөкір
жалаңаш – жаңалаш
жалау – аужал

нысап – ынсап
сыпатта – ыспатта
шуалшын – шылаушын
шыбжалақта – шыжбалақта
шыбжыңда – шыжбыңда

Әдеби тіл мүддесі мұндай дублет сыңардың біріне артықшылық беріп отыруды қажет етеді. Бұл жерде кейбір жарыспалы қолданыстың бірін доминанта вариант деп айқындауда сөздің түбір тұлғасын таяныш етіп алуға болады. Нормалаушы сөздіктерде, олардың ішінде орфографиялық сөздікте, негізінен, түбір нұсқасын беру тиімді. Мысалы: *түпкір* (түкпір емес), *шапқы* (*шақпы* емес), *тапқыр* (*тақпыр* емес), *әкел* (*әкпел* емес), т.б. Мұндай екі ұдай қолданыстардың түбір тұлғасына сүйене отырып, негезгі вариантын анықтаудың тиімді жағы мынадан да байқалады: *түп* -, *теп*-, *шап*- т.б. түбір сөздерге әртүрлі қосымшалар жалғанып, жаңа сөз жасауға ұйқты болады (түпсіз, теперіш, шабуыл т.б.). Ал метатезаға ұшыраған варианттарда (түк-, шақ- т.б.) мұндай қасиет жоқ. Сондықтан дыбыстардың нақтылы бір фонемалық жағдайындағы транспозициялануын жазуда ескерілмеуге тиіс.

Жарыспалы сөздердің біріне артықшылық беруде, яғни жазуда ескеріп отыруға, тек түбір сөзге сүйену кейбір параллельдер үшін жеткіліксіз. Мұндайда дыбыстардың транспозициялану бағытына сүйену тиімді деуге болады. А.А.Пальмбах пен Ф.Г.Исхаков өздерінің «тува тілдеріндегі және кейбір түркі тілдеріндегі метатеза құбылысы» деген мағыналарында В.В.Радловтың «Тілдің артқы бөлшектерінің түйісуінен кейін іле-шала ерінді түйістіру, еріннің түйісуінен кейін іле-шала тілдің артқы бөлшектерін түйістіруден жеңілдеу» деген пікіріне назар аудартады. Сепкіл, *тепкі*, *әпке*, *түпкі*, сөздерінің *секпіл*, *тепкі*, *әпке*, *түпкі* түрінде (*пк*, *кп* айтылуын В.В.радловтың осы пікіріне байланысты қарастыруға болады.

Яғни еріннің түйісу арқылы жасалатын дыбыстарға (п, б) қарағанда, тілдің артқы бөлшегінің түйісуі арқылы жасалатын дыбыстардың (к, к) бұрынғырақ айтылуы физиологиялық тұрғыдан анағұрлым жеңілдеу болуға тиіс. Сөз шенінде (п,к) дыбыстары тіркесіп келгенде, сөйлеу кезіндегі физиологиялық қолайлыққа байланысты [к] дыбысы [п]-дан бұрын келуге тырысады, яғни дыбыстардың орын алмасуы [п]-дан [к] дыбысына қарай бағытталған деуге болады. Сөйлеу кезіндегі (в речи) мұндай спонтандық өзгерістердің түп-түгел жазуда еленуі шарт емес. Секпіл, өрепкі, жыпқыл тәрізділер – *секпіл*, *өрепкі*, *жыпқыл* сөздерінің спонтандық варианты. Бұларды мағыналық жүк, стильдік реңк алған айнал-айлан, деме-меде параллельдерімен бір деңгейде қарауға болмайды. Дыбыстардың транспозициялану бағытына түйене отырып, жоғарыда айтылған жарыспалы сөздердің жазу-сызуда еленетін нұсқасын былайша көрсетуге болады: *өрепкі* (*өрепкі* емес), *жыпқыл* (*жықпыл* емес), *шыпқырт* (*шықпырт* емес), *әпке* (*әпке* емес). Іргелес келген жағдайда жасалу орны ілгеру дыбыстар жасалу орны кейінгі дыбыстардан соң айтылуға тырысуы біздің жорамалдауымызша тек [к] мен [п] ғана емес, өзге де дыбыстарға қатысты тәрізді. Мысалы: *құптан* – *құтпан*, *боса* – *боспа*, *күбжеңде* – *күжбеңде*,

шыбжалақта – шыжбалақта т.б. Мұндағы [п] дыбысы [т]-ға, [б], дыбысының [ж]-ға қарағанда жасалу орны ілгеру. Дыбыстардың осындай транспозициялану бағытына сүйене отырып, бұлардың жазылуда ескерілетін варианты *құптан, бопса, күбжеңде, шыбжалақта* деуге болады.

Г Е М И Н А Ц И Я Л А Н Ғ А Н дауыссыздармен келетін түбір сөздердің саны тілімізде біршама шектеулі. Оларға мына тәрізді сөздер жатады: *мүдде, күллі, махаббат, әккі, ләззат, жаппа, ыссы, әдді, гәкку, ләббай (ләппай), жаннат (жер жаннаты), лоққы, жаббар (жаппар), әттең, ыссы, мұттайым, қисса, әлқисса, оппа, құттықтау, құдды, әккі, тәкаппар* т.б. Гемината дауыссыздардың тіліміздегі біралуан сөздердің құрамын орын тебуі бір сөзбен екінші сөзді ажырату қызметінде жұмсалатындығына байланысты. Мысалы: *оппа (оппа қар), – опа (опа бермеу), жаннат (жер жаннаты) – жанат (жанат ішік), жаппа (баспана мағынасында) жапа (жапа шегу), қисса (қисса дастан) – қиса (етістік)* т.б.

Кейбір дауыссыздардың геминациямен айтылуынан «қашқалақтауға» байланысты *молла, әмме, кәззап, алла* тәрізді сөздер *молда, әмбе, кезеп, алда* түрінде игерілгендігі байқалады. Сондай-ақ /ашшы/ *ащы – ашты, ыссы-ыстық* параллельдерінің әуелде жарыса жұмсалуды да осы ерекшелікке байланысты деуге болады.

Бірсыпыпа сөздердің геминаталар арқылы қолданылуы дыбыстардың созылықты айтылуында болатын экспрессиялық мүмкіндікті пайдалануға қатысты. Мысалы, *махаббат, ләззат, мәссаған /модаль сөз/, жаннат /жер жанатты/, құдды әуппай /одағай/* т.б. сөздер дауыссыздардың эмфатикалық созылықтылығына байланысты экспрессияға ие болып тұрғандығын аңғарамыз. Бұларды «жалған» геминаталар деп атауға да болады. Қазақ орфографиясында **шш** геминатасының арнайы **щ** әрпімен таңбаланатын орындары бар. Бірақ бұлардың саны тек *ащы, тұщы, кеңе, ищ-ай* (одағай) тәрізді үш-төрт сөзбен шектеледі.

Кейбір сөздердің геминаталарға қатысты әліптемесі жазу тәжірибесінде әртүрлі беріліп жүр: *жаппар – жаббар, тәкаппар – тәкаббар, ләббай – ләппай; тұттығу – тұтығу, тұттықпа – тұтықпа, құттықтау – құтықтау, молла – молда, алла – алда* т.б.

Тіпті Орфографиялық сөздікте (1978 ж.) *ләббай – ләппай, жаппар – жаббар* варианттарының *жаббар, ләббай* нұсқасы берілген. Бірақ дәл осы тәрізді *тәкаппар – тәкаббар* вариантының осы сөздікте *тәкаппар* нұсқасы негізге алынған. Осы сөздердің орфографиялық сөздікте бұлай берілуі негізсіз емес. Бір жағынан, ұяң вариант түріндегі *ләббай, жаббар* сөздері, олардың қатаң түріне қарағанда, тұрақты қолданылатын орны, әрі жиірек жұмсалатын жері көне, кітаби контекст деуге болады. Екінші жағынан, олар пассив лексикаға жататын көне реңкке ие сөздер. Ал *тәкаппар* – реңкі жағынан бейтарап жатады. *Тәкаппар – тәкаббар* варианттарының реңктерін бейтараптық, экспрессия, көнелік т.б. тұрғыдан қарағанда, біріне-бірі қарама-қарсы сипатта деуге болмайды. Ал *молла – молда, биссімілла – биссімілда* варианттары бұл жағынан қарама-қарсы сипатта: *молда –*

бейтарап реңкте, *молла* – кітаби, көне реңкте, керісінше, *алла, биссімілла* – кітаби реңкте, ал *биссімілда, алда* – сөйлеу тіліне тән реңкте.

[т] дауыссызының бірде геминацияланып, бірде жалаң айтылуына байланысты сөздердің жазылуы да әртүрлі. Мысалы: *құттықтау* (орфографиялық сөздікте) – *құтықтау* (орфографиялық сөздікте берілмеген), *тұтығу* (орфографиялық сөздікте) – *тұттығу* (орфографиялық сөздікте берілмеген). Мұндағы *құттықтау* – *құтықтау* вариантын кейде саралап қолдану фактісін кездестіруге болады: *құттықтау* «приветствие» (приветственная речь – құттықтау сөз), *құтықтау* «поздравление». Ал *тұттығу* – *тұтығу*, *тұттықпа* – *тұтықпа* вариантының геминациямен айтылатын нұсқасын (экспрессиялық өң, көне реңк т.б. мақсатта жұмсауды қажетсінеуге байланысты) сөз қолданыста бірте-бірте ығыса бастаған деуге болады. Сондықтан орфографиялық сөздікте бұл сөз жалаң **т** нұсқасында берілген.

Геминация құбылысына байланысты екі түрлі вариантта жазылып жүрген сөздердің бірі – *жедді* (жеддінің айы, жеддінің жұлдызында; жедінің айы, жедінің жұлдызында), *мұкамал* – *мұкамал*. Сөйлеу тілінде *жеді*, *мұкамал* түрі ұшырағанмен, *жедді*, *мұкамал* нұсқамының тұрақты орын тепкен жері – кітаби, көне контекст. Орфографиялық сөздікте бұл варианттың геминацияланған түрінің (жедді, мұкамал) берілуі сондықтан.

Сонымен, кейбір сөздердің құрамына геминацияланған дауыссыздардың болуы мынадай құбылысқа саяды деуге болады: а) геминацияланған дауыссыздар бір сөзден екінші бір сөзді ажыратып тұрады. Оларға дауыссызды геминациясыз жалаң түрде айтуға болмайды. Ондай жағдайда сөздің тұрқы бұзылды, мысалы: *әккі*, *күллі*, *мұттайым* т.б. сөздердегі дауыссызды геминациясыз айту мүмкін емес; ә) кей жағдайда сөз құрамындағы дауыссызды геминацияланған түрде де (мүдде, ләззат т.б.), жалаң түрде де (мүде, мәзат т.б.) айтуға болады. Бірақ сөздің геминациялы вариантының экспрессиялық реңкі басым болады; б) гемината дыбыстар сөзге көнелік реңк үстейді (жедді, жаббар, ләббай т.б.). Экспрессиялық, көнелік реңктері актуализацияланған мұндай варианттар нормалаушы сөздіктер арқылы кодификацияланып отырады. Алайда *зәрредей*, *биссімілда*, *алда* (алла деген мағынада), *жеді* (ескіше айдың аты), *жаппар*, *ләппай* тәрізді варианттардың нормалаушы сөздікте алынбауы олардағы экспрессиялық (зәрредей), көнелік – кітаби (молла), сөйлеу тілі (жеді, алда, әмме, жаппар, ләппай т.б.) тәрізді реңктерінің актуализацияланбауына байланысты деуге болады. Ал *жәппелдемеде*, *ізет* тәрізді геминацияланған варианттарды экспрессия тұрғысынан қажетсіну жәппелдемеде, *ізет* нұсқаларына қарағанда басым деуге болмайды. Сондықтан орфографиялық сөздікте оларды *ізет*, *жәппелдеме* түрінде беру тиімді.

Қазақ орфографиясындағы кейбір қиындық сөз аяғында кездесетін синкопа, эпитеза, апокопа тәрізді дыбыс құбылыстарымен байланысты. Әсіресе аяқ шені кейбір дауыссыздар тіркесіне біткен ауыс-түйіс сөздердің фонетикалық игерілуі көп вариантты болып келеді. Мысалы *бақт*, *тақт*,

дост, дәст т.б. парсы, араб сөздері қазақ тілінің фонетикалық заңдылығына орай үш түрлі жолмен игерілгендігін байқауға болады.

1. Сөз аяғында іргелес келген екі дауыссыздың аралығына қысаң дауыстыны селбестіріп айту: *уақт – уақыт, бақт – бақыт, тәрк – тәрік, тақт – тақыт.*

2. Сөз аяғында іргелес келген екі дауыссыздың соңғысын түсіріп айту: *уақт – уақ, бақт – бақ, дост – дос, тақт – тақ, дәст – дәс* (дәс орамал).

3. Сөз аяғында іргелес келген дауыссыздың соңына қысаң дауыстыны қосып айту: *уақт – уақты, бақ – бақты, дост – досты, дәст – дәсті.*

Үшінші тәсілмен игерілген *тақты, бақты, досты, дәсті* деген атау тұлғалы сөздер көбіне байырғы мұралар тілінде жиі кездеседі.

Орыс тілінен енген қоғамдық-саяси және ғылыми-техникалық терминдердің және кейбір атаулардың қосымшалармен түрленуінде осы үш түрлі тәсілдің «Қазақ орфографиясының ережесі» бойынша (1957 жыл) екіншісі (синкопа) мен үшіншісі (эпитета) жиі қолданылады.

Синкопа	Эпитеза
машинист – машиниске, машинистер	асбтракт – абстрактіге такт – тактіге
ориенталист – ориенталиске, ориенталистер	киоск – киоскіге фонд – фондыға
асбест – асбеске, асбестер	стенд – стендіге
съезд – съезге, съездер	шрифт – шрифтіге
поезд – поезға, поездар	митинг – митингіге

Бұл типтес сөздердің кейбірі бірде синкопа түрінде жазылса, бірде эпитеза түрінде жазылып жүр: *космонавт – космонавтыға – космонавқа, аэронавт – аэронавтыға, аэронавқа, аргонавт – аргонавтыға – аргонавқа, гидронавт – гидронавтыға, терапевт – терапевтіге – терапевке, астронавт – астронавтыға – астронавқа* т.б. Қазіргі жазу тәжірибемізде – **вт, -зд, -ст** дауыссыздар типіндегі атауларды қосымша жалғанғанда (пост – постыға, тест – тестіге тәрізді бірбуынды бірер сөзді еске алмағанда) синкопалық вариант түріндегі жазу дағдыға айнала бастады.

Сөз аяғындағы дыбыстық құбылыстық бірі – апокопа. Сөз аяғындағы дауыстыны түсіріп немесе түсірмей қолдануға байланысты әртүрлі жазылып жүрген сөздер бар. Солардың біршама толық тізімі мына тәрізді:

алхоры – алхор	зәндемі – зәндем
әзірейлі – әзірейіл	зәуі сайтан – зәусайтан
бекзат – бекзада	кешене – кешен
бордақы – бордақ	қажы – қаж (діни)
бағана – баған	контора – контор
бидайы – бидай	көке мылжың –

(жастықтың бидайысы) дабыра – дабыр	көк мылжың қайны – қайын
дағара – дағар ерсілі – қарсылы қарысы, қары) ерсіл – қарсыл қас сұлу	қақа басы-қақ басы қары - қар (қолдың каса сұлу –
ертегі – ертек зейне – зейін	қодыға – қодық құры – құр (құры босқа, құр босқа) нәсібе – нәсіп нысана – нысан нышана – нышан
сағана – саған сигарета – сигарет таразы – тараз тәйірі – тәйір тәңірі – тәңір түгілі – түгіл уағза – уағыз шабдалы – шабдал шілтері – шілтер шаштаразы – шаштараз	

Осы параллельдерді, сырттай көз салғанның өзінде, бір ғана дыбыстық құбылыстың шеңберінде қарауға болмайды. Бұл параллельдердің пайда болуы кем дегенде төрт түрлі құбылысқа саятын тәрізді.

1. *Тәңірі, ертегі, бидайы* (жастықтың бидайысы), *алхоры, шабдалы, шілтері* тәрізді сөздердің *тәңір, тәйір тәйірі* (тәңірі), *ертек, бидай* (жастықтың бидайы) *алхор, шабдал, шілтер* түріндегі вокалсыз варианттың пайда болу себебі ашық буынның шектен тыс шоғырлануынан «қашу» тенденциясына байланысты болуы мүмкін. Әсіресе тәуелдік жалғау қосылғанда, мысалы, *тәңірісі, шабдалысы, алхорысы* сөздегі ашық буынның саны көбейіп, сөйлеуші үшін біршама физиологиялық қолайсыздық туғызуы ықтимал.

2. Бұл параллельдердің ішінде *бағана-баған, көке мылжың – көк жылжың* тәрізді түркі-монғол тілдеріне ортақ сөздер бар. *Көкемарал* (немес маралоты) сөзіндегі *көке* де монғол элементі. Мұндағы *көке, бағана* монғол тілінен ауысқан.

3. Жоғарыда айтылған жарыспалы бұл сыңарлардың ішінде өзге тілден екі түрлі тұлғада енген сөздер бар. Мысалы: *заман – замана* (азмәне парсы тілінің көптік тұлғасындағы сөз), *нысан – нысана, нәсіп – нәсібе, бекзат – бекзада* парсы тілінен жарыса енген параллельдер.

Жоғарыда көрсетілген параллельдердің кейбірі қазіргі әдеби тілде кодификацияланып, семантикалық дербестікке (ертегі «сказка», ертек «сказание», шаштараз «парикмахерская» шаштаразы «парихмахер», дабыр «у-шу» дабыра «даурықпа» сөз т.б.), стильдік реңкке ие бола бастағандары да бар (уағза көне; уағыз бейтарап, замана поэтикалық, заман бейтарап т.б.). Ал *қодық – қодыға, зейін – зейне, шілтер – шілтері* тәрізді параллельдердің дауыстымен айтылатынын сыңарларына орфографиялық сөздіктердің басылымдарына регламент қойыла бастады.

4. Орыс тілінен енген кейбір сөздердің екі түрлі қолданылуы да апокопа құбылысымен байланысты. Мысалы: *контор – контора, сигарет – сигарета, гитар – гитара, папах – папаха, фанер – фанера, награда – награда, идиом – идиома* т.б. осы типтес жарыспалы сөздердің жазылуын бір ізге салу үшін алдымен бұл құбылыстың себебіне назар аудару қажет тәрізді.

Орыс тілінен енген кейбір сөздердің соңғы дауыстысын қазақ тілінде сөйлеуші түсіріп айтуы ықтимал. Мысалы: *координата – координат, диет – диета, арматура – арматур, анкета – анкет, идиома – идиом, карьера – карьер* т.б. Ал кейбір сөздердегі соңғы дауыстыны түсіріп айту мүмкін емес: *кафедра, плита, шкала, тайга, техника, галифе* т.б. Бұл сөздердегі соңғы дауыстының қазақ сөзінде (в речи) апокопаға ұшырамауының өзіндік себебі бар. Орыс тілінің дыбыс заңдылығы бойынша екпін түсетін дауыстыдан кейінгі дауысты (заударный гласный) басқаларға қарағанда сапалық редукцияға көбірек ұшырайды. Міне, сондықтан қазақ тіліне ертеректе ауызша канал арқылы енген *минута, секунда, газета, цифра, контора* сөздері жазба тіл каналы арқылы игерілген ғылыми-техникалық, қоғамдық-саяси терминдері, номенклатуралық атауларды (екпіннен соңғы дауыстының редукциялануына қарамастан) вокалды вариант түрінде қолдану тіл тәжірибесінде дағдыға айнала бастады. Мысалы: *амплитуда, планета, директива, фонема, фраза, акула* т.б.

Тіл – жүйелі құбылыс. Әдеби тілдің нормасы, оның ішінде жазу нормасы, алдымен тілдік жүйеге негізделеді. Алайда жүйе бар жердің бәрі бірдей әдеби тілдің нормасы бола бере ме? Кейбір жағдайда тілдік жүйенің өзі екі немесе үш түрлі болып жарыса қолданылуы ықтимал. Олардың қайсысы әдеби тіл нормасына лайық деп танылуы керек?

Мәселен, кейбір түбір сөздерде түбір мен қосымшаның жігінде *л/д* дыбыстарының алмасу құбылысы *л* және *д* вариант түріндегі екі түрлі жүйеге саяды.

«а» тобы		«ә» тобы	
«д» вариант	«л» вариант	«л» вариант	«д» вариант

ақтаңдақ айда: нәсіп айдаса аңда аңды	ақтаңлақ айла: нәсіп айласа аңла аңлы	ақшалай барлы-жоқты бірлі-жарым	ақшалай барды-жоқты бірді-жарым
дуадақ көңлі маңдай	дуалақ көңлі маңлай	екіншілей ескілей жылылай жаңалай	екіншідей ескідей жылыдай жаңадай
мәнді мұңдас мұңлы оңды өңді пандық сандық сіңлі таңдай таңда теңдік теңде теңдеу түндік тыңда шыңда шыңды	меңлі мұңлас мұңлы оңлы өңлі еңлі паңлық саңлақ сіңлі таңлай таңла теңлік теңле теңлеу түңлік тыңла шыңла шаңлы	кәрлен қаралай немқұрайлы өлілей пісілей тірілей ұшты-күйлі шикілей ыссылай	кәрден қарадай немқұрайды өлідей пісідей тірідей ұшты-күйді шикідей ыссыдай

Жалпы халықтық тілдегі осы екі түрлі жүйенің қайсысы әдеби тілдің нормасына лайық? Басқаша айтқанда, қай жүйе тіл дамуының объективті заңдылығына бейнелейді? Л және д вариант түріндегі екі түрлі жүйенің әдеби нормаға лайықтысын талғап алуда қандай негізге сүйенеміз? Олардың қайсысы әдеби тіл нормасына лайық деп танылуы керек? Нормалаушы сөздіктерде) ондай сөздіктің бірі қазақ тілінің орфографиялық сөздіктегі (негізінен «а» тобындағы сөздердің «д» варианты берілген (саңлақ – саңдақ тәрізді бірер сөзді еске алмағанда). Қазақ диалектологтерінің зерттеулерінде осы топтағы «л» вариант (маңлай, таңлай т.б.) әдеби тілге, өзге диалектілерге қарама-қарсы қойылып, оңтүстік-шығыс диалектизм болғандықтан, әдеби тілдің нормасына жатпайды деуге болмайды [41, 141б.]. Егер тілдің даму тенденциясына лайық болса, кез келген жүйе, диалектизм екендігіне қарамастан, әдеби тіл нормасына айналуы ықтимал.

Ал «ә» тобындағы сөздер – «а» тобындағы сөздерге кереғар.

Нормалаушы сөздіктерде «д» вариантқа қарағанда, «л» вариант сөздердің саны басымдау (жылылай, ақшалай, екіншілей т.б.). «Ә» тобындағы «д» вариант сөздердің (ақшадай, барды-жоқты, бірді-жарым т.б.)

таралу шегі «а» тобындағы «л» вариант (маңлай, таңлай, түңлік т.б.) сөздердей айқындала қоймаған. Бұл топтағы л/д алмасуы, бәлкім, жалпы халықтық тілдегі құбылыс болуы мүмкін.

«Ә» тобындағы сөздер орфографиялық сөздікте (1978) әркелкі берілген. Сөздіктен «д» вариантты да, «л» вариантты да ұшыратамыз: жылылай, шикілей, тірілей, қарадай, кірден (кәрлен емес), тірідей т.б.

Тілдің ішкі даму тенденциясына қай жүйенің «л» немесе «д» варианттың сәйкес келетіндігін анықтап, нормалаушы сөздіктерде тиянақтай түсу үшін мынадай заңдылыққа назар аудару қажет. Лингвистика тарихында младограмматиктердің тіл дамуында аналогия заңының айрықша мәнін ашқандығы мәлім. Бұл заңдылық бойынша тілдегі аса өнімді модель өнімсізге ықпал етіп, бірдейлестіріп отырады. Тіл-тілде кейбір құбылыстар аналогия заңдылығы арқылы айқындалатындығы да белгілі.

Қазақ тілінде сөздердің көптік қосымшамен түрленуі – аса өнімді әрі көне модельдердің бірі.

«Қолданылу аясы, дистрибуциялық ерекшелігі мен білдіретін мағыналарының сипаты *-лар* аффиксінің морфологиялық элемент ретінде дамудың ұзақ жолынан өткендігі және негіз тілдің өзінде болғандығының ешбір даусыз екендігін көрсетеді деп, үзілді-кесілді айтуға болады» [43, 83б.].

Әрі өнімді, әрі көне модель көптік қосымшасы варианттарының жалғану жүйесіне назар аударып көрейік. Бұл қосымша дауыстылар мен *р, й, у* дыбыстарынан соң *-лар, -лер* (*балалар, қарлар, сайлар, баулар*), үнділерден соң *-дар, -дер* (*күндер, шамдар, жолдар, тұздар* т.б.), қатаңдардан соң *-тар, -тер* (*аттар, кітаптар* т.б.) түрінде жалғанатындығы белгілі. Әрі сөз тудырушы, әрі форма тудырушы *-лық, -лік* қосымшасының *-ла, -ле* аффиксінің жалғану жүйесі осы тәрізді. Бұлар да аса өнімді, абстракциялау қасиеті жоғары қосымша. Бұндай өнімді қосымшалардың «л» вариант түрінде саралануы, қатаң жүйеге түсуі бірден пайда бола қойған жоқ. Бұл – тілдің ұзақ уақыт барысында пайда болған ең бір ықпалды жүйе. Алдымен көптік категориясы көрсеткішінде, өнімді қосымшаларда (*-лық, -лік*) саралана түскен осы модель жалғану өрісі шектеулі аффикстерге де аналогия заңы бойынша ықпалын тигізе бастаған. Ассимиляцияның бұл түрі қосымшалардың жалғану жүйесіндегі негізгі бағытты байқатады. Осы бағыт арқылы л/д дыбыс алмасуына байланысты екі түрлі жүйенің әдеби тіл нормасына лайықтысын сөздіктер арқылы тиянақтай түсуге болады. Олай болса, жоғарыда аталған «а», «ә» тобындағы сөздерге аффикстердің дауыссыздардан соң «д» вариант, дауыстылардан және р-дан соң «л» вариант түрінде жалғануына артықшылық беру қажет. Мысалы: вариант түрінде жалғануына артықшылық беру қажет. Мысалы: а) *аңды* (аңлы емес), *меңді* (меңлі емес), *оңды* (оңлы емес), *түндік* (түңлік емес), *саңдақ* (саңлақ емес), *ақшалай* (ақшадай емес), *бірлі-жарым* (бірді-жарым емес), *жылыжай* (жылыдай емес), *тірілей* (тірідей емес), *ұшты-күйлі* (ұшты-күйді емес), *кәрлен* (кәрден емес), *немқұрайлы* (немқұрайды емес), т.б.

Осы арада кейбір жеке сөздің де жазылуын да айқындап алу қажет. Баспасөз беттерінде *түндік*, *түңдік* делініп әркелкі жазылып жүр. Орфографиялық сөздікте *түндік* делініп берілген. Бұл сөзді дыбысталуы жағынан ұқсас *түн* сөзіне теліп, *түндік* түрінде берілуінің дұрыс еместігі байқалады. Өйткені жоғарыда келтірілген мысалдарға, «а» тобындағы сөздерге, назар аударсақ, *л/д* алмасуы тек мұрын жолдың *ң* дыбысынан кейін болатын құбылыс (*маңдай-маңдай*, *сандақ – саңлақ* т.б.). Ал *ң* сонатынан соң *л/д* дыбыс алмасуына тілдік факт жоққа тән. Басқаша айтқанда, *н*-нен кейін дыбысының алмасуы системада жоқ. *Л/д* дыбыстары *ң* сонантымен іргелес келгенде алмасатын (оңды-оңлы, теңдеу-теңлеу т.б.) ерекшелігін ескерсек, *түндік* (*түңлік* емес) түрінде жазылуы тілдік жүйеге сәйкес келеді.

Кейбір түбір сөздердің жазылуы (айтылуы да), сырт қарағанда, жоғарыда айтылған жүйеге қайшы келеді. Мысалы, *сіңлі*, *қаңлы* (ру аты) сөздері *л/д* дыбыстарының алмасу ерекшелігі бойынша *сіңлі*, *қанды* түрінде қолданылуға тиіс тәрізді. Бірақ осы сөздердегі *ң* мен *л*-дың аралығында селбеспе қысаң дауысты бар: *сіңілі*, *қаңылы*. Екі сонанттың (*ң* мен *л* дыбысының) аралығы қысаң дауыстылардың абсорбцияға ұшырауына өте қолайлы.

Сонымен, жоғарыда айтылғандардан тілдік система тілдік нормаға арқау болатындығын байқадық. Бірақ тілдік система мен тілдік норманың арасында тепе-теңдік белгісін қоюға болмайды. Өйткені система мен тілдік норма бір-бірімен қаншалықты тығыз байланысты болғанымен, өз алдына дербес құбылыстар.

2.6 Біріккен сөздердің орфографиясы

Қазақ орфографиясында шешімін таппай келе жатқан қиындықтардың бірі – құрама сөздердің бірге я болмаса бөлек жазылуы.

Біріккен сөз тәрізді аса күрделі құбылысты танып-білуде проф. Қ.Жұбановтың ғылыми-лингвистикалық концепциясының мәні айрықша болды [44].

Біріккен сөздердің үлгісі «Орфографиялық негізгі ережеде» (1938, 1958, 1983) беріліп, әсіресе акад. Р. Сыздықтың ғылыми редакциясымен шыққан үлкен «Орфографиялық сөздіктің» [45] және «Анықтағыштың» [46] басылымдарында екі түбірден құралған терминдердің, жан-жануарлар, өсімдік, тұрмыс, шаруашылық заттары, салт-дәстүр т.б. атаулары бірге таңбаланып, нормаға түсті.

Қазақ тілі білімінде сөздердің дыбыстық жамылғысы жағынан бірігуі, негізінен, сегменттік бірліктер деңгейінде қарастырылды. Қатар келген екі сөздің құрамындағы дауысты/дауыссыздардың түсіп қалуы немесе өзге бір дыбыстарға алмасуы (*қазанған*, *бұл жыл – бұ жыл – биыл*; *қол қап – қолған* т.б) сөздің формалық жақтан бірігуінің белгісі ретінде алынды.

Алайда екі сөздің формалық жақтан бірігуін тек сегменттік бірліктер деңгейінде қарау жеткіліксіз екені байқала бастады. Бұл құбылыс, түптеп келгенде, ондаған ғана сөздің көлемімен шектеледі.

Ал, шынында, сөздің материалдық жағынан бірігуі тек сегменттік деңгейде ғана жүзеге асатын құбылыс па? Суперсегменттік деңгейдегі белгілер сөздің біріккендігінің көрсеткіші бола ала ма? Бұл мәселе кезінде профессор Қ.Жұбановтың біріккен сөз туралы теориялық концепциясында айтылған. Екпін қызметіне жете көңіл аудару қажеттілігін көрсетеді. Ғалым сонау 30-жылдардың кезінде-ақ екі сөздің бір негізгі екпінге бағынуын біріккендіктің ерекше тұлғалық белгісі ретінде көрсеткен болатын.

Сондай-ақ мағынаны біртұтас құбылыс ретінде ала отырып, сөздердің мазмұн жағынан бірігуін қарастырудың әдіс-тәсілі әлі де жеткіліксіз болып отырғанын байқаймыз. Мағынаның ішкі құрылымдық бірліктеріне тән ерекшелікке тереңдеп бармай, екі сөз бірігіп, басқа бір жаңа мағынаны береді деген жалпылама тұжырыммен мәселе шешілмейтіні де белгілі болды. Мұндайда, бәрібір, екі сөздің бірігуі, жаңа мағына беруі немесе әрқайсысы өзінің дербестігін сақтап қалуы т.б. мәселелер кейбір тұстарда шешілмеген, даулы күйде қалып қояды.

Осымен байланысты Қ.Күдеринаның [47] мазмұндағы «жаңалықты» күрделі семантикалық құрылым ретінде ала отырып, мағыналық өзгерістерді оның ішкі құрылымындағы элементтердің сыр-сипатынан іздейтін, сөз мағынасының ішкі құрылысындағы өзгерістерді сигнификаттық (семалық бөлшектерден), денотаттық, коннотаттық, прагматикалық, компоненттерден іздейтін зерттеу монографиясы мен мақалалары жарық көрді. Екі сөздің тіркесінде лексемалардың мазмұнындағы кейбір компоненттер өзгеріп, қайсыбірі өзгеріске ұшырамауы ықтимал. Зерттеуші біріккендіктің мағына деңгейіндегі белгілерін осы аталған компоненттердің ерекшеліктерінен іздестірудің мәні айрықша екеніне ерекше көңіл бөлді.

Біріккен сөз құбылысын лексикология, морфология, сөзжасам, синтаксис, орфография ыңғайында қарастырған зерттеулерде проф. Қ. Жұбановтың концепциясында көрсетілген белгілер негізге алынған деуге болады.

Г. Жәркешова «Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі біріккен сөздер» [48]; «Біріккен сөздердің кейбір мәселелері» [49]; т.б зерттеулерінде екі сөздің бір мағына беретіні, сөйлемнің бір мүшесі болып жұмсалатыны, сөз жігінде дыбыстық өзгеріске ұшырайтыны, бір екпінмен айтылатыны тәрізді белгілерді негізге алады. Проф. М.Балақаев [50] біріккен сөздерді сөз тіркестерінің құрамымен салыстыра отырып, олардың сөз тіркесінің бір сыңары болып жұмсалатынын көрсетеді: бозторғай – құлақты бозторғай, сақара бозторғайы, сібір бозторғайы; қараторғай – бозғылт қараторғай, қара қараторғай, күлгін қараторғай т.б

Кіріккен сөзге байланысты проф. А.Ысқақов екпін кіріккен сөзді жай сөз тіркесінен әрі ерекшелендіретін, әрі ажырататын негізгі белгінің бірі дей отырып, «Біріккен сөз деп, компоненттері мағына жағынан да, форма жағынан да елеулі өзгерістерге ұшырамай-ақ өзара бірігіп, жинақталған біртұтас лексика-семантикалық мағына білдіретін күрделі сөзді айтамыз» дейді [51,106].

Алайда қазіргі кездің өзінде бірге/бөлек жазылуы даулы көрінетін сөздердің саны олардың тиянақ тапқан түрлерінен әлі де болса аз емес. Сонымен бірге әртүрлі басылымдарда, әсіресе мерзімді баспасөз беттерінде сөздерді біріктіріп жазу үрдісі соңғы 10-15 жылда күшейе түсті. Бірге/бөлек жазылуы даулы көрінетін жаңа ұғымдар пайда болды. Мұндайда орфография сөз байлығын арттыруға тежеу болмауға тиіс. Сондықтан біріккен сөздердің өзге ұқсас құбылыстармен ортақтасатын және олардан өзгешеленетін тұстарын іздестіріп, олардың орфографиялануын негіздей түсу қажет. Бұл ретте Қ.Жұбановтың ой-тұжырымдарының ретроспективті де, перспективті де маңызы ерекше екені байқалады.

Біріккен сөзді (Қ.Жұбановтың терминологиясы бойынша кіріккен сөз – Н.У.) өзге де ұқсас құбылыстармен салыстыра келіп, ғалым олардың айырым белгілерін айқындап, анықтамасын былай деп көрсетті:

«Бірнеше сөз қосылып, бір ғана екпінге – ең соңғысының екпініне бағынып, кейде бәрінің не біреуінің сыртқы формасы өзгеріп, не өзгермей-ақ, бәрінің не біреуінің бұрынғы мағынасы өзгеріп, сондықтан бәрі жиналып, бір-ақ нәрсенің аты болып, бір-ақ мағына беретін, сөйлемде бір-ақ мүше болып, бір-ақ сөздің орнына жүретін болса, осыны кіріккен сөз дейміз» [44, 249б.].

Осы анықтаманы біршама таратып айтсақ, біріккен сөздің ғалым көрсеткен белгілерін бірнеше деңгейге қатысты екенін байқаймыз:

1. бір екпінге бағынатыны – суперсегменттік деңгей (1);
2. сыртқы формасының өзгеруі/өзгермеуі – сегменттік деңгей (2);
3. бәрінің/біреуінің мағыналарының өзгеруі – коннотативтік деңгей (3);
4. бір нәрсенің аты болуы – денотативтік деңгей (4);
5. бір мағына беруі – сигнификативтік деңгей (5);
6. сөйлемде бір мүше болып жұмсалуды – синтаксистік деңгей (6);
7. бір сөздің орнына жұмсалуды – лексемалық деңгей (7);

Қ.Жұбановтың концепциясы, біріншіден, сөздің біріккендігін материалдық жақтан тек сегментті бірліктер ғана емес, суперсегментті бірліктер деңгейінде қарау; екіншіден, мазмұн межедегі өзгерістерді мағынаның ішкі құрылымдық компоненттері деңгейінде қарастыру, үшіншіден, біріккен сөз статусын форма мен мазмұнның бірлігі тұрғысынан кешенді түрде қарау дегенге саяды. Өйткені мазмұндағы өзгеріс форма жағынан қолдау тапса, сондай-ақ форма жағындағы өзгеріс мазмұн жағынан қолдау тапса ғана, ондай күрделі құрылымдар біріккен сөз ретінде жазуда бірге тұлғалануға тиіс.

Орфографиядағы өзге қиындық бір басқа да, құрама сөздердің жазылуына байланысты қиындық бір басқа деуге болады. Мысалы, бозторғай, қараторғай, қарабидай, желбау, уықбау, ауылшаруашылық т.б. толып жатқан сөздер әр түрлі басылымдарда әркелкі жазылып жүргендігі жиі байқалады. Тіпті лингвистикалық сөздіктердің (орфографиялық, түсіндірме сөздік, орысша-қазақша сөздік, терминологиялық сөздіктер т.б.) өзінде кейбір сөздер бірге жазылса, сол сөздердің кейбірі бөлек жазылған. Мұндай фактіні, жасыратыны жоқ, жиі кездестіруге болады. Орфография

мәселесін сөз еткен мақалаларда, рецензияларда көбіне сөздердің бірге не бөлек жазылуына байланысты ала-құлалықтар сынға алынып жүруі де орынсыз емес. Бір ғана мағынаны білдіретін, бір ғана заттың атауы болып саналатын екі сөз неге бөлек жазылады? Екі сөз бірігіп барып бір ғана мағынаны, бір ғана ұғымды білдіретін болса, ондай сөздер бірге жазылмай ма? Мысалы, *тасбақа, құрбақа, көлбақа*, т.б. сөздердің бір заттың атауы екендігі де, бір ғана мағынаны білдіретіндігі де рас. Сондай-ақ *сүйір тұмсық көл бақа, қызыл аяқ бақа, бақылдауық бақа* дегендер де бір ғана заттың (бақаның белгілі бір түрінің) атауы бір ғана мағынаны білдіреді. Осы типтес құрама сөздер бірге жазыла ма, әлде бөлек жазыла ма? Мысалы, *ит қонақ* (тимофеевка), *ат қонақ* (бор, могоар), *сор қонақ* (поташник), *май қонақ* (верблюдка) т.б. сөздер бір ғана мағынаны білдіреді, бір ғана заттың (өсімдіктің) атауы болып жұмсалады. Алайда *қара өрік – слива, тікенді ошаған – репейничек, құм тары – росичка, түйме шетен – пижма, сары тұңғиық – кубышка, қара ырғай – кизильник, бал шытыр – медуница, бөрі – лобия, майлы бұршақ, кептер бұршақ* т.б. дегендер де бір ғана заттың атауы, сыңарлары бірге таңбалана ма, әлде бір-бірінен бөлек таңбалана ма?

Мұндай сұрауға үзілді-кесілді жауап беру қиын. Дегенмен құрама сөздердің жазылуын сөз етпес бұрын, алдымен олардың өздеріне тән белгілері мен ерекшеліктеріне назар аудару қажет тәрізді. Құрама сөздер – жалпы тіл білімінің де, жеке тіл білімінің де (ағылшын, орыс) аса бір қиын саласы.

Өйткені құрама сөздердің жалаң сөздермен, еркін сөз тіркесінен, фразеологиялық тіркестен жігін, шекарасын айыру көп жайғдайда оңай бола бермейді.

Қазақ сөзі өзінің құрама жағынан мынадай топтарға бөлінетіндігі белгілі.

I. Жалаң сөздер: *ағаш, үй, бала, шаруашылық, мұхит, ай, жыл, сана, дәуір, мектеп, кітап, қағаз* т.б.

II. Құрама сөздер немесе күрделі құрама сөздер (проф. К.Аханов) төрт топқа бөлінеді.

1. Күрделі сөздер.

а) **күрделі зат емес:** *ауыл шаруашылығы, ауыз әдебиеті, аса таяқ, соқпақ жол, ата мекен, қалбағай омыртқа, кіндік шеше* т.б.;

ә) **күрделі сын есім:** *ақ боз (ат), ал қызыл (орамал), қызғылт қоңыр (тас), ақ шаңқан, шаңқан боз, ақсары (адам), сары шұбар, қара ала, күйік сары, құрым сары, көк ала, ақ сұр* т.б.;

б) **күрделі етістіктер:** *келе жатыр, кешігіп қала жаздады, қайнап кетті, бұртете қалды, жалп ете түсті* т.б. ;

в) **күрделі үстеулер:** *түс әлетінде, түн ортасында, түс кезі* т.б. ;

г) **күрделі сан есімдер:** *он тоғыз, қырық бір, бір бүтін оннан екі, жиырма бес, төрттен екі, үштен бір, бір мың тоғыз жүз, сексен алты* т.б.

2. **Қос сөздер:** *бала-шаға, қоян-қолтық, үйме-үй, тау-тау, жекпе-жек, дақ-дәулет, бес-алты, он-он бес, бірлі-жарым* т.б.

3. **Біріккен сөздер:** *өнеркәсіп, балабақша, кәсіподақ (кәсіпшілер одағы), жаужұмыр (өсімдік), қолғап, қосаяқ (тышқан), кезқұйрық (құс), итарқа (шатырдың түрі), алаөкпе (ауру), өнертабыс, шамшырақ, ешкім, ешқандай, әлдекім, әлдебіреу* т.б.

4. **Қысқарған сөздер:** *ауатком, әсерком, агроөнеркәсіп, автодүкен* т.б.

Міне, осындай қысқаша мысалдың өзінен-ақ құрама сөз құрылымының әлдеқайда күрделі және жазылуының әр түрлі екендігін (бөлек, бірге, сызықша арқылы) байқауға болады. Дегенмен құрама сөздердің бәріне ортақ басты-басты белгілер бар. Құрама сөздің қай-қайсысы болсын, мейлі ол күрделі зат есім (*ауылишаруашылық, кіндік шеше, ата мекен* т.б.), күрделі сын есім (*қызыл қоңыр, қара барқын, ақ сары, құрам қызыл* т.б.), күрделі сан есім (*қырық бір, он тоғыз, төрттен бірі*) болсын, қос сөз болсын (*тау-тау, үлкен-кіші, үйлі-баранды, ыдыс-аяқ, қып-қызыл* т.б.), біріккен сөз болсын (*өнеркәсіп, қолбасшы, арасалмақ, бұзаубас* т.б.), қысқарған сөз болсын, олар белгілі бір заттың (өлшемнің, түр-түстің, іс-әрекеттің атауы (номинациялық қызметі) болып, бір мағынаны білдіріп (семантикалық қызметі), сөйлемнің бір ғана мүшесі ретінде (синтаксистік қызметі) қызмет атқарады. Қазақ орфографиясының тәжірибесіне сүйенсек, құрама сөздің бір ғана заттың атауы болуы, бір ғана мағынаны білдіруі, сөйлемнің бір ғана мүшесі ретінде жұмсалуды олардың бірге не бөлек жазылуына таяныш бола бермейді. «Егер құрама сөз бір ғана заттың атауы болып жұмсалса, бір ғана мағынаны білдірсе, бір ғана синтаксистік қызмет атқарса, оларды неге бірге жазуға болмайды?» деген заңды сұрау туады (мысалы, *жиырма сегіз* бір ғана қимылдың атауын білдіреді).

Бұл аталған үш белгіге (триадаға) сүйенсек, қас не көздің арасында: көзді ашып-жұмғанша, деген фразеологизмдерді де біріктіріп жазған болар едік. Өйткені бұл тіркестер де «тез, тым шапшаң» деген бір ғана мағынаны, ұғымды білдіріп, бір ғана қимыл амалының атауы болып тұр. Бірақ жазу тәжірибеміз мұндай сөздерді біріктіріп жазуға ырық бермейді. Себебі осы аталған фразеологизмнің сыңарлары тілдік бірлік (единица) ретінде өз дербестігінен айырылған жоқ. Күрделі сан емес, күрделі сын есім, күрделі зат есім сыңарларының бөлек-бөлек таңбалануының қазақ орфографиясында дәстүрге айналуы олардың тілдік бірлік ретінде өз дербестігін сақтауына байланысты деуге болады.

Сонымен, құрама сөздердің бәріне ортақ үш белгіден басқа жеке-жеке белгілер де болуға тиіс. Сол жеке белгілер құрама сөз типтерін (күрделі сөздер, қос сөздер, біріккен сөздер, қысқарған сөздер) бір-бірінен өзгешелеп тұрады. Мысалы, құрама сөздің бір типі – күрделі сан есім, күрделі сын есім, күрделі зат есімдердің әр сыңары тілдік бірлік ретінде біршама сөз дербестігін сақтауы – осы аталған сөздер тобына тән жеке белгілердің (частные признаки) бірі.

Құрама сөздердің екінші бір типінің сипаты бұлардан (күрделі сөздерден) басқаша. Бұл топқа белгілі сыңарларының мағынасы көмескіленуі, контаминацияға ұшырауы арқылы дербестігінен айрылған

құрама сөздер жатады. Құрама сөздердің бұл типі біріккен сөздер деп аталады. Мысалы: *жаужұмыр, сайгүлік, ендігәрі, қолғап, жаушымылдық (пион), ашудас, белбеу, күздігүрі, қозмалдақ, жаздыгүні, әумесер, қыстыгүні* т.б.

Бұл типтегі құрама сөздердің бірге жазылуына олардың дыбыстық контаминацияға ұшырауы тәрізді жеке белгілері сүйеу болады. Бірақ бұл белгі өте шектеулі, санаулы сөздерді ғана қамтиды.

Құрама сөз сыңарларының өз дербестігінен біршама айырылуының тағы бір жолы бар. Құрама сөз сыңарларының мағыналық контаминацияға ұшырауының нәтижесінде, үшінші біртұтас мағына пайда болады да, біріккен сөзге айналады. Бұл аталған жеке белгі де құрама сөзді біріккен сөз деп тануға мүмкіндік береді де, тұтас тұлғалауға таяныш болады. Мысалы: тоқтыбалақ (құс), таукүдірет (құс), өнеркәсіп, ақжаулық (этно.), қызойнақ, атжалман, бірқазан (құс), сушықара (құс), тазқара, тастүлек, қолбала, қалыңмал, беташар, есепшот, кәсіпорын, көрсары, маубасбұқа (құс), тесібелді байқасқа (құс), сукөз, т.б. Осындай тәсілмен біріккен сөз әсіресе өсімдік атауларында жиі кездеседі: *қазтабан* (өс.), *желімбасақ* (өс.), *жәтелшай* (өс.), *ауқұлақ* (өс.), *балықкөз* (өс.), *бөрікқұлақ, ботакөз* (өс.), *бозкілем* (өс.), *томарбояу* (өс.), *бетіқышық* (өс.), *аққой* (жуының түрі), *биемшек* (өс.), *аққайың* (шөптің түрі), *жерсабын* (өс.), *кәріқызыл* (өс.), *кермексабын* (өс., «ушастый»), *күйісары* (өс.), *қызылқұрт* (өс. «жабник»), *көзсабақ* (окулировка), *қаратұяқ* (өс.), *қозықұлақ* (өс., «волосатик»), *қозықұйрық* (өс.), *қоңырбас* (өс., «мятник»), *қосбас* (өс., «двукисточник»), *қораматау* (өс., алаботаның түрі), *алабота* (өс.), *құлынембес* (өс.), *қоянсүйек* (өс., «песчаная акация»), *құлқайыр* (өс., «мальва»), *құлаңқұйрық* (өс.), *құртқашаш* (өс.), *қызылбояу* («подмаренник»), *қызылқұрт* (өс., «волосатик»), *қырықбуын* («хвощ»), *қасқыржем* (өс., «спаржа»), *қырыққұлақ* (өс.), *майқара* (өс., «полынь пустынная»), *майракебіс* (өс., «свербига»), *нариген* (өс.), *отсабын* (өс.), *өгізкөз* (өс., пупавка), *өгізтіл* (өс., «анхуза»), *саңырауқұлақ* (өс.), *сиырқұрық* (өс.), *сиякөк* (өс., жұпар сиякөк «льнянка душиста»), *сіргеқара* (өс.), *сіпсебас* (өс., «метлица»), *тасшүгін* (өс.), *таумасақ* (өс.), *тайтұяқ* (өс.), *текесақал* (өс., «додарция»), *теңгебас* (өс., «сусак»), *түйесіңіт* (өс.), *түйеқарын* (өс.), *түйеқұйрық* (өс.), *түйетабан* (өс.), *уқорқасын* (өс.), *үшқат* (өс., «жимолость»), *үнілмәлік* (өс.), *шашақбас* (өс., «качим метельчатый»), *шоңайна* (өс., «лопух»), *шөңгебас* (өс., «толстоголовник»); *балтажұтар* (құс), *ақсазы* (құс), *ақиық* (құс), *аққабақ* (бүркіттің бір түрі), *ақсары* (құс, «сарыч»), *ақшегір* (қыран құстың бір түрі), *алыпқара* (құс), *балтатұмсық* (құс), *бұқатана* (құс), *ақұйрық арлан* (құс) т.б.

Осы сөздердің қатарынан құрама сөз сыңарларының «бүтіннің бөлшегі» ретінде жұмсала келіп, біртұтас мағынаға ие болғандарын да жатқызуға болады: *қосауыз* (мылтықтың түрі), *қосаяқ* (тышқан), *бізқұйрық* (құс), *кезқұйрық* (құс), *бізтұмсық* (құс), *шөгелтабан* (бүркіттің бір түрі), *қаратамақ* (құс), *қарабауыр* (құс), *көкмойын* (құс) т.б.

Бірінші сыңары өсімдікке, ал екінші мүлде басқа бір затқа қатысты атаулардан жасалған құрама сөздерді біріккен сөздің қатарында қарап, тұтас тұлғалауға болады: *арнабас, гүлтәжі, долантопшы, бұлишаққын, гүлсидам, гүлсерік* (околцветник), *гүлсағақ* (цветоножка), *гүлзардақ, құртқашаш* (өс.).

Құрама сөздің дыбыстық, мағыналық контаминациясы нәтижесінде пайда болған бұл тобын біріккен сөз деп тану пәлендей дау туғызбайды. Өйткені бұл сөздердің жеке сыңары мағыналық жақтан тұтаса келіп үшінші бір лексикалық мағынаны білдіреді. Мысалы: *егеуқұйрық, өгізтіл* (өс.), атауын қазақ тілінде сөйлеушілер («егеу» және «құйрық» немесе «өгіз» және «тіл» деп дербес сөзге бөле-жара қарамайды.

Құрама сөздердің ішінде біріккен сөз қатарына қосып, бірге жазуға таяныш болатын тағы бір жеке белгіні атап айтуға болады. Ол, мысалы, құрама сөз сыңарларының бүтіннің бөлшегі ретінде жұмсалып барып, бір бүтінге айналуы. Мысалы, *гүл, жапырақ, тамыр* деген сөздер белгілі бір заттың атауы болғанымен, олар нақты бір ғана есімдікке, мысалы, шырғанаққа ғана тән емес. Олар көптеген өсімдікте кездесетін вегетативтік органдар. Сондықтан бүтіннің бөлшегі ретінде бұл сөздер (гүл, тамыр, жапырақ т.б.) белгілі бір сөздің сүйемелі арқылы нақты бір өсімдіктің атауы болып жұмсалады. Бұл тәсілмен жасалған біріккен сөздер әсіресе өсімдік атауларында жиі кездеседі. Олардың бірінші сыңары әр түрлі сөздерден, ал екінші сыңары өсімдіктің белгілі бір мүшесінің атауы болып, лексикалық бір бүтін болады. Ондай мүшелер көбіне а) көбею органдары: тамыр, мұрт, сабақ, жеміс, қат, жидек; б) транспирация органдары: жапырақ, сабақ, мұрт; в) жер үсті органдары: гүл тікен, бұта т.б. Осы аталған «бүтіннің бөлшегі» (гүл, жапырақ, тамыр т.б.) құрама сөздің тұрақты сыңары ретінде қайталанып отырады. Бұл құрама сөздер сөйлеу кезінде тіркестірілмей, дайын күйдегі тіркес ретінде қолданылады.

-гүл, -шешек: *бөрігүл, жанаргүл, көкбасгүл, наргүл, көкшегүл, қозыгүл, меруертгүл, намазгүл, секпілгүл, таугүл (омандр), шегінгүл, ымыртгүл, ақшешек, бәйшешек, гүлшешек* т.б.

-тамыр: *көгентамыр, қаратамыр, алтынтамыр, майтамыр, маралтамыр, мыңтамыр, бояутамыр* т.б.

-қат, -жеміс, - жидек, -бүлдірген: *бөріжеміс, қаражеміс, иіржеміс, бөріқарақат, қарақарақат, қожсақат, қойқарақат, қызылқат, тасқарақат, итбүлдірген, қойбүлдірген, тасбүлдірген, субүлдірген, итжидек, қаражидек* т.б.

-жапырақ: *айылжапырақ, бұйражапырақ, теңгежапырақ, жаужапырақ, мүйізжапырақ, мыңжапырақ, тасжапырақ, түйежапырақ, тікенжапырақ, шүкіржапырақ* т.б.

-тікен: *бозтікен, түйетікен, қаратікен* т.б.

Құрама сөздердің ішінде біріккен сөздердің қатарына қосып, бірге жазуға таяныш болатын тағы бір белгі бар. Ол – құрама сөз сыңарларының, мысалы, *шөп, көк, от, құрақ, шалғын, құрай, ағаш, егін* тәрізді жалпылама мәнде болуы. Дерексіз сипаттағы бұл зат есімдер белгілі бір сөздің сүйемелімен ғана нақты бір заттың (өсімдіктің) атауы болып жұмсалады.

Сондықтан бір сыңары дерексіз сипаттағы құрама сөздердің осы түрін де біріккен сөз деп танып, бірге жазуға болады.

-шөп: айдаршөп, айланшөп, ащы қарашөп, әлекшөп, балшөп, бауыршөп, ойраншөп, бөденешөп, кенешөп, жәбіршөп, жұлдызшөп, жұмыршөп, көкекшөп, кірпішөп, қандышөп, кенепшөп, қарғашөп, қорғасыншөп, қояншөп, сабыншөп, өгейшөп, сағызшөп, сүйелшөп, томағашөп т.б.

-от: ақот, қарот, киікот, балықот, маралот, семізот, бақаот т.б.

-қияқ: айылқияқ, жыланқияқ, қарақияқ, өлеңқияқ т.б.

-егін, -құрақ, -балғын, -шалғын: ақегін, көкегін, балқұрақ, бозшалғын, ақшалғын т.б.

-қурай: ақбасқурай, балқурай, қарақурай, сарыбасқурай, сепсеқурай, қызылқурай, аққурай, талқурай (вербейник) т.б.

-ағаш, -көк, -тал: әулиеағаш, қараағаш, қандыағаш, қазылағаш, сарыағаш, жаманкөк, балдыркөк, ашкөк, ақтал, көктал (ива сизая), қаратал, сауыттал, қызылтал, сабаутал, жылауықтал т.б.

Бірақ бұл қатарға изафетті тіркестің екінші түрінен (алма ағашы, өрік ағашы, сандал ағашы) ықшамдалып жасалған күрделі атаулар (алма ағаш, өрік ағаш, сандал ағаш) жатпайды.

Соңғы сыңарлары құс тәрізді жалпылама сөзбен келген құс атауларының да жазылуы осы тәрізді: *қарақұс, сарықұс, сұршақұс*.

Бір сыңары жалпылама мәнде жұмсалатын мұндай сөздердің қатарына *-аралық, -тану, -құмар, -жанды* тәрізді дерексіз ұғымдағы сөздер арқылы жасалған біріккен сөздерді жатқызуға болады: *ауданаралық, мектепаралық, облысаралық, қалааралық, колхозаралық, пәнаралық, абайтану, жамбылтану, әуезовтану, шығыстану, ұйғыртану, жаратылыстану, қоғамтану; дүниеқұмар, малқұмар, қызықұмар, әнқұмар, шенқұмар, малжанды, далажанды, әйелжанды, күйеужанды* т.б.

Ал бұл айтылғандарға керісінше, соңғы сыңары жалпылама мәнді сөздердің бірі болмай, нақты бір өсімдіктің (мия, қылша, қонақ, қаңбақ, кекіре, жусан т.б. я болмаса құстың (тырна, шағала, бүркіт, торғай т.б.) атауы болып келсе, олар күрделі зат есімдер делініп, бөлек жазылады. Өйткені нақты бір заттың азаюы болып табылатын бұл сөздер бүтіннің бөлшегі ретінде жұмсалатын немесе жалпылама мәнде қолданылатын есімдерге қарағанда құрама сөз құрамындағы дербестігін біршама сақтап отырады. Сондықтан олар біріккен сөз емес, күрделі сөздер (күрделі есімдер) деп танылады да, әр сыңары бөлек-бөлек тұлғаланады.

Мысалы: *көк мия, ешкі мия, ақ мия; қызылтамыр қылша, тау қылша, мойнақ қылша, бұйра қылша; ат қонақ, ит қонақ, қарабас қонақ, тау қонақ, күріш қонақ, бал қаңбақ, сор қаңбақ, май қаңбақ, әбе қаңбақ; түйе шетен (пижма), май шетен, гүл шетен; көк кекіре, ақ кекіре, сары кекіре, у кекіре; ас бұршақ (горох), бөрі бұршақ (люпин), атбас бұршақ (бобы), сиыр бұршақ (лобия), түйе бұршақ; шағыр жусан, құм жусан, ақбас жусан, қара жусан, сарбас жусан, бөрте жусан, мығыр жусан, мық жусан, түйе жусан* т.б. Екінші сыңары нақты бір құстың атын білдіретін күрделі құс атаулары да

осы ізбен жазылады: *сақалды тырна, ақбас тырна (журавль красавка), ақ тырна; ақ шағала, өгіз шағала, байбай шағала, су шағала, су бүркіт (орлан), саржақ су бүркіт, құм бүркіт, шөл бүркіт, мола бүркіт, түз бүркіт; итала қаз, сарала қаз, қара қаз, қоқи қаз, қараша қаз, қоңыр қаз; меңіреу құр, ақ құр; су құрқылтай: кегір үйрек, қөгала үйрек, көкмойын үйрек, ақбас үйрек т.б.*

Айдарлы торғай, ақбас торғай, ақкөт торғай, алақанат торғай, бұйра торғай, бұқпа торғай, балшықшы торғай, барылдақ торғай, барылдауық торғай, боз торғай, бозша торғай, жарылдауық торғай, додабас торғай, жасыл торғай, жасымақ торғай, жатаған торғай, жау торғай, жорға торғай (сойка), жүрдек торғай, жалпылдақ торғай, жыршы торғай, зіңкілдек торғай, кезеген торғай, көбелек торғай, көкала торғай (трясогузка белая), көкқасқа торғай взәузе, қарала торғай, қарабауыр торғай, құшынан торғай, қара торғай, сібір қара торғайы, қожабас торғай, қотыр торғай, қызылбас торғай, қызылқұйрық торғай, майкөт торғай, мақтан торғай, молда торғай, мұңды торғай, ноғайбас торғай, мысық торғай (иволга немесе сарғалдақ), пайыз торғай (щегол), сайрауық торғай, сарала торғай, сарыбауыр торғай, сары торғай, сауға торғай, селкілдек торғай, суаяқ торғай, суықбас торғай, суық торғай (снегирь), сұрша торғай, үрпекбас торғай, шөже торғай, шөжебас торғай, шөпек торғай, шырша торғай, шырылдауық торғай т.б.

Бұл жерде *қарабас қонақ, ақбас жусан, суаяқ торғай, қарабауыр торғай, қожабас торғай, қызылқұйрық торғай* тәрізді үш сыңарлы құрама есімдердің жызылуына назар аударуға тура келеді. Үш сыңары мұндай құрама есімдердің алғашқы екі сыңарын бірге жазу тиімді көрінеді. Өйткені бірінші екі сыңарды бір-бірінен бөле-жара қарау олардың семантикалық тұтастығына қайшы келеді. Мысалы, *ақбас жусан* атауын «ақ» сөзінен бөліп алып «бас жусан», *суаяқ торғай* дегенді «су» сөзінен бөліп «аяқ торғай» деп қолдану мүмкін емес. Бұл – құрама сөздің алғашқы екі сыңарының, соңғысымен салыстырғанда, идиоматизацияланғандығын көрсетеді. Алғашқы екі сыңардың біріккен сөз екендігін мынадай құбылыстан да байқауға болады. Үш сыңары құрама атаудың кей жағдайда үшінші сыңары эллипсиске ұшырап айтылғанмен, қалған екі сыңары бәрібір сол заттың атауы болып жұмсала береді. Мысалы: *қарабауыр торғай қарабауыр, қызылқұйрық торғай қызылқұйрық, көкмойын үйрек көкмойын, кодірен бидай кодірен, қосауыз мылтық қосауыз, ақиық сұңқар ақиық, аққұйрық арлан аққұйрық т.б.*

Соңғы жылдарда екінші сыңары әр түрлі грамматикалық тұлғада келген құрама сөздердің бір тобын біріккен сөз деп танып, бірге тұлғалау жазу тәжірибесінде кездесе бастады:

а) *жатыпатар, алыпатар, қанішер, батаоқыр, бақанаттар, ұйқыашар, жолашар, күнқағар, тоқымқағар т.б.;*

ә) *көріпкел, шауыпкел;*

б) *құлақкесті, көкейкесті, тұяқкесті, жүрекжарды, жұмысбасты, ергаашты, қағазбасты, етекбасты, шаруабасты, желсоқты т.б.;*

в) *қазаберіс, кіреберіс, тастайберіс, құлайберіс, шығаберіс, жатаберіс* т.б.

г) *күншығыс, күнбатыс, бетбұрыс, беталыс* т.б. Бұл типтес құрама сөздерді біріккен күйде жазуға негіз болатын белгі – етістік тұлғалардың деграмматизациялануы.

Бір сыңары көптік жалғауымен келген құрама сөздердің бір тобын біріккен сөз ретінде бірге жазу ғылыми әдебиетте жиі кездесіп отырады. Солардың біралуаны мына тәрізді: *бассүйексіздер, баскөкіректілер, буынаяқтылар, тұзуқанаттылар, тұзутұмсықтылар, қосмекенділер, ашатұяқтылар, еттұмсықтылар, мүйізтұмсықтылар, сүтқоректілер, тамыратпалылар, тамыртүйнектілер, күрделігүлділер, қосжыныстылар, шатыршагүлділер, тамыржемістілер, бірұялылар* т.б.

Алайда түзу тұмсықты құстар, ет тұмсықты жануарлар дегенді бөлек-бөлек жазып, түзутұмсықтылар, еттұмсықтылар дегенді бірге жазуымыз, сырт қарағанда, бірізді көрінбейді. Бірақ бұлай жазуды мүлде жүйесіз деуге болмайды. Мысалы, мұндағы заңдылық құрама сөз сыңарының эллипсиске ұшырауы, тіркестің ықшам түрде айтылып, біріккен сөзге айналуы: *бір ұялы өсімдіктер бірұялылар*, Ал құрама сөздің эллипсиске ұшырамаған түрі бөлек-бөлек тұлғаланады: *сүт қоректі жануарлар, тамыр түйнекті өсімдіктер* т.б.

Бұл жерде *-лар, -лер* қосымшасының грамматикалық мағынасымен бірге, тым айқын болмаса да, сөз «ұластырушылық» қасиеті бар тәрізді. Осы екі топтағы (26, 27) сөздердің бірге жазылуының шегі бар. Оларға сырттай ұқсас тіркестердің бәрі бірдей біріктіріліп жазыла бермейді. Бұл жерде олардың этнографиялық мазмұнда жұмсалуды (ботаоқыр, бақанаттар, тоқымқағар), терминдік немесе номенклатуралық мәнде қолданылуы (алыпсатар, бассүйексіздер, тамыратпалылар т.б.), субстанциялануы (көріпкел, жүрекжарды, жатыпатар т.т.б.) тәрізді ерекшеліктерді ескерілуге тиіс. Ал өзге жағдайда мұндай құрама сөздердің бірге жазылуына регламент қою қажет.

Осы күнгі баспасөз беттерінде *батысгерманиялық, шығысқазақстандық* тәрізді құрама сөздерді бірге жазу дағдысы жиі кездесе бастады. Тегінде, бұлай жазу орыс тіліндегі үлгіге арқа сүйеу тәрізді. Дегенмен тіл тәжірибесінде қолайсыз болса, өзге тілдік ешбір үлгі өміршең бола алмас еді. Бұл жерде *шығысқазақстандық* деп біріктіріп жазу *-дық, -дік* қосымшасының *-лар, -лер* тәрізді «ұластырушы» қасиетіне сәйкес келетін секілді. Ал *-лық, -лік* қосымшасыз келген құрама сөздің бұл түрі Орта Азия, Батыс германия, Шығыс Қазақстан түрінде бөлек-бөлек тұлғаланады.

Сонымен, құрама сөз сыңарларының біріккен сөзге айналуының бірнеше жолдары бар екендігіне назар аудардық. Олар – а) дыбыстық-семантикалық контаминацияға ұшырап барып, біріккен сөзге айналуы: жарғанат (жарғақ қанат), ендігәрі (ендігіден әрі), білезік (білек жүзік), әйтпесе (олай етпесе), қайтіп (қалай етіп); ә) әр басқа екі сөздің тіркесе келіп, үшінші бір өзгеше мағынаны білдіруі арқылы біріккен сөзге айналуы:

орынбасар, оттегі, кәсіпорын, өнеркәсіп, алақоржын (тышқан). Біріккен сөздің бұл аталған түрлері бұрын-соңды шыққан зерттеулерде тиісті дәрежеде, әр қырынан қарастырылған. Міне, осы айтылғандарға қоса біріккен сөздің тағы мынадай түрлері бар деуге болатын тәрізді. Олар, жоғарыда айтылғандай, құрама сөз сыңарларының жалпылама мәнде, дерексіз сипатта жұмсалудың негізінде жасалған біріккен сөздер. Мысалы: *сарықұс, қарақұс, қандыағаш, тасжапырақ* т.б. және құрама сөз сыңарларының бүтіннің бөлшегі ретінде жұмсалудың негізінде жасалған біріккен сөздер: *темірқанат* (құс), *бізтұмсық* (құс), *тоқалтіс, ақшұнақ* (тышқанның түрі), *мұзбалақ, кезқұйрық, балтатұмсық* (құс), *қаратамыр* (өс.), *қозыгүл* (өс.), *ақсақал, қосаяқ, қосауыз* т.б.

Осы айтылғандарға құрама сөз компоненттерінің деграмматизациялануы, эллипсиске ұшырау, субстанциялануы, кейбір қосымшалар (-лар, -лер, -лық, -лік) арқылы «ұласуы» тәрізділерді қоссақ, сөздердің бірге жазылуы аса күрделі, аса қиын мәселе екендігін көреміз.

Бірақ біздің мақсатымыз құрама сөздердің бұл айтылған типтерін біріккен сөз деп танымыз ба, жоқ па дегенге үзілді-кесілді жауап беріп, дәлелдеп шығу емес. Бұл жерде біз құрама сөздердің мұндай түрлерін, әсіресе соңғы жылдарда, біріктіріп жаза бастаудың нышаны бар екеніне және бұлай жазудың негізсіз еместігіне назар аудардық.

Жазу тәжірибесінде күрделі сөздердің кейбір типтерін біріктіріп жазу үрдісі кейінгі жылдарда күшейе түскені байқалады. Осымен байланысты Орфографиялық сөздіктің соңғы басылымында (1988), алдыңғылармен салыстырғанда, бірге жазылған сөздердің саны едәуір көбейе түскен. Алайда осы үрдістің себебін «күрделі сөз мағынаны білдіреді» деген мектеп көлеміндегі қағидамен түсіндіруге болмайды. Мысалы, сырт пішіні бірдей бола тұра, неге *ақ аю* бөлек, *ақбөкен* бірге жазылады? Ал, біздің ойлауымызша бұл құбылыстың мәнін жалпы тіл біліміндегі фразеология теориясы (Копыленко М.М., Попова З) біршама аша түсетінін кейбір күрделі сөздердің сыңарларына семасиологиялық талдау жасай отырып та байқауға болады [52, 40б.]. Мысалы, *ақ аю, қоңыр аю* дегендегі *ақ, аю* экстралингвистикалық ұғымды (өмірдегі) *ақ, аю* дегендерге сәйкес келеді. Тіркес құрамындағы мұндай семалар денотат бір (D_1) деп белгіленеді: $D_1 + D_1$. *Сары ағаш, қара ағаш*- тардағы *сары, қара* семаларының экстралингвистикалық фактормен тікелей емес, жанама байланысы бар (жемісі сары, діні қара т.б.) екені көрініп тұрады, сондықтан бұл семалар денотат екі (D_2) деп белгіленеді. Ал мұндағы *ағаш* экстралингвистикалық ұғыммен тікелей ұштасып жатқандықтан, денотат бір (D_1) деп аталады: $D_2 + D_1$. *Өгіз шағала, түйе құс* дегендегі *өгіз, түйе* экстралингвистикалық ұғымдағы «өгіз» бен «түйе» емес, «үлкен», я болмаса «соларға ұқсас» дегенге меңзейді. Мұндай семалар коннотат бір (K_1) деп аталады, ал бұлардың екінші сыңарлары (құс, шағала) денотат бірге (D_1) жатады: $K_1 + D_1$. Тіркестің неге бұлай айтылатыны, яғни уәждемесі, (мотивациясы) көрініп тұрады. Сондай-ақ *қанды ағаш* тіркесіндегі *ағаш*-тың денотат бірге (D_1) жататыны айтпаса да түсінікті. Ал бұл сөздің *қанды*-мен неге тіркес

құрайтыны синхрондық тұрғыдан мүлде белгісіз, яғни уәждемесі жоқ. Әдетте мұндай семалар коннотат екі (K_2) деп көрсетіледі: $K_2 + D_1$. *Жау қазын, жау жұмыр* дегендегі *жау, жұмыр, қазын*-дардың экстралингвистикалық мәні синхрондық тұрғыда мүлде белгісіз: яғни уәждемесі жоқ. Фразеология теориясы бойынша мұндай семалардың тіркесі $K_2 + K_2$ түрінде белгіленеді. *Тас бақа* тіркесіндегі *тас, бақа* лексемалары шындық өмірдегі *таб пен бақа*-ны білдірмейді. Бұл сөздердің экстралингвистикалық фактормен байланысы тікелей емес, жанама түрде жүзеге асады, сондықтан мұндағы семалар $K_1 + K_1$ түрінде бейнеленеді. Осы ізбен талдай берсек, *ақ бөкен* – дегі *ақ* экстралингвистикалық ұғымдағы *ақ* емес, жануардың (D_1) неге бұлай айтыланыты белгісіз. Сондықтан мұндай тіркестерді $K_2 + D_1$ түрінде көрсетуге болады. *Ақ қу* тіркесіндегі *ақ* семасын D_1 , *қу* семасын K_2 деп белгілейміз. Өйткені мұндағы *ақ* экстралингвистикалық факторға сәйкес болса, *қу* сөзінің экстралингвистикалық мәні қазіргі тіл тұтынушыға белгісіз. Сондықтан мұндайлар $D_1 + K_2$ семалар тіркесіне жатады.

Сонымен, жоғарыда айтылған тіркестерді былай көрсетуге болады:

ақ аю	$D_1 D_1$	<i>ақ аю</i>
қоңыр аю	$D_1 D_1$	<i>қоңыр аю</i>
сары ағаш	$D_2 D_1$	<i>сарағаш</i>
қара ағаш	$D_2 D_1$	<i>қарағаш</i>
қанды ағаш	$K_2 D_1$	<i>қандыағаш</i>
өгіз шағала	$K_1 D_1$	<i>өгіз шағала</i>
түйе құс	$K_1 D_1$	<i>түйеқұс</i>
ақ бөкен	$K_2 D_1$	<i>ақбөкен</i>
ақ қу	$D_1 K_2$	<i>аққу</i>
тас бақа	$K_1 K_1$	<i>тасбақа</i>
жау жұмыр	$K_2 K_2$	<i>жаужұмыр</i>
жау қазын	$K_2 K_2$	<i>жауқазын</i>

Сөйтіп құрамындағы семалар экстралингвистикалық фактордан (D_1) алшақтап ($D_2 + K_1$), және одан қол үзген (K_2) сайын екі құрамды күрделі есім сөздерді бірге жазу үрдісі күшейе түседі. Мұндайда, әсіресе $D_1 D_1$; $D_2 D_1$; $D_1 D_2$; типтерімен салыстырғанда, $D_1 K_1$; $K_1 D_2$; $K_2 D_2$; $K_2 K_2$ типіндегі тіркестер пәлендей қиындықсыз-ақ бірге жазылады. Өйткені, алдыңғыларға қарағанда, бұлардың идиомалану сипаты әлде қайда күшті. Олай болса, екі құрамды есім тіркестердің идиомалығы артқан сайын, жеке сөздер тәрізді, олар тұтастай тұлғалануға бейім болып келеді.

Күрделі атауларды бірге немесе бөлек таңбалауды тек жазудағы шарттылық деп түсінбеу керек. Әдетте қатар келген белгілі бір сөздерді босаралықпен, я болмаса босаралықсыз таңбалау олардың мазмұнына қатысты визуалды ақпарат беріп тұрады. Таңбалар арасындағы босаралық олардың әрқайсының мағыналық, формалық дербестігін, ал босаралықсыздық бұлардың біртұтастығын көрсетеді. Осымен байланысты күрделі таңбалық құрылымдарды босаралықпен/босаралықсыз таңбалауды форма мен мазмұнның бірлігі тұрғысынан қарауға тура келеді.

Біріккен сөз екі таңбаның жай ғана механикалық тұрғыдағы қосындысы емес. Екі таңба (А,В) бірігіп, жай сипаттағы (С) таңбаға айналу үшін, бірігуге тиіс екі таңба әр түрлі деңгейдегі азды-көпті а) мағыналық ә) формалық (материалдық) өзгеріске ұшырауы шарт. Сондықтан біріккен сөздерді анықтау үшін оларды алдымен мазмұнмеже, тұрпатмеже тұрғысынан қарастыру қажет. Олай болса, бірігуге тиіс таңбалардың семантикалық құрылымын денотат, сигнификат теориясы тұрғысынан қараудың мәні айрықша. Бұл ретте бірігуге тиіс белгілі бір екі таңбаның әрқайсының семантикалық құрылымындағы денотаттық, сигнификаттық компоненттерді өзара салыстырып көруге болады.

Сөз мағынасы – бірнеше компоненттік қабаттардан тұратын күрделі семантикалық құрылым. Бұл құрылым ақиқат дүниемен де, идеалды дүниемен де байланысты.

Қайсыбір сөздің ақиқат дүниеде меншіктеп алған «басыбайлы» денотаты болады. Лексикалық бірліктің белгілі бір объектіні меңзеуі оның денотаттық мағынасы болып табылады. Денотаттық мағына заттық ойлаумен, деректі ойлаумен байланысты. Денотаттық мағына тек материалдық мағынаны ғана емес, сезім, эмоция, психикалық күй, қатыстылық тәрізді т.б. материалдық емес нәрселерді де білдіреді.

Сөз мағынасындағы денотат ақиқаттағы объектіні, яғни объективті мәнділікті, ал сигнификат сол объектінің өзі емес, оның мәнді белгілерінің санадағы сәулеленуінің нәтижесін, яғни идеалды мәнділікті меңзейді. Сөйтіп, сөз мағынасының семантикалық құрылымы негізгі екі қабаттан, я болмаса екі компоненттен құралады деуге болады. Әрине, бұл екі қабаттың мағыналық құрылымындағы алатын орны барлық сөзде бірдей болып отырмайды. Мысалы, деректі, заттық мәндегі сөздердің мағына құрылымында денотат қабат басым болса, абстракты лексикада сигнификат қабат басым.

Лексикалық мағынадағы сигнификаттық қабат дегеніміз – индивид санасындағы ақиқат дүние фрагментінің бейнеленуі туралы ақпарат.

Сигнификат – заттың, ситуацияның өзі емес, бірақ сол заттарды, құбылыстарды, ситуацияларды мәнді белгілері арқылы бір класқа біріктіретін, оларды өзге класқа енетін зат, құбылыс, ситуациялардан ажыратып тұратын қасиет, белгілері туралы ақпарат.

Сөз ақиқат дүниедегі белгілі бір затты, ситуацияны атап қана қоймайды, сонымен бірге ол рационалды танымның нәтижесі ретінде сол заттың адам санасындағы абстракциялануын да таңбалайды.

Адам санасындағы рационалды танымның нәтижесі ретінде ақиқаттағы заттың дерексізденген түрдегі бейнесі сөз арқылы орнығып, тиянақ табады.

Индивид санасында ақиқаттағы нәрсе, зат, ситуация тұтас күйінде (фотодағыдай) бейнеленбейді, бірақ олардың мәнді саналатын қайсыбір белгілері ғана көрініс табады. Сөйтіп, адам санасында, я болмаса тілдік ұжымның санасында ақиқат өмірдің идеалды түрі пайда болады. Міне, ақиқаттағы заттың, нәрсенің, ситуацияның индивид санасында орныққан идеалды бейнесі сөздің сигнификаттық мағынасы болып табылады. Сигнификат қабат сөз мағынасының негізгі компоненті деп саналады.

Сөз мағынасының семантикалық құрылымындағы сигнификаттық компонент – таным процесінің нәтижесі. Таным процесі – өте күрделі құбылыс. Мысалы, ақиқат дүниедегі зат, құбылыс, уақиға, ситуация рецепторлық мүшелердің бірін тітіркендірудің барысында санада сол нәрсенің бейнесі пайда болады. Бірақ ол айнаға түскендей ақиқаттың «көшірмесі» емес. Ол белгілі бір объектінің санадағы ойша суреті мен ойбейнесі (фото емес, картинка). Мысалы, адам санасында *алма ағаш* «діні», «бұтақтары», «жапырақтары», «қызғылт домалақ жемісі» бар нәрсе түрінде бейнеленеді. Бұл – ақиқат дүние үзігінің (фрагментінің) ойбейнесі. Санадағы ойсурет объектінің фотокөшірмесі емес, керісінше, аса мәнді деп танылған *дің, бұтақ, жапырақ, жеміс, қызыл т.б.* тәрізді белгілердің жиынтығы. Бұлар ойсурет түріндегі «алма ағаш» концептісінің құрылымдық элементтері. Алайда санадағы құрылымдық белгілердің, элементтердің, бөлім, бөлшектердің бәрі бірдей вербалдануы, яғни тілдік ақиқатқа айналуы шарт емес. Егер *бұтағында алмасы бар жеміс ағашы* десек, бұл – ақиқат дүние үзігінің когнитивтік санадағы вербалдануы. Санада бейнеленген объект және оның элементтері *бұтақ, алма, жеміс, ағаш* деген тілдік бірліктер арқылы объективтеніп, тілдік ақиқатқа айналған. Таным процесінің барысында ақиқат дүниеден алынған бұл ақпарат осы күйде санада қалып қоймай, әрі қарай да өңдеуден өтуі ықтимал. Атап айтқанда, когнитивтік санада жинақталған ақпараттық мәні төмен компоненттердің беймәңделіп (деактуализацияланып) редуциялануы мүмкін. Когнитивтік санада ондай маңызы төмендеген, беймәнді элементтер редуцияланады: [*бұтағында*] – *алма [сы бар жеміс] ағашы* > *алма ағаш[ы]* > *алма ағаш* (түсініктірек болу үшін редуцияланған элементтерді тік жақшамен белгілеп отырмыз).

Бұдан әрі қарай өмірлік мәні, қажеттілігіне қарай, ақиқат дүниедегі объектіден алынған ақпарат өңделіп, ұғым деңгейіне көтеріледі. Сөйтіп санада «алма жемісі өсетін ағаш» деген ұғым пайда болады. Бұл ұғымның материалдық жамылғышы *алма ағаш* деген лексемалармен берілген. Осы лексемалардың (сөздің) ұғымдық жағы – сөз мағынасындағы сигнификаттық компонент, я болмаса сигнификаттық мағына.

Сонымен когнитивтік санада ақиқаттағы белгілі бір объектімен байланысты семантикалық құрылым пайда болды. Бұл семантикалық құрылымның сигнификаттық компоненті «алма жемісі өсетін ағаш» деген ұғымды көрсетіп тұрса, денотаттық компоненті «алма» және «ағаш» деген екі басқа денотатты емес, бір ғана денотатты, яғни ақиқаттағы бір ғана объектіні көрсетіп тұр. Таңбаның сыртқы формасы *алма* және *ағаш* деген екі лексема болғанмен, екі лексема бір денотатты меңзеп тұр. Екі лексеманың ортақ денотаты біреу ғана.

Ақиқаттағы белгілі бір объекті жайында ақпараттардың когнитивтік санада өңдеуден өтіп, сигнификаттық (ұғымдық), денотаттық (заттық) компоненттер түзуі және бұл компоненттердің арнайы лексемамен (лексемалармен) вербалдануы (тілдік ақиқатқа айналуы) мәселенің мазмұндық жағы.

Алайда жоғарыда, сөз басында айтқанымыздай, мәселенің тек мазмұндық жағымен шектелу біріккен сөз фонемін табу үшін жеткіліксіз. Сондықтан форма (материалдық) тұрғыдағы өзгеріске де назар аударуымыз керек. Өйткені белгілі бір таңбаның мазмұнындағы сапалық өзгеріс өзінің «жекеменшік» формасының болуын қалайды. «Жекеменшік» формасы болмаса, ондай мазмұн жаңа сападағы құбылыс ретінде танылмауға тиіс. Сөйтіп, мазмұндағы өзгеріс практикалық сұранысқа байланысты қалайда формадағы өзгерістің болуын қажетсінеді.

Енді жоғарыда айтылған мысалға форма тұрғысынан қарастыру үшін қайта оралайық. Мысалы, «бұтағында алмасы бар жеміс ағашы» деген аталым – ақиқат дүние үзігінің когнитивтік санадағы ойсурет түріндегі бейнесі. Сезімдік қабылау арқылы алынған ақпараттар білімге айналады да, объекті және оның элементтері, сол элементтердің өзара қатынасы білім мазмұнын құрайды. Білім мазмұны лексемалар, грамматикалық тұлғалар арқылы объективтенеді. Бұл – ақиқат дүние фрагментінің үйірлі сөзбен берілген аталымы (номинациясы). Осы аталған *үйірлі сөздің* құрамындағы тілдік бірліктердің әрқайсының өзді-өзінің екпіні болады.

Бұл жерде түсініктірек болу үшін сөз екпіні түскен дауыстыларды бас әріппен белгілейміз: *бұтағынд[á] алмас[ы] б[á]р жем[і]с ағаш[ы]*. Осы күрделі таңбаны өзінің меншікті материалдық формасына қарай *үйірлі сөз* деп атауға болады.

Егер осы үйірлі сөзбен репрезентацияланған ақпарат-білім когнитивтік санада әрі қарай өңдеуге түсіп, мазмұн жағынан, форма жағынан *алм[á] ағаш[ы]* болып редуциялануы мүмкін. Бұл күрделі таңбаны *ырғақты сөз* деп атауға болады. Үйірлі, ырғақты аталым компоненттерінің әрқайсының өзіне тән екпіні болады.

Таным процесінің барысында когнитивтік санадағы ақпараттың одан әрі қарай өңделуі ықтимал. Мұндай жағдайда мазмұндағы ақпараттық мәні босаң элементтер редуциялануы шарт. Ендігі жерде әрі қарайғы ықшамдалудың барысында күрделі таңбаны құрайтын әр лексеманың бас-басына екпіні болмай *алмағ[ы]ш* түрінде айтылып, бір екпінге бағынады. Күрделі таңбаның мұндай материалдық формасын *бунақты аталым* деуге болады.

Күрделі таңбалардың мазмұн межесі қандай өзгеріске тап болса, соған сәйкес олардың тұрпат межесі де қалайда бір өзгерісті қалайды. Жаңа мазмұн жаңа форма іздеуге мәжбүр болады.

Мазмұндағы, *алмағаш* дегендегі, екі лексема (*алма* және *ағаш*) мазмұн жағынан ортақ, бір денотатты нұсқап тұрса, форма жағынан бір екпінмен айтылып тұр. Сонымен, мазмұнмеже жағынан екі лексема ортақ бір денотатқа (ақиқаттағы бір ғана объектіге), ал форма жағынан бір екпінге байланған күрделі таңбалар біріккен сөз деп танылып, жазылуда бірге тұлғаланады. Осылайша біз біріккен сөзді форма мен мазмұнның бірлігі ретінде қараймыз.

Белгілі бір лексеманың семантикалық, құрылымындағы денотаттық компонент ақиқат дүниедегі зат, құбылыс ситуацияның өкілі болып

табылады, яғни объективті дүниедегі тілдік емес мәнділікті меңзеп тұрады. Бұл – сөздің денотаттық мағынасы.

Ақиқат дүниедегі белгілі бір заттың, құбылыстың, ситуацияның, жинақтап айтқанда объектінің, осылайша мәнді деп танылған белгілерінің санада ұғым түрінде бейнеленуін сигнификат деп білеміз.

Жоғарыда келтірілген схема бойынша *қой қора* деген күрделі таңбаны мазмұн меже және тұрпат меже тұрғысынан талдап көруге болады. Әуелде тілдік ұжымның когнитивтік санасында ақиқат дүниенің үзiгi (фрагмент) *қой, қамайтын, қора* түріндегі бөліктер бойынша бейнеледі. Бұл ақиқат дүниедегі объектінің ойсуреті. *Қой, қама, қора* дегендер санадағы қарапайым ойсурет. Осы ойсурет – тілдік қоғамдастықтың ақиқат дүние үзiгi жөнiнде ұжымдық санасында орын тепкен бiлiмi. Осы ақпараттар ұжымдық санадағы жинақталып, өңделіп вербалданған бiлiмге айналады. Бұл бiлiмнiң, я болмаса ақпараттың осы күйде жаңғыртылуы да, практикалық қажеттілікке қарай әрi қарай да өңделе түсуi мүмкiн. Өңдеу барысында басы артық элементтер, яғни пәлендей «жаңалығы» жоқ ақпараттық элементтер беймәңделіп, редуцияланады: *қой[ды] [қамайтын] қора > қой[дың] қора[сы] > қой қора*. Осылайша құрылымдық жақтан редуцияланудың нәтижесінде тілдік бiрлiктерден тек *қой* және *қора* деген екі лексема қалғанын байқаймыз. Бұл лексемалар бас-басына әр басқа денотатты көрсетіп тұрған жоқ. Екеуіне ортақ денотат (объект) біреу ғана. Олай болса, екі лексеманың ортақ денотатының болуы «біріккендіктің» белгісі. Алайда бұл күрделі таңбаның мазмұнындағы өзгерісі жеке форма арқылы тиянақ табуы шарт. Сонда ғана толық мәнінде біріккен сөз болады. Бұл жерде күрделі таңба мазмұндағы өзгеріске сәйкес дербес формаға ие болған. Атап айтқанда, *қой* лексемасы өзінің жеке екпiнiн жоғалтып, бiршама материалдық дербестігінен айырылған: [қойфор[á]].

Мазмұндық, формалық өзгеріске түскен мұндай күрделі таңба графикалық тұрғыдан да тиянақ табу, яғни орфографияда бұл типтес құрылымдар *қойқара* делініп босаралықсыз таңбалануға тиіс.

Сонымен, *қойды қамайтын қора* десек, бұл ақиқат дүние үзiгiнiң санадағы прототипі. Формасы жағынан үйірлі сөз түріндегі аталым; *қойдың қорасы, қой қорасы* дегендер ырғақты сөз түріндегі аталым; *қойқора* десек бунақты сөз түріндегі аталым (фонетикалық сөз).

Қазақ тілінің лека-фразеологиялық жүйесіндегі бунақты сөз түріндегі аталымдардың саны едәуір. Біздің ойымызша, мазмұны жағынан да, формасы жағынан да тиянақталған, аудиобосаралықсыз осы тәрізді айтылатын аталымдар графикалық жақтан да тиянақ тауып, бірге тұлғалануға тиіс. Мысалы: *атқора, сиырқора, атарба, өгізарба, қолшана, итшана, тасжол, теміржол, жүкмәшине* т.б.

Осындай құрылымдардың негізінде қазақ тілінде сөзжасамдық модель қалыптасқан. Алайда сөзжасамдық тәсілдер парадигмасындағы бұл типтің әлеуеттік мүмкіндігі сөзқолданымда ескерілмей келеді. Анығырақ айтқанда коммуникативтік бiрлiктердi жасауға қызмет ететiн модель номинативтік модельдің орнына жұмсалып, дағдылы қызметінен ауытқыған. Мысалы, неге

газ құбыры, я болмаса әуе жолы; неге демалыс үйі? Мұндай құралымдарды *газқұбыр, әуежол, газпеш, ғарышайлақ, ғарышкеме, демалысүй* түрінде тұлғалауға болар еді. Салыстырыңыз: *теміржол* (*темір жолы* емес), *атарба* (*ат арбасы* емес), *тасжол* (*тас жолы* емес), *тандырпеш* (*тандыр пеші* емес), т.б.

Осы аталған мысалдардың ішінен *ғарыш кемесі* деген құралымды жоғарыда айтылған схемамен талдап көрейік. Тілдік ұжымның санасында «ғарышқа ұшатын кеме», бір жағынан, ақиқат дүние үзігінің санадағы «сәулесі», екінші жағынан, санада сәулеленген бұл объект *ғарыш, ұш, кеме* деген лексемалар арқылы объективтенген. Алайда санада сәулеленген ақиқат дүниенің үзігіне тән белгілердің аса мәнділері орнығып, сөйлеушіге де, тыңдаушыға да «бесенеден белгілі» болып келетін ақпараттық мәні төмендегі компоненттер беймәнделеді (деактуализацияланады). Ақпараттық мәні төмен элементтер санада кейінгі планға ығыстырылады: *ғарыш [қа ұшатын] кеме > ғарыш[тың] кемесі*. Бұл жерде *ғарыш кемесі* деген аталым әлі де атау ретінде, сөзжасамдық процесс ретінде аяқталған жоқ. Сөзжасамдық процесс аяқталу үшін *ғарышкеме* болуға тиіс. *Ғарыш кемесі* деген аталымда екі денотаттың бір-біріне қатыстылығы (синтаксистік қатынас) көмескіленген жоқ.

Ал *ғарышкеме* дегендегі *ғарыш пен кеме* лексемасы екі басқа денотатты нұсқап тұрған жоқ, яғни бірі «ғарышты», екіншісі «кемені» меңзеген деуге болмайды. Екі лексема ортақ бір денотатты «нұсқап» тұр. Мысалы, *кеше Байқоңырдан ғарышкеме ұшырылды* деген айтылымда актуал денотат (референт) біреу ғана. Ол – ғарышкеме «Протон-2».

Міне, екі лексеманың бас-басына денотаты болмай, бір ғана объектіні нұсқауы күрделі таңбаның мазмұнмежедегі бір ұғымды білдіруі болып табылады.

Алайда мазмұнмежедегі өзгеріс форманың де өзгеруінің, өзінің меншікті формасының болуын қалайды. Егер осы қажетсіну материалдық жақтан қолдау тапса, күрделі таңба біріккен сөзге айналады. Мысалы, *ғарыш кемесі* дегенде әр лексеманың басыбайлы екпіні болса, *ғарышкем[é]* дегенде сөз екпіні біреу ғана, яғни екі сөздің арасында «саңлау» (аудиобосаралық) қалмайды. Олай болса, мазмұнмежедегі өзгеріс, тұрпатмеже тұрғысынан қолдау тапты деуге болады. Сөйтіп, күрделі таңба мазмұн жағынан да, форма жағынан да ықшамдалып, біріккен сөзге айналады. Ал мұндай күрделі құрылымдарды графикалық тұрғыдан да «саңлаусыз» (босаралықсыз) таңбалау сөздердің біріккендігі туралы ақпарат береді.

Жоғарыда біз белгілі бір күрделі таңбаны біріккен сөз деп тану үшін олардың мазмұнына формасы сәйкес болуы шарт екенін, мазмұндағы өзгеріс формадағы өзгерістің болуын қалайтынына тоқталдық. Ал мазмұндағы өзгеріс форма жағынан қолдау таппаса, ондай құбылыс біріккен сөз деп танылмайды. Мысалы, *ғалымдар үйі* дегенде *ғалым* және *үй* деген екі лексема бар. Екі лексеманың бас-басына денотаты жоқ денотат (объект) екеуіне де ортақ. Алайда мазмұндағы тұтастық форма жағынан қолдау таппаған. Атап айтқанда *ғалымд[á]р* деген компоненттің, *үйі* деген компоненттің суперсигменттік тұрғыдан дербестігі сақталған, яғни

әрқайсының жеке-дара екпіні бар. Бұл типтес күрделі құралымдар мазмұн тұтастығына қарамастан біріккен сөздер типіне жатпайды. Сондықтан олар босаралықпен *ғалымдар үйі* түрінде орфографияланады.

Баспасөз беттерінде бірде *ауыл шаруашылығы* деп бөлсек, бірде *ауылшаруашылық* делініп бірге жазылып жүрген едәуір сөз бар. Бұлай болуы, әрине, тегін емес. Мазмұн межесі бірдей құрылымды бірде бөлек, бірде бірге жазу олардың тұлғалық жымдасуы мен жымдаспауын интуитивті сезінгендіктен болар. Шынында, *ау[ы]л шаруашылығ[ы]* дегенге қарағанда *ауылшаруашылық* деген тіркес бір екпінге байланып дыбыстық жағынан жымдасып тұрғаны дау туғыза қоймайды. Мазмұнмеже жағынан да, тұрпатмеже жағынан да жымдасып тұрған мұндай күрделі құралымдарды бірге жазу орфографияда ескерілуге тиіс. Мысалы, *егіншаруашылық, сушаруашылық басқармасы* дегендегі екі лексема мазмұн жағынан бірігіп, белгілі бір объектінің қай салаға қатыстылығын көрсетіп тұр.

Форма жағынан бір екпінге бағынатын, ал мазмұн тұрғысынан бір ғана денотатты меңзейтін *шетел, шеттіл* тәрізді екі лексеманы бірге жазып қою фактісі жазу тәжірибесінде жиі кездеседі. Олай болатыны екі лексема бір екпінге бағынған және бір ғана объектіні (денотатты) меңзеп тұр. Мысалы, *шет* және *ел* деген екі лексеманың референті (денотаты) *Ресей* не *Түркия*, болмаса, *Германия* т.б. болуы ықтимал. Сондай-ақ екі лексеманың сигнификаттық мағынасы «бөгде мемлекет», «бөтен жұрт» деген бір ұғымды білдіреді. Осы тәрізді құрылымға *шеттіл* тәрізді күрделі таңбаларды жатқызуға болады. Алайда мұндай күрделі құрылымдар сырт қарағанда, *шет ауыл, шет үй, шет көше* тәрізді еркін тіркеске әсіресе форма жағынан өте ұқсас, дегенмен айырмасы бар екенін аңғаруға болады. Мысалы, *шет үй, шет көше, шет аудан* дегендер – сөйлеу кезінде жасалатын, яғни құралымы жағынан тұрақты емес құрылымдар. Ал *шеттіл, шетел* дегендер құрамы жағынан тұрақты сөйлеу кезінде жасалмайтын, «дайын» күйде қолданылатын құралымдар. *Шет аудан* деген мен *шетел* дегеннің дискреттілігі бірдей емес. Сөз ағымында *шет аудан* сөзі «шет» және «аудан» деген үзіктерге бөлінсе, *шетел* бір ғана үзік (дискретті бірлік) деп танылады. Бұларды *кәсіподақ, баспасөз, өнеркәсіп, бессайыс, үшсайыс, қызқуу* тәрізді бірге тұлғанатын бірліктердің қатарында қарауға болады.

Қазіргі басылымдарда, әсіресе мерзімді баспасөз беттерінде *жезмойын, жезқанат, салтбас, жезкиік, жезөкше, жалғызбас, жалғызбасты ана, жалғызбастылық, жалғызілікті, жалғызіліктілік* т.б. тәрізді сөздерді «бірге жазып қою» жиі кездеседі. Орфографиялық нормадан ауытқыған газет, журналдарды жазғырмас бұрын, автордың оларды неге бірге жазып қоятынын аталмыш сөздердің болмысынан іздеу қажет тәрізді. Шынында, бұл сөздер дыбыстық жақтан (тұрпатмеже жағынан) жымдасып, бір екпінмен, яғни аудиалды босаралықсыз айтылатындықтан, ал мазмұнмежедегі сигнификаттық компоненттердің элементтері ұйысып, бір ұғымды білдіретіндіктен, лексемалары ақиқат дүниедегі өзінің «меншікті» денотатынан алшақтағандықтан немесе қол үзгендіктен «бірге жазып қою» дағдыға айналып барады. Мұндағы *мойын, қанат, бас, жез* тәрізді лексема

өзінің ақиқат дүниедегі «меншікті» денотатын меңзеп тұрған жоқ, басқа денотаттың репрезентанты болып жұмсалып тұр: *мойын* – «ат», *қанат* – «құс», *бас* – «әйел» т.б.

Сондай-ақ *жезтаңдай*, *жезөкше*, *жезбұйда*, *жезмойын*, *жезқанат*, *жезкиік* дегендердің қазіргі тілдік ұжым үшін уәжі белгісіз, ішкі формасы тасаланған: неге *жез*, неге *өкше*, неге *жез*, неге *қанат*? т.б.

Күрделі құрылымдар компонентінің ішкі формасының тасалануы, уәжділігінің көмескіленуі мазмұн жағынан «біріккендікті», ал бір екпінмен айтылуы форма жағынан біріккендігі байқалады.

Сонымен, екі сөзді біріккен деп тану үшін а) екі лексеманың материалдық жақтан бірігуін, яғни бір екпінге бағынып, аудиобосаралықсыз дыбысталуын, ә) мағыналық жақтан бір ұғымға (сигнификат, денотатқа) байлануын, б) сөйлеу кезінде жасалмай, үнемі дайын күйде қолданылуын, в) аталымдық қызметте жұмсалуды, негізге алу қажет екенін байқаймыз. Бір екпінге бағынған, бір ұғымға байланған, үнемі даяр күйде қолданылатын, аталымдық қызметте жұмсалатын екі сөз біріккен сөз деп аталады.

2.7 Шылаулардың жазылуы

Ереже бойынша (1957 ж.) шылау сөздердің жазылуы үш топқа бөлінеді: а) шылаулар негізінде бөлек жазылады. Мысалы: *сабақтан кейін*, *жиналысқа дейін*; *қағаз да*, *қарындаш та*; *қалам мен сия*; *аз ба*, *көп пе?* ә) *ау*, *ай*, *мыс*, *міс*, *ды*, *ді*, *дағы*, *сынды* шылаулары өздерінен бұрынғы сөздерден дефис (-) арқылы жазылады; б) *ма*, *ме*, (*ба*, *бе*, *па*, *пе*) сұраулық шылау түбір мен қосымша арасында қолданылғанда, *-мы*, *-мі*, *-бы*, *-бі*, *-ны*, *-ні* болып өзгерген қалпында жазылады. Мысалы: *келемісің*, *айтыпшысың?*

Шылау сөздердің жазылуы туралы бұл ереже Анықтағышта (1974 ж.) толықтырыла түсті. Мысалы, Ережеде (1957 ж.) түбір мен қосымшаның аралығында келетін бір ғана *ма*, *ме* (*ба*, *бе*, *па*, *пе*) шылауының қалай жазылатындығы берілсе, Анықтағышта (1974 ж.) бұл пункт толықтырылып, *-да*, *де*, *-ақ* шылауларының түбір мен қосымшаның аралығында келетін бір ғана *ма*, *ме* (*ба*, *бе*, *па*, *пе*) шылауының түбір мен қосымшаның аралығындағы жазылуы былайша көрсетілген: *осы үйдің ұлыдамын*, *қызыдамын*; *әңгіме айтуға жоқпын* (45-б.). Сондай-ақ *сынды* (*Баян сынды*, *Төлеген сынды*) шылауы осы Ереже бойынша дефис арқылы жазылады делінсе, ал Анықтағышта (1974 ж.) бұл шылау негізгі сөзден бөлек жазылады деп көрсетілген. Күнделікті жазу тәжірибесінде де *сынды* шылауының негізгі сөзден бөлек тұлғаланып жүргендігін кездестіруге болады. Тегінде, *сынды* шылауын негізгі сөзден бөлек жазудың тиімді жағы бар. Өйткені бұл шылау *тәрізді*, *секілді*, *іспетті* т.б. көмекші сөздермен негізгі сөзден бөлек жазылатын ұқсату мәніндегі шылаулармен мағыналық бір топ құрайды.

Жалпы қағида бойынша *ақ*, *ай*, *ау* демеуліктері негізгі сөзден бөлек, дефис арқылы жазылады: *айтасың-ақ*, *барады-ау*, *дүние-ай*, *қызық-ай* т.б. Ал осы демеуліктердің одағайға жалғанғандағы жазылуы әркелкі. Мысалы, Орфографиялық сөздікте (1978 ж.) *япыр-ай*, *япыр-ау*, *япырым-ау*, *ойпыр-ау*,

апырым-ау, ал Анықтағышта (1974 ж.) бұл тәрізді демеуліктер *япырай*, *ойпырау* т.б. түрінде жазылады деп көрсетілген. Тегінде, *ай*, *ау* демеулігінің кейбір сөздермен бірге жазылуының себебі бар. Оны одағайдың жеке сөз ретінде дербестігін жоғалтып, демеулікпен ұласып кетуіне байланысты деп түсінуге болады. Осылардың қатарына *әттегенай* одағайын да қосуға болады. Шындығында, мұндағы демеуліктер негізгі сөзбен кірігіп кеткен. *Япырмай*, *әттегенай* дегендерді ешкім *иә-пірім*, *әйт-деген-ай* деп бөле-жара қарамайды. Біріктіріле тұлғалануы еш дау туғызбайтын *алақай*, *айхай*, *ойбай* тәрізді одағайлардың жазылуының бұл сөздерден айырмасы жоқ, бәрі де типологиялық бір типке жатады. *Ау*, *ай* демеуліктерінің кейбір одағайлармен кірігіп кеткендігі сонша, сол демеулік шылаудың үстіне тағы бір демеулік үстемелене жұмсалады (мұндай жағдайда соңғы демеулік дефис арқылы жазылады) *алақай-ай*, *ойбай-ау* т.б.

Сонымен, дербестігі жоқ, тек демеуліктермен жұмсалатын одағайлардың жазылуы бір басқа да (*япырай*, *япырымау*, *әттегенай*), демеуліксіз де қолданыла беретін одағайлардың, (мысалы, *о бәтір*, *ой бәрекелді* тәрізділердің) жазылуы бір басқа болуға тиіс. Соңғы топтағы одағайлармен қолданылатын демеуліктер дефис арқылы жазылады: *бәтір-ау*, *бәрекелді-ай*, *тәңір-ай*, *шіркін-ай*, *әттең-ай*.

Ай демеулігінің дәстүрлі орнынан ауытқып, түбір мен қосымшаның аралығында жұмсалуы сөз қолданыста ара-тұра болса да кездесіп қалып отырады:

«*О тәңірайшыл*» кер есек,
Құлық-сұмдық не өсек.
Болмаған соң бір есеп,
Мейлі қамқа, мейлі бөз.

(Абай)

Ай демеулігінің жұмсалуына байланысты бұл ерекшелік жазу тәжірибесінде екі түрлі таңбаланып жүр: *тәңірайшыл*, *тәңір-айшыл*. Ал осы сөзді *тәңірайшыл* түрінде тұтастай тұлғалау *ай* шылауының демеулік мәнінің солғындауын «бейнелейді» деуге болады. Бұл жерде *ғана* шылауына байланысты бір мысалды еске түсіруге болады. Әдетте ғана шылауы негізгі сөзден бөлек жазылады: *сен ғана*, *маған ғана*, *Болат қана* т.б. Тек аз сөзімен қатар қолданылған жағдайда бұл шылау бірге жазылады (азғана). Өйткені екі сөз бірімен-бірі шылауына байланысты бір мысалды еске түсіруге болады. Әдетте *ғана* шылауы негізгі сөзден бөлек жазылады: *сен ғана*, *маған ғана*, *Болат қана* т.б. Тек *аз* сөзімен қатар қолданылған жағдайда бұл шылау бірге жазылады (азғана). Өйткені екі сөз бірімен-бірі «кірігіп» кеткен. Оны *ғана* шылауының үстемелене жұмсалуынан байқауға болады. Мысалы: *азғана ғана*. Тағы бір еске ала кететін нәрсе – ғана шылауының әдеттегідей емес, түбір сөз бен қосымшаның аралығында қолданылуы:

Шешеке, еш алданбан *мал ғанаңа*,
Барамын атам қосқан *жар ғанама*.
Емізген ақ сүтіңді балаң едім,
Бер сана бидай салып *қол ғанаңа*.

(«Қозы Көрпеш – Баян сұлу»)

Әдеттегі норма бойынша бұл сөздер *малыңа гана, жарыма гана, қолыңа гана* болуға тиіс. Бірақ бұл, зерттеуші айтқандай, *гана* шылауының байырғы мұра тіліндегі поэтикалық қызметіне байланысты жыр ішінде «заңдасқан» қолданыс.

Гана шылауының осы аталған ерекше қолданысы да әр түрлі басылымдарда әркелкі – бірде бөлек жазылса, бірде бірге, кейде тіпті дефис арқылы да жазылып жүр. Бұл жерде мынадай пәтуаға келуге болатын тәрізді. Түбір сөз бен қосымшаның аралығында қолданыла беретін өзге де шылаулардың жазылуы *келемісің, әншідеміз, бишідеміз; әнді айтадыақысың* тәрізді *гана* шылауы да мұндай жағдайда түбір сөзбен тұтастай тұлғалануы қажет: *малғанаңа, жарғанама, қолғанама* т.б

Ма, ме (ба, бе, па, пе) шылауы да әдетте негізгі сөзден бөлек жазылады: *бар ма? кітап па? ақ па? қызыл ма?* т.б. *Ма, ме* сұраулығы, Ережеде айтылғандай, түбір мен қосымшаның аралығында қолданылғанда дыбыстық өзгеріске түскен күйде және дефиссіз (бірге) жазылады: *барамысың? айтамысың?* Бұл – сөйлеу стиліне тән ерекшелік.

Тағы бір ескеретін жайт – *ма, ме* шылауы сұрау есімдігімен (*қанша, неше*), сондай-ақ *осынша, сонша, мұнша, онша* тәрізді туынды үстеулермен қатар айтыла келіп, сұраулық мәннен өзгеше реңкке көшеді. Міне, осы ерекшелік, яғни сұраулық мәннен қол үзіп, басқа бір реңкке көшуі *ма, ме* шылауының негізгі сөзбен бірге тұлғалануына таяныш болады. Мысалы: *қаншама, осыншама, мұншама, соншама, оншама* т.б.

Қазіргі қазақ тілінде *да, де, та, те* жалғаулығы сөйлеммен сөйлемді, сөз бен сөзді байланыстырып, ыңғайластық мәнде жұмсалады: *Күн жауды да, ашылып кетті; ауылда да, қалада да, қалам да, қағаз да* т.б. Бұл жерде *да, де* жалғаулығының негізгі сөзден бөлек тұлғалануы ешбір дау туғызбайды. Алайда *да, де* жалғаулығы өзінің төл мағынасы мен қызметінен, жалғаулығы өзінің төл мағынасы мен қызметінен, яғни ыңғайластық мағынасы және сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыру қызметінен басқаша жұмсалғанда әркелкі жазылып жүргендігін байқауға болады. Мысалы, Орфографиялық сөздікте (1978 ж.) *қалайда, алайда, қайткенде* дегендердегі *да, да*-нің есімдіктерден бөлек тұлғаланбауы түсінікті. Өйткені мұндағы *да* ыңғайластық мағынада жұмсалмай, өзгеше мәнге ие болған. Бірақ осы аталған Орфографиялық сөздікте *қайтсе де, сөйтсе де, әйтсе де* сөздеріндегі *да, де* бөлек жазылған. Шындығында, бұл типтес сөздердегі *да, де*-нің бірге тұлғалану мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды. Өйткені *да, де* шылауы өзінің төл қызметі мен мағынасында емес, өзгеше мәнде, атап айтқанда қарсылықты мағынада қолданылады. Мысалы: *Күннің жылынғанына біраз болды, әйтседе қар кете қойған жоқ; Бүгін күн ұзақ жүрді, сөйтседе шаршаған жоқ; Оқыған жақсы, ондада тәуір оқыған жақсы.*

Әдетте тіл өзінің даму процесінде дифференциация құбылысымен қатар интеграция процесін басынан өткеріп отырады. Мұндай жағдайда жеке сөздер белгілі заңдылыққа байланысты біріге келіп, шылауға, одан қосымшаға айналатындығы белгілі (*бара тұрған, бара-тұғын, баратын*). Бұл

тәрізді құбылыс жазуда да бейнеленуге тиіс. Міне, осы тұрғыдан қарағанда, қарсылық мәнде жұмсалатын *әйтседе, ондада, сондада* тәрізді шылауларды біріктіріп жазуға болар еді. Типологиялық жақтан бұлардың *алайда, бірақ* тәрізді қарсы мәнді шылаулардан пәлендей дерлік айырмасы жоқ деуге болады.

Құрамында да шылауы бар, тұрақты сөз сипатында қолданылатын бір алуан сөздердің жазылуы да әркелкі. Мысалы, Орфографиялық сөздікте (1978 ж.) *ұр да жық* сөзі бөлек-бөлек тұлғаланса, тап осы тәрізді *азарда-безер* сөзі дефис арқылы жазылған. Күнделікті жазу тәжірибесінде бұл типтес сөздердің кем дегенде үш түрлі нұсқада жазылатындығын кездестіруге болады: *ұрдажық, ұр да жық, ұрда-жық*. Осы типтес сөздердің бұлайша әр түрлі жазылуының, әрине, өзіндік себебі болуға тиіс. Тегінде, *да* шылауының жазылуына байланысты қиындықты оның белгілі бір жағдайда сөз бен сөзді байланыстыру қызметінің әлсіреп, ыңғайластық мағынасының көмескіленуіне байланыстыруға тура келеді. Мысалы *ұр да жық (әпербақан, ұр да жық), ас та көк (ас та төк заман), у да шу, гу де гу, шарт та шұрт, азар да безер, опыр да топыр, қояр да қоймай* т.б. дегендегі *да, де* шылауы негізгі сөзге бейімделіп тұрады да, оның сөз байланыстыру қызметін, компенсация ретінде интонация атқарады. Сондай-ақ бұл шылаудың ыңғайластық мәні фразеологиялық тұтастықпен астасып кетеді.

2.8 Шет тілдерден енген сөздердің орфографиясы

Орыс тілінен енген сөздердің орфографиясы. Қазіргі қазақ орфографиясы – бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік міндеттерге толық жауап беріп отырған, кемел дәрежедегі орфографиялардың бірі. Қазақ орфографиясы бірнеше дүркін өзгерістер мен толықтырулардан өтті; қайта қарап, толықтырудың әрбір сатысынан өткен сайын қазақ емлесінің жалпы және жекелеген мәселелері жетіле түсті. Қазақ жазуы мен орфографиясының қазіргі жай-күйі оның негізгі принциптерінің ғылыми, нақты принциптер екендігін дәлелдеп отыр. Дегенмен, тіл ұдайы қозғалыстағы, үздіксіз даму, өзгеру процесіндегі құбылыс екендігін ескерсек, онда оның қалыптасқан, тұрақталған емлелік қағидаларының өзінде де тыңнан қарап, жаңаша тиянақтауды қажет ететін проблемалардың туып отыратындығы – заңды жағдай. Осы тұрғыдан қарағанда қазіргі қазақ орфографиясында өзге де бірлі-жарым мәселелермен қатар, емлелік ережелері мен жекелеген ерекшеліктерін айқындай түсуді қажет ететін тұстардың бірі – қазақ тілінің сөздік құрамына енген шет тілі сөздерінің жазылуы.

«Орфографиялық ережелерде, – деп көрсетеді К. М. Мұсаев, – шет тілден, әсіресе орыс тілінен енген сөздердің жазылу принциптері айқын берілуі керек. Өйткені бұнда жазба тіл мен ауызекі сөйлеу тілінің арасындағы сан түрлі айырмашылықтар көрінеді» [53, 17б.] Шет тілден сөз ауысу процесі – белгілі бір тілдің сөздік құрамы баюының басты жолдарының бірі. Бұл процесс – өз бетінше емес, халықтар арасындағы

қоғамдық-саяси, әлеуметтік және мәдени байланыстардың нәтижесінде туып, сол арқылы дамиды, қабылдаушы тілдің сөздік құрамын байыта отырып, оның ішкі мүмкіншіліктерінің көзін ашатын, жекелеген лексикалық единицалардың семантикалық мағынасының кеңейуіне, грамматикалық тұлғалардың активтенуіне де әсер ете алатын күрделі құбылыс.

Қазіргі қазақ тілінің түрлі стильдік тармақтарына таралған орыс тілі элементтері екі ыңғайда болып келеді. Оның бірі – қазақ әдеби тілінің жазбаша және ауызша формаларында қолданылып, сөздік құрамның бір бөлшегі болып қалыптасқан лексикалық единицалар да, екіншісі – негізінен көркем әдеби шығармаларда әр алуан стильдік мақсаттарда (мысалы, туындының тақырыбы мен сюжетіне немесе кейіпкер образына байланысты) жұмсалынатын, сөздік құрамнан тысқары тұратын, стильдік қызметтегі сөздер (вкрапления). Соңғы топтағы сөздердің орфограммасында еркіндік болады, яғни көркем әдебиетте нақты стильдік-көркемдік мүддемен пайдаланылған орыс тілі сөздерінің графикалық-фонетикалық тұрғыдан берілуі арнайы емлесілік қағидаларды талап етпейді.

Ал бір тілден екінші тілге ауысып, сол тілдің әдеби сөздік құрамына толық енген сөздердің (заимствования) лингвистикалық статусы төмендегі критерийлер бойынша анықталады:

«а) қабылдаушы тілде шет тілі сөздерінің графикалық-фонетикалық тұрғыдан берілуі тұрақты сипатта болуы керек; ә) қабылдаушы тілдің белгілі бір грамматикалық топтары мен категорияларына сәйкес келуі қажет; б) семантикалық тәуелсіздігі, яғни қабылдаушы тілде дублет, синоним сыңарлары болмауы қажет; в) әдеби тілге енетін сөз үшін – әр түрлі тілдік өрістерде, термин үшін – нақты бір терминологиялық аяда ұдайы қолданылуы керек» [54, 186.].

Осындай сипаттар тұрғысынан қарағанда, қазіргі түркі тілдері үшін (оның ішінде қазақ тілі үшін де) шет тілден сөз қабылдау процесіндегі негізгі көз – орыс тілі болып отыр. Ғалымдардың көрсетуінше, көптеген түркі халықтары тілінің сөздік құрамы, әсіресе терминология саласы орыс тілінен нәр алып келеді; қырғыз, татар, башқұрт, өзбек, қазақ тәрізді тектес тілдердің лексикасындағы орыс тілінен қабылданған ғылыми-техникалық, қоғамдық-саяси, оқу-педагогикалық және т.б. салаларға қатысты терминдердің көлемі – 70-80 проценттей [55, 356.].

Ал бұндай мол көлемді, кең өрісті орыс тілі сөздері қабылдаушы тілде өз алдына оқшау топ болып тұрмай, оның фонетикалық, морфологиялық-синтаксистік ерекшеліктеріне бағынады, сөз тудыру, сөз түрлендіру процестеріне қатысады, қабылдаушы тілдің бірқатар ішкі заңдылықтарына байланысты графикасы мен дыбысталуы жағынан да өзгерістерге ұшырап отырады. Сол себепті де ұлт тілдерінің емлесілік ережелерінде орыс тілінен енген сөздердің жазылуы, олардың қосымшалармен түрленуі арнайы көрсетіледі.

Орыс тілінен сөз ену процесі түркі халықтарының тарихына, қоғамдық-әлеуметтік даму кезеңдеріне байланысты болғандықтан, бұл мәселе түркологияда әдеби тіл проблемаларына, тіл тарихына қатысты зерттеулерде

көбірек қарастырылады. Орыс тілінің түркі тілдері дамуына ықпалы, сөздік байлығына, морфологиялық-синтаксистік, фонетикалық жүйесі мен стильдік тармақтарына әсері жеке тағы басқа мәселелер зерттелген еңбектерде [56], сонымен қатар, орыс тілінен енген сөздердің емлесі туралы да айтылады; зерттеушілер мұнда ену кезеңдеріне тән тілдік және тілден тыс факторларды басшылыққа алады. Осыған сәйкес түркі тілдері орфографиясында орыс тілінен енген сөздердің жазылуы бірнеше принциптерге негізделеді; яғни түркі тілдерінің көпшілігінде орыс тілінен енген сөздер екі түрлі жазылады; бір тобы – өткен кезеңдерде ауызекі тіл арқылы еніп, қабылдаушы тілдің айтылу заңдылықтарымен өзгеріп кеткендіктен, сол өзгерген күйінде, дәстүрлі түрде, айтылуы бойынша, екінші тобы – орыс тіліндегі орфографиясы негізінде жазылады. Соңғы топқа түркі тілдеріне совет дәуірінде мол енген, жазба тіл арқылы қалыптасқан терминдік сөздер жатады.

Түркі тектес тілдердің сөздік құрамындағы орыс тілінен енген сөздердің емлесі жайында арнайы ұсынылған еңбек толық мәлімет бере алады⁵. Бұл мәселеге жете көңіл бөлу қажет екендігін Е.И. Убрятова да көрсеткен болатын [57, 92б.].

Қазіргі қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамындағы орыс тілі сөздерінің жазылуы – бірқатар нормаланған, қалыпты сипат алған мәселелердің бірі. Олар, негізінен, орыс орфографиясына сәйкес өзгеріссіз жазылады. Бірсыпыра сөздер айтылу дағдысымен өзгерген түрде жазылады. Орыс тілі сөздерінің қазақ тілі қосымшаларымен түрленуі қазақ емлесі сүйенетін фонетикалық-морфологиялық принциптерге негізделеді.

Қазақ әдеби тіліне енген орыс тілі сөздерінің емлесін қалыптастыру жұмысы 20-30 жылдардан басталады. Профессор Қ. Жұбанов орыс тілінен қабылданған терминдерді, өзге де құрал-жабдық, аспап, зат, ұғым, құбылыс атауларын орыс орфографиясы бойынша жазу керектігі туралы ұсыныс білдірген болатын [58, 244б.].

Орыс тілінен енген сөздердің жазылуы дұрыс көрсетілген емлесі ережелердің алғашқысы – қазақ алфавитінің орыс графикасына көшуі негізінде, жаңа алфавитке сәйкес жасалып, қабылданған қазақ орфографиясы ережелерінің жинағы [59]. Осы қағидаларға сәйкес 1941 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің емле сөздігінде» түбір сөздер орыс орфографиясы бойынша жазылып, оларға қосымша жалғанғандағы бірқатар ерекшеліктер (мысалы, қосарлы **сс**, **тт** дыбыстарына біткен сөздерге қосымша жалғанғанда, бір дауыссыздың түсіп қалуы; *ватт* – *ваттың*; екі дауыссыз дыбысқа аяқталған сөздерге қосымшаның **ы**, **і** дәнекерлері арқылы жалғануы т.б.) көрсетілген, сондай-ақ ауызекі сөйлеу тілі арқылы енген сөздер айтылуы бойынша жазылған [60].

Қазақ орфографиясын жетілдіру мақсатында жүзеге асырылған басқа да бірқатар шараларда орыс тілінен енген сөздердің емлесі одан әрі реттеле түсті. Бұл мәселе жан-жақты таратылып айтылған маңызды құрал – «Қазақ

орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш» жарық көрді; оқу программасына арналған көмекші құралдар жарияланды [61]. Ал «Қазақ орфографиясының негізгі ережелері» 1957 жылғы 5 июньде Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указымен бекітілді.

«Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері» қазақ тілінің ішкі заңдылықтары мен табиғи ерекшеліктеріне сәйкестеліп жасалған, ғылыми негіздері мен басты принциптері дұрыс айқындалған емлелік қағидалар екендігін оның ширек ғасыр бойы жазу практикасында қолданылып келгендігі дәлелденіп отыр. Осы ережелер жинағы негізінде бірнеше орфографиялық, түсіндірме және әр түрлі салалық терминологиялық сөздіктер жасалды, оқу-педагогика жұмыстары жүзеге асырылды.

Дегенмен, бір кезеңнің идеалды, мүлтіксіз деп танылған емлелік қағидалары қоғам дамуының келесі бір кезеңдерінде жекелеген принциптері мен тұжырымдары жағынан тар ауқымдылық танытуы да мүмкін. Қазақ әдеби тілінің қазіргі даму дәрежесі, оның қоғамдық-әлеуметтік қызметінің кеңеюі, стильдік тармақтары мен терминологиялық жүйесінің күрделене түсуі, сөз, жазу мәдениеті проблемаларына теориялық-практикалық тұрғыдан үлкен мән беріле бастауы тәрізді факторлар қазақ орфографиясын одан әрі жетілдіре, жақсартта түсуді талап етті; сондықтан да «Қазақ тілі орфографиясын негізгі ережелерінің» өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жаңа редакциясы жасалып, оны Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы бекітті [62]. Мұның 1957 жылы қабылданған орфографиялық қағидалардан принципті айырмашылықтары жоқ. Жаңа нұсқада орыс тілінен енген сөздердің емлесі, бұрынғы ережедегідей, түбір сөздердің жазылуы (§18), оларға қазақ тілі қосымшаларының жалғануы (§ § 35, 40, 41, 42, 43, 44) және дәстүрлі принцип бойынша жазылатын сөздер туралы қағидалар болып бөлініп, жеке-жеке, айқын көрсетілген. Ал жаңа нұсқада толық өзгертіліп берілген қағидалардың бірі – соңы **к, г** дыбыстарына бітетін орыс тілінен ауысқан сөздерге қосымшалардың жалғануы және толықтырылған тұс – **рк, нк, рг, нг, кс, кт, лк, нкт, брь, бль** сияқты дауыссыздар тізбегіне аяқталатын сөздерге қосымшалар жалғанғандағы ерекшеліктер. Өйткені нақ осы мәселелердің өзі жазуда біршама қиындықтар тудырып келді, әрі бұған дейінгі еңбектерде, оқулық құралдарда әр қилы ұсынылып келді: бірқатар пікірлерде *педагог, ток, блок, Красноводск* тәрізді сөздердің соңындағы **к, г** дыбыстарының фонетикалық табиғатына сәйкес қосымшалардың жіңішке варианттарын жалғау (*ток – тогінің, блок – блогінің, педагог – педагогтік, Красноводск – Красноводскіден*) ұсынылса, келесі бір тұжырымдарда соңғы буынның жуан-жіңішкелігіне байланысты *тогының, педагогқа, блокқа, Красноводскідан* болып жуан буынды қосымшалармен түрленуі керек деп айтылғаны мәлім [63, 166.].

Сөйтіп, 1983 жылы қабылданған негізгі ережелердің жаңа нұсқасында орыс тілі сөздерінің жазылу ерекшеліктері толық қамтылып, айқын көрсетілген.

Сонымен қатар, соңғы жылдары баспасөз беттерінде орыс тілінен ауысқан сөздердің жазылуы туралы жиі-жиі сөз қозғалып, әр түрлі ой-

пікірлер айтылып жүр. Осындай мақалалардың бірінде, мәселен, қазақ тіліне жазба тіл арқылы енген *станция, спирт, кабинет* тәрізді сөздерді тілдің заңдылықтарына бағындырып, айтылуы бойынша жазу (яғни *станса, спірт, кабинет*) керектігі айтылса [64], келесі бір пікірлерде, керісінше, түпнұсқа тілдегі түрін мейлінше сақтап жазу, тіпті *металл, грамм, класс* т.б. сияқты қосарлы дауыссыздармен аяқталатын сөздерге қосымшаны дауыссыз дыбыстардың бірін түсірмей (яғни *классты, металға, граммен* деп өзгертпей) түбірін толық сақтау (яғни, *классты, металлға, граммен* [65], сондай-ақ **нг, нк** тәрізді дыбыстар тіркесіне біткен сөздерді **ы, і** дәнекер дыбыстарынсыз түрлендіру (яғни *танкіге емес, танкке, митингіге емес, митингке*) және басқа да өзгерістер енгізу туралы сөз болады [66]. Бұл пікірлердің өзі, сөз жоқ, жазу практикасында кездесетін қиындықтарға, сонымен қатар Негізгі ережелерде жеке көрсетілмеген кейбір ерекшеліктерге байланысты туған. Демек, өзге тілден енген сөздердің жазылу табиғатының сөз болуы бұл мәселенің әлі де болса айқынырақ белгілеп, жеке-жеке айырмашылықтарды ескере отырып, толықтыра, нормаландыра түсетін тұстары бар екендігін көрсетеді. Мысалы, Негізгі ережелердің 35-параграфында жіңішкелік белгісіне аяқталған *ноль, роль, руль* типтес бір буынды сөздерге жіңішке буынды қосымша жалғанады делінген: *ноль-ге, роль-ге, руль-ге*. Ал соңғы буыны нақ осындай *гастроль, король, пароль* сөздеріне неліктен жуан буынды қосымша жалғануы тиіс? Емле сөздіктерінде *гастроль-ға, гастролы, король-ға, королы, пароль-ға, паролю* болып көрсетілгенімен, қазіргі жазба тіл үлгілерінде көбінесе жіңішке буынды қосымшалардың жалғанып жазылуы байқалады (*король-ге, королі; гастроль-ге, гастролі; пароль-ге, паролі*). Немесе *акр, альт, вальс, вкаль, князь, нерв, пост, ткань, ферзь* тәрізді бір буынды сөздерге қазақ тілінің қандай қосымшалары жалғанады? Бұл тұста да емле сөздіктері мен жазу практикасында алшақтықтар жоқ емес: сөздіктерде *вальсқа, вальсы, тканьдар, вуальға, вуалы* болып, ал тіл қолданысында *вальске, вальсі, тканьдер, вуальге, вуалі, князьге, князі* болып екі ыңғайда таңбаланып жүр.

Сонымен бірге, нормативті сөздіктерде бір типтес сөздердің қазақ тілі қосымшаларымен түрленуінде де варианттылықтар ұшырасады. Мысалы, «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде» («Ғылым» баспасы, 1978) төмендегідей жайттар кездеседі:

1. **аэронавт**, аэронавқа, аэроनावы
космонавт, космонавқа, космонавы
бірақ:
терапевт, терапевтіге, терапевтісі
фармацевт, фармацевтіге, фармацевтісі
физиотерапевт, физиотерапевтіге, физиотерапевтісі
2. **фонд**, фондыға, фондысы
зонд, зондыға, зондысы
корунд, корундыға, корундысы
бірақ:
голланд, голландқа, голланды

секунд, секундқа, секунды

3. **гиперболоид**, гиперболоидке, гиперболоиді

коллоид, коллоидке, коллоиді

целлулоид, целлулоидке, целлулоиді

эллипсоид, эллипсоидке, эллипсоиді

тороид, тороидке, тороиді

бірақ:

амилоид, амилоидқа, амилоиды

дифтонгоид, дифтонгоидқа, дифтонгоиды

рубериод, рубериодқа, рубериоды

сфероид, сфероидқа, сфероиды

4. **колледж**, колледжге, колледжі

коттедж, коттеджге, коттеджі

бірақ: **бридж**, бриджіге, бриджісі т.б.

Соңы **-аль**, **-оль** дыбыстар тіркесіне аяқталатын сөздер де күнделікті жазу практикасында біркелкі берілмей келеді. Мұны төмендегідей салыстырулардан көруге болады,

Емле сөздіктерінде:

медаль, медальға, медалы

мораль, моральға, моралы

магистраль, магистральға, магистралы

магистралы

Жазу тәжірибесінде:

медаль, медальға // медальге, медалі

мораль, моральға, моралы // моралі

магистраль, магистральға, магистралы

// магистралі

педаль, педальға, педалы

педаль, педальға, педалі

және т.б.

Сондай-ақ жазу практикасында соңы **-а** дыбысына және **-ий** дыбыстарына бітетін және басқа да бірқатар термин сөздердің емлесінде де варианттылықтар бар: *аптека – аптек, анкета – анкет, диета – диет; санаторийде – санаторийда, документті – документалды – документальді; экспериментті – эксперименталды – экспериментальді* т.б. Бұнда, әрине, ішінара орфографиялық қате жіберу, қажетті тұстарда емле сөздіктеріне сүйенбеу сияқты кінәраттар да бар. Бірақ көбінесе орыс тілінен енген сөздердің тұрақты қағидалардан өзгеше, бірде жуан, бірде жіңішке қосымшалармен түрленіп әр түрлі жазылуы сөздердің түпнұсқа тілдегі фонетикалық ерекшеліктері мен қабылдаушы қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарының айырмашылықтарына байланысты болатындығы байқалады. Өзге тілден ауысқан сөздердің емлесіндегі қиындықтар басқа түркі тілдерінің жазуында да кездеседі. Мысалы, Э. Ахунзянов татар орфографиясында орыс тілі сөздерінің жазылу емлесі әлі де бір ізге түсе қоймағанын, осының нәтижесінде туатын ала-құлалықтар орыс тілін игеруге де, ұлт тілінің емле нормасын жетілдіруге де кедергі келтіретін факт екендігін көрсетеді [67, 364б.] Сондай-ақ әзербайжан жазуында бірқатар сөздер орыс орфографиясы бойынша графикалық-фонетикалық тұлғасы сақталып жазылып, екінші бір тобы айтылуы бойынша таңбаланып, ал бұның өзі орфограммалық варианттар тудырып жүргендігі әзербайжан тілі

емлесіндегі елеулі кемшіліктер ретінде аталып жүр [68, 56б.]. Сол себепті де бір тілден екінші тілге сөз ауысу процесіндегі объективті себептер мен заңдылықтарды саралап, түбір сөздердің жазылуындағы, олардың қабылдаушы тілдің қосымшаларымен түрленуіндегі ерекшеліктерді айқындап отыру – жазу мәдениетін көтеріп, ұлт тілдері орфографиясын одан әрі жетілдіре түсудегі мәнді жұмыстардың бірі. Сонымен бірге қос тілді – орыс тілін және ұлт тілдерін – қатар меңгеру проблемасы жолға қойылып отырған қазіргі кезеңде бұл мәселенің маңызы айрықша зор.

Түбір сөздердің жазылуы. Орыс тілінен енген түбір сөздер қазіргі қазақ орфографиясындағы негізгі қағида бойынша, орыс орфографиясына сәйкес, өзгертілмей жазылады.

Орыс графикасына негізделіп, қосымша әріптермен толықтырылған қазақ алфавитінің бекітілген кезінен бері қарай қолданылып келе жатқан бұл қағида бірден-бір дұрыс ереже болып отыр. Орыс тілінен енген сөздерді осы қағида негізінде жазу қазақ емлесінде бұрын орын алып келген алақұлалықтарды жойып, жазу нормаларын бір ізге түсірді. Және де қазақ әдеби тілінің сөздік құрамына совет дәуірінде енген орыс тілі сөздері, негізінен, интернационалдық мазмұндағы және СССР халықтарының көпшілігіне ортақ терминдік сөздер мен сөз тіркестері; ал терминдік қабаттың ерекшеліктері үшін де (дефинициялық дәлдігі, ортақ интернационалдық сипатта болуы т.б.) түбір сөздерді орыс орфографиясымен бірдей, графикалық-фонетикалық тұрқын бұзбай жазу емлесі орнығуының тиімді жақтары бар. Бұл емлесі қағида, біріншіден, СССР-дегі ұлт халықтарының барлығында интернационалдық мазмұндағы терминдердің жасалуы мен жазылуында мүмкіндігінше айырмашылықтар болмау керектігі талабына толық сәйкес келеді [69, 60б.]. Сонымен қатар қазақ тіліндегі бұл қабатты түпнұсқа қалпын өзгертпей жазу орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілден енген термин сөздердің дефинициясына нұқсан келтірмей дәл түсінуге көмектеседі; орыс тілін оқып-үйренуді, жетік меңгеруді жеңілдетеді; жазуда варианттылық туғызбайды.

Айтылуы бойынша жазылатын сөздер. Орыс тілінен ауысқан сөздердің ішінде қазақ тілінің айтылу заңдылықтарына негізделіп, өзгерген түрінде жазылатын бір топ лексикалық единицалар бар. Бұндай сөздердің емлесі Негізгі ережелерде көрсетілген: «Дыбысталуы өзгеріп енген сөздер өзгерген күйінше жазылады: *жәшік (ящик емес), бәтес (батист емес), теңге (деньги емес), сот (суд емес), бәтеңке (ботинка емес), минут (минута емес), газет (газета емес), сиса (ситец емес)* т.б.» Дәстүрлі түрде, қазақ тілінде айтылуы бойынша таңбаланатын, негізгі төркіні орыс тілі болып саналатын бұндай сөздердің қазақ әдеби тілінің сөздік құрамындағы жалпы саны 70-тен асады.

Кеңес дәуіріне дейінгі кезеңде орыс тілінен ауысқан сөздердің көпшілігі – күнделікті тұрмыстық сөздер мен шаруашылық, кәсіп және құрал-жабдық атауларын беретін лексикалық единицалар. Негізгі қарым-қатынас функциясында ауызекі тілдің ролі басым болған кезеңдерде енген мұндай сөздердің түпнұсқа тілдегі графикасын да, айтылуын да сақтау

кажеттілігі болған жоқ, керісінше, ауызекі сөйлеу тілінің әсерімен дыбыстық жағынан өзгерген түрлерін пайдалану түсінікті, әрі тиімді болды. Сондықтан алғашқы қазақ жазба тіл үлгілері – тұңғыш баспасөз беттерінде де қазақ тілінің дыбыстық жүйелеріне сәйкестендірілген тұлғаларын жазу орын алады. Түпнұсқа тіл мен қабылдаушы тілдің дыбыстың фонетикалық айырмашылықтары әсерінен апокопа (*болыс – волость, облыс – область*), синкопа (*бөрене – бревно*), протеза (*үстел – стол*), эпентеза (*сүрек – срок, бөрене – бревно, күршек – крючок*) тәрізді тілдік құбылыстарға ұшыраған осындай сөздердің жазылу емлесі қазақ тілі емлесі сөздіктерінде айқын беріледі. Және де бұндай сөздерде жарыспалылықтың болуы да – заңды құбылыс. Сондықтан жазу практикасында олардың емле ережелерінде, сөздіктерде көрсетілген үлгілерін басшылыққа алу орынды (1-қосымша).

Айтылуы әсерінен өзгертіліп жазылатын сөздердің келесі бір тобы – соңы **-а** дыбысына аяқталатын сөздер. Олардың емлесі туралы қағида Негізгі ережелерде көрсетілмегенімен «Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайындағы анықтағышта» арнайы ұсынылады: «Орыс тілінен енген бірқатар сөздердің соңғы дауысты дыбысы түсіріліп қалыптасқандықтан, сол ықшамдалған түрінде жазылады: *газет (газета емес), минут (минута емес), пар (пара емес), секунд (секунда емес), аптек (аптека емес), гранат (граната емес), координат (координата емес), цифр (цифра емес), террас (терраса емес)*»[46].

Қазіргі жазу практикасында бұндай сөздер қатары

Айтылуы бойынша жазылатын сөздер

1	2	3
абакты	көпене	Пеш
ауылнай	кәшек	пүліш
банды	кереует	резеңке
барқыт	керзі	самаурын
бәтенке	конфиске	сәтен
бәтес	конфискелеу	сиса
божы	көзір	Сом
болыс	көпес	Сот
болыскей	көшір	сірінке
бөкебай	кірпіш	тәрелке
бөрене	күршек	теңге
бөтелке	қамыт	учаске
бөшке	қарбыз	үстел
газет	қашауа	үтік
галош	қожайын	шай
доға	қорап	шайнек
жәрмеңке	лашық	шана
жәшік	мәнер	

жемпір	мәрмәр	
жеребе	минут	
картоп	нөмір	
кастрөл	облыс	
кәмпит	ояз	
кәрзеңке	пәтер	
	пәуеске	

бірде соңғы **-а** дыбысынсыз, бірде соңғы дыбыс сақталып, немесе соңғы **-а** дыбысы қысаң **ы, і** дыбыстарымен алмастырылып, бірнеше варианттарда жазылып жүр (мысалы *аптек – аптека, диет – диета, итанга – итангы, лампа – лампы, мода – моды* т.б.). Соңы **а** дыбысына бітетін сөздердің сөздіктерде берілуі де әр түрлі. «Қазақ тілі орфографиялық сөздігінің» бірінші басылымында соңғы дауыстысыз, ықшамдалып жазылған орыс тілі сөздерінің саны едәуір: *анкет, аптек, арматур, диет, газет, контор, координат, котлет, лампы, моды, наград, цитат* т.б. Сөздіктің екінші басылымында бұл сөздердің бір тобы бұрынғыша *анкет, банды, контор, координат, газет, минут* түрінде, ал көпшілігі орыс орфографиясына сәйкес жазылып ұсынылған: *аптека, арматура, гитара, диета, лампа, лигатура, награда, цитата, бірақ: диетасхана, наградтау*. «Қазақ тілінің көп томдық түсіндірме сөздігінде» мұндай сөздер бірнеше варианттарда беріледі: *анкет – әдеби норма, анкета – «сөйлеу тілі»* деген белгі арқылы, *аптека – әдеби норма*, ал *аптек, әптек – сөйлеу тілі элементі* ретінде, *диета – норма, диет – «сөйлеу тілі»* деген белгі арқылы. «Қазақ тілі орфографиялық сөздігінің» екінші басылымына сөз соңына **-а** дыбысы бар 300-ге жуық лексикалық единицалар енгізілген. Олар – қазіргі қазақ әдеби тілінің барлық функционалдық стильдерінде, көркем әдебиетте және ауызекі сөйлеу тілінде активті қолданылатын сөздер. Сөздікте олардың жазылуы үш түрлі беріледі: бір тобы түпнұсқа тілдегі қалпын сақтап жазылады; бұлар негізінен жазба тіл арқылы енген *перспектива, директива, коллега, декада, дидактика, спартакиада, серенада, логика, формула, поэтика, графика* т.б. тәрізді термин сөздер. Екінші тобы – соңғы **-а** дыбысы түсіріліп, айтылуы бойынша жазылады: *газет, минут, секунд, цифр, котлет*; ал үшінші тобы қысаң **-ы, -і** дыбыстарының көмегі арқылы таңбаланады: *банды, моды* т.б.

-а дыбысына аяқталатын сөздердің жазылуындағы бұндай әр түрлі жайттар жеке сөздердің құрамына ену жолдары мен ауысу кезеңдерінің ерекшеліктеріне байланысты. Мәселен, *газет, минут, секунд* сөздері мен *логика, формула, графика, директива* типтес единицалардың қазақ тіліне қабылданған кезеңдері де, соған байланысты ауысу жолдары да әр түрлі. Алғашқы сөздердің өткен ғасырларда негізінен ауызекі сөйлеу тілі арқылы еніп, қабылдаушы тілдің айтылу нормаларымен қалыптасқандығын олардың алғашқы баспасөз беттерінде, Абай шығармаларында жұмсалғандығы дәлелдей түседі. Сондықтан да бұл сөздердің соңғы дауысты дыбысының түсіп қалуында қазақ тіліндегі екпін құбылысының әсері бар. Қазақ тілінде екпін тұрақты түрде соңғы буында ғана байқалатын болғандықтан, түпнұсқа

тілде ортаңғы буында екпін түсетін *газета, минута, секунда* сөздерінің соңындағы екпінсіз **-а** дыбысының бәсең айтылып, естілуіне, айтыла келе түсіп қалуына себепші болады. *Лампа, штанга, майка, марка, мода* тәрізді сөздер соңындағы дауыстының қысаң **ы, і** дыбыстарымен алмастырылуы да бұл сөздердің орыс тіліндегі айтылу екпініне байланысты. Түпнұсқа тілде алғашқы буындарға түсетін екпін қазақ тіліне қабылданып естілуінде соңғы дыбыстың көмескіленуіне әсер етеді. Алайда қазақ тілі үшін сөз соңының бірнеше дауыссыз дыбыстар тізбегіне аяқталуы тән емес болғандықтан, бұл сөздерді айтқанда, **ы, і** дыбыстары қосарланып естіледі де, айтылудағы осы заңдылық аталған сөздердің жазылуында да байқалады.

Сөйтіп, орыс тілінен енген бір топ сөздердің айтылуы бойынша жазылуы олардың, негізінен ауызекі тіл арқылы еніп, дәстүрлі сипат алғандығына байланысты. Өткен ғасырларда енген, сөйлеу тілінің ықпалымен дыбысталуы да, жазылуы да қалыптасқан бұндай сөздердің емлесі Негізгі ережелерде, басқа да арнаулы құралдар мен сөздіктерде көрсетілген. Дегенмен, қазіргі жазу практикасында жергілікті тіл ерекшеліктерінің әсерінен жасалатын фонетикалық варианттар мен орыс орфографиясына сәйкес жазылған тұлғасын қатар қолдану (мысалы, *самаурын – самауыр – самовар; кереует – керует – кровать*) фактілер кездеседі. Жазу нормаларына кедергі келтіретін мұндай ауытқушылықтарды болдырмас үшін қазақ тілі емле сөздіктеріндегі жазылу үлгілері жазу практикасында басшылыққа алынуы қажет.

Ал соңғы **-а** дыбысы түсіріліп жазылатын *минут, секунд, цифр, газет, пар* сияқты сөздердің ықшамдалып жазылуы – қазақ әдеби тілі үшін, жатық, дағдылы норма. Бұл сөздердің бірнеше тұлғаларда жазылуы, яғни орыс орфографиясы бойынша *газета, минута, секунда, цифра, пара* болып жазылған қатарларының жазба тіл тіл үлгілерінде мүлде кездеспеуі осыны айқындай түседі. Осындай бірқатар сөздердің әсерінен алғашқы емле құралдарында қысқартылып немесе жартылай өзгертіліп (**ы, і** дыбыстарының көмегі арқылы) жазылған сөздердің саны біршама мол болғанымен (*аптек, арматур, диет, гитар, лигатур, мандолин, наград, цитат, моды, лампы* т.б.), кейінгі сөздіктерде олардың орыс орфографиясына толық сәйкестендірілген түрлері ұсынылады (*аптека, арматура, диета, гитара, лигатура, мандолина, награда, цитата, мода, лампы*); бұл жайт жазу практикасында да қалыптаса бастады. Әсіресе ғылыми және публицистикалық стильдерде бұл типтес сөздер бірыңғай, түпнұсқа тілдегі графикалық-фонетикалық тұлғасынан өзгеріссіз жазылып келеді. Ал бұл стильдер – қазіргі қазақ әдеби тілінің дамуында жетекші рольге ие болып отырған және көп жағдайда лексикалық-грамматикалық, орфографиялық құбылыстарды реттеп, нормаландыратын доминант салалар; сондықтан да кодификациялау жұмыстарында бұл тармақтар маңызды қызмет атқарады.

Сөйтіп, жазу практикасында бірізділікті қалыптастыру, әрі қазақ орфографиясын жетік те жеңіл ету мақсатында бір табиғаттас *цитата, кантата, арена, вокабула, тирада, кассета, координата, терраса* және *лампа, марка, мода, анкета, аптека, диета* т.б. термин сөздерді өзгеріссіз,

түпнұсқа тілдегі қалпын сақтап жазуды қалыптастыруға болады. Бұл ретте жазу нормасын бірыңғайландырудың орфоэпиялық нормаларға нұқсан келтірмейтінін де атау қажет. Ресми сөйлеу актісінде немесе күнделікті тұрмыстық ауызекі сөйлеу тілінде бұл сөздер бірнеше варинаттарда немесе ықшамдалып та айтыла береді (мысалы, *аптек/ /әптек/ /аптека; диет/ /диета; координат, кассет, террас, цитат*); бұл жайт – ауызша тіл үшін норма. Ал сөздердің айтылу нормасы мен жазылу нормасы араларында елеулі айырмашылықтар бар екендігі, олардың әрдайым бірімен-бірі дәл келе бермейтіндігі белгілі.

Соңы -а дыбысына аяқталатын сөздердің жазылуы мен айтылуы

Жазылуы	Айтылуы
анкета	анкета//анкет
анкеталық	анкеталық//анкеттік
аптека	аптека//аптек//әптек
арена	арена
аренда	аренда
арматура	арматура//арматур
арматураншы	арматураншы//арматуршы
база (ауыл шар. термині)	баз
банды	банды
банка	банкі
газет (газета емес)	газет
гитара	гитара//гитар
гитарашы	гитарашы//гитаршы
грамота	грамота
диета; бірақ: диетасхана	диета//диет
контор	контор
контрабанда	контрабанды
координата	координат
котлет	котлет
лампа	лампы
майка	майкі
мандола	мандол
мандолина	мандолина
манжет	манжет
марка	маркі
минут	минут

мода	мода
награда, бірақ: наградтау	наград, наградтау
плацкарт	плацкарт
планета	планета
секунд	секунд
сигара	сигар
сигарета	сигарет
терраса	террас
фаза	фаза
фанера, бірақ: фанерлеу	фанер, фанерлеу
фара	фар
форма	форма
цитата	цитат
цифр	цифр

Орыс тілінен енген сөздерге қосымшалар жалғану ерекшеліктері.

Қазақ орфографиясының негізгі принциптері бойынша қосымшалар сөзге буын үндестігі заңдылығымен жалғанатыны мәлім. Қазақ тілінің төл сөздерінде бұл заңдылық мейлінше сақталады (мысалы, *оқушылар, оқушылар-ға, мұғалім-ге, мұғалім-нің, кітап-қа, кітап-тың* т.б.); араб-парсы тілінен енген сөздердің қазақ тілі қосымшаларымен түрленуі де осы заңдылыққа бағынады, бірлі-жарым өзгешеліктер араб-парсылық сөз-жұрнақтардың жазылуында ғана кездеседі (*әсем-паз, өнер-паз, әуес-қой* т.б.).

«Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерінде» көрсетілген орыс тілі сөздерінің қазақ тілі қосымшаларымен түрленуі туралы қағидаларды былайша топтауға болады:

1. Орыс тілінен енген түбір сөздерге қосымшалар қазақ тілінің төл сөздерімен бірдей дәрежеде жалғанады, яғни соңғы буынындағы дауысты дыбыстың әуеніне қарай, буын үндестігі бойынша, я жуан, я жіңішке болып жазылады: *пионер-лер, институт-тар, самолет-тер, пленум-да, Кремль-де, секретарь-ға, секретар-ы, бюллетеньдер* т.б.

2. **б, в, г, д** әріптеріне біткен орыс тілінен енген сөздер айтылуда қатаң **п, ф, к, т** дыбыстарына айналатындықтан, бұндай сөздердің қосымшалармен түрленуі «сөздің соңғы дыбысы қатаң болса, дауыссыздан басталатын қосымшаның басқы дыбысы да қатаң... болып жалғанады» деген қағидаға негізделеді: *клуб-қа, парад-тан, архив-тен, коллектив-тен, археолог-тер*.

3. Қосарлы дауыссыздарға аяқталған сөздерге қосымша жалғаудың мынадай ерекшеліктері бар:

а) қосарлы **рк, нк, кс, кт** дыбыстар тіркесіне қосымшалар жіңішке жалғанады: *парк-ке, банк-і-ге, бокс-ке, пункт-ке*.

ә) **нд, мп, кт, нг, мб, ск, фт** дыбыстар тіркесіне біткен сөздерге қазақ тілі қосымшалары жалғанғанда, қысаң **ы, і** дыбыстары дәнекерлік қызмет атқарады: *фонд-ы-ға, фонд-ы-сы, штамп-ы-лау, штамп-ы-сы, проспект-і-ге, проспект-і-сі, ринг-і-ге, ринг-і-сі, ромб-ы-ға, ромб-ы-сы, киоск-і-ге, киоск-і-сі, шрифт-і-ге, шрифт-і-сі*;

б) **сс, лл, тт, кк** тәрізді қосар дауыссыз дыбыстарға аяқталатын жалпы есімдерде дыбыстардың бірі түсіріліп жазылады: *прогресс – прогрес-шіл, класс – клас-қа, металл – металдың*; ал жалқы есімдерде қосарлы дыбыстар сақталады: *Донбасс – Донбасс-қа*; бірақ дәл сол дыбыстан басталатын қосымша жалғанғанда, олардың бірі түсіріледі: *Донбас-сыз (Донбасссыз емес)*.

в) **ст, сть, зд** сияқты дыбыстар тізбегімен аяқталатын сөздерге қосымша

жалғанғанда, соңғы дыбыстар түсіріліп жазылады: *текст – текс-ке, ведомость-ведомосқа, поезд – поез-бен* т.б.

г) **-ль** әріптеріне біткен бір буынды сөздерге қосымша бірыңғай жіңішке

түрде жалғанады: *роль-ге, роль-дің, руль-ге, руль-дің*.

Сонымен қатар, орыс тілінен енген сөздерге қосымша жалғаудың «Негізгі ережелерде» көрсетілмеген, бірақ жазу практикасында ескерілуге тиісті тағы да бірнеше ерекшеліктері бар:

- 1) **к, қ, п** дауыссыз дыбыстарына аяқталатын қазақ тілі сөздері дауысты дыбыстан басталатын қосымшалармен түрленгенде, бұл дауыссыздардың ұяндап, **ғ, г, б** дыбыстарына айналғандығы мәлім. **К** дыбысына бітетін орыс тілі сөздері де қазақ тілі қосымшаларын қабылдағанда осы заңдылыққа бағынады: *гудок – гудогы, кубок – кубогы, механик – механигі, блок – блогы, полковник – полковнигі*.

Ал соңында **п, х** дыбыстары бар сөздер де осы өзгеріске ұшырауға тиісті болғанымен, бұл заңдылыққа бағынбайды. Мысалы, *укроп – укропы, принцип – принципі, окоп – окопы, тип – типі, шуруп – шурупы, сироп – сиропы, штрих – штрихі, цех – цехы, альманах – альманахы, шах – шахы*. Мұндай ерекшелік басқа да бірлі-жарым сөздерде кездеседі. Мысалы, *айтуға хақы бар* дегендегі *хақ* сөзінің соңындағы **қ** дыбысы айтылуда да, жазылуда да **ғ** болып ұяндамайды.

Негізгі ережелерде **-ль** әріптеріне аяқталатын бір буынды сөздердің жіңішке қосымшалармен түрленетіндігі аталған. Ал нақ осындай әріптерге бітетін көп буынды сөздерге қосымшалар *самолеттер, пленумда, активті* т.б. тәрізді сөздерге арналған қағида бойынша жуан не жіңішке болып, соңғы буынға үндесуіне қарай жалғанады: бір буынды сөздер – *роль, роль-ге, рол-і, ноль, ноль-ге, нол-і*; бірнеше буынды сөздер – *гастроль, гастроль-ға, гастролы, король, король-ға, корол-ы*. Жоғарыда аталғанындай жазу тәжірибесінде *гастроль, пароль, король, бандероль* типтес бірнеше сөздерге жіңішке қосымша жалғанып жиі ұшырасады: *гастроль-ге, гастрол-і, король-ге, корол-і*. Шын мәнінде *ноль, роль, руль* және *король, гастроль, пароль* сөздерінің арасында қазақ тілі қосымшаларын қабылдауда ешбір айырмашылық болмауға тиіс; бірнеше буынды сөздердің бастапқы буындары қосымшалардың үндесуіне ықпал жасай алмайды. Сондықтан соңғы **-ль** әрпінің жіңішке айтылуына орай бұл сөздерге жіңішке буынды қосымша жалғанады; яғни *гастроль-ге, гастрол-і; пароль-ге, парол-і, король-ге, корол-і*.

Осы айтылғандарға байланысты *фестиваль, мораль, магистраль, медаль, педаль, госпиталь* тәрізді сөз соңында **-аль** дыбыстар тізбегі бар сөздерге қосымша жалғанудағы ерекшеліктер де назар аудартады. Нақты қағидаларға сүйенетін болсақ, бұл сөздерге соңғы буындағы **а** дыбысына үндесетін жуан буынды морфемалар жалғануы тиіс. Тіл қолданысында бұл ретте де бірнеше варианттар кездеседі. Бұнда екі түрлі заңдылық анық байқалады: *фестивальға, моральға, госпитальға, магистральға* болып барыс септігі формаларының үндесе, үйлесе жалғануы соңғы буындағы **а** дыбысының тікелей әсерінен болса, тәуелдік жалғауларымен түрленгенінде *фестивалы емес, фестивалі* болып, *медалы емес, медалі* болып, *магистралы емес, магистралі* болып өзгеріп кетуі (жіңішке қосымшаның жалғануы) соңғы **-ль** дыбысының жіңішке айтылуымен байланысты. Бұндай бірқатар ерекшеліктер қабылдаушы қазақ тілінің өз табиғатында да бар; *куә, куәға, куәдан*, бірақ: *куәлік*; *Күләш-тің*, бірақ: *Күләш-қа* тәрізді құбылыстар қазіргі қазақ әдеби тілі үшін орфографиялық норма болып саналады. Сондықтан да қазақ тілінің айтылу нормаларына сәйкес қалыптасқан жазу үлгілерін норма ретінде тұрақтандыруға болады: яғни *фестиваль, фестиваль-ға*, бірақ: *фестивал-і, фестивалінде*; *мораль, мораль-ға, мораль-дық*, бірақ: *морал-і; медаль, медаль-ға*, бірақ: *медалі*.

«Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерінің» өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп қабылданған жаңа редакциясында өзгертіліп берілген қағидалардың бірі – соңғы буындары **ог, уг** дыбыстар тіркесіне бітетін сөздерге қосымшалардың жалғануы. Қалыптасқан қағида бойынша **ог, уг** дыбыстарына аяқталатын сөздер төл сөздерге қосымша жалғану заңдылықтарымен бір ыңғайда қарастырылып, яғни соңғы буындағы дауысты дыбыстың әуеніне қарай, буын үндестігіне сәйкес жазылып келген болатын-ды: *педагог-тар, педагог-қа*. Бірақ осы тұста да жазу практикасында бірде *педагогтар*, енді бірде *педагогтер* түрінде екі түрлі жазылып, варианттылық байқалды.

Негізгі ережелерде бұндай сөздерге қосымша жалғану жеке қағидамен бөлініп берілді: «Соңғы дыбыстары **ог, уг** болып келген сөздер мен **рк, рг, нк, нг, кс, кт, ск, лк, нкт, кль, брь, бль** сияқты дауыссыздар тіркесіне біткен сөздерге қосымшалар әрдайым жіңішке түрде жалғанады: *педагог-тер, педагог-тік, геолог-тер, геолог-ке, округ-тік, парк-тен, парк-ке, парторг-тер, киоск-і-ге, факт-і-ге, полк-ге, пункт-тер, октябрь-ге, ансамбль-ге, бинокль-дер*.

Негізгі ережелерде өзгертіліп берілген бұл қағида бірнеше заңдылыққа негізделеді. **Ог, уг** дыбыстары тіркесіне аяқталатын сөздердің (*геолог, археолог, диалог, монолог, биолог, педагог, округ, анипуг* т.б.) соңғы буындары қазақ тілінде **г** дыбысының жіңішке дыбысталатындығына қарай жіңішке айтылады. Және де **о** дыбысы қазақ тілінде көп буынды сөздердің соңғы буынында кездеспейді. Қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтары үшін де сөз соңының **г** дыбысына аяқталуы – тосын жайт.

Төл сөздерде ұяң **г** дыбысының жіңішкелік сипаты, сондықтан да тек жіңішке дауысты дыбыстармен тіркесетіндігі (*көгал, гауһар* деген сөздерден

басқа) орыс тілінен енген сөздердің дыбысталуына да әсерін тигізеді, яғни соңында **ог, уг** дыбыстар тізбегі бар сөздерге қосымша **г** дыбысының ерекшелігіне орай жалғанады. *Округ* сөзіне жіңішке буынды қосымшаның жалғануы сөз соңындағы **г** дыбыстардың ұяң дауыссыз екендігімен қатар, көрші дыбыстардың ұяң дауыссыз екендігімен қатар, көрші дыбыстардың әсеріне қарай **у** дыбысының да өзгермелі (бірде жуан, бірде жіңішке) болып отыратын табиғатына қатысты.

Ал *ак, аг, ок, ук* дыбыстарына аяқталатын сөздер бұл ережеге бағынбайды. Оларға қосымша жуан түрде жалғанады, яғни *казак, бак, бурлак, анашлаг, универмаг, кубок, гудок, блок, станок, бамбук, галстук* сияқты сөздердің соңғы буындары жуан болғандықтан, олар қазақ тілі қосымшаларының жуан варианттарын қабылдайды.

Казак, бак, бурлак, гамак және анишлаг, универмаг сияқты сөздерге сөз соңында **к, г** дыбыстарының дауыс қатысына қарай бірі қатаң, бірі ұяң екендігіне қарамастан, жуан буынды қосымшалардың жалғануы (*казак-қа, бак-қа, багы, анишлаг-қа, анишлагы, универмаг-ка, универмагы*) соңғы буындағы **а** дауысты дыбысының қазақ тілінде барлық позицияда, соңғы буынға дейін сақталатындығына байланысты. Мұндай дыбыс заңдылығы соңғы дауысты дыбыстары жіңішке *секретарь, токарь, январь және мораль, фестиваль* тәрізді сөздердің қазақ тілі қосымшаларымен түрленуіне де әсер етеді. Бұларда да соңғы жіңішкелік белгісіне, яғни **л, р** дыбыстарының жіңішке айтылуына қарамастан, қосымшалардың жуан варианты қолданылады: *секретарь-ға, токарь-ға, токарь-лық, январь-ға, январь-да, мораль-дық, фестиваль-ға, фестиваль-дық* (соңғы сөздерге дауысты дыбыстан басталатын тәуелдік жалғаулары жіңішке жалғанады). Өйткені мұнда соңғы буындағы **а** дыбысының қазақ тілі үшін универсалды позицияда болатын сипаты үлкен роль атқарады.

Нк, нг, кс, кл, нкт, кль, брь, бль, кт сияқты дауыссыз дыбыстардың тізбегіне аяқталатын сөздерге жіңішке қосымшалардың жалғану себебі осындай дауыссыздар легіне біткен орыс тілі сөздерінің қазақша айтылуында (естілуінде) **і** дауысты дыбысының қосылып естілуіне (айтылуына) байланысты. Яғни олар **нгі** – *митингі*, **нкі** – *банкі*, **кіс** – *бокис*, **нкіт** – *пункит*, **кіл** – *бинокіл*, **бір** – *октябір*, **біл** – *ансамбіл*, **кті** – *факті* болып айтылады да, негізгі тұлғаларға жіңішке буынды қосымшалар жалғанады: *митинг-і-ге, банк-і-ге, бокс-ші, пункт-ке, бинокль-ге, октябрь-ге, ансамбль-ге, факт-і-ге*. **і** дауысты дыбысының дәнекерлік қызметі осындай сөздердің бір тобына қосымша жалғанғанда, емледе де сақталады: *митингіден, киоскіден, банкіге, фактілер* т.б.

Орыс тілінен енген **-нд** дыбыстарына бітетін сөздерге де қазақ тілі қосымшалары екі ыңғайда жалғанады: бір тобы **ы** дәнекері арқылы: *фонд, фонды-ға, фонд-ы-сы, раунд, раунд-ы-ға, раунд-ы-сы*; ал *голланд, исланд, таиланд, секунд* сөздеріне қосымша тікелей жалғанады: *голланд-қа, голланды; секунд-қа, секунд-ы*. Соңғы қатарға жататын сөздер саны көп емес, олардың дәнекер дыбыстарсыз қосымшалармен түрленуі сөздіктерде, оқу құралдарында, ғылыми әдебиеттерде тұрақталып орнықты.

3. Жіңішкелік белгісіне аяқталатын көп буынды түбір сөздердің вариант қосымшаларды қабылдауы күрделі терминдердің құрамындағы анықтауыштардың жазылуында да байқалады. Қазіргі жазу практикасында орыс тіліндегі *документальный, экспериментальный, профессиональный, дифференциальный* сын есімдері қазақ тіліне аударылғанында, бірнеше орфограммада беріліп жүр: *документті – документалды – документальді; экспериментті – эксперименталды – экспериментальді; профессионалды – профессионал т.б.*

Орыс тіліндегі **-альн, -льн** қосымшалары арқылы жасалған термин сөздердің қазақ тілі қосымшаларымен түрленуіндегі варианттылық терминологиялық сөздіктерде де кездеседі. «Математика-физика терминдерінің сөздігінде» (Алматы, 1959) **-альн, -льн** қосымшалы термин сөздер төмендегіше берілген: *дифференциальный – дифференциалдық* теңдеулер системасы, *дифференциал лампа, дифференциаль* шағылысу; *ортогональный – ортогональді* регрессия, үштік *ортогональды* система; *фундаментальный – фундаменталь* система, *фундаментальды* группа, *фундамент* анықтауыш; *потенциальный – потенциалдық* қисық сызық, *потенциалдық* энергия және т.б.

Жалпы, **-ист, -изм, -щик, -чик, -ер, -щина, -тура, -ант, -ив** қосымшалары арқылы жасалған термин сөздердің ұлт тілдеріне қабылдауында мынадай заңдылықтар бар. Көпшілік жағдайда бұл қосымшалар арқылы жасалған сөздер аффикстерімен бірге қабылданады, ал егер түбір сөздің өзі қабылдаушы тілде жеке тұрып та қолданыла алатын болса, онда орыс тіліндегі орыс тілі

Орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшаларының жалғануы

1	2	3	4	5
Б, в, д дыбыстарына аяқталатын сөздер	к, п, х дыбыстарын а аяқталатын сөздер	қосарлы дауыссыздар ға аяқталатын сөздер	рк, нк, ск, кс, нт, кт, мб, фт, мп дыбыстар тізбегіне аяқталатын сөздер	ст, вт дыбыстар тізбегіне аяқталатын сөздер
клуб, клуб- қа, клуб-ы, штаб, штаб- қа, штаб-ы, архив, архив-ке, архив-і, завод, завод- қа, завод-ы	блок, блогы механик, механигі полковник, полковнигі принцип, принципі тип, типі телескоп, телескопы альманах, альманахы	металл, металдың, металмен класс, класқа, клас- ы грамм, грам- ға, грам-мен ватт, ват- тың, ватқа	парк, парк-ке, парк-і танк, танк-ке, танк-і киоск, киоск- іге, киоск-і-сі бокс, бокс-ке, бокс-і винт, винт-ке, винт-і пункт, пункт- ке, пункт-і	текст, текс- ке, текс-і бюст, бюс- ке, бюс-і альпинист, альпиниске, альпинис-і космонавт, космонавқа, космонав-ы терапевт, терапев-ке,

	шах, шахы штрих, штрихі		антракт, антракт-і-ге, антракт-і-сі проспект, проспекті-ге, проспект-і-сі ромб, ромб-ы- ға, ромб-ы-сы шрифт, шрифт-і-ге, шрифт-і-сі штамп, штамп- ы-ға, штамп-ы- сы	терапев-і
6	7	8	9	10
нд, зд, рд, нг, дж ыбыстары тізбегіне аяқталатын сөздер	-ость, -арь, -ерь дыбыстарын а біткен сөздер	-оид дыбыстарына біткен сөздер	-ер дыбыстарына біткен сөздер	-ий дыбыстары на біткен сөздер
фонд, фонд- ы-ға, фонд-ы- сы стенд, стенд- і-ге, стенд-і- сі Бірақ: голланд, голланд-қа, голландтар исланд, исланд-қа, исландтар таиланд, таиланд-қа, таиландтар поезд, поезд- ға, поезд-ы митинг, митинг-іге, митинг-і-сі лорд, лорд- қа, лорд-ы колледж,	ведомость, ведомосқа, ведомос-ы секретарь, секретарь-ға, секретар-ы календарь, календарь- ға, календар- ы	гиперболоид гиперболоид- ке, гиперболоид- і целлулоид, целлулоид- ке, целлулоид-і металлоид, металлоид- ке, металлоид-і	дирижер, дирижер-ге, дирижер-і модельер, модельер-ге, модельер-і шофер, шофер- ге, шофер-і шахтер, шахтер-ге, шахтер-і репортер, репортер-ге, репортер-і	санаторий, санаторий- ге, санаторий-і лекторий, лекторий- ге, лекторий-і сценарий, сценарий- ге, сценарий-і

колледж-ге, колледж-і коттедж, коттедж-ге, коттедж-і				
11	12	13	14	
-аль дыбыстарына аяқталатын сөздер	-оль дыбыстарына аяқталатын сөздер	-уль дыбыстарына аяқталатын сөздер	-ель дыбыстарына аяқталатын сөздер	
медаль, медаль-ға, бірақ: медал-і мораль, мораль-ға, бірақ: морал-і фестиваль, фестиваль-ға, бірақ: фестивал-і февраль, февраль-ға, бірақ: феврал-і	гастроль, гастроль-ге, гастрол-і пароль, пароль-ге, парол-і король, король-ге, корол-і	модуль, модуль-ге, модул-і циркуль, циркуль- ге, циркул-і патруль, патруль-ге, патрул-і	акварель, акварель-ге, акварел-і артель, артель- ге, артел-і гантель, гантель-ге, гантел-і	

сөз тудырушы қосымшалары ұлт тілдеріндегі (-чи/-чі, -шы/-ші, -лық/-лік т.б.) эквиваленттерімен беріледі. Және де **-ист, -изм, -ер, -щина, -вед, -ив, -ант** арқылы жасалған сөздердің беретін терминдік мағынасына нұқсан келмейтін жағдайда ғана бұл қосымшалар ұлт тілдеріндегі тиісті формаларымен ауыстырылады. Мысалы, *коммунист, турист, машинист, фигурист және тракторист – тракторшы, штангист – штангашы, репортер, монтер, модельер, шахтер және комбайнер – комбайншы, боксер – боксші,*

Бір буынды сөздерге қазақ тілі қосымшаларының жалғануы

1	2
акр, акр-ға, акр-ы акт, акт-і-ге, акт-і-сі альт, альт-қа, альт-ы бант, бант-қа, бант-ы бинт, бинт-ке, бинт-і бюст, бюс-ке, бюс-і вальс, вальс-ке, вальс-і верфь, верфь-ке, верф-і винт, винт-ке, винт-і	фунт, фунт-қа, фунт-ы шарф, шарф-қа, шарф-ы шарж, шарж-ға, шарж-ы шах, шах-қа, шах-ы цех, цех-қа, цех-ы

вист , вис-ке, вис-і вуаль , вуаль-ға, вуал-і гимн , гимн-ге, гимн-і гонг , гонг-і-ге, гонг-і-сі диск , диск-і-ге, диск-ісі жест , жес-ке, жес-і князь , князь-ға, князь-ы лорд , лорд-қа, лорд-ы матч , матч-қа, матч-ы нерв , нерв-ке, нерв-і пост , пос-қа, пос-ы ткань , ткань-ге, ткан-і тост , тос-қа, тос-ы факт , факт-і-ге, факт-і-сі ферзь , ферзі-ге, ферзі-сі фильм , фильм-ге, фильм-і	
--	--

спортсмен – спортышы, рекордсмен – рекордшы және конгрессмен, бизнесмен; прогрессивный – прогресшіл, флективный – флексиялық; экспрессивный – экспрессиялық т.б. Осы заңдылықтар ізімен жазуда әр түрліліктер мен жарыспалылықты болдырмас үшін **-альн, -льн** дыбыстарына аяқталатын сөздердің де емлесін екі ыңғайда топтастыруға болады: *документті – документальды – документальді* варианттарының алғашқысы – әдеби норма; *экспериментті – эксперименталды – экспериментальды* қатарларының біріншісі – әдеби доминант сөз және т.б.; өйткені бұл лексикалық единицалардың түбірлері жеке қолданылып, қазақ тілінің сөз тудырушы, сөз түрлендіруші морфемаларымен өзгере алады. Ал *дифференциалды, профессионалды, натуралды, коммуналды, универсалды* тәрізді сын есімдердің түбірлері де (*дифференциал, универсал, натурал, коммунал*) қолданылатындықтан, сөз соңында жіңішкелік белгісі жазылмайды; яғни *дифференциаль-ды емес, дифференциалды, натураль-ды емес, натуралды; коммунальды емес, коммуналды* және т.б.

Араб-парсы тілдерінен енген сөздердің орфографиясы

Қазіргі қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамында шығыс халықтары тілдерінен ауысқан болып есептелетін (араб және иран тілдерінен енген және түркі, монғол тілдеріне ортақ сөздер) бір топ қабат бар. Бұл топтағы сөздер ішінде қазақ тілі білімінде әсіресе араб-парсы тілдерінен енген сөздер көбірек зерттеліп келеді; соңғы жылдардың өзінде бірнеше түсіндірме сөздіктер [70] және ғылыми еңбек [71] жарық көрді.

Басқа түркі тілдерімен салыстыра қарағанда, қазақ тілінің сөздік құрамында араб-парсы элементтері онша көп емес. Зерттеуші Л.З.Рүстемов қазіргі қазақ әдеби тілінде әдеби нормаға түсіп қалыптасқан және активті қолданылатын араб-парсы сөздерінің саны не бәрі 15 процентке жуық екенін айтады.

Түркі тілдеріне араб-парсы тілдерінің мейілінше ықпал еткен кезеңі – өткен ғасырлар. Ал өткен ғасырларда түркі халықтарына қарым-қатынас жасауда тілдің ауызша сөйлеу формасының рөлі жоғары болғандығы белгілі. Сондықтан да түркі тілдерінің көпшілігінде араб-парсы тілдеріне тән сөздер фонетикалық та, графикалық та түрін өзгертіп, қабылдаушы тілдердің дыбыстық – фонетикалық заңдылықтарына бейімделіп қалыптасқан. Бұл сипат қазақ тіліне де тән; көне жазба ескерткіштерде, қисса-дастандарда, өзге де жазба тіл нұсқаларында кездесетін араб-парсы сөздерінің өзі «қазақ тіліне онша сіңісе қоймағанымен», түпнұсқа қалпын, араб-парсылық графикасын толық дәрежеде сақтамай, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес, айтылу-естілу ерекшеліктеріне қарай қалыптасқан.

Түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының да араб-парсы елдерімен тікелей немесе жанама қоғамдық-мәдени байланыстары өткен кезеңдерде ғана болып, қазір тоқатағандықтан, сөз ауысу процесі де бәсеңдеп, саябырлады.

Ал қазақ әдеби тілінің сөздік құрамындағы байырғы араб-парсылық сөздер – тілдің қарым-қатынас жасау қызметтеріндегі аса активті элементтердің бірі. Әсіресе оқу ағарту, білім, мәдениет салаларына қатысты терминдік атаулардың жасалуында немесе төл сөздердің айрықша стильдік реңкті синонимдік қатары болып жұмсалуда да бұл қабаттың мүмкіншілігі мол. Араб-парсы тілдерінен ауысқан сөздердің қазақ тілінде әр түрлі дыбысталуы нәтижесінде пайда болған вариант қатарлардың кейбір үлгілері семантикалық дифференциялану процесіне ұшырап, жеке-жеке ұғымдардың, түсініктердің, қоғамдық-саяси атаулардың баламасы ретінде қалыптасып орнықты, мысалы, *өкімет* (власть) – *үкімет* (правительство), *өкіл* (представитель) – *уәкіл* (уполномоченный), *ілім* (учение) – *ғылым* (наука), *қазір* – *әзір*, *хал* – *әл*, *ауа* – *әуе* т.б. осы ізбен *уәде* – *уағда* (алғашқысы бейтарап мағынада, ал екінші сыңары *уағдаластық*, *уағдаласу* сияқты қоғамдық-саяси мәндегі терминдердің жасалуына негіз болып отыр), *мәлімет* – *мағлұмат*, *оқиға* – *уақиға* варианттары да дара мағыналармен сараланып келеді. Сондай-ақ араб-парсы тілдеріндегі бір сөздердің жекеше-көпше тұлғаларының қазақ тіліндегі қатар қолданыстарының бір тобы әр түрлі мағыналармен ажыратылса, (мысалы, *хал* – *ахуал* (қоғамдық-саяси термин), *хабар* – *ақпар*, *ғалым* – *ғұлама*, *лұғат* – *ұлағат*, *тарап* – *атырап*, *рай* – *арай*), енді бір тобы төл сөздермен синонимдік қатар түзеп, сөз байлығын толықтыруға қатысады; мысалы, *ишара*, *ишарат*, *нышан*, *нышана* т.б. Араб-парсылық *-нама*, *-паз*, *-хана* сөз-жұрнақтары қазақ тілінде жаңа сөз, термин жасау процесіне өнімді араласады.

Ауызекі сөйлеу тілі арқылы енгендіктен, араб-парсы сөздері графикалық та, дыбыстық түрлерін өзгертіп, ауызекі тілде айтылуы бойынша жазылады. Жалпы, қазақ тіліндегі бұл қабатқа топтастырылатын сөздер емлесінде басқа түркі тілдері мен салыстыра қарағанда, қиындықтар мен ала-құлалықтар жоқ [72, 896.].

Дегенмен, қазіргі жазу практикасында бірнеше түрде жазылып жүрген фонетикалық варианттардың негізгі дені араб-парсы тілдерінен ауысқан

сөздер екенін көруге болады. Арнайы сөздік-құралдардың өзінде де екі не үш түрлі жазылған сөздер саны едәуір (мысалы, «Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері» атты кітапта фонетикалық варианттар 130-дан асады, ал «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздікте» олардың саны – шамамен 75-ке жуық).

Мейлінше дамыған, әдеби нормалары айқындалған, орфографиясы кемелденген тілдің өзінде де варианттылық құбылысы кездеспей қоймайтындығы белгілі. Варианттылық – жеке бір тілдің тарихына және оның даму ерекшеліктеріне байланысты құбылыс, сондықтан оларды нормалауда, реттеуде осы жайт ескеріледі.

Жарыспалылық, әсіресе фонетикалық варианттар – тілдің әдеби нормасына, орныққан, қалыпты емлесіне нұқсан келтіретін, кедергі тудыратын фактілердің бірі. Бұл құбылысты реттеуде статистикалық әдіс ұсынылып жүр, бұл әріптің *балуан – палуан* тәрізді дыбыстық варианттармен бірге, лексикалық, морфологиялық дублет қатарларды саралауда үлкен көмегі бар. Жазба тілде қолданылу жиілігі жоғары варианттарды есепке алу арқылы, сонымен қатар, белгілі бір стильдік реңкі байқалатын, сондықтан да әдеби тіл кәдесіне асатын сөздерді де айқын ажыратуға мүмкіндік туады. Тіл тәжірибесінде жиірек жұмсалып жүрген сыңарларын тіркеп, ескерудің нәтижесінде, мәселен, «Қазақ тілі орфографиялық сөздігінің» алғашқы басылымында (1963) берілген түп төркіні араб-парсылық дублет сөздердің емлесі сөздіктің кейінгі басылымында (1978) бірқатар түзетілді: алғашқы басылымда *гіл, гадауат, гадет* түрінде жазылған сөздер кейінгі басылымда *кіл, әділет, әдет (гадет емес)* болып жазылып, дұрыс ұсынылған. Егер фонетикалық варианттардың бір сыңарын қолданыс жиілігіне қарай нормаға айналдыру мүмкін болса, онда аталған сөздіктің екінші басылымында норма ретінде берілген *ажуа, аумесер, әзезіл, бәдеуи, жадыгөй* сияқты араб-парсы сөздерінің қазіргі жазба тіл үлгілерінде *әжуа, әумесер, әзәзіл, бәдәуи, жәдігөй* сияқты варианттарының жиі қолданылатыны да ескерілуге тиіс.

Жазу практикасында және арнаулы нормативті құралдарда әлі де болса қатар жұмсалып жүрген сөздер бар. Олардың ішінде *абжад – әбжад, паранар – барабар, батсайы – патсайы, пейіш – бейіш, бейсауат – бейсеубет – бейсауыт* (және *бей* – префиксі арқылы жасалған өзге де элементтер), *зәрезап – заразап – зәрезеп, жады – жәді, дихан – диқан, сұхбат – сұқбат, пайым – байым, қадім – қадым, кібісе – кәбиса, қазірет – әзірет, қасірет – қасырет, тақсірет – тақсырет, қаріп – кәріп – қарып – гаріп, нәсіп – несіп, фәни – пәни, кәусар – кәусер* тәрізді варианттар легінің алдыңғы сыңарларының жұмсалыу жиілігі жоғары екендігі байқалады, ал *мақсат – мақсұт, заман – замана, дәрі – дару* қатарлары стильдік өрістерге қарай (бірі – бейтарап стильде, екіншісі – көтеріңкі стильде) топтасып, сараланса, *қадам – адым, ынсап – нысап, разы – ырза – риза, ризық – ырзық – рызық, лағынет – нәлет, зирек – зерек* параллельдері синонимдік қатарлар құрап, тең дәрежеде қолданылып келеді.

Қазақ тіліндегі араб-парсы тілдерінен енген сөздердің емлесін қалыптастыру, әдеби тілге қажетті, ұтымды сыңарларын талғау немесе

мағыналық айырыммен, белгілі бір стильдік бояумен жұмсалуда икемділерін саралау ұзақ мерзімді және мұқияттылықты талап етеді.

Қазақ тіліндегі негізгі төркіні араб-парсылық сөздерді жинақтап көрсететін жоғарыда аталған сөздіктерде вариант сөздерді нормаландыру принципі көзделмейді. Соның нәтижесінде, мысалы, «Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері» сөздігінде екі сыңары да әдеби норма ретінде танылатын фонетикалық варианттармен қатар (*тозақ – дозақ, балуан – палуан*), әдеби тілде толық орныққан сөздің бейәдеби екінші сыңары (олар көбінесе жергілікті жерде немесе ауызекі сөйлеу тілінде жұмсалады) да берілген. Мысалы, *айла – ила, ақық – ахық, араб – гараб, еш – һеш, нөкер – нөгер, раушан – рәушан, рақым – рахим, тайпа – тайфа, жақұт – якут, ізет – іззет, сүре – суре, қасірет – гасірет, ділда – ділдә, әділет – гадалат – гаділет, пенде – бенде – бәнде, әмісе – һәмиша* т. б. Бұл қатарлардың соңғы сыңары қазіргі әдеби тіл қолданысында жоқ екендігі, ал алдыңғы сыңарларының тұрақты әдеби норма екендігі ешбір дау туғызбайды.

«Парсыша-қазақша сөздікте» де осындай жайттар бар. Бұнда *батсайы – патсайы, аждаһа – айдаһар, апырай – япырай* тәрізді екі сыңары да тұрақталған жарыспалы сөздер дұрыс көрсетіле отырып, орфографиясы жағынан сұрыпталған, жазылуы толық орныққан дублеттердің бейәдеби түрі де беріледі: *патша – патса, парша – барша(мата), нұшайман – пышайман, палау – балау, болат – полат, пешене – пышана – бешене, бесін – песін, дұшпан – дұсман, биқасап – биқасам, дегдар – текдар, қожса – хожса, талшын – даршын* т. б. Бұл параллельдердің екіншілері жырлар мен эпостарда, өткен дәуірлердегі жазба тіл нұсқаларында кездеседі, кейбірі диалектизм ретінде қазір де қолданылуы мүмкін. Бұндай жағдайда арнаулы сөздіктерде жарыспалы элементтердің стильдік белгілермен ажыратылып көрсетілуі орынды.

Қазақ тіліндегі фонетикалық дублеттердің жасалу себептері шығыс тілдерінен ауысқан сөздердің ауызекі тіл арқылы енгендігімен байланысты. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне тән емес араб-парсылық *ج* (дж), *ح* (ха), *ف* (ф), *ء* (хамза), *خ* (х), *ع* (әйн) дыбыстарының қазақша айтылуда өзгеруі және қабылдаушы тілдің төл дыбыстарымен берілуі – заңды құбылыс. Араб-парсы тілінде фонемалдық рөлі күшті дауысты дыбыстардың (қысқа және созылыңқы дауыстылар) ерекшеліктері де қазақ тіліне енген сөздердің бірнеше вариантта айтылуын туғызды.

Ауызекі сөйлеу тілі арқылы еніп, бірнеше тұлғада айтылып және жазылып жүрген варианттардың жасалу себептерін былайша топтауға болады:

1. Араб-парсылық дыбыстар қазақ тілінің айтылу заңдарына қарай бейімделгенінде, төл тілдегі сол дыбыстарға жуық бірнеше фонемалармен алмасады, олардың ішінде әсіресе **б – п, қ – х** дыбыстарының алмасуы арқылы пайда болған варианттар жиі кездеседі.

«Қазақ және қырғыз тілдерінде **п** дыбысынан басталатын сөздер өте аз, - деп көрсетеді Н.Қ.Дмитриев, – олар негізінен шет тілдерден енген және дыбыстық еліктеуден пайда болған сөздер. Сондықтан осы топқа түркі

тілдерінің көпшілігіне тән емес *ف* (фә) дыбысынан басталатын араб-парсылық сөздер де енеді» [73, 270б.]. Бұған *пешене, пітір, пияз, пейіл, пейіш, пенде, пақыр, пәтуа, пұл* және басқа да әдеби лексикалық единицалардың *б* дыбысынан басталатын, жергілікті тіл ерекшеліктерінде және ауызекі сөйлеу тілінде қолданылатын жарыспалы тұлғалары, сондай-ақ екі сыңары әдеби нормаға айналған *балуан – палуан, паранар – барабар, патсайы – батсайы* сөздері дәлел бола алады.

Араб-парсылық *ح* (ха) дыбысының қазақ тілінде өзгеріске ұшырауынан жасалған фонетикалық варианттардың бір тобы (*диқан – дихан, рақмет – рахмет, әрекет – қарекет, сұқбат – сұхбат, әкім – хакім*) жазуда әлі де болса нормалана қойған жоқ.

ح (ха) дыбысының орыс тіліндегі *х* дыбысынан айырмасы бар және бұған сәйкес келетін дыбыс қазақ тілінде жоқ. Сондықтан да бұл дыбыс тіл арты спиранты *қ* дауыссызы арқылы беріледі. *Қате, құлық, қана, қызмет, қасиет, қаржы, құпия, қасірет, қаражат* тәрізді сөздер осылай жасалған. Бұл сөздердің қазіргі қазақ емлесінде *х* дыбысымен жазылған түрлері кездеспейді. Ал *х* дыбысы *хат, хабар, хал* (осы түбірден *ахуал*) сияқты сөздер мен бірқатар кісі аттарында сақталады. Дегенмен, «...*х* әрпінің қазақ сөздерінде жазылуына ұқыпты қарау керек. Не морфологиялық, не фонетикалық принципке сай келмесе де бірсыпыра сөздерде *х* әрпі жазылып кетті... Ерекше есте болатын жағдай – кез келген сөзде *х* әрпін жазудан сақ болу керек. *Бақыт, құрмет, ақымақ, қатер* тәрізді сөздерді *бахыт, хұрмет, ахымақ, хатер* түрінде жазу – қате».

2. Қазақ тілінде жоқ араб-парсылық дыбыс қазақша дыбысталуда бірде мүлдем түсіп қалады, енді бірде артикуляциялық орны жағынан ұқсас қазақ тілінде бар дыбыспен ауыстырылады. Мысалы, *ع* (әйн) – қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне жат дыбыстардың бірі. «Қазақтар бұл дыбысты сөз басында да, сөз ортасында да, сөз соңында да айтпайды, оны ретіне қарай қазақ тіліндегі басқа фонемалармен алмастырып отырады». Осының нәтижесінде фонетикалық варианттар пайда болады: *тәлім – тағлым, мәлім – мағлұм, мәлімет – мағлұмат, тәжім – тағзым, ілім – ғылым, әлем – ғалам* немесе *лағынет – нәлет – лағнет, қадір – кәдір – қадыр, қаріп – кәріп – ғаріп* т. б.

3. *Д – т* дыбыстарының алмасуы да жарыспалы сөздердің қатарын жасайды: *балуан – палуан, дозақ – тозақ* т. б.

4. Араб-парсылық сөздің ауызекі тіл бойынша қалыптасқан сыңары мен көне жазба тіл жазба нұсқаларында кездесетін (оларда араб-парсы сөздері түпнұсқа тілдің орфографиясына сәйкес немесе жақындатып жазылады) екінші сыңары да варианттылық құбылысын туғызады: *әзиз – газиз – әзіз, зәр – заһар, үкім – хүкім, құрмет – хұрмет, әділет – ғаділет* т. б.

5. Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздерінің бірнеше тұлғаларда жұмсалыуына көрші түркі халықтарының да әсері бар. Өзге түркі тілдеріне енген сөз сол тілдің дыбыстау заңдылықтарымен емлелік қағидаларына бейімделіп барып қазақ тіліне ауысқанда, қазақ тілінде бұрыннан бар баламасымен жарыспалы түрде жұмсалады

6. Қазіргі жазу практикасында кездесетін варианттардың бір тобы қазіргі жазба тілде емлесі толық айқындалған араб-парсы сөзін қате жазудан да пайда болады: *хикая – һикая, еш – һеш, лай – ылай, лаж – ылаж, лайық – ылайық* т.б. Бұл қатарлардың соңғылары емлесілік ағаттықтар болып табылады.

Араб-парсылық сөздердің жазылуында кездесетін ауытқушылықтардың бірі кісі аттарының емлесіне байланысты. Осыған орай «Қазақ тіл орфографиялық ережелерінің» өзгертулер мен толықтырулар енгізілген жаңа нұсқасында арнайы қағида берілді; онда «қазақтың төл сөздері мен араб-парсы тілдерінен енген сөздерден жасалған кісі аттары қатарынан екі дауыссыз дыбыстан басталмайды, олардың алдынан не ортасынан **ы, і** әріптерінің бірі жазылады» деп көрсетілген. Осы ережеде қазіргі жазу тәжірибесінде *Смайыл, Сқақ, Рза, Слен, Смадияр* тәрізді қате жазылып жүрген есімдердің *Ысмайыл* немесе *Сымайыл, Сылан, Ысқақ, Ырза, Ысмадияр* немесе *Сымадияр* түрінде дұрыс жазылуы берілген. Бұл арадағы заңдылық – қазақ тілі төл сөздерінің өзі екі дауыссыз дыбыстан басталмайды, сондықтан да ауызекі тіл арқылы енген араб-парсылық сөздер эпентеза, протеза құбылыстарына міндетті түрде ұшырайды. Және бір жағдай – *Смат, Сқақ, Смайыл, Смағұл* түрінде жазылып жүрген кісі аттары араб-парсы тілдерінің өзінде **с** дыбысынан басталмайды. Ал жергілікті аймақтардың тілдік ерекшеліктеріне орай бұндай кісі аттарының әр түрлі айтылып және *Сымайыл – Ысмайыл, Смағұл – Ысмағұл, Смадияр – Ысмадияр* болып екі түрлі жазылуы емлесілік қате болып есептелмейді.

Қазіргі қазақ әдеби тілі сөздік құрамындағы орыс тілінен және араб-парсы тілінен ауысқан сөздер – көлемді қабаттардың бірі. Бұл қабаттар төл тілдің сөздік қорын байытуға, стильдік мүмкіншіліктердің көзін ашуға, синонимдік қатарлардың қызметін кеңейтуге елеулі үлес қосты. Әсіресе совет дәуірінде енген орыс тілі сөздері қазақ әдеби тілінің терминологиялық жүйесін қалыптастырып, дамытуға, стильдік тармақтарының саралануына үлкен әсер етіп отыр.

Бүгінгі қазақ жазу практикасы пайдаланып отырған орыс тілі сөздерінің емлесіне қатысты ережелер – белгілі бір ғылыми негіздерге, тіл дамуының көп жылдық тәжірибесіне, қазақ тілінің ішкі фонетикалық-грамматикалық заңдылықтарына, сондай-ақ әдеби тілдің қоғамдық-әлеуметтік функциясына, оның ауызша және жазбаша формаларының рөліне, екітілділік құбылысына сүйеніліп жасалған қағидалар. Орыс тілі сөздерін түпнұсқа тілдегі орфографиясы бойынша жазу – бір ғана қазақ тілі емес, түркі тілдерінің барлығына да ортақ сипат. Бұл ережеге бағынатын сөздер – қазақ әдеби тіліне жазба тілдің көмегі арқылы енген, қоғамдық-саяси және ғылыми-техникалық мазмұндағы термин сөздер мен терминдік сөз тіркестері. Бұл қабатты орыс орфографиясына сәйкес жазу ұлттық терминологияның жасалу жолдары мен әдістерін қалыптастыруға, орфографиялық нормаларды бір қалыпқа түсіруге жәрдемдеседі. Сонымен қатар, СССР халықтарының көпшілігіне ортақ интернационалдық сипаттағы терминдерді бірыңғай жазу мәселесіне де айрықша мән беріліп келеді. Бұл мектептерде, оқу

орындарында орыс тілін оқып үйрену, меңгеру және екітілділікті дамыту саясаты қоғамдық-саяси маңызды мақсаттарға да байланысты.

Ауызша айтылуы бойынша жазылатын орыс тілінен енген сөздердің емлесі де – айқындалған тұстардың бірі. Бірнеше вариантта жұмсалатын сөздердің әдеби үлгісі арнайы сөздіктерде ұсынылған. Сөздіктер, бұл ретте, үлкен көмек көрсете алатын құралдардың бірі. Сөйтіп, орыс тіліндегі орфографиясы сақталып жазылуға тиісті сөздер тобын қазақ тілінде айтылуы бойынша жазу қандай қате болса, ауызекі тіл арқылы еніп, дағды-дәстүр принципімен жазылуға тиісті лексикалық единицалардың, атаулардың түпнұсқа тілдегі фонетикалық-графикалық тұлғасын сақтап жазу да емле нормаларына кедергі келтіретін қате болып есептеледі. Белгілі бір стильдік қызмет үшін көркем әдебиет тілінде орыс тілі сөздері (терминдер, терминдік мәндегі атаулар) өзгертіліп, айтылуы бойынша жазылуы мүмкін, бірақ әдеби тілдің ресми іс қағаздары, ғылыми және қоғамдық-публицистикалық стильдерінде түпнұсқа тілдегі тұлғасын өзгертпей жазу қатаң сақталуға тиіс.

Араб-парсы тілдерінен енген сөздердің ішінде емлесі тұрақтала қоймаған тұстардың бірі – вариант сөздердің жазылуы. Түп төркіні араб-парсылық жарыспалы тұлғалардың әдеби нұсқасын, стильдік реңкі мен қызметін дәл ажырату үшін практикалық құралдардың мәні зор. «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» пайдаланып отырған әдістер – әдеби норма деп танылатын екі сыңарын да «және» деген белгімен беру немесе алфавит ретімен ұсыну, бір ғана сыңарының әдеби норма екендігін «емес» сөзімен нақты көрсету (мысалы, *хикая* (*hikaya* емес), *зәрлі* (*zaharly* емес), *кәне* (*kani*, *qani* емес), – тілдегі басы артық жарыспалылықты тежеудегі тиімді жолдардың бірі. Қазақ тіліндегі фонетикалық, лексикалық, әдеби-диалектілік сипаттардағы дублет сөздерді толық түзіп, оның ішінде міндетті түрде әдеби нормаға сай келетін түрлерін ажыратып көрсететін «Вариант сөздердің сөздігін» жасау да – қажетті жұмыс. Варианттылықты реттеуде статистикалық тәсілдің де көмегі зор. Бір сыңарының екінші сыңарынан не стильдік, не синонимдік артық-кемі жоқ фонетикалық варианттарды реттеуде олардың қолданылу жиілігін есептеу әдісі тиімді нәтиже бере алады. Бұнда жарыспалы сөздердің қолданылу изоглосы, әдеби тілдің стильдік өрістеріне таралу жиіліктері есепке алынады, бұның өзі әсіресе бірін әдеби, екіншісін бейәдеби деп бағалау қиынға түсетін *ыждағат – іждағат*, *жәбір – зәбір*, *рақмет – рахмет*, *диқан – дихан*, *қаріп – заріп – кәріп*, *балуан – палуан* тәрізді параллель сөздерді нақтылауға жәрдемдеседі.

2.9 Бас әріптің қолданылуы

Бас әріптің қолданылатын орындары Негізгі ережелерде, мектеп оқулықтары мен анықтағыш құралдарда айқын көрсетіліп, бұл қағидалар едәуір қалыптасып кетті. Жалқы есімдердің, қысқарған сөздер мен төл сөздердің көпшілік жағдайларда өлеңнің әрбір жолының, сондай-ақ күрделі атаулардың – мемлекеттің, саяси ұйымдар мен кәсіпорындардың, оқу орындары мен мекеме, газет, журнал, кітап, шығарма аттарының бас әріппен

басталып жазылатындығы жазу тәжірибесінде толық орын тепті. Әйтсе де осы мәселе төңірегінде арнайы еңбектерде шағын түрде айтылып, немесе мүлде қағыс қалып жүрген жайлар бар. Соның салдарынан бірқатар сөздер мен атауларды, мысалы, ордендер мен медальдардың аттарын, құрметті атақтарды немесе орыс орфографиясы бойынша қос сөз болып, әр сыңары бас әріппен таңбаланатын жер-су аттарын жазуда қиындықтар байқалып жүр.

Төменде қазақ жазуында бас әріп арқылы жазылатын жалқы есімдер мен күрделі атаулардың негізгі түрлері топтастырылып беріліп отыр.

Орыс орфографиясына сәйкес бас әріппен жазылатын күрделі атаулар мен жалқы есімдер.

Республика аттарының әрбір сөзі бас әріппен таңбаланады: Қырғыз Советтік Социалистік Республикасы, Моңғол Халық Республикасы, Югославия Социалистік Федерациялық Республикасы. Коммунистік және жұмысшы партиялар аттарының емлесі де орыс орфографиясымен бірдей, яғни бұнда «партия» деген сөзден басқасы бас әріп арқылы жазылады: *Куба Коммунистік партиясы, Қазақстан Коммунистік партиясы, Ямайка Жұмысшы партиясы*. Сондай-ақ ең жоғарғы сайланбалы партия, комсомол басқару органдарының күрделі атауларын жазуда да, орыс емлесінің қағидалары сақталады: *ВЛКСМ Орталық Комитеті, Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Саяси Бюросы*.

Одақтық, республикалық министрліктер мен мемлекеттік комитеттер, ұйым, мекеме, кәсіпорын және оқу орындары атауларының алғашқы сөзі бас әріптен басталып жазылады: *СССР Құрылыс министрлігі, Жеңіл өнеркәсіп министрлігі, Табиғатты қорғау жөніндегі мемлекеттік комитет, В.И. Ленин атындағы Қазақ политехника институты, Қазақстан Журналистер одағы*. Бұндай күрделі атауларды жазуда орыс емлесі бойынша бас әріптен басталатын сөз бен қазақ емлесі бойынша бас әріптен басталатын сөздің бірдей болмайтындығын ескеру қажет. Мысалы, орыс тілінде «Государственный комитет Совета Министров Казахской ССР по кинематографии» деген күрделі атауда «Государственный» сөзі бас әріптен басталса, қазақша аудармасында «Кинематография» сөзінде жазылады: Қазақ ССР Министрлер Советінің *Кинематография* жөніндегі комитеті.

Ең жоғарғы мемлекеттік қызмет бабының аттары мен құрметті атақтардың әрбір сөзі бас әріп арқылы таңбаланады: *Министрлер Советінің Председателі, Совет Одағының Батыры, Социалистік Еңбек Ері*.

Жеке адамдардың социалистік құрылысты орнату және Отанды қорғау жолындағы ерліктері үшін берілетін ордендер мен медальдар үш ыңғайда жазылады: а) алдыңғы сөзі бас әріптен басталады: *Ленин ордені, Халықтар достығы ордені*; ә) күрделі сөздің барлық компоненттері (орден деген сөзден басқасы) бас әріп арқылы таңбаланады: *Еңбек Қызыл Ту ордені, Октябрь революциясы ордені*; б) орденнің, медальдың аты тырнақшаға алынып, бас әріппен белгіленеді: «*Құрмет Белгісі*» ордені, «*Даңқ*» ордені, «*Батар Ана*» және «*Ана Даңқы*» медальдары. Жеке адамдардың қоғам мен халық алдындағы елеулі еңбектеріне орай берілетін құрметті атақтардың алғашқы сөзі бас әріптен басталып жазылады: *Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым*

қайраткері, Қазақ ССР-інің халық артисі. Сондай-ақ еңбек жетістіктері мен табыстары бағаланатын құрметті атақтардың алғашқы сөзі ғана бас әріптен басталады: *Құрмет* грамотасы, *СССР Мемлекеттік* силығының лауреаты, *Түркістан қаласының Құрметті* азаматы.

Бірінші сыңары *батыс, жаңа, жоғары, қиыр, оңтүстік, орта, орталық, солтүстік, төменгі* тәрізді сөздер болып келетін, мемлекет, жер-су, қала аттарының әрбір сөзі бас әріптен басталады: *Батыс Европа, Жаңа Зеландия, Жоғарғы Вольта, Қиыр Шығыс, Оңтүстік Корея, Орта Азия.*

Араб тіліне тән артикльдер арқылы жазылатын қала, жер-су аттары, кітап, шығарма аттары негізінен, өзге халықтар тіліне ортақ емлесін сақтайды: *Эль-Кубейт, Эль-Джадида* (қала аттары), *Эль-Катиф* (порт), «*Фусул ал-мадани*», «*Дивани лұғат ат-түрк*». Бірқатар жалқы есімдердің алдындағы артикльдер «қазақшаланып» («әл» түрінде), бас әріппен дефис арқылы жазылады: *Әл-Фараби, Әл-Бируни, Әл-Кимаки.* Сондай-ақ араб халықтары тілінде «*баласы, ұлы*» деген мағынаны білдіретін «*ибн*» сөзімен келетін кісі есімдері екі түрлі жазылады: а) «*ибн*» сөзі жалқы есімнің алдында келсе, бас әріппен жазылады да, есім мен акесінің аты арасында (отчество құрап) жұмсалса, кіші әріппен жазылады: *Ибн Сина, Ибн Рушд; Ахмед ибн Абдуллах – Ахмед Абдуллах баласы.*

Қазақ тілінің өз табиғатына тән күрделі жалқы есімдер мен күрделі сөздердің жазылуы

Орыс тілінде қос сөз болып жазылатын қала, мекен, жер-су атаулары қазақ жазуында бірге жазылып, бас әріппен таңбаланады. Мысалы, орыс тілінде – *Кзыл-Орда, Ыссык-Куль, Аулие-Ата, Бетпак-Дала, Байрам-Али:* қазақ жазуында – *Қызылорда, Ыстықкөл, Әулиеата, Бетпақдала, Байрамәлі. Ростов-на-Дону, Комсомольск-на-Амуре* тәрізді қала аттары *Дондағы Ростов, Амурдағы Комсомольск* болып жазылады.

Мифологиялық ұғымдардың аттары, сондай-ақ ертегі-аңыздарда кездесетін қиялдан туған жалқы атаулар, батырлық жырларда ұшырасатын малға қойылған аттар бас әріптен басталып жазылады: *Зеңгібаба, Ойсылқара, Шекшеката, Қамбарата; Бибіфатима; Таусоғар, Көлжұтар, Желаяқ, Тайбурыл, Шалқұйрық, Желмая, Керқұла.*

Бірқатар тарихи тұлғалардың есімдері мен жырларда, аңыздарда, көркем әдеби шығармаларда кездесетін кейіпкерлердің аттары екі сөзден құралған күрделі болып келеді. Мысалы, *Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Баян сұлу, Қозы Көрпеш, Қыз Жібек, Қаңбақ шал, Сыпыра жырау, Бұқар жырау, Жиренше шешен, Қамбар батыр, Ер Төстік, Ер Қосай, Кішкене Молда, Судыр Ахмет, Әз Жәнібек, Қаз дауысты Қазыбек, Шық бермес Шығайбай, Алдар көсе.*

Егер нақты кісі есіміне тіркескен сөз айқындауыш болып, сол адамның өнерін, кескін-келбетін, мінез-құлқын даралап көрсету қызметін атқарса, онда мұндай сөздер кіші әріппен бөлек жазылады: *Біржан сал, Ақан сері, Баян сұлу, Қамбар батыр, Сыпыра жырау, Жиренше шешен.* Әдетте бұл айқындауыштар бірқатар адам аттарының алдында да айтыла береді: *сал Біржан, сері Ақан, сұлу Баян.*

Ал *Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Қозы Көрпеш, Алдар Көсе, Судыр Ахмет* тәрізді күрделі кісі есімдерінің бірі халық теліген қосымша аты болғандықтан, ол бөлек және бас әріппен жазылады; бұндай қосымша аттар өз алдына жеке де қолданыла береді: *Жаяу Мұса – Жаяу, Балуан Шолақ – Шолақ, Судыр Ахмет – Судыр, Алдар Көсе – Алдар.*

Ер, әз, ұлы сөздері мен *қаз дауысты, шық бермес* тіркестері адамдардың өзгеден дара жағымды-жағымсыз қасиетін айрықшалап, анықтауыш қызметінде жұмсалады, әрі бұл сын есімдер адамдардың халық пен қоғам мүддесін атқарудағы орнына байланысты қойылған бағалауыш сөздер болып келеді де, нақты кісі есімінен ажырамай, бас әріппен бөлек жазылады: *Ер Тарғын, Әз Жәнібек, Қаз дауысты Қазыбек, Ұлы Петр, Шық бермес Шығайбай.*

Ру, тайпа, ата аттары белгілі бір үлкен қауымның атауы ретінде жалпы мағынаға ие болып кеткендіктен (*орыс, қазақ, башқұрт, татар* деген халық аттары тәрізді) кіші әріптен басталып жазылады: *тобықты, арғын, найман, керей, уақ, шекті, жағалбайлы, ошақты, адай, беріш, жақайым, төртқара.*

2.10 Қысқарған сөздердің жазылуы

Күрделі атауларды ықшамдап қысқартып қолдану – тіл дамуындағы жаңа құбылыстардың бірі. Бірқатар зерттеулерде қысқарған сөздердің тілдің қазіргі қоғамдық-әлеуметтік қызметіндегі аса ыңғайлы, қажетті элементтер екендігі дәлелденіледі [74]. Шындығында да коммуникативтік актіде сөздерді қысқартып қолдану амалының тиімді тұстары бар; негізінен ғылыми стильде, ресми-публицистикалық материалдарда, газет-журналдар және радио-телевизия тілдерінде қолданылатын қысқарған сөздер айтар ойды нақты, тұжырымды етіп беруге, сонымен бірге орын, уақыт үнемдеуге де әсер етеді. Мысалы, «Қазақ Совет Энциклопедиясының» 1-томын жасауда күрделі атауларды қысқартып жазудың көмегі арқылы 300 000 таңбадай орын үнемделіп, соның нәтижесінде том жаңа, үстеме мағлұматтармен байытылған; ал «Социалистік Қазақстан» гезетінің бір номерінде 9000 таңбадай орын үнемделген, бұл өзге материалдардың жариялануына мүмкіндік туғызған [75, 63б.].

Қазақ тілінде күрделі атаулар төрт түрлі жолмен қысқаратындығы мәлім [76, 130б.]. Жеке сөз, дара лексикалық единица болғандықтан, қысқарған сөздердің жазылуы, олардың қосымшалармен түрленуі белгілі бір қағидаларға сүйенілуге тиіс. Қазіргі қазақ жазуында бұл жайт нақтыланып, қалыптасып бір арнаға түсті: күрделі атаулардың бастапқы дыбыстарынан қысқарған сөздер бас әріппен, бірге жазылады (мысалы, КПСС, ВЛКСМ, ЭВМ); күрделі атаулардың құрамындағы сөздердің бірінші буындарының (және күрделі атаудың екінші сөзі толық алынған жағдайда да) ықшамдалуынан жасалған қысқарған сөздер біркелкі, кіші әріптермен бірге жазылады (мысалы, *совхоз, пединститут, интербригада*); оларға қазақ тілінің қосымшалары соңғы буынға үндесе жалғанады.

Қазіргі жазу тәжірибесінде әріптік аббревиатуралардың қазақ тілі қосымшаларымен өзгеруінде орфографиялық ағаттықтар байқалады. «Негізгі ережелерде» сөздердің басқы дыбыстарынан алынған қысқарған сөздерге қосымшалар соңғы дыбыстың айтылу әуеніне қарай жалғанып, дефис арқылы жазылатындығы көрсетілген, бұл – қысқарған сөздердің айтылу, оқылу, жазылу заңдылықтары толық ескеріле отырып жасалған қағида. Бірақ жазба тіл үлгілерінде *ҚазТАГ-тың – ҚазТАГ-тің; ГДР-дегі – ГДР-дағы; Қырғыз ССР-інің – Қырғыз ССР-ының* т.б. тәрізді әр түрлі орфограммалар беріліп жүр. Бұл жағдай негізінен қысқарған сөздердің айтылу ерекшеліктерін ескермеуден туады.

Әріптік қысқарған сөздердің екі түрі бар: бірі – әріптердің аттары бойынша оқылатын аббревиатуралар, мысалы: СССР, айтылуы – эс-эс-эс-эр; БКП, айтылуы – бе-ка-пе; ЭВМ, айтылуы – Э-ве-эм т.б.; екіншісі-әріптердің дыбысталуы бойынша оқылатын қысқарған сөздер, мысалы, ТАСС, айтылуы – тасс; ГРЭС, айтылуы – грэс т.б.

Қысқарған сөздерге қазақ тілі қосымшаларының жалғану үлгісі

АЗТМ, -нің, -ге	Алматы ауыр машина жасау заводы
АДҚ, -ның, -ға	Алматы үй құрылысы комбинаты
АКЭЛ, -дің, -ге	Еңбекші халықтың прогресшіл партиясы (Кипр)
АҚШ, -тың, -қа	Америка Құрама Штаттары
АПН, -нің, -ге	Жаңалық баспасөз агенттігі
БКП, -нің, -ге	Болгар Коммунистік партиясы
ВАСХНИЛ, -дің, -ге	В.И.Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылық ғылым академиясы
ВЛКСМ, -нің, -ге	Бүкілодақтық Ленишіл Коммунистік Жастар Одағы
ВЦСПС, -тің, -ке	Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советі
ГДР, -дің, -ге	Герман демократиялық Республикасы
КПСС, -тің, -ке	Совет Одағы Коммунистік партиясы
ООН, -ның, -ға	Біріккен Ұлттар Ұйымы
СССР, -дің, -ге	Советтік Социалистік Республикалар Одағы
ФИФА, -ның, -ға	Халықаралық Футбол Федерациясы

Әріптік аббревиатуралар қазақ тілі қосымшаларымен түрленгенде, осы ерекшеліктер ескерілуге тиіс. Яғни әріптердің аттары бойынша оқылатын қысқарған сөздерге қосымша соңғы әріптің аты бойынша жалғанады, мысалы, *СССР-дің*, өйткені айтылуы – *эс-эс-эс-эр-дің*; *ЭВМ-ге*, өйткені айтылуы – *э-ве-эм-ге*; *ГДР-ге*, өйткені айтылуы – *ге-дэ-эр-ге*. Ал әріптердің

дыбысталуы бойынша оқылатын қысқарған сөздерге қосымша жуан, не жіңішке болып құрамындағы дауысты дыбысқа үндесе жалғанады: *ТАСС-тың, СМУ-ға, СЭВ-ке, БАМ-ға, ВАСХНИЛ-ге, МАГАТЭ-ге* (5-қосымша).

Қысқарған сөздердің орыс тілінен өнімді түрде енуі төл қысқарған сөздердің жасалуына да әсер етті. «*Ауатком*», «*аунартком*» тәрізді сіңісті атаулармен бірге жазу дәстүрінде *ТТТ* (түрлі-түсті телевизия) мультжинақ (мультфильмдер жинағы) т.б. жаңа үлгілер де қолданылып жүр. Ал аударма әдісімен жасалған *СОКП, БЛКЖО, СОТА (КПСС, ВЛКСМ, ТАСС* аббревиатураларының қазақша толық атауларынан қысқартылған) тәрізді үлгілер тілдің қоғамдық-әлеуметтік міндеттеріне сай бола алмады, өйткені аббревиатуралар – интернационалдық, ресми сипаттағы сөздер, сондықтан да олар барлық тілде мүмкіндігінше бірдей таңбалануға тиісті. Бұл тілдік, сондай-ақ информациялық қарым-қатынасты жеңілдетеді.

ІІІ ТАРАУ ЖАҢА ӘЛІПБИ. ЖАҢА ЕМЛЕ

3.1 Жаңа латыннегізді әліпби бойынша қазақ орфографиясын оңтайландыру жолдары

Латын әліпбиіне көшу ана тіліміздің болашағын ойлап, қолданыс аясының одан әрі кеңейе түсуіне мүмкіндік жасап, тіліміздің ішкі табиғатына әліпбиіміз арқылы жазудың айтуға жасап келе жатқан қиянатын болдырмай, қазақы айтылым (орфоэпия) мен жазылым (орфография) талаптарын жүйеге түсіру деп түсіну керек. Жаңа латыннегізді әліпби қабылданды, демек жаңа емле ережелері қажет. Неге біз ережемізді қайта жасауымыз керек? Себебі, ол әліпби түзілгеннен кейін ол ережелер әліпбиге сәйкес болуы керек. Әуелі әліпби. Бізде ұлттық-дыбыстық қордағы дыбыстық бірліктеріміздің саны қанша? Оны Ахмет Байтұрсынұлы дұрыстап тұрып айтып кеткен болатын. Ол - 9 дауысты. Кезінде оны Байтұрсынұлы белгіледі. Одан кейін 19 дауыссыз. Бұл - біздің ұлттық дыбыстық қорымыздың негізі. Осыған қарап отырсақ, жазба тілдің ықпалымен «х», «в» сияқты әріптер енді. Бұрынғы жазуда (кириллицада) да болған. Қазіргі әліпбиде де ескеріліп отыр. Бізге 42 әріптің қажеті қанша? Оның өзі орфографияны қиындатқан, ұлттық бейнесінен ажыратқан түйіні күрделі мәселе. Сондықтан, осыдан арылуымыз керек. Өздеріңіз қарасаңыздар, біздің кирилл әліпбиінің үштен бірі ұлттық дыбыстық қорымызға сәйкес келмейді. Оның себебі - идеологиялық

қысымнан, саяси әрекеттің әсерінен, 42 әріп болу керек деген сынның салдарынан болды. Әліпбиі солай болғасын, ереже де солай болуы керек. Ереженің жартысына жуығы бөтен тілдегі сөздерді таңбалаудың ережесіне айналып кетті. Орфографиямызды қарасақ, ол қос тілді орфография болып шықты. Ережеміздің тең жартысы да сол күйде болды. Біздің ережеміз, жазуымыз ұлттық жазуымыз өзінің ұлттық сипатынан айырылды

Қазіргі таңда латын әліпбиіне көшу қарсаңында өте жауапты кезеңде отырмыз. Өткен кездегі, тәжірибедегі кейбір кемшіліктерімізді қайталамауымыз керек. Яғни, болашақ жазуымыз, ережелеріміздің ұлттық сипаты болуға тиіс. Міне, тұжырым осыны негізге алып отыр. Ұлттық сипатты қалай береміз деген сұраққа - жаңа айтқанда Ахмет Байтұрсынұлы айқындап берген 9 дауысты, 19 дауыссыз және мәдени қарым-қатынастың негізінде пайда болған 4 дыбысты білдіретін әріптер. Міне, осының ара жігін ашып, көрсету - біздің тұжырымдаманың негізгі мәселені айналып отыр.

Әліпби түзу аса жауапты бастапқы кезең болса, ендігі кезекте негізгі орфографиялық ереже түзу осы кезеңнің қисынды жалғасы болып табылатыны белгілі. Бұл кезең әртүрлі ортологиялық құралдары (емле ережелерінің анықтағыштары, ономастикалық атаулардың анықтағыштары, т.б.) және ортологиялық лексикография түзудің (орфографиялық және орфоэпиялық сөздіктер құрастырудың) бастамасы болып саналады.

Қазақ орфографиясы негізгі ережелері – латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі бойынша дұрыс жазуды көрсететін құқықтық күші бар құжат. Сонымен қатар латын негізді жаңа әліпби бойынша қазақ тілінің орфографиялық нормаларын тұрақтандыратын жаңа әліпби бойынша дұрыс жазу мәдениетін қалыптастыратын басты нормативті қағидалар болып саналады. Емле ережелерінің негізінде орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктер, анықтағыштар осы ережелерге сәйкес құрастырылмақ. Ұлттық жазу-сызудың емле ережелерін жасауда алдымен ескерілетін заңдылықтар мен ерекшеліктер негізге алынды. Олар:

— *тілдің жалғамалы (аглютинация) заңдылығы;*

— *тілдің ықшамдалу заңдылығы;*

— *тіл дыбыстарының үндестігі (дауыстылардың дауыссыздармен үндестігі) және дауыссыздардың бір-бірімен үйлесімділік заңы.*

Осы айтылған заңдылықтар мен ерекшеліктер аясында жазба тілдің жаңа Ережесінің нұсқасы жасалды. Ережеде латын негізді әліпби бойынша қазақ тілі дыбыстарының репрезентанттары болып табылатын әріптердің үндестікпен, үйлестікпен жазылу нормасы көрсетілді; сөздерді бірыңғай жуан немесе жіңішке жазу, соған сәйкес қосымшалардың жуан немесе жіңішке жазу үлгісі берілді; қосар дыбыстардың (ұу/үу, ый/ій) дара әріппен (у, и әріптерімен) таңбалануының үлгісі ұсынылды; қазақтың төл әдеби тіліндегі емлесі қиын сөздердің орфографиялану ерекшеліктері көрсетілді; латын негізді әліпбиде жоқ ё, ц, щ, э, ю, я, ь, ъ, әріптерінің жазылу баламасы берілді; бейүндес буынды кірме сөздерге қосымша жалғаудың орфографиялану тәртібі көрсетілді; халықаралық терминдер мен атаулардың (шетел тілдік сөздердің) орфографиялану үлгісі берілді; күрделі сөздердің

(біріккен, кіріккен, тіркесті сөздер, қос сөздер) және бас әріппен жазылатын атаулардың емлесі, сондай-ақ тасымалдаудың тәртіптері көрсетілді. Ал жаңа ереже жобасында қазақ орфографиясының негізгі ережелерінің ұлттық тілдің ерекшеліктері мен заңдылықтарына сәйкес болуы; тәжірибеде сыннан өтіп, дәстүрге айналған базалық нормалардың сақталуы; техникалық жақтан қазақ орфографиясының қолдануға оңтайлы, мобильді, жинақы болуы; халық тілінің дыбыстық қор әлеуетінің кеңірек қамтыла түсуі; жаһандану үрдісінде жазу-сызудың ұлттық сипатының сақталып, космополиттік әсірелікке ұшырамауы көзделіп, орфографиялық ережелер түзудің басшылыққа алынған негізгі ұстанымдары болды.

Әліпбидегі әріптердің атауына да бірқатар өзгерістер енгізілді. Оны былайша түсіндіруге болады. Әріптердің халықаралық атаулары бар да, халықтық атаулары бар. Біріншісі ғылыми зерттеулерде қолданылады. Біз халықтық атауларға сүйендік. Халықтық атауда, мысалы, *б-бы, д-ды, с-сы, т-ты...* т.б. деп аталады. Өйткені тілімізде жуан буынды сөздер басым. Басқа әріптердің аталуы да солай. Бұлай болу себебі тіл дыбыстарының қоғамдық санадағы бейнесі, ойдан шығарылған нәрсе емес. *Г* мен *к* әріптерінің жіңішке түрде берілуі олардың үнемі жіңішке буындарда кездесуіне байланысты, сондықтан олардың дыбыстық аталуы *кі, гі* түрінде берілген. Бұл жерде тағы да сұраудан-сұрау туындай береді. Неге *и* әрпінің дыбысталуы *йй*, ал *у* әрпінің дыбысталуы *ұу*? Бұлай болуы тілдік санада дыбыстық бейнесінің жіңішке *йй* түрінде ұғынылуы. Оған себеп *йй*-мен келетін жіңішке буынды сөздердің саны басым. Ал *у* әрпінің *ұу* болуы жуан буынды сөздер басым болғандықтан. Сонымен тіл дыбыстарының қоғамдық санадағы бейнесі – олардың моделі іспетті. Бұл - автоматизм түрінде жұмыс істейтін модель. Бұларды Орфографиялық ереженің негіздемесінде, ереженің өзінде нақтылау міндетті емес. Осындай ерекшеліктер болашақта орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктерде немесе анықтағыштарда егжей-тегжейлі түсіндірілетін болады.

Жаңа емле ережесі фонематикалық принципке негізделді. Бірақ осыған келіспеушілердің айтуынша негізгі принцип морфологиялық, енді бір әріптестеріңіз фонетикалық принцип деп атауды жөн көреді. Әдетте морфологиялық принцип дегеніміз – мектеп сөзімен айтқанда, түбір сақтау. Біздер, орфографиямен шұғылданушылар, фактологиялық материалдарға сүйенеміз. Мысалы, *қазақ, қазағы* дейсіз, солай жазасыз, бірақ *қазағ* деген түбір жоқ қой, ал *қазақ* десеніз, басқа мағына. *Тірлік* деп жазасыз, түбір сақтап *тірлік* деп жазбайсыз. Сол сияқты *тасқын* деп жазасыз, бірақ түбірі *тасы* болса да *тасықын* деп жазбайсыз. *Егіннің* түбірі *ек* болса да *егін* деп жазасыз. Себебі сіз бұл жерде мағына ажыратуға дәнекер дыбыстарды (бұларды ғылыми сөзде фонема дейді) жазып отырсыз. Фонематикалық принцип дегеніміз осы. Ережеде фонематикалық принциптің негізге алыну себебі осы айтылғандарға саяды. Ал фонетикалық принцип қалай айтылса, солай жазу; қалай естілсе, солай жазу дегенге саяды. Рас, кейде *дала, қала, ана, бала, ел-жұрт* т.б. жазылуы даусыз сөздердің айтылуына, соған сай жазылуына қарап, фонетикалық жазу екен деуге болмайды. Айталық, *қашша*

деп айтсаңыз не естісеңіз, оның айтылымы да, естілімі де бірдей. Бірақ мағыналары әр басқа. Фонематикалық жазу сол әр басқа мағынаны береді: *қазша* (қаз сияқты), *қашса* (қашатын болса), тағы бір мағынасы *қасша* (дұшпанша). Осы типтес сөздерді мағына ажырататын дыбыстар бойынша жазу фонематикалық ұстанымға жатады. Түбір сақтап жазу дегеніміз де осы принциптің аясына кіреді. Жазу мәдениетіндегі негізгі принципті айқындауда біз осындай уәжге сүйендік.

Сонымен қатар жаңа емле жазба дәстүрге айналған А.Байтұрсынұлының сингармонизміне, Халел Досмұхамбетұлы айтқан сингармонизміне сүйенді. Бұл - сөздердің жуан, жіңішке болып жазылуын негізге алатын *езубейімді* дәстүрлі сингармонизм. Ғылымда бұны лингвалды сингармонизм дейді. Мысалы, *қойымыздың, қойшымызға, үйлерімізге, түйелеріміздің* т.б. Ал еріндік сингармонизмді жақтаушылар әсіресе 90 жылдары қызуқанды айтыстың алаңына айналдырған болатын. Кезінде тәжірибе ретінде *ерінбейімді* (лабиалды) үндестікті жазып көргенімізде оның жазу-сызуымыздың жартысына жуығын қамтитынын байқадық. Ол айтыстың беті қайтқандай болды. Бірақ қазіргі кезде де ара-тұра айтылып жүр. Егер біз ерінбейімді сингармонизмді ұстансақ, *қойұмұздұң, қойшұмұз, үйлөрүмүзгә, түйөлөрүмүздұң* т.б. деп жазған болар едік. Алайда жазармандарымыздың қоғамдық санасы бұндай «жаңашылдықты» қабылдай қоймасы белгілі. Сондықтан А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамбетұлы заманынан келе жатқан *езубейімді* сингармонизм базалық норма деп танылды.

Жаңа емле жасалу барысында у мен й дыбыстарының қасиетіне қатысты талқылаулар болды. У құрамында ұу, үу мен й құрамындағы ый, ій заңдылығы жазу жүйесіне де енуі қажет деген ұстанымдар да болды. Бұндай жағдайда сүйенетіміз: **Тағылым, Дәлел, Уәж**. Осыларға сүйеніп, бір тоқтамға келдік. Тағылымға, дәлелге, уәжге тоқталмасақ, жазу реформасы бітіспес айтыс алаңына айналар еді.

Әуелі сөзді **тағылымнан**, өмір тәжірибесінен бастайық. А.Байтұрсынұлы кезіндегі төте жазуда *қиын, тиын, ит, киім* деп те, *қыйын, тыйын, ійт, кийім* деп те жазған.

30-ыншы жылдардағы латында да солай: *тұу* деп те, *ту* деп те жазылды. Кирилше жазуда, 1957 жылғы ережеге дейін *тұу* деп те, *ту* деп те жазылған болатын. Осы қиындықтан тағылым алуымызға болады.

1957 жылғы Ережеден кейін бұндай ала-құла, әрі-сәрі жазу бірізге түсті. Егер ережеде кемшілік болса, осы күнге дейін ала-құлалықтан арыла алмай жүрген болар едік. Қай газетті алып қарасақ та, **у, и** әріптерінің жазылуынан кеткен қатені көрген жоқпыз. Егер өмір сынынан өткен тәжірибеден тағылым алмасақ, күні ертең-ақ баяғы ала-құлалық қайталанбай қоймас. Тағылымға тоқтамасақ, тағы да тайғақ кешуде жүреміз. **Тағылым** дейтініміз осы.

Дәлел. Дәлел мынау: **у** да, **и** де А.Байтұрсынұлы айтқандай, жарты дауысты. [*тұу*] дегенде **у** жарты дауысты, **ұ** қысқа дауысты, **екеуі** де еріндік. Осы қасиеттері жағынан бірегейленіп, бір бүтінге айналған дыбыстық бірлік.

Оппоненттерімізге айтатын дәлеліміз осы. *Тұу* деп жазсаңыз да, *ту* деп жазсаңыз да айтылымында айырма жоқ.

Уәж. Уәж мынау: Әңгіме тек *бу, су, ту* сияқты, бір буынды сөздер ғана емес. Әдетте орфографиямен шұғылданушылар бірер сөзбен ғана шектелмей, фактологиялық материалдарды кеңінен жинап, соған сүйенеді. Оны саралайды, әр нұсқасын жазып, салыстырады. Сіз де салыстырыңыз, оқырмандарымыз да салыстырып көрсін: *игеру* (5 әріп) – *ійгеруу* (7 әріп) , *игерісу* (7 әріп) – *ійгерісуу* (9 әріп); *қуу* (3 әріп) – *құуұу* (5 әріп); *ауру* (4 әріп) – *ауырұу* (6 әріп); *суыну* (5 әріп) – *сұуынұу* (7 әріп).

Ал халықаралық терминдер мен прецедентті атауларды да қосар *-ый/-ій, -ұу/-уу* түрінде де жазып көрдік: *криминологиа* (12 әріп) – *кріймійнологіиа* (15 әріп), *университеті* (12 әріп) - *үүнійверсійтеті* (15 әріп), *Иури Гагарин* (11 әріп) – *Бійұурій Гагарійн* (15 әріп) т.б. халықаралық терминдер мен прецеденті атауларға келгенде, оппоненттер тарапынан «біз тек төл сөздерімізді ғана *-ый/ -ій, -ұу/уу* деп жазамыз» дегендей де уәж айтылды. Бұндай уәжге де тоқталу қиын болды, өйткені мыңдаған жазарманымыз *иман/ыйман, уәкіл/үүәкіл, Уәзипа/Үуәзійпа, уәжіп/үүәжіп, Уәлихан/Үуәлійхан, Иса/Бйса, Исатай/Бйсатай, Иран/Бйран* т.б. сөздер мен атауларды жазарда төл ме, төл емес пе деп «сұрыптап» отырмақ па? Дара не қосармен жазу санаулы сөздердің ғана орфографиялануы емес, күллі Емлеміздің үштен екісін құрайтын аса ауқымды жүйе. Оны өзгерту – өзгеріс емес, төңкеріс болар еді.

Қоғамымызда 7 жас пен 70 жастан асқанға дейінгі мүшелерін қамтитын әлеуметтік аса ауқымды және кезек күттірмейтін іс-шаралар. Реформа дегеніміз, жалпы айтқанда, түп негізін сақтай отырып өзгерту. Жазу-сызуда да солай. Жазу-сызу – біздің түп негізі бар рухани дүниеміз. Ал түп негізінен айырылса, ол өзгеріс емес, төңкеріс болар еді. Қоғам бізден төңкерісті емес өзгерісті күтеді.

- Қорыта келгенде, жаңа қазақ орфографиясының негізгі ережелерінің ұлттық тілдің ерекшеліктері мен заңдылықтарына сәйкес болуы көзделді;

- тәжірибеде сыннан өтіп, дәстүрге айналған базалық нормалары сақталынды;

- техникалық жақтан қазақ орфографиясының қолдануға оңтайлы, мобильді, жинақы болуы ескерілді;

- халық тілінің дыбыстық қор әлеуетінің кеңірек қамтыла түсу талабы болды;

- жаһандану үрдісінде жазу-сызудың ұлттық сипатының сақталып, космополиттік әсірелікке ұшырамауы көзделді.

3.2 Қазақ орфографиясы негізгі ережелерінің ғылыми негіздемесі (концепциясы)

Қазақ орфографиясы ережелерінің концепциясы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақ тілі әліпбиінің кириллицадан латын графикасына көшірілуін қамтамасыз ету мақсатындағы Жарлығына сәйкес орындалып отыр.

Қазақ орфографиясы ережелерінің концепциясы - (бұдан әрі қарай – Емле концепциясы) қазақ әліпбиі бойынша дұрыс жазу ережелерінің ғылыми негіздерін айқындайтын лингвистикалық нормативті құжат. Емле концепциясында ұсынылған қағидаларға сәйкес емле ережелері құрастырылады. Емле ережелерінің негізінде орфографиялық сөздік құрастырылады. Яғни емле концепциясында тұжырымдалған қағидалар қазақ жазуының емле ережелерін, орфографиялық сөздік, орфографиялық анықтағыш, басқа да ортологиялық құралдар жасауда негізге алынады.

Емле концепциясының мақсаты: Латыннегізді жаңа әліпби бойынша қазақ тілінің орфографиялық нормаларын ұсынатын және тұрақтандыратын, жаңа әліпби бойынша дұрыс жазу мәдениетін қалыптастыратын ортологиялық еңбектердің ғылыми негіздері мен басты қағидаларын айқындап беру. Базалық нормалардың қатарын анықтау.

Емле концепциясының міндеттері:

- латыннегізді әліпби бойынша кейбір әріптердің жазылу нормасын кодификациялау;
- базалық норма бойынша сөздерді бірыңғай жуан немесе жіңішке жазу;
- соған сәйкес қосышалардың жуан немесе жіңішке жазылуы;
- сөздердің еріндік емес үндестікпен жазылуы;
- қосар дыбыстардың (ұу/үу, ый/ій) дара әріппен (у, и әріптерімен) таңбалануы және т.б.;
- қазақтың төл әдеби тіліндегі емлесі қиын сөздердің орфографиялану ерекшеліктерін ұсыну;
- латыннегізді әліпбиде жоқ ц, щ, ё, я, ю әріптерінің жазылу ережелерін негіздеу;
- бейүндес буынды кірме сөздерге қосымша жалғаудың емле ережелерін біріздендіру жолдарын көрсету;
- кірме (шетел сөздері, халықаралық терминдер) сөздерінің дұрыс жазылу ережелерін ұсыну;
- күрделі сөздердің (біріккен, кіріккен, тіркесті сөздер, қос сөздер) орфографиясын кодификациялаудың тетіктерін көрсету;
- бас әріппен жазылатын сөздердің орфографиясын тұжырымдау.

Әліпби ауыстыру жазу-сызуға түбегейлі реформа жасау болып есептеледі. Ал жалпыхалықтық сипаттағы мұндай бетбұрыс қоғам мүшелерін бейжай қалдырмайтын мәдени-әлеуметтік күрмеуі қиын мәселе болғандықтан, әліпби таңдау мен саралауда селективті үрдіс басым сипат алып, қоғамдық санада екіұдайлық күшейе түседі: қолдау да, күмәндану да, қарсылық та болады. Кемшіліктің тасасында артықшылық, артықшылықтың тасасында кемшілік көрінбей жатады. Көшер-көшпестен бұрын қолданыстағы әліпбидің артықшылығы мен кемшілігіне жұртшылық назар аудармай қоймайды. «Көшсек пе, көшпесек пе?» деген сұрау толас тауып, жұртшылық латын әліпбиіне көшуге тоқталды. Ендігі жерде жазу-сызудың ұлттық сипатын сақтауда әлемдік тәжірибеде жиі кездесетін детерминатив

нұсқаларының (*диакритикалық, диграфтық, апострофтық, акут тәрізділердің*) бірін таңдау әліпби объектісінің өзекті мәселесіне айналды.

Қазіргі жаһандану заманында қоғамдық өмірдің қай саласында болмасын «уақыт бюджеті» барған сайын шектеулі болып барады. Содан болар, өмірдің қай қырында болмасын, ұтқырлық (мобильность), жылдамдық, ықшамдылық, жинақылық, икемділік ерекше мән алып отыр. Бұндай талаптар, әрине, бұрыннан да бар, бірақ олар кезінде жай ғана қатардағы талаптардың бірі болды. Қазіргідей өткір мән ала қоймаған еді. Қоғам ендігі жерде, өмірдің қай саласында болмасын, цифрландыру мен ІТ технологиясы заманында шұбалаңқылықтан тез арылып, ықшамдылыққа, жинақылыққа бет бұрып, жинақы, жылдам, ықшам, икемді болудың ресурстарын іздей бастады. Осы тұрғыдан қарағанда, 42 әріптен құралған әліпбидің бірден көзге ұрып тұратыны – шұбалаңқылығы. Бұрын 30 әріптің айналасындағы әліпбимен де күнелткен қазақ жазуына ендігі тұста қысқартып, ықшам, жинақы сипат беру қажеттілігі туып отыр. Осы талапқа орай қоғамда жұртшылық компьютерлік технологияға икемді 32 әріптен тұратын латын әліпбиінің *ноқатты* (акут) түріне тоқталды.

Қазіргі қазақ қоғамындағы латынға бетбұрыстың ұлттық рухты жаңғыртумен байланысты себептері бар. Жұртшылыққа белгілі, кирилше әліпби халықты еріктен тыс күштеумен әміршілдік жолмен сырттан таңылды. Ұлтты орыстандыру мақсатын көздеген бұл саяси-идеологиялық әрекет қазақтың жазу-сызуын кирилше әліпбиге көшіруден басталды. Ал ХХ ғасырдың 30-жылдардағы латын әліпбиі кирилшеге көшірудің «көпірі» болды. Сөйтіп, халық өзінің жиған-терген араб әліпбиіндегі жазба мұраларымен байланысты руханилықтан қол үзіп қалды. Осылайша тарихи сананың түкпірінен орын тепкен әліпби жөніндегі түйткілді жайт тәуелсіздікпен, ұлттық рухтың қайта жаңғыруымен байланысты қоғамдық ойға қозғау салды. Бұл айтылғандар, тұжыра келгенде, латынға бетбұрыстың негізгі себептерінің бірі болды. Қайсыбіріміздің ойлағанымыздай, кирилдегі 42 әріпті 32 етіп, жамап-жасқап, үйренген дағдымен жүре беруге де болар еді, бірақ санада қалған түйткілден арылмай рухани түлеу болмайтыны белгілі.

Бұдан кейінгі бір айтарлықтай себеп – жаһандану үрдісіне байланысты латын әліпбиі жарты әлемнің жазу-сызуына негіз болған әліпбиге айналды және ақпараттық жаңа технологияға сай, ең икемді, ақпараттық алыс-беріске ықшам әрі қолайлы екенін танытты. Осы айтылғандар латын әліпбиіне көшуге себеп болған жайттардың тілден тысқары, яғни тілдік емес жағы, сонымен қатар әліпбиді қалай да реформалауға қоғамды мәжбүр етіп отырған оның тілдік жағы. Әліпби ауыстыру – жай ғана харіп (шрифт) ауыстыру емес, қазақ жазу-сызуы өткен кезеңдерде де 29-32 әріптен тұратын әліпбиді де пайдаланған, бірақ ұлттық сипатынан айырылмаған еді. Жұртшылыққа мәлім, қазіргі кирилшедегі әліпби әріптерінің үштен бірі орыс тілінен енген сөздерді бұлжытпастан, орыс орфографиясының ауанымен таңбалауға мәжбүрледі. Сөйтіп, жазба тіліміз ұлттық сипатынан айырылған жартыкеш жазу болды.

Осының салдарынан мәдени қарым-қатынаспен байланысты өзге тілдерден енген атаулар мен сөздерді мағыналық-дыбыстық жақтан игерудің ана тіліміздегі *тілдік механизмі* жұмыс істемей қалды. Дегенмен, өткенге салауат. І.Кеңесбаев, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, М.Балақаев және олармен қанаттаса шыққан Р.Сыздық сынды аса көрнекті тілтанушы ғалымдарымыз Ахмет Байтұрсынұлы ғылыми негізін қалап кеткен қазақ жазуының ұлттық сипатын сақтауға, әліпби түзу мен емле ережелерінің нормалануы мен қалыптасуы аясында оң шешімдер тауып, жазба тілдің графика-орфографиялық жүйесін оңтайландыруға, емле ережелерін жасауға ерекше күш салды. Өткеннен алатын тағылым да, тәжірибе де жоқ емес.

Емле ережелерінде басшылыққа алатын ғылыми принциптер. Ұлттық жазу-сызу мәдениетінің жоғары деңгейде болуы оның әліпби жүйесімен, негізгі орфографиялық ережелерімен және осы ережелерді басшылыққа ала отырып жасалатын ортологиялық лексикографияның (*орфографиялық, орфоэтиялық сөздіктердің*) түзілуіне, сонымен қатар ортологиялық құралдардың (*орфографиялық анықтағыштар, біріккен сөздердің емлесі, жалқы есімдердің емлесі т.б.*) ойдағыдай жасалуымен байланысты. Жазу мәдениетінің жақсара түсуін алдымен негізгі орфографиялық ереженің ұстанатын басты ғылыми принциптері айқындайды. Ал орфографиялық негізгі ереже өз бастауын әліпбиден алады. Әліпбидің ойдағыдай екені/емесі сөздің орфографиялануынан байқалады.

Сондықтан орфографиялық ережеде басшылыққа алынатын негізгі принципті айқындап алу керек. Өйткені осы кезге дейін бұл мәселенің басы ашылмай, бірде *морфологиялық*, бірде *фонетикалық*, бірде *аралас-құралас принцип* делініп келді. Соңғы кезеңдерде *фонематикалық принцип* деп атала бастады. Негізгі орфографиялық принципті айқындап, соған сай ереже түзуде, инструмент ретінде мына схеманы ұсынамыз.

Алдымен халық тілінің **дыбыстық қорындағы** мағына ажырататын тоғыз дауысты және он тоғыз дауыссыз дыбыстың инварианттарын негізге аламыз:

а (а), á (ә), е (е), о (о), ó (ө), у (у), і (і), u (ұ), ú (ү);
б (б), g (г), ǵ (ғ), d (д), j (ж), z (з), ı (й), k (к), q (қ), l (л), m (м), n (н), ń (ң), p (п), r (р), s (с), t (т), ı́ (у), sh (ш).

Бұларға қоса ескі жазба тіл арқылы жазылымда орныққан f (*ф*), h (*х*) дыбыстарын білдіретін әріптер бар.

Аталмыш инварианттар мағына ажырататын қызметіне орай, фонологияда *фонема*, жазуда *графема* деп аталады. Синтагматикалық қатарға түскенде, әрбір инварианттың 1) негізгі реңкі 2) түрі және 3) түрленімі болады.

Ай десек, **а** негізгі реңкі, ал *жай, шай* десек «ә» түрінде өзгеше жіңішке реңк алады да, *ән* дегендегі **ә**-мен реңктес сипатта болады. Өйткені **а**-ның бұл реңкі «ж», «ш» мен «й»-ға тәуелді. Бірақ қосымшалар жуан болып, *жайлау, шайқа* түрінде қосылатындықтан және мағынаға әсер етпейтіндіктен,

аталмыш реңк жазылымда ескерілмейді. Ал айтылымда инварианттың бұл реңкі (түрі) аса маңызды. Бұлай деп отырған себебіміз, жазылым мен айтылымның тепе-тең түсе бермейтін ерекшеліктері бар, сондықтан жазба сөзді ауызша кодқа, ал ауызша сөзді жазба кодқа салудың жүйесі басқа.

Инварианттар түрленімінің кейбір типтері **парадигмадағы дыбыстық бірліктерді қайталайды**. Мысалы, *ұшса* дегендегі *с* айтылымда парадигмадағы *ш*-ға сәйкес келеді. Өйткені сөз ішінде *ш* мен *с* синтагмалық бір қатарда тұра алмайды. Орфоэпиялық сөздікте *ұшша* түрінде берілетіні сондықтан. Синтагмада *с*-ның *ш*-ға бейімделуі ұлттық тілдің орфоэпиялық қалыптанған нормасы. Бірақ, мағынаға әсері болмағандықтан, жазу жүйесінде еленбей, «сыртта» қалып қояды.

Инварианттар түрленімінің тағы бір ерекше типі бар. **Инварианттар парадигмасында мүлде ұшыраспай, ал синтагматикада ерекше түрленімге жататын дыбыстық реңктер кездеседі**. Мысалы, *айтса* дегендегі *с*-мен *сана* дегендегі *с* тепе-тең емес. *Сана* дегендегі *с* парадигмадағы инварианттың негізгі реңкі болса, синтагматикада *айтса* дегендегі *с*-ның дыбыстық мәні, парадигмада мүлде жоқ *ц*-ға жуықтайды: *айт[ц]а*. Инвариант реңкінің дыбыстық қордағы бұл типі *с*-ның *т*-мен қатарласа, *м*-дан кейін тұруымен ғана байланысты. Айтылымда аса маңызды бірақ жазылымда ескерілмейді.

Тұжыра айтқанда, 19 дауыссыз бен 9 дауысты инварианттардың жазылымда негізгі реңктері бойынша орфографияланатыны, ал қосымша реңктердің ескерілмейтіні қазақ жазуының фонематикалық ерекшелігін танытады. Осы ерекшелікке сәйкес, орфографиямыздың негізгі принципі **фонематикалық принцип** болып саналады.

Графемалар ортологиясы. Дыбыстық жазудың типологиясында ұлттық тілдің дыбыстық ерекшеліктерін беруге сәйкес графикада детерминатив белгілерді (*апостроф, диграф, триграф, умляут, акут* т.б.) қолданатын нұсқалары бар. Флективті тілдерде, негізінен, диграфтық, триграфтық, апострофтық тәрізді графикалық белгілерді қолдану олардың типологиялық табиғатына жақын, әрі қолайлы, өйткені сөзжасамдық, сөзтүрленімдік, сөзжалғамдық мағыналық бірліктер түбір сөздің ішкі құрылымында жүзеге асады. Ал қазақ тілінде, сондай-ақ өзге де түркі тілдерінде, бұндай мағыналық бірліктер *түбір+туынды түбір+сөз түрленім+сөзжалғам* болып, жалғамалы жолмен жүзеге асатындықтан, апостроф, диграфқа қарағанда **акут** белгісіне негізделген әліпбидің тиімді екені байқалады.

Байырғы қазақ тілінде, өзге де түркі тілдеріндегідей, сегіз жұп дауысты дыбыс болды: **а – ä, о – ö; ұ – ү, ы – і**. Бұл ерекшелікті зерттеушілердің «куб» моделінен байқауға болады. Қазақ тілінде бірінші реттегі ä – нің қысаңдауы (ä > е) бұл жұптық қатынастың өзгеріп, тоғыз дауыстыдан құралған а-ә; е; о – ö; ұ – ү; ы – і жүйесінің қалыптасуына себеп болды. Сөйтіп, халық тілінің вокализм жүйесінде жартылай ашық [ʰe] дауыстысы пайда болды. Ал ä – нің бастапқы орнын халық тілінің дыбыстық қорындағы пайда болған жіңішке ашық дауысты басты. Мысалы, *аға+еке* > *әке*; *ажа+еке* > *әже*; *ана+еке* >

әпке т.б. Осы қатар араб мәдениетінің ықпалы әсерінен *хәріп – әріп, хауа – әуе, әдет, әдебиет, әдеп* т.б. мәдени-әлеуметтік атаулардың енуіне байланысты толығы түсіп, екінші реттегі [ә]-нің вокализм жүйесіндегі орнын бекемдей түсті. Бұны айтып отырған себебіміз – араб тілінен енген едәуір сөздің дыбыстық ерекшеліктері халық тілінің дыбыстық қорындағы жуан дауыссыздардың, мысалы, [қ]-ның көмейге таяу айтылатын фонетикалық матрицада бар, бірақ фонологиялық қызметі жоқ жаңа бір вариацияларының пайда болуына әсер етті. Тілдің дыбыстық қорындағы бірліктердің әлеуеттік мүмкіндіктерін кеңейтті. Оларды орфографияда жүйелі, бірізді пайдалануға, жол ашу тиімді болмақ. Мысалы, *хазірет, хикмет, хакім, Хұт (жұлдыз), хұсни, хұснихат* т.б.

Қосар [ұу], [уу], [ый], [ій] дыбыс тіркестерінің орфограммасы. Жазылымда бір әріппен у және и түрінде таңбаланатын дауысты-дауыссыздардың тіркесі «қысқа дауыстылар», «шолақ дауыстылар», «тел әріптер», «жарты дауыстылар» деп әрқилы аталып келгені белгілі.

Кезінде А. Байтұрсынұлы қазақ тіліндегі [ы], [ұ] қысқа естілетін дыбыстар, ал [й], [у] дыбыстарын жарты дауысты деп, олардың жазылуын *азу, қару, жабу; қиын, киім* т.б. деп көрсеткен. Ғалымның бұл ережесі қазақ жазуының базасындағы құндылықтардың бірі ретінде танылып, кирилше жазу орфографиясында (1957) бұл үлгі қайта жаңғырды. 1957 ж. ережеге дейін бірде *қыйын*, бірде *қиын*, бірде *жабу*, бірде *жабұу* болып, әрі-сәрі жазылып жүрген сөздер *қиын, киім, жабу, аз*у делініп бір ізге түсіріліп, өз шешімін тапқаны мәлім.

Қазақ тіліндегі [у] дыбысы дауыстылардан соң жалаң [у] болып, айтылымда [тау], [дәу] түрінде дыбысталады, жазылымы да солай. Ал дауыссыздан соң келсе, [ұу], [уу] түрінде [тұу], [түзуу] болып айтылады, *тұу* деп жазылса да, *ту* деп жазылса да әртүрлі оқылмайды, айтылымдарында айырма жоқ. Сондықтан кезінде А.Байтұрсынұлының төте жазуындағы бұл үлгі (1912 ж.) кирилше әліпбиде тиянақ тауып, дәстүрге айналды.

Өйткені қосарлап таңбаланса да, даралап таңбаланса да айтылымында, А.Байтұрсынұлы атап көрсеткендей, еш айырма жоқ. Екіншіден, жазу-сызуға қойылатын жинақылық, ықшамдылық талабына сай келетіндіктен, аталмыш дыбыс тіркестерінің дара түрде таңбалануы дәстүрге айналды. Ендігі жерде қазақ жазуының латын әліпбиіне көшуімен байланысты шұбалаңқылыққа ұрынбау үшін А.Байтұрсынұлы көрсетіп берген үлгіге артықшылық берудің қажет дейтін дәстүрлі пікір бар.

Сондай-ақ жазудағы аталмыш дәстүрлі норманы қайта қарау керек, дыбыстар, морфемалардың буын жігі әріп тасасында бүркеленбей жазылуға тиіс дейтін де пікір жоқ емес. Мысалы, *қыйын, жабұу, кийім*, т.б.

Дәстүрлі бірінші пікір бойынша *ұйыту, киіну, тарихи, кейіту* тәрізді т.б. сөздер латын әліпбиімен төмендегіше орфографияланады:

<i>иуиуі</i> (6 таңба)	<i>саасы</i> (7 таңба)	
<i>киіниі</i> (7 таңба)	<i>иікі</i> (6 таңба)	
<i>тарыһу</i> (8 таңба)	<i>уағһу</i> (7 таңба)	<i>икемделіу</i> (10 таңба)
<i>кеіуі</i> (7 таңба)	<i>улануу</i> (8 таңба)	

Ал екінші пікір бойынша бұл типтес сөздер латын әліпбиінде қосар әріппен төмендегіше орфографияланады:

<i>uiyú</i> (5 таңба)	<i>saiasi</i> (6 таңба)	
<i>kuinú</i> (5 таңба)	<i>iaki</i> (4 таңба)	
<i>tarihi</i> (6 таңба)	<i>iaǵni</i> (5 таңба)	<i>ikemdelyú</i> (8 таңба)
<i>keiitú</i> (6 таңба)	<i>ýlanúy</i> (6 таңба)	

Сондықтан екі тел дыбысты бір әріппен *жиын, суар* деп орфографиялауды дәстүрлі норма бойынша теріске шығарумен келісе қоюға болмайды. Ерін қатысы жағынан [ҮУ], сондай-ақ езу қатысы жағынан [ЫЙ, ІЙ] түрінде бір-бірімен кірігіп кеткен тел дыбыстарды (қосар дыбыстарды) бір әріппен орфографиялау орынды деп танылады. Қосар дыбыстарды бұлайша орфографиялаудың тағы бір өзіндік артықшылығы – сөздегі әріп санының азды-көпті ықшамдалуына мүмкіндік береді.

Бұлайша бір-бірімен артикуляциялық, үн мен дауыс қатысы жағынан контаминацияланған екі дыбысты жазылымда бір әріппен берудің тиімді жағы бар. Бұндай үлгі интертерминдердің де, төлтума атаулардың да орфографиялануын біріздендіреді. Мысалы: а) төлтума атаулар: *tú, táy, dáy, tayú*. ә) интертерминдер: *universitet, institút, ýran, últra*.

Түптеп келгенде, *и* де, *й* де бір ғана үнді дауыссыздың дыбыстық мағынасын білдіреді. Қазақ тілінің дыбыстық қорында мағыналық бірліктерді ажырататын негізгі дыбыстардың құрамында бір ғана еріндік емес *и* бар. Қысқа [й] және [и] дейтін екі түрлі дыбыс жоқ. *Ай* деп жазылса да, *аи* деп жазылса да оқылуы - [аи]. Мысалы, *Айман, Иса* деген сөздер латын графикасы бойынша бір ғана «и» әрпімен *Aiman, Isa* болып жазылады. Орыс тілінің орфографиясының ырқымен *магний, кальций, йога, йод, йота* деп жазылған халықаралық терминдер ендігі жерде латын әліпбиі бойынша *magni, kalsi, ioga, iod, iota* болып таңбаланады.

Тек шеттілдік қана емес, *кию, кую, ою, кею, қою; сия, жая, қия, оя, жоя, тұщы, ащы, кеше* сияқты қазақ тілінің төл сөздерінің жазылуында да қолданылған [йүү], [йүү], [йа], [шш] сияқты бірнеше дыбысты бір әріппен берудің графемасы ретінде жұмсалған **ю, я, щ** әріптері *kiú, kúú, oiú, kerú, qoiú; sia, jaa, qia, oia, joia, tushshy, ashshy, keshshe* түрінде орфографияланады.

Нақтырақ айтсақ, сөз соңында және ортасында *ию*-мен берілетін сөздерде *ю* (йу) орнына *у* жазылады. Себебі екі *и* (1) қатарлас келетіндіктен, екі *и* -дің біреуі ғана жазылады. Мысалы, *кию* - *kiú* (*киу*), *қию* - *qiú* (*қиу*), *ию-іу* (*иу*). Қалған жағдайда және бірбуынды сөздерде *ю* орнына *йу* жазылады. Мысалы, *ою* - *oiú* - *ойу* (*о-йу*), *аю* - *aiú* - *айу* (*а-йу*).

Я әрпінің жазылуы. Жаңа әліпбиде бұл әріп жоқ. Сондықтан кирилше жазудағы *я*-ның орнына латыннегізді әліпбиде кейде *ia* әріп тіркесі жазылады, кейде *a* жазылады. Сөз басында кездесетін *Ясауи, япыр-ау, яғни, ядро, яһуди*, т.б. сөздерде *ia* -мен таңбаланады. Жаңа әліпбиде *и* мен *й* дыбысына бір ғана *И* әріптік таңбасы берілгендіктен және өзінен кейін *a*

жалғасатын болғандықтан, оны дауыссыз *й* дыбысы деп танымыз, соған орай тасымалға бөлеміз. Мысалы, *Iasayı* - Ia -sa -*ý*ı, *ıaǵnı* - ıaǵ - nı.

Сөз ортасында және сөз соңында *зияткер*, *қиямет*, *алдияр* сияқты сөздерде *и* (*i*) соңынан *я* (*ia*) жазылғанда екі «*i*» қатар келеді. Сондықтан бір *i* (*u*) түсіріліп жазылуы тиіс. Мысалы, *ziatker* (зиаткер), *qıamet* (қиамет), *aldıar* (алдияр) деп жазылады. Демек, бұрынғы *я* орнында *a* жазылады.

Сөз соңында кездесетін *я*-ға байланысты емле де нақ осындай болуы тиіс. Мысалы, *мия* -*тіа* (*миа*), *автономия* - *avtonomıa* (*автономиа*), *биология* - *biologia* (*биологиа*), *химия* - *hımıa* (*химиа*), *Әсия* - *Ásıa* (*Әсиа*).

Шетел сөздерінің орфографиялануы. Кирилл әліпбиі орыс тілі үшін, оның дыбыстық құрылымына, грамматикалық ерекшеліктеріне адекватты ең озық фонологиялық әліпби болды. Оның ең негізгі дейтіндей басты жетістігі, біріншіден, мағыналық бірліктерді ажырататын 42 дыбыс (фонема), 32 әріппен берілді; ал дыбыстық бірліктердің санынан әріптің саны кем түсіп жататын болса, ондай әліпби жазу теориясында жақсы әліпбилер санатына жатады. Жазу теориясында әліпбиді бағалаудың бір өлшемі осы. Екіншіден, орыс тіліндегі дауыстылардың дауыссыз дыбыстардың билігінде болу заңдылығы графика, орфографиясында мықтап ескерілген.

Үшіншіден, екі-үш дыбысты (фонеманы) бір әріпке теліп беруі және әліпби құрамында дыбысталмайтын *өлі әріптердің* (*ь, ъ*) функциясының ерекше болуы орыс тілі графикасы мен орфографиясы үшін аса маңызды болды.

Алайда қазақ тілі үшін кирил әліпбиіндегі *өлі әріп* (*ь, ъ*), сондай-ақ екі-үш дыбысқа *ортақ теліме әріптердің* (*ю, я*) және *ц, щ, ё, э*-лардың ұлттық тіліміз үшін графемалық жүктемесі болған жоқ. Бұлар орыс тілінен енген сөздерді орыс тілінің орфографиясы бойынша жазу үшін қолданылды. Сөйтіп, кирилше қазақ әліпбиі гетрогенді сипатта, соған сәйкес қазақ тілінің орфографиясы қосамжар орфографияға айналды. Орфографиялық негізгі ереженің жартысына жуығы орыс тілі сөздерінің жазылуына қатысты болды.

Қазіргі кезде орфографиялануы қиын шетелдік терминдердің қатары жылдан-жылға көбейіп келеді. Әліпби ауыстырумен байланысты жазу-сызуға ұлттық сипат беру қауырт көтеріле бастағаны мәлім.

Ю әрпінің жазылуы. Жаңа әліпбиде бұл әріп жоқ. Дегенмен, осы әріппен таңбаланған сөздер өте көп. Ю латыннегізді әліпбиде *ıú*-мен немесе *ıý*-мен таңбаланады.

Орыс тіліндегі жіңішке дауыссыз фонемадан кейін *ю*-мен келетін сөздерде *ı* жазылады. Мысалы *paraşıyot* – *parashıyt*, *absolyot* – *absolıyt*, *polıyos* - *polıys*, *glyukoza* – *gilıkoza*, *lyuks*- *lyks*, *debyot* – *debıyt*, *salıyot* – *salıyt*, *valıyuta* – *valıyta*, *byudjet* – *bıdjet*, *byurokratiya* – *bırokratıa*, *prodıyser* - *prodıyser*, *sıyjet* – *sıjet*, *byulletenı* – *bıleten*.

Орыс орфографиясы бойынша сөз басындағы *ю* әрпімен жазылып келген *Юпитер*, *юра* тәрізді терминдер латын әліпбиі негізінде *ıúpıter*, *ıúra* түрінде жазылады.

Сондай-ақ *ь* белгісінен кейін келетін *ю*-дың орнына *іу* жазылады. Мысалы: компьютер – *kompiúter*, Кьюри - *kiúri*.

Ё әрпінің жазылуы. Кирилше қазақ әліпбиіндегі графемалық мәні жоқ, басы артық әріптердің қатарына жататын *ё* әрпі ұшырасатын *дирижёр, манёвр, режиссёр, дублёр* т.б. тәрізді орыс орфографиясына бейімделген интертерминдер ендігі жерде латын әліпбиі бойынша *dirijor, manevr, rejissor, dybler* түрінде таңбаланады. Яғни кейбір сөздерде *ё* орнына *о* немесе *е* жазылады. Оның емлелік ережелері анықтағышта нақтыланады.

Э әрпінің жазылуы. Кирилше әліпбидегі басы артық әріптердің қатарына *э* әрпі жатады. Түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде де [Э] мен [е] дыбыстық мағынасы бірдей, сондықтан *аэроалаң, геоэкология, электр* сөздері латыннегізді әліпби бойынша *aeroalañ, geoekologia, elektr* түрінде орфографияланады.

Щ әрпінің жазылуы. *Ащы, тұщы* дегендегі қатар келген [шш] дыбысын білдіретін *щ* әрпі латын әліпбиі бойынша *шш[ashshy], [tushshy], [keshshe]* түрінде жазылады.

Сөз ортасында және сөз соңында келгенде *щ* әрпі айтылымда қазақ тіліндегі *ш* дыбысынан еш айырмасы жоқ. Сондықтан *училище, плащ, щип, прапорщик* сияқты сөздер жазылымда қазақша айтылымына сәйкес *úchilishe, plash, shi, praporshik* түрінде таңбаланады.

Ц әрпінің жазылуы. Орыс әліпбиіндегі *ц* әрпі шеттілдік сөздерді өз тілінің заңдылықтарына бейімдеу үшін алынған. Ал қазақ тілінің бірде-бір төл тума сөзі *ц* әрпімен жазылмайтыны белгілі. Яғни графемалық қызметі орыс тіліндегі шеттілдік терминдер қалай жазылса, қазақ әліпбиіндегі *ц* әрпі солай жазу үшін қолданылады. Ендігі жерде сөз басында *ц* әрпі келетін терминдер *с* әрпі арқылы жазылуға тиіс. Мысалы: *sifr, seitnot, sýnami, sellofan*. Ал сөз ортасы мен аяғында келетін *ц* әрпі латыннегізді әліпби бойынша *ts* түрінде жазылмақ. Мысалы: *meditsina, vitse, konstitytsia, abzats, kvarts*.

Бұл тұста *медисина, вице, конституция, абзас, кварс, асетон* деп, «бір ғана типке жататын дыбысты екі түрлі позициялық графемамен белгілемей, бір ғана орфограммамен жазу тиімді» дейтін де пікір бар. Оның емлелік ережелері анықтағышта нақтыланады.

Ч әрпінің жазылуы. Орыс әліпбиіндегі *ч* әрпімен келетін *Сочи, Чехов, Чикаго* атаулары *Sochi, Chehov, Chikago* түрінде орфографияланады.

Х және һ әрпінің жазылуы. Жана әліпби бойынша *х* мен *һ* қызметін бір ғана әріп **Нһ** атқарады. Сондықтан *х* және *һ* дыбыстарының орнына **Нһ** жазылады. Мысалы, *hat, jahan, horeograf, habar, gayúhar, qaharman*.

-ль дыбыстар тіркесі бар шетел сөздерінің орфографиясы. Шет тілінен енген *альт, альтернация* т.б. терминдердің дыбыстық құрамындағы **-ль** тәрізді жіңішке дауыссыздармен келеді. Қазақ тілі дауыссыздарының жуан/жіңішке инварианттары жоқ. Айтылымда дауыссыздардың жуан/жіңішкелігі дауыстылардың жуан/жіңішкелігіне байланысты. *Альт, альтернация, альфа, альтиметр, факультет, фольклор, вальс, ансамбль* тәрізді едәуір терминдік атауларда дауыссыз дыбыстардың жіңішкелік тұрпатын дауыстының билігімен жазу тиімді болып табылады. Мысалы: *ált,*

álgernatsia, álfa, áltimetr, fákýltet, fólklor, váls, ánsambl т.б. Өйткені, А.Байтұрсынұлы айтқандай, дауыссыздардың жуан-жіңішкелігі дауыстылардың билігінде болады.

Б белгісімен жазылған сөздердің емлесі жеке қарастырылады. Себебі ь белгісі әрдайым түсіріліп жазылмайды, кейде орнына қосымша и немес е дыбыстарының қажеттілігі байқалады. Мысалы, *барьер - barier (barer emes), интерьер - interier (interer emes), рельеф - relief (relef emes), пьеса - piesa (pesa emes), курьер - kúrier (kúrer emes)*.

Бильярд, коньяк, итальян, фортепьяно сияқты сөздерде «ь» белгісінен кейінгі я латыннегізді әліпбиде *ia* әріп тіркесімен таңбаланады. Мысалы, *бильярд - biliard, италиан - italian, фортепиано - fortepiano*.

Ст дауыссыздарының сөз аяғында келуі қазақ тілінің дыбыстық заңымен үйлесе қоймайтыны белгілі. Мысалы, *анархист, социалист, журналист, коммунист, формалист, манифест* т.б. қоғамдық-саяси, ғылыми терминдер идеологиялық қысым бойынша орыс тілінің емле ережесімен жасалды. Бірақ қосымша жалғанғанда *анархиске, социалиске, журналиске, коммуниске, формалиске, манифеске* делініп, қазақ тіліне біршама икемделеді. Дегенмен бұндай терминдерді *anarhis, sosialis, jýrnalis, kommýnis, formalis, manifes, ensiklopedis, programmis, separatis, everes* деп, тіл заңдылығына толық икемдеп жазу тиімді болмақ.

лл, сс, мм дыбыстар тіркесіне біткен сөздердің бір сыңары түсіріліп жазылады. Сонымен қатар, *класс, металл, прогресс, грамм, берилл, масс-медиа, конгресс-холл, пресс-релиз* т.б. атаулардың да орфографиялануын ережеде қайта қарау керектігі – сөз аяғының «геминант» дыбыстарға аяқталуы қазақ тілінің дыбыстық заңымен сәйкеспейтіндіктен, болашақ ережеде бұндай терминдер *клас - klas, метал - metal, прогрес - progres, грам - gram, берил - beril, мас-медиа - mas-media, конгрес-хол - kongres-hol, прес-релиз - pres-reliz* түрінде орфографиялануы қажет, өйткені сөздің жазылуын «қызметсіз» тұрған басы артық әріптерден арылтуды орынды деп есептейміз.

Сөз аяғында [б] [г] дыбыстары қолданылмайды, сондықтан *штаб, клуб, педагог, демагог* т.б. атауларды *штан, клуп, педагок, демагок* деп орфографиялау қажет деген пікір орынды болып саналмайды. Дәстүр бойынша бұл типтес сөздер қосымшалармен түрленгенде: *штабы, клубы, педагоги, демагоги* т.б. түрінде жазылады.

Сонымен бірге, жарнамаларда, ресми қолданыстарда цитаталық принцип бойынша жазылатын шетелдік брендтердің атаулары (*тойота, нокиа, айфон, самсунг* т.б.) ортологиялық құралдар (сөздіктер, анықтағыштар) арқылы реттелуі керек. Сол сияқты, коммуникативтік қажеттіліктен туындаған *уик-энд, сэкондхэнд, респект, инстаграм, фейсбук, лайк, гугл, блогер, гаджет, веб-сайт, пиар, хостел, френд, шопинг*, сондай-ақ жеміс-жидек, тағам атаулары – *фаст-фуд, фишбургер, мангостин, маракуйя, артишок, питахайя, папайя*), *PhD докторант, VIP-зал, онлайн, офлайн, веб-сайт - Web-сайт, PR (пиар)* т.б. сөздердің жазылу нормасы да ортологиялық құралдар арқылы реттеліп отыруға тиіс.

Күрделі сөздердің орфографиясы. Бөлек және бірге жазылатын сөздер қазақ орфографиясындағы аса күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Әуелден қалыптасқан дәстүр бойынша жеке түрде айтылатын, қолданылатын сөздер босаралықпен бөлек жазылады. Лексикографиялық еңбектердегі реестрлік қатар түзетін лексикалық бірліктер яғни түбір, туынды түбірлер бөлек жазылатын сөздердің ерекше тобына жатады. Жазылымда босаралықпен жазылатын сөздерге шылаулар жатады. Сондай-ақ тұрақты сөз тіркестерінің әр сыңары босаралықпен таңбаланады. Бұл дәстүр нормаға айналып, жазу тәжірибесінде тұрақтана түсті. Алайда сөздердің бірге не бөлек тұлғалануы бірте-бірте өз шешімін тауып келеді. Жазу тәжірибесінде сөздерді бірге жазу үрдісі күшейе түсті. Бұл үрдістің орфограммасының реттелуі белгілі модель арқылы жүзеге асқаны айқындалып отыр.

Атаулық мән алған және жұрнақ жалғану арқылы бір ұғымды білдіретін сөзге айналған тұрақты тіркестердің бірге жазылуы тұрақталды: *ақкөңіл, ақкөңілді, ақкөңілділік; ержүрек, ержүректік; басбұзар, басбұзарлық; безбүйрек, безбүйректік; ақпейіл, ақпейілділік; аққұлақ, аққұлақтану т.б.; бас қатыру – басқатырушылық; тізе қосу – тізеқосушылық; көре алмау – көреалмаушылық т.б.*

-лық/-лік, -шылық/-шілік, -лы/-лі жұрнақтары арқылы бірге жазылатын сөздердің қатары молайды: бұғышаруашылық, малшаруашылық; жантүршігерлік, жатжерлік, адамсүйгіштік; ашатұяқты, сүтқоректі, көпшілікқолды, ауырдаулетті т.б.

Сонымен қатар, *отқасалар, есікашар, бақанаттар, атқамінер, тұсаукесер* т.б. сөздер белгілі модель бойынша жүзеге асырылып келеді. Бұлар әуелдегі өзінің *отқа салу, есік ашу, тұсау кесу* деген денотаттық семантикасынан коннотативтік семантикаға көшу арқылы біріккен сөздердің типіне жатады. *Көңілшай, келіншай, шүкіршай, кеңесшай* дегендер де біріккен сөздердің осы аталған типін құрайды.

Бірге жазылатын сөздердің аталмыш типтері ережеде тиісінше қамтылмақ.

Ережеде бөлек жазылатын тіркесті атаулар, тіркесті терминдердің әр сыңары екпінмен айтылатындықтан, дәстүр бойынша бөлек жазылады.

Компоненттері грамматикалық, қатынаста яғни анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынаста айтылатындықтан, сөз тіркестерінің сыңарлары қалыптасқан дәстүрге сай бөлек жазылады: *ақ үй, боз үй, қара үй, ағаш үй т.б.* бірақ осыларға тұрпат межесі ұқсас, ал мазмұн межесі әр басқа *ақүй аманат, ақмал, аққоянның жұты, іріқара* тәрізді атаулар бірге жазылады.

Сөздердің тасымалдануы. Тасымал мен буын жігінің жазу тәртібінде сәйкес келетін және сәйкес келмейтін тұстары бар. Айталық, [**а-бай**] деп буындалғанымен, *А-бай* делініп тасымалданбайды. Себебі жолдың соңындағы [*а*] да, келесі жолға шығарылған [*- бай*] да мағыналық екіұштылық туғызады. *А, солай ма?* дегендегі [*а*] айтылымда жеке буын болғанымен, жазылымда ескерілмейді. Буын мен әріп тасымалының бір-бірімен қиылысатын тұстары бар да, бірін-бірі дәлме-дәл қайталамайтын

тұстары бар. Мысалы, *емле* сөзі *е-мі-ле* түрінде буындалады, *ем-ле* деп тасымалданады. Сөздің дыбысталуы ауызша тілдің (орфоэпияның) объектісі болса, тасымал жазба тілдің (орфографияның) объектісі болып саналады. Тасымал тәртібі бұрынғы жазу дәстүрін сақтайды, кейбір тұстары анықтағыштар арқылы көрсетіледі.

Бас әріппен жазылатын сөздердің емлесі бұрынғы жазу дәстүрімен сәйкес болып келеді, ал кейбір тұстары анықтағыштар арқылы нақтыланады.

Назарға ұсынылып отырған бұл Жобада:

- қазақ орфографиясының негізгі ережелерінің ұлттық тілдің ерекшеліктері мен заңдылықтарына сәйкес болуы;

- тәжірибеде сыннан өтіп, дәстүрге айналған базалық нормалардың сақталуы;

- техникалық жақтан қазақ орфографиясының қолдануға оңтайлы, мобильді, жинақы болуы;

- халық тілінің дыбыстық қор әлеуетінің кеңірек қамтыла түсуі;

- жаһандану үрдісінде жазу-сызудың ұлттық сипатының сақталып, космополиттік әсірелікке ұшырамауы, т.б.

Бұл айтылғандар, түптеп келгенде, орфографиялық ережелер түзудің негізгі ұстанымдары болмақ.

IV ТАРАУ ОРФОЭПИЯ¹

Қазіргі заманғы телевизия, радионың аудиторияға тигізер ықпалы ерекше екені белгілі. Әсіресе, теле, -радиохабарлардың бұқаралық сипаты (массовость) мен жеделдігі (оперативность) ел ішіндегі, әлемдегі маңызды уақиғалар мен жаңалықтар жөнінде қалың жұртшылыққа дер кезінде хабар-ошар таратып отыру бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) әлеуметтілік

¹ 4-тарау Қ.Күдерінова және А.Фазылжановамен авторлық бірлестікте жазылған.

мәнділігін одан сайын күшейтіп отыр. Оның үстіне, қазіргі кезде инженерлік технологияның даму қарқынымен байланысты БАҚ-тың өнімдері оқуға, тыңдауға, көруге жағымдылығы, қолайлылығы артып келеді. Алайда техникалық құрал жетіле түскенмен, БАҚ-ның тілі аса қиын жағдайда қалды. Радио, телеэфирден естілер сөздің мәдениеті тым төмендеп кетті. Бұрын Әнуарбек Байжанбаев, Ләзиза Аймашева, Сауық Жақанова сынды және өзге де радио, -телеқайраткерлердің сөзді дыбыстау нақышы, сөйлеу сазы халыққа үлгі болатын. Радио, -телешешендердің сөз саптауы радиоқабылдағыш пен телеэкран алдындағы былайғы жұртшылыққа эталон іспетті деп танылып, олардың сөйлеген сөздеріне жұрттың айызы қанатын. Қазір мұндай «үлгі», «эталон» жоқтың қасы.

Теле, -радиошешен жай ғана ақпарат тасымалдаушы, хабар жеткізуші ғана емес. Олар, ең алдымен, мемлекеттің ішкі, сыртқы саясаты, елімізде, әлемде болып жатқан уақиға, жаңалықтарды қалың жұртшылыққа жеткізе отырып, олар жайында жеке өзінің, редакциялық ұжымның, әлеуметтік жіктің немесе саяси партияның көзқарасын, бағасын беретін, қоғамдық ойға қозғау салатын, пікір қалыптастыратын публицист.

Әрине, қоғамдық пікір қалыптастыру арқылы бұқараға ықпал ету оңай-оспақ шаруа емес. Мысалы, профессор студенттер аудиториясына логикалық қисынмен ой-санаға әсер етсе, радио, -телешешеннің жағдайы күрделілеу. Эфирдегі шешендік, ең алдымен, эмоция тудыру арқылы ой-санаға әсер етеді. Сөйтіп, жұртшылықтың ой-санасына қозғау салып, қоғамдық пікір қалыптастырады. Әрине, жағымды, жағымсыз эмоция тудыру арқылы санаға әсер ету, ең алдымен, тілдік құралдарды, оның амал-тәсілдерін дұрыс пайдалану, орынды жұмсау, шебер қолданумен байланысты екені даусыз. Тіл мәселесіне келгенде журналист білуге міндетті жайттар аз емес.

Алдымен, теле, -радио шығармашылық қызметкерлерінің халық тілі, әдеби тіл, әдеби тіл нормалары, әдеби тілдің стильдік тармақтары және сөз мәдениеті, эмоционалды-экспрессивті сөздер т.б. жайында белгілі бір көлемде білімі болуға тиіс.

4.1 Орфоэпиялық нормаларды кодификациялаудың теориялық негіздері

Қазіргі қазақ әдеби тілінің өзіне тән ғасырлар бойы қалыптасқан орфоэпиялық нормалары бар. Әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы, **біріншіден**, жергілікті ерекшелікке қарама-қарсы қойылады. Салыстырыңыз: жергілікті ерекшеліктерде: *жылқыдар, баладар, көңлі, маңлай, оңла, чач, чыбық, құдағай, бона* (сәби) т.б. әдеби тілде: *жылқылар, балалар, көңді, маңдай, онда-, шаш, шыбық, құдағи, бөне* т.б. Мұндай жергілікті ерекшеліктерге С.Аманжолов, Ж.Досқараев, Н.Т.Сауранбаев, Ш.Ш.Сарыбаев, С.Омарбеков, О.Нақысбеков, Ә.Нұрмағамбетов т.б. қазақ диалектологтерінің еңбектерінде сипаттама, талдау жасалып, олардың меншікті территориясы айқындалған және ғылыми-лингвистикалық рефлексиясы айтарлықтай деңгейде деуге болады. **Екіншіден**, әдеби тілдің орфографиялық нормасы, бейәдеби қарапайым сөйлеу тіліне тән дыбыстық

элементтерге қарама-қарсы қойылады. Салыстырыңыз: бейәдеби қарапайым сөйлеу тілінде *берсей, бересаи, келатыр, баратыр, босашы, бошы, бопатыр, бері кеи, кеп жүр, айал, дұспан, дүния* т.б.

Үшіншіден, әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы Б.Әбілқасымов [77] зерттеу материалдарында көрсетілген ескі қазақ жазба тілінің дыбыстық элементтеріне қарама-қарсы қойылады: *нәсіп айласа, жәмиғат, гиззатлұ, хұрметлұ, мақсұт, хас (хас дұшпан)* т.б.

Төртіншіден, әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы кодификацияланған жазба тілдік элементтерге қарама-қарсы қойылады [жұмұшшү] – *жұмысшы,* [шэғара] – *шекара,* [кәсіб’ одақ] – *кәсіподақ;* [қашша] – *қазша* т.б.

Әдеби тілдің орфоэпиялық нормасын сақтаудың мәдени-әлеуметтік мәні айрықша. Өйткені норма тілді тұтынушылардың басын біріктіреді. Дыбыстаудағы ортақ заңдылықты сақтамай, әркім өз бетінше сөйлесе, сөзді ұғыну қиынға түсіп, коммуникацияның ойдағыдай өтуіне нұқсан келеді. Сөйлеушінің сөз мәдениетінің төмендігін, сауатсыздығын көрсетіп, тыңдаушыға жағымсыз әсер етеді.

Әдеби тілдің ауызша нормасы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін таяныш етеді. Алайда халық тілінің дыбыс жүйесіндегі әр алуан варианттардың едәуір бөлігі тіл жұмсау тәжірибесінде халық тілінің сөз үлгілерінен таңдалып, сұрыпталды. Нормалардың қалыптасуында байырғы кездегі ақын, жыраулар, билер тәрізді ауызша сөз майталмандарының шаршы топ алдындағы сөзі, кейінгі кезеңдерде сахна, радио, телевизия хабарларының рөлі айрықша болды. Солар арқылы қалыптасқан үлгілер әдеби тілдің ауызша нормасы деп танылды.

Әдеби тілдің ауызша нормасы, әсіресе, радио, -телехабар арналарының кеңеюі, сахна өнерінің дамуы, шаршы топ алдындағы сөздің жаңа түрлері мен типтерінің пайда болуы, аудитория алдындағы сөздің әлеуметтік мәнінің жоғарылай түсуі ауызша сөздің орфоэпиялық нормаларының бекіп, саралануына ықпал еткен маңызды фактор болды.

Әдеби тілдің орфоэпиялық нормасына байланысты қиындықтың бірі жазу тәртібімен байланысты, өйткені жазба сөздің өзіне тән жүйесі бар да, ауызша сөздің өзіне тән жүйесі бар. Сондықтан жазба мәтінді оқығанда жазба сөзге тән кодты ауызша сөзге тән кодқа көшіре білу қажет. Жазғанды оқу дегеніміз жазба кодты ауызша кодқа көшіру. Дыбысталған сөз бен қағазға түскен сөздің жүйесі дәлме-дәл сәйкес келмейді. Жазу-сызу тарихында ауызша таңбалар мен жазба таңбалардың өзара тепе-тең түскен жүйесі болған емес. Тіпті ондай тепе-тең түсетін жазба жүйенің қажеті жоқ. Ауызша сөздің небір физикалық, материалдық элементтері «қағаз сыртында» қалып қояды да мағынаға қызмет ететіндері ғана ескеріледі. Ал жазба сөзді оқығанда «қағаз сыртында» қалып қойған материалдық элементтер қайтадан қалпына келтірілуге тиіс. Олай болмаған жағдайда ауыздан шыққан сөздің тұрпаты бұзылып, кедір-бұдыры көбейеді.

Қазақ жазуы негізінен фонематикалық принципті ұстанады. Фонематикалық принцип дегеніміз дегеніміз жазуда фонемалардың дыбыстық қоршауға неғұрлым тәуелсіз дыбыстық реңкін таңбалау деген

ұғымды білдіреді. Мысалы [ʏəш¹ш⁰ʏ] деген сөзді фонемалардың дыбыстық қоршауға тәуелсіз реңкі бойынша жазсақ, *өшіі* түрінде таңбаланады. 1) <с> -ның [ш]-ға өзгерісі ескерілмейді. 2) сөз басындағы еріндік дыбыстың алдында келетін ілеспе дыбыс [у], 3) екі [ш] [ш] қатар келгендегі созылыңқылық [ш:], 4) [ш']-ның дауыстының ыңғайындағы жіңішке тембірі, 5) еріндік тембірі [ш⁰] еленбейді.

Жазба кодты ауызшаға дұрыс ауыстыру (жазылғанда ауызша сөз нормасына сай дыбыстау) немесе керісінше, ауызша сөзді жазба кодқа көшірудің мән-жайын фонема теориясымен байланысты түсіндіруге болады.

Фонема – абстрактті ұғым. Фонемалар индивидтің, тілдік ұжымның санасында белгілі бір тілдік дыбыстың образы түрінде бейнеленеді және сананың бақылауынан тыс өмір сүреді.

Тілдік ұжымның санасында осылайша қалыптасқан 19 дауыссыз, 9 дауысты фонема бар екенін А. Байтұрсынұлы дәл анықтады [78].

Орфографияның, орфоэпиялық нормалардың тілдік базасы бар да, теориялық базасы бар. Тілдік базасы – сөздің халық тіліндегі дыбысталу жүйесі: *бас, аяқ, қол, ғалам, әлем, оқиға, уақиға* т.б. Орфоэпиялық норма тілдің конвенционалды сипатына тәуелді: тілдік ұжым [*бас*], [*тау*], [*бала'*] деп дыбыстайды, бұларды басқаша дыбыстау мүмкін емес.

Әдетте парадигмадағы дыбыстық бірліктер (тілдік санада вертикал қатардағы вертуалды бірліктер) *а, ә, о, ө, ы, і, ұ, ү, е* және *б, п, т, д, қ, к, ғ, г, с, ш, з, ж; й, р, л, м, н, ң, у* синтагмалық қатынасқа түскенде парадигмадағыға сәйкессе, кей тұста парадигмадағымен сәйкеспей, түрленіп кететін жағдайлары болады. Парадигмадағы дыбыстың санынан синтагмалық тізбекке түскендегі дыбыстың саны әлдеқайда көп болады. Міне, мәселенің осы тұсында шешімі қиын түйіндер болады. Мұндайда орфоэпия қалайда бір теориялық базаға сүйенуге тиіс. Қазақ орфоэпиясының теориялық базасының мәселелері А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, Р.Сыздық, Ә.Жүнісбеков т.б. зерттеулерінде жазылды. Сөздің бірыңғай жуан/жіңішке айтылып, сөз ішіндегі дыбыстардың бір-біріне ілгерінді//кейінді ықпал ететіні, бірін-бірі игеретіні, артикуляциялық, акустикалық жақтан бір-біріне бейімделетіні айқындалды.

Міне, дыбыстардың синтагмалық қатардағы қатынасқа түсетіндегі күйін: қатандардың ұяңдануы, ұяңдардың қатаңдануы, жиылыңқылардың жайылыңқы, жайылыңқылардың жиылыңқы болуы, жуысыңқылардың тоғысыңқы, тоғысыңқылардың жуысыңқы т.б. болуы – акад. Р.Сыздықтың «Сөз сазы» кітабында жеке сөз, микромәтін деңгейінде талданып, көрсетілді [79]. Сөйтіп, автор орфоэпиялық норманы кодификациялауда дыбысталған сөздің тілдік базасын негізге ала отырып, сегменттік, суперсегменттік (буын, пауза, ырғақты тип, интонация) деңгейде қазіргі орфоэпиялық норманы 36-бапқа топтастырып жүйелеп береді. Әдеби тілдің дәстүрлі орфоэпиялық нормасын саралап берудің нәтижесінде орфоэпиялық норманы кодификациялаудың негізі жасалды.


Орфоэпиялық нормаларды кодификациялау ісі практикаға сүйенумен бірге теориялық тұрғыдан қарастыруды да қажет етеді. Әсіресе шаршы топ

алдындағы сөздің түрлері мен жанрлары көбейіп отырған кезде, ауызша сөз арналары қоғамдық-әлеуметтік маңыз алып отырған тұста орфоэпиялық нормаларды теориялық тұрғыдан тиянақтап отырудың маңызы айрықша. Бұл ретте оның теориялық мәселелері фонема, фонология ілімдерімен тығыз байланысты қаралатыны белгілі.

Тілдің мағыналық бірліктерін бір-бірінен ажыратуға қабілеті бар парадигмадағы фонологиялық бірліктер (19 дауыссыз, 9 дауысты) синтагмалық қатынасқа, яғни көлбеу тізбекке түскенде уақыт жағынан бірінен кейін бірі келе отырып, әртүрлі дыбыстық реңкте объективтенеді.

Мысалы, *тас* дегендегі [с] индивидтің, тілдік ұжымның психикалық санасындағы осы дауыссыздың дыбыстық образына сәйкес келсе, та[с]-ша дегендегі <с> көршілес [ш]-ның әсерінен түрленіп [ш] түрінде айтылады. Сөйтіп, психикадағы, яғни парадигмадағы <с> *шана* дегендегі өзге бір [ш]-ның дыбыстық образына сәйкес келеді. МФМ өкілдері психикадағы, яғни парадигмадағы фонемаларды инвариант, ал инварианттың синтагмалық қатынасқа түскендегі, парадигмадағы өзге бір дыбысқа ұқсап кететін түрленімін вариант деп атайды. Мысалы, кө[з] дегендегі <з> парадигмадағы инвариант <з>, ал синтагмалық қатынасқа түскенде бұл <з> әлсіз позицияда [с] түрінде дыбысталады. [к⁰¹өс⁰¹с⁰¹үз] (көзсіз), сөйтіп, ол *сөн* дегендегі инвариант [с]-ның әлді позициядағы репрезентантына сәйкес келеді.

Фонема теориясы бойынша әр фонема-инварианттың дыбыс шоғыры болады. Ол шоғыр инварианттың синтагмалық қатынасқа түскендегі әртүрлі дыбыстық қоршауына (позицияға) байланысты түзіледі. Мысалы, <з> фонема-инварианттың әлсіз позицияда [ж], [ш:], [с] түріндегі варианттары бар. Осы фонеманың жалпы әлді және әлсіз позицияларда әзірге бізге белгілі 16 дыбыстық репрезентанты бар. Ал осы дыбыстық репрезентанттар инвариант фонеманың дыбыс шоғырын (қорын) құрайды.



Осы кезге дейін орфоэпиялық норманың тілдік базасы ретінде фонеманварианттың әлсіз позициядағы дыбыстық өзгерісі, яғни варианттары негізге алынды: [ағалма] *ақ алма*, [ақпілек] *ақ білек* т.б.

Алайда фонема теориясы бойынша инвариант-фонеманың әлсіз позициядағы дыбыстық өзгерісі, осы көрсеткендегідей тек в а р и а н т түрінде ғана жүзеге аспайды, оның в а р и а ц и я деп аталатын түрленімі де болады.

Парадигмадағы фонемалардың қайсыбірі (инвариант-фонемалар) синтагмалық қатынасқа (көлбеу шынжыр қатар тізбекке) түскенде, олар сол тілдің фонологиялық парадигмасында жоқ өзгеше бір дыбыстық реңкте материалданады. Мысалы [атцыз] *атсыз*, [қатчы] *хатшы*, [авайбол] *абай бол* т.б.

Парадигмадағы фонеманың синтагмалық қатынасқа түскенде, сол тілдің фонологиялық парадигмасында жоқ өзгеше бір дыбыстық реңкте объективтенуі **вариация** деп аталады.

[атцыз], [қатчы], [авай бол] т.б. дегендегі [ц], [ч], [в] қазақ тілінің фонологиялық парадигмасында жоқ. Біз бұл жерде дыбыстық өзгерістерді жуық шамамен *ц, ч, в* таңбаларымен беріп отырмыз. Алайда бұлар дәлме-дәл орыс тіліндегідей дыбысталады деп түсінбеу керек.

Қазіргі орфоэпияда инвариант фонемалардың вариант түрі едәуір жүйеленді, оның вариация түрін зерттеу енді-енді қолға алынып, Ә.Жүнісбековтың басқаруымен шыққан «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігінде» (2005) [80] біралуан вариациялар көрсетілді.

Қазақ фонетикасында фонемалардың вариант, вариация түрлерін және олардың белгілі бір фонемалардың дыбыс қорын (шоғырын) құрайтын ерекше түзілім ретінде қараудың, жоғары мектеп оқулықтарына, оқу құралдарына, бағдарламаларына енгізіп, орфоэпиялық сөздікте, анықтағыштарда көрсетіп, сөз фонетикасының құрылымы ретінде танудың теориялық әрі практикалық мәні айрықша болмақ.

Орфоэпиялық норманы кодификациялаушылар осы кезге дейін көбіне варианттарды көрсетумен шектелді, өйткені МФМ-інің ілімін дәйекті ұстанып жүрген фонолог М.Жүсіповтің зерттеулері қозғау салғанға дейін қазақ фонологиясында инвариант, вариант, вариация позицияның түрлері мен типтері туралы ұғымдар ғылыми айналымға ене қойған жоқ болатын [81].

Алайда вариация деп арнайы атамаса да, кейбір тілдік фактілер зерттеу материалдарында көрсетіліп отырды. Мысалы, сөздің ұшар басында *о, о (ө)* дауыстыларының алдында ілеспе [у]-дың естілетініне Н.И.Ильминский назар аударып, Р.Сыздық *отан, отын, орын* т.б. сөздердің қосамжар [у]-мен [^уот⁰ан] түрінде айтылатынын норма ретінде атап көрсетті.

Сондай-ақ *ет, ешкі* тәрізді сөздерде <е>-нің [je] түріндегі; екі дауысты аралығында <б>-ның ерін жуысыңқысы [b⁰] түріндегі айтылатыны жөнінде І.Кеңесбаев, Р.Сыздықова, Ә.Жүнісбеков, А.Айғабылов т.б. зерттеушілердің тұжырымдары мен пікірлері бар.

Аталмыш құбылыстар М.Дүйсебаеваның [82], Х.Неталиеваның [83] орфоэпиялық сөздіктерінде және Р.Сыздықтың «Сөз сазы» анықтағышында кодификацияланған норма ретінде тіркелді.

Морфонологиялық құбылыстарға жататын өзгерістерді фонетикалық құбылыстардан ажырата қарау (А.Айғабылов), фонетикалық өзгерістердің өзін вариант, вариацияға саралау (М.Жүсіпов), фонемалардың дыбыстық қорын айқындау т.б. тәрізді зерттеулердің орфоэпиялық, орфографиялық нормаларды кодификациялауда мәні айрықша.

Алайда айтылу, жазылу нормасы даулы көрінетін, немесе дәстүрге айналып қалыптасқан нормаларды кодификацияланған нормаларды қайта қарау жөнінде сын-пікірлер айтатын «оппоненттер» көбейді. Мұның өзі сол айтылған даулы мәселелерге азды-көпті тоқталуды қажет етеді.

Осы тәрізді сөздерді неге бірыңғай жуан, бірыңғай жіңішке түрде жазып, үндестік заңын сақтамаймыз, орфографиялық сөздік үндестік заңын бұзып отыр дегендей сыңай танытатын мақалалар жарық көріп жатады. Әрине, мәселенің байыбына бармай сөздердің *шай, жай*- т.б. жазылуын орфографиялық сөздік дұрыс көрсетпей отыр, мұндай сөздер *шәй, шәй-, жәй, жай*- деп жазылуға тиіс деп ақыл айтқан болады.

Бәлкім, осыларды сынаушылар айтқандай үндестікке бағындырған болып, *қайтып (қайтып айтайын), кәсиет, мұғалым, кітәп, қадыр, қазыр, кәнден, қабыр, қауып (қауып төнген жоқ), қауыпсыз, қауыпты, қауыпсыздық* деп жазуға болар. Алайда мұндай сөздердің саны бұл көрсетілген сөздермен шектелмейді. Мысалы, *құдірет* сөзін *күдірет/құдырат, тақсірет* сөзін *тәксірет, харакет* сөзін *кәрекет, ақырет* дегенді *әкірет/ақырат, рақымет, қасірет* сөздерін *рақымет, кәсірет, Ақыметті Ақымат* деуге болмайды. Бұлай деу тілдік базада жоқ. Сондай-ақ *шай, жай, шай*- сөздерінің қара басын *шәй, жәй, шәй*- деп жазуға болар-ау, бірақ *шайға шақыр, шайлық пұл* дегенді *шәйге шақыр, шәйлік пұл, кірді шайқа* дегенді *кірді шәйке* демесі бәрімізге аян. *Бар байлығым, бір шайлығым* деген мәтелдегі *байлығым, шайлығым* жуан түрде ұйқасып тұрған сөздер.

Шынында, «бейүндес сөздер» деп аталған бұл құбылыс фонологиялық тұрғыдан арнайы қарастыруды қажет етеді.

Алдымен *жай, жай-, шай, шай*- сөздерінің дыбысталу жайына назар аударуға тура келеді.

А.Байтұрсынұлының айтуынша, дауыссыздардың жуан/жіңішкелік сипаты дауыстылардың ырқында болады. Мысалы: [таң], [т‘‘ең‘‘]. Бұл – тілдің негізгі қағидасы. Алайда аталмыш фонетикалық тәртіптен ауытқитын тілдік фактілер де кездеседі. Солардың бірі [ш] мен [й]-дің, [ж] мен [й]-дің аралығындағы [а]-ның дауыссыздарды өз ырқына көндірмей, керісінше, солардың әсеріне ұшырап, палатизациялануы. Түркі тілдерінде кездесетін бұл құбылысқа кезінде татар ғалымы Г.Шараф көңіл бөлген екен.

Алайда [ж‘‘эй‘‘], [ш‘‘эй‘‘] дегендегі [ә] дауыстысын <a>-ның түрленімі емес, әуелден бар <ә>, ол «ж – й»-дің әсері емес, дейтін де көзқарас бар. Мұндай көзқарасты ұстанушылар орфографияда, *жай, шай* деп


кодификациялауды сөздікшілердің білместігі деп түсінеді және норманы қайта қарау керек деп біледі.

Әрине, бұл пікірді құптай салуға болмайды. Себебі аталмыш сөздердегі дауысты «нағыз» [ә]-нің өзі болса, осы түбірден өрбіген сөздерге қосымша неге бірыңғай бастан аяқ жіңішке нұсқада жалғанбайды? Мысалы, *шәйке*, *жәйкел*, *жәйләуге*, *шәйге шақыр*, *жәйтке* деп айту тілдік базада жоқ. Бұл тұлғалардағы дауысты шын мәнінде жіңішке болса, оларға қосымша ешбір ауытқусыз-ақ бірыңғай жіңішке жалғанар еді. Оған ешбір фонетикалық кедергі жоқ. Сөздің қара басы [жәй], [шәй] деп жіңішке тұрпатта айтылғанмен, қосымшалармен түрленгенде, олардың түптұлғасы *жай*, *шай* екенін байқауға болады: *шайқа*, *жайқал*, *жайлауға*, *шайға шақыр* т.б. Бұлар *жай*, *шай* тұлғаларын түптұлғасындағы дауыстының <a> екенін танытатын тілдік фактілер.

Әдетте фонема теориясына белгілі бір дыбыстардың орын талғайтын, орын талғамайтын жағдайларына назар аудару маңызды. Мысалы, сөз ішіндегі кейбір «орын» <a> үшін қолайлы болса, қайсыбір орын «қолайсыз» болып келеді. Атап айтқанда <a> фонема үшін [ж] мен [й]-дің, [ш] мен [й]-дің аралығы қолайсыз орын, сондықтан ортаға бейімделіп, реңін өзгертуге тырысады. Фонема <a> сондықтан *жай*, *шай* сөздерінде [ә] түрінде дыбысталады. <a>-ның осындай әлсіз жағдайдағы [ә] реңкі, әлді жағдайындағы <ә>-нің (ән) дегендегі [ә]-нің) реңіне ұқсап кетеді. Ал фонемографиялық жазудың тәртібінде фонемалардың әлсіз жағдайдағы реңкі таңбаланбайды: *шай* [ш' әй `]

Сондай-ақ <a> инварианты үшін жоғарыда сөз болған *қасиет*, *тақсірет*, *қауіпті*, *қадірлі* сөздеріндегі дыбыстық жағдай қолайлы орын болып саналады. Сондықтан «ортаға» бейімделіп өзгешелеу реңк алады (палатализацияланады). Субъективті қабылдауда жуан/жіңішкелігі көмескілеу сезіледі. Жуан/жіңішкелік перцепциясы көмескілеу *қасиет*, *тақсірет* сөздерінің орфоэпиялық нормасын былайша көрсетуге болады: [täx¹ c¹ ip¹ et¹], [k¹ äcй¹ et¹]. Мұндағы [ä] инвариант <a>-ның әлсіз жағдайдағы вариациясы.

Сөйтіп, <a> инвариант фонеманың әлсіз позицияда [ә] варианты және [a] вариациясы бар деуге болады. Сондай-ақ <a> инварианттың әлді және әлсіз позицияда [a], [ә], [ä] реңктері түріндегі дыбыс шоғыры бар екенін байқаймыз. Оны төмендегіше көрсетуге болады:



Сонымен, қазақ тілінде *шай*, *жай* сөзіндегі дауысты іргелес дауыссыздардың әсерінен жіңішкеріп, [жәй], [шәй] түрінде айтылады. Бұл құбылысқа инвариант теориясы тұрғысынан назар аударсақ, мұндағы [ә] дауыстысы әлсіз жағдайдағы (позициядағы) инвариант <a>-ның варианты

болып табылады. Қазақ жазуының ұстанған принципі фонемографиялық принцип болғандықтан, фонеманың әлсіз позициядағы түрленімдері (варианттары мен вариациялары) жазуда ескерілмейді. Сондықтан сөздің *жай, шай* түрінде таңбалануы орфографиялық сөздік арқылы кодификацияланған.

Міне, бұл айтылғандар орфографиялық та, орфоэпиялық та нормаларға қатысты жайт. Ал нормадағы мұндай қайшылықты жайтты айқындап, кодификациялауда инвариант, вариант, вариацияға байланысты теориялық ұстанымдарға назар аудару қажет деп білеміз.

Қазақ орфографиясы мен орфоэпиясы нормаларымен тағы бір қайшылықты жағдай бейүндес буынды сөздердің айтылу нормасы мен жазылу нормасын кодификациялау мәселесі. Әсіресе соңғы жылдары тіліміздің жазу, дыбыстау нормаларына жұртшылық назары ауып, тиісті сөздіктерде көрсетілген нормалардың кейбірін сынға ала бастады. Нормативті сөздіктерде көрсетілген *қасиет, қаріп, қабір, қадір, қауіпті, қайтіп, қайткенде, қадім, мұғалім* т.б. сөздерді *кәсиет, кәріп, қабыр, қадыр, қауыпты, кәйтпін, кәйткенде, мұғалым* т.б. түрінде жазып, әлгідей сөздердің нормасын тиянақтауда сингармонизм заңдылығына сүйену керектігін айтады. Әрине, бейүндес буынды сөздерді, егер олардың саны осы айтылған сөздермен шектелсе, солай етіп жазуға да, айтуға икемдеуге де болар еді. Бірақ мұндай типтегі сөздердің саны, түрлері осы аталған сөздермен шектелмейді, тілде бұдан басқа да біралуан сөз бар: *тәкаппар, құдірет, ақырет, қауесет, қазірет, қасірет, рақымет, тауқымет, қорек, мехнат, тақсірет* т.б. Бірыңғай жуан, я болмаса бірыңғай жіңішке түрде таңбалап жөнге салуға бұлардың ырық бермейтіні байқалады. Мұндай сөздер де, жоғарыда аталған азын-аулақ икемдеуге келеді-ау деген сөздер де шеттілдік болғандықтан ырыққа көне бермейтіндей көрінеді. Шынында, үндесім икеміне көне бермейтін тек шеттілдік қана емес, төлтума сөздер де бар: *мүнікі, оныкі, ауылдікі, таудікі, көгорай, көкқарға, көкпар, қағылез* т.б.

Мұндай қиындықтардың икемді келеді-ау дегенін үндесіммен айтып, жазып, ал келмейтінін сол күйінде жылы жауып қойғанмен, мәселе шешілмейді. Сондықтан әңгіме қиындықтың төркіні неде екенін іздестіруге келіп тіреледі.

Жазылу нормасы мен айтылу нормасы даулы көрінетін бейүндес буынды сөздердің бір алуаны [к], [к] дыбыстарымен байланысты екені байқалады.

Фонология теориясында дыбыстардың әлді позициясы, әлсіз позициясының өзі бірнеше түрге бөлінеді. Сигнификативті және перцептивті күшті жағдайда фонема мағына ажыратады, инвариант түрінде дыбысталады, ал сигнификативті әлсіз, ал перцептивті күшті жағдайда фонема мағына ажыратпайды, өзінің дыбыстық варианты түрінде, ал сигнификативті перцептивті әлсіз жағдайда өзінің дыбыстық вариациясы түрінде жұмсалады. **Инвариант** дегеніміз фонеманың парадигмадағы **тұлғасы**, **вариант** дегеніміз фонеманың әлсіз жағдайдағы **түрі**, ал **вариация** дегеніміз фонеманың әлсіз жағдайдағы **түрленімі**.

Фонема абстрактті бірлік, ол тілдік қолданыста нақтыланып, инвариант сәйкес реңк, вариант, вариация түрінде объективтенеді. Инвариант дыбыстық жағдайға тәуелсіз, ал оның варианты мен вариациясы белгілі бір позицияға тәуелді бірлік. Белгілі бір фонеманың әлсіз жағдайдағы варианты күшті жағдайдағы басқа бір инвариант фонемаға ұқсас болады. Ал фонеманың әлсіз жағдайда пайда болатын вариациясы күшті жағдайдағы инвариант фонеманың бір де біріне ұқсамайды.

Бұдан байқайтынымыз, фонема үшін қайсыбір позиция қолайлы болса, қайсыбір позиция онша қолайлы бола бермейді. Соңғы жағдайда фонема фонетикалық қоршауға икемделеді, бейімделіп, түрленеді. Мысалы, <б>, <д> фонемалары үшін сөз аяғы қолайсыз жағдай, *келеді, барады* спонтанды сөйлеу тілінде соңғы дауысты (бұлар әдетте сигнификатты жүктемесі әлсіз, қысаң дауыстылар болып келеді) толық редуцияланғанда *келет, барат* делініп, [д] дауыссызы [т] түрінде айтылады. Бұл – <д> фонемасының [т] варианты түріндегі репрезентанты, бірақ мағынаға келіп-кетер әсері жоқ.

Сондай-ақ [й], [л], [н], [р], [у] үнділері сөздің үнемі басында келе бермейді, сондықтан ілеспе қысаң дауыстылармен айтылады: [ійод], [ылақ], [ырақымет] т.б. Фонемалардың аталмыш жағдайы сигнификативтік жүктемесі әлсіз болғандықтан, жазуда елене бермейді.

Фонемалардың «қолайсыз» жағдайға икемделіп, қызмет атқару тәсілдері мен амалдарын белгілі бір сөздердің орфография, орфоэпиялық нормаларын кодификациялауда ескерудің айрықша мәні бар. Инвариантты вариант пен вариациядан, вариантты вариациядан ажырата білу жазу, дыбыстау нормаларына кодификациялауда белгілі бір жүйені ұстануға тиянақ болады.

Бұл айтып отырғандарымыз, орфография, орфоэпиялық нормаларды кодификациялаушыларға да, олардың оппоненттеріне де белгілі жайт.

Белгілі жайт болса да, басын ашып алар мәселелер де аз емес. Қоғамға қызмет етіп, өзінің міндетін атқарып жатқан соң, оның құрылымына әсер ететін әртүрлі жайттар болады. Мысалы, шеттілден сөз енеді [*Құрмет, рақмет*], сөз бен сөз бірігеді (*бірақ <бір+ғана-ақ>*), сөз бен сөз тіркесіп бір ырғақпен айтылып, бір екпінге бағынады (*[ағешкі] ақ ешкі*). Сөз дыбыстық жақтан ықшамдалады (*[кеботыр] келіп отыр*) т.б. Сөйтіп, белгілі бір фонемалар үшін жаңа позициялар пайда болады. Бұлардың қайсыбірі фонемалар үшін «қолайлы» болса, қайсыбірі «қолайсыз» болады. Фонема «қолайсыз» жағдайда тұрса да, тілдің табиғи заңдылығына, нормасына сәйкес икемделіп түрленуіне сол тілдің әлеуеті (потенциалы) жетіп жатады, сондықтан оны айқындау, танып білуге тура келеді. Мысалы, қазақ тілінде араб тілінен енген *құрмет* деген сөз бар. Сөздің басы жуан, аяғы жіңішке болып, қазақ тілінің үндесімімен үйлеспей тұрған сияқты. Егер үйлесім тезіне түссе [күрмет] немесе [құрмат] болар еді. Бірақ бұлай деу, донор тілдегі түпнұсқадан мүлде оқшау келеді. Тілдегі ауыс-түйіс тәртібі бойынша кірме сөз, бір жағынан түпнұсқадан алшақтамау, екіншіден, импорттап алған тілдің заңына бағынуға тиіс. Осы екі үрдіс бір-біріне қарама-қарсы болмауы керек, керісінше, бір-бірімен үйлесімді болуға тиіс.

Ал біздің байқауымызша, *құрмет, тақсірет, хазірет* тәрізді сөздер үндесім заңы бойынша игерілген сөздер. Алдымен, бұл тезисіміз түсінікті болу үшін [қ], [к] дыбыстарының жайына тоқталайық. Қалыптасқан көзқарас бойынша <к> фонемасы жуан дауыс тембірі [қ], жіңішке дауыс тембірі [к] түрінде дыбысталады. Бұл – қазақ тілінің дыбыстық нормасы: [қайда], [кейде] т.б.

Алайда [қ]-ның әлсіз позицияда жіңішке түрі (варианты) бар екені байқалады: [к¹үр¹м¹ет], [тәк¹сір¹ет¹]. *Кемел* сөзіндегі [к] жіңішке тембрмен айтылып, *Камал* сөзінің [Камал] түрінде жуан тембрмен айтылуы да бар. Тілдік факт ретінде бұл жайтты елемеуге болмайды. Бірақ орфографиялық шарттылық немесе бөтен тілдің тәртібі деп те көрінуі мүмкін. Алайда төлтума сөздерімізде *көгорай, көгал* дегендегі [к]-нің тембрін жіңішке деуге болмайды. Салыстырсақ [когорай], *көгаршын, көкпар*. Бұлар ауыс-түйіс сөз емес, қазақтың өзінің төлтумасы.

[к]-ның жіңішке тембрінің пайда болуына әсер ететін факторға назар аударайық. Сөздің соңғы буындарындағы жіңішке дауыстылар бірінші буындағы дауыстының палатализациялануына, ал ол өз кезегінде [қ]-ның жіңішке тембрлі реңк алуына әсер етеді. Сөйтіп, [қ] дауыссызының вариациясы пайда болады: [к¹үд¹ір¹ет] *құдірет*, [р¹әк¹імет] *рақымет*, [к¹әсій¹ет¹] *қасиет*, [к¹әзір] *қазір* т.б.

Ал осы аталған сөздердің кейбірінің, *қасиет* (сөйл. тілі), *кәзір* (сөйл. тілі), *ұрмет* (диал.) тәрізді варианттары бар. Бұл – сөздің «қолайсыз жағдайға» вариация арқылы бейімделуі болса, екінші жолы басындағы дауыссыздың жіңішке тембрлі вариант, я болмаса, дауыссызды айту тәсілімен де «қиындықтан» жол табады, бірақ бұл аталған соңғы тәсіл бірер сөзбен ғана шектеледі.

Сонымен [к]-нің әдеттегі жіңішке тембрінен басқа жуан тембрге, [қ]-ның әдеттегі жуан тембрінен басқа жіңішке тембрлі болып келуі вариация деңгейіндегі сингармонизм, я болмаса сингармовариация деуге болады. [қ]-нің жіңішке тембрлі болуына әсер ететін іргелес дауыстыны да вариация деп танимыз. Мысалы [к¹ә¹уесет¹] *қауесет* дегендегі [ә] соңғы буындағы сигнификативті-перцептивті позициядағы [е]-нің әсерінен палатализацияланған дауысты, яғни әлсіз жағдайдағы <а>-ның вариациясы. Ол парадигмадағы <ә>, я болмаса күшті позициядағы [ә] бірдей емес, аталмыш вариацияның перцепциясы кәдімгі [а]-дан жіңішке, ал [ә]-ден әлтек жуанырақ деп көрсетуге болады.

Осы тәрізді ерекшелік, біздің байқауымызша, [ғ] мен [г] дауыссыздарында да бар екені байқалады. Атап айтқанда [ғ]-ның жіңішке тембрлі вариациясы мына тәрізді әлсіз позицияда кездеседі: [ағ¹ешкі] *ақ ешкі*, [ғ¹әз¹ійз¹] *ғазиз*.

Өзге тілден импортталған мұндай сөздер қазақ тілінің негізгі дыбыс заңдылығы бойынша игерілетіні мәлім. Мұндайда едәуір сөздің басына [қ], [ғ] дыбыстарын түсіріп айту позициялық игерудің бір жолы болса керек. *Қали – Әли, Ғалым – Әлім, Қалибек – Әлібек, ғылым – ілім, ғылыми – ілімі* т.б.

Әуелде *Қали, Ғалым, Қалижан, Ғалымжан* т.б. тәрізді сөздердің құрамындағы дауыстылар біршама палатализацияланған дауыстылар болуы, ал [қ], [ғ] дауыссыздары соған сәйкес жіңішке тембрлі болуы ықтимал: [қ¹ал¹й¹], [ғ¹ал¹ім¹], [қ¹әл¹йж¹ән], [ғ¹әл¹імжән]. Өйткені *Қалидың* [алый], *Ғалымның* [алым], *Ғалымжанның* [алымжан], *Ғазиздің* [азыз] болмай, *Әли, Әлім, әзіз* түрінде игерілуі осыған меңзейді.

Қазақ тілінде ерін үндестігі жөнінде А. Байтұрсынұлы еріндіктердің бас буында келетінін басқа буынды сүймейтінін атап айтады, сондықтан әлсіз жағдайдағысын жазуда белгілемейді [8]. Әрине, А.Байтұрсынұлына дейін қазақ сөзінің хатқа түскен үлгілерінде ерін дауыстыларының әлсіз жағдайда (дыбыстық қоршауға тәуелді жағдайда) белгіленетін де, белгіленбейтін тұстары да бар.

Н.И. Ильминский т.б. түркітанушылардың өз зерттеулерінде ерін үндестігін көрсетуі бірізді емес, екінші буындағы еріндікті кей кезде көрсеткенмен, келесі бір сөзде басқаша таңбалайды: *өзүм, өздері, өзен* т.б. (Ильминский)

В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский сөздің соңғы буынына дейін ерін үндестігін жазуда көрсеткенмен, оның буындарға қарай әлсірей беретінін ескертеді, сондай-ақ [о] дыбысынан кейін езулік жуан дыбыстылардың келе беретінін, ерін үндестігінің қырғыз тілімен бірдей еместігіне назар аударады.

Әдеби тілде (жазу нормасын еске алғанда) ерін үндестігінің еленбейтінін айта келіп, І.Кеңесбаев «ерін үндестігінің күші үш буыннан аспайды: әсіресе екі буынды сөздерде ерін дауыстысымен келген алғашқы буынның еріндік ықпалы анық сезіліп тұрады, үшінші буында солғындау сезіледі деп көрсетеді [84].

Қазақ тілінде ерін үндестігі сөздің екінші буынынан әрі қарай сақталмайды немесе әлсірей береді деген дәстүрлі көзқарас орфоэпиялық норманы, орфографиялық норманы кодификациялауда М.Дүйсебаеваның зерттеуінде (1973), Қ.Неталиева құрастырған «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігінде» (1977), Р. Сыздықтың «Сөз сазы» анықтағышында (1985, 1995) негізге алынды.

1990 ж. А. Байтұрсынұлының бері келе жатқан бұл дәстүрлі көзқарастан басқаша, яғни ерін үндестігі сөздің басқы буындарымен шектелмейді, үндесімнің бұл түрін сөзді тұтасымен қамтиды деген (Ә.Жүнісбек, С.Мырзабеков) тезис ұсынды. «Жазуда соңғы буындарда еріндік белгіленбегендіктен, ерін үндестігі әлсіреп, сөздің айтылу нормасы бұзылып, бәрін бұзған жазу, жазу теріс болмаса, бәрі де дұрыс еді» дегендей ойға салады [85].

Бұл айтылғандардың қай-қайсы болсын, ден қойып, көңіл аударарлық және теориялық тұрғыдан негіздеуді қажет ететін пікірлер.

Мұндай құбылысты айқындауда фонологиядағы теориялық ұстанымдарға назар аударуға тура келеді. А.Байтұрсынұлының ұстанымы бойынша тұрпат бөлек болғанмен, тұлғасы бір сөздер болады. Мұндай сөздер тұлғасы бойынша жазылады: *сенбеді* (*сембеді* емес). Еріндіктің бас буында

келетінін, таңбалап, басқа буындағысын бас буынның әсері деп, жазуда елемейтіні, мысалы *күлкі* (*күлкү* емес), ғалымның осы ұстанымын көрсетеді.

Дәстүрлі көзқарас бойынша *күлкі*, *үлкен* деген сөздердің екінші буындағы <i>, <e> фонемалары өздерінің негізгі реңкі бойынша таңбаланған, ал олардың [ү], [ө] түрінде дыбысталуы бірінші буындағы еріндіктің әсері деп түсіндіріледі.

Алайда екінші, үшінші буындағы, одан әрі қарайғы буындардағы дауыстылар езуліктер емес, әуелден түптұлғалық еріндіктер мәртебесіндегі бірліктер дейтін де көзқарас бар. Бұл жерде дәстүрлі ұстанымға басымдылық береміз. Өйткені, байқауымызша, екінші буында «нағыз» еріндіктердің солғындап кетуіне әсер ететін фонетикалық жағдай жоқ [87]. Олай болса, дауыстылардың еріндік белгілерінің өзінен-өзі көмескіленіп кету мүмкіндігі жоққа тән.

Тағы бір назар аударатын жайт: екінші буындағы дауыстының әуелден түптұлғалық еріндіктер еместігі. Бұлай деуімізге салыстырмалы-тарихи фонетиканың материалдары себеп болып отыр: мысалы, қазақ тілінде *үй*, татар тілінде *өй*, қаз. *үйде*, тат. *өйдә*; қаз. *үйдегі*, тат. *өйдәге*, қаз. *үйдегілерге*, тат. *өйдәгеләргә*; қаз. *төлерге*, хак. *төлірге*; қаз. *көрер*, хак. *көрер*; қаз. *күрек*, әзерб., ұйғ. *күрәк*; қаз. *жүген*, башқ. *югән*, әзерб. *йүйән*, хак., шор *чүген*; қаз. *жүрек*, ұйғ. *жүрәк* т.б. Бұл мысалдар Ф.Г.Исхаковтың зерттеуінен алынды [86].

Күлкі сөзінің екінші буындағы дауысты [к⁰¹үл⁰¹к⁰¹ү] инвариант <i>-нің әлсіз позициядағы [ү] түрінде репрезентациялануы. Ол күшті позициядағы [ү]лкен дегендегі [ү]-ге естілімі жағынан сәйкес келеді. Әлсіз позициядағы инвариант фонеманың (<i>-нің) әлді позициядағы инвариантқа (<ү>лкен) ұқсас келуі вариант деп аталады. Ал *күлкілеріміздің* дегендегі үшінші, төртінші буында еріндік белгілері солғындап кететін дауыстылар <i> инварианттың әлсіз позициядағы вариациялары болып табылады.

Әдетте варианттар парадигмадағы белгілі бір фонемаға ұқсас болып тұрса, вариацияларда ондай ұқсастық болмайды, яғни вариация парадигмадағы фонеманың бірде-біріне ұқсап тұрмайды. Мысалы, *күлкіміздің* дегендегі соңғы буындардағы дауыстыны парадигмадағы [ү]-мен бірдей деуге болмайды.

Сонымен, *күлкіміздің* дегендегі бірінші буындағы [ү] инвариант, екінші буындағы [ү] вариант, ал үшінші және әрі қарайғы буындардағы дауысты [i] инварианттың вариациялары /ү/ деп танымыз:

К<ү>лк[ү]м[ү]зд/ү/ң. Алғашқы буында еріндік анық сөз мағынасын ажыратады және естілімі күшті, яғни сигнификативті және перцептивті күшті, екінші буында сөз мағынасын ажыратпайды, естілімі күшті, яғни сигнификативті әлсіз, ал перцептивті күшті, үшінші және әрі қарайғы буындарда естілімі солғын, яғни сигнификативті және перцептивті әлсіз позиция.

Сонымен, еріндік дауыстыдан соң басталатын сөздердің екінші буынында анық еріндік, ал әрі қарайғы буындардағы дауыстылардың, еріндік белгілерінің солғындай беретін ерекшелігін ескере келіп, оларды үш жаққа

ажыратып, орфоэпиялық норманың инвариант [ү], вариант [ү] және вариация /ү/ түрінде кездесетінін көрсеттік.

Біз кодификацияланған нормасы даулы көрінетін жайттарға тоқтала келіп, олардың әлді, әлсіз позициямен байланысты инвариант, вариант, вариация түрінде зерттелу қажеттігіне ерекше назар аудару керектігін баса айтамыз.

4.2 Бұқаралық коммуникация және сөз мәдениеті

Қоғамдағы әр түрлі қарым-қатынасты жүзеге асырудың құралы ретінде қызмет ете келіп, тіл белгілі бір салаға бейімделе түседі: сол салада жиі қолданылатын сөздердің сөздігі, арнаулы сөз құрылымдары, мәтін құрудың негізгі принциптері түзіледі.

Әдетте қоғамдағы мұндай саланың бес түрі бар. Осы тармақтары арқылы жүзеге асады.

- Ғылым, білім, оқу ағарту саласы – ғ ы л ы м и с т и л ь;
- Құқықтық сала, заңнама т.б. – р е с м и с т и л ь;
- Көркем өнер саласы – к ө р к е м ә д е б и е т с т и л і;
- Қоғамдық-саяси сала – п у б л и ц и с т и к а л ы қ с т и л ь;
- Тұрмыстық қатынас саласы – с ө й л е у т і л і с т и л і.

Қазіргі қазақ әдеби тілі қоғамдық өмірдегі осы аталған бес салада қызмет етуге бейімделген, яғни аталған әр саланың қалыптасқан арнайы атаулары (сөздігі), сөз құрылымдары (синтаксистік ерекшеліктері) мәтін түзу ережелері бар.

Сонымен, бес қолдың саласында бес стильдік тармақтың өзді-өзінің стильдік құралдары, сол стильге тән бедер салатын тілдік амал-тәсілдері бар.

Тіл арқылы жүзеге асатын қарым-қатынастың түр-түрі көп: үлкен-кіші; сатушы-сатып алушы; бастық-бағынышты, дәрігер-науқас, маман-маман емес, маман-маман т.б. Адамдар арасында тілдік қарым-қатынастың түрі көп болғанмен, негізінен олар үлкен екі салаға бөлінеді:

- а) қарым-қатынастың бейресми түрі;
- ә) қарым-қатынастың ресми түрі.

Жоғарыда айтылған бес стильдік тармақ қарым-қатынастың осы екі ерекшелігіне қарай үлкен екі салаға бөлінеді:

- а) қарым-қатынастың бейресми түрі
- ә) **сөйлеу тілі** арқылы, ал қарым-қатынастың ресми түрі
- б) **кітаби тіл** арқылы жүзеге асады.

Сөйлеу тілінің **тұрмыстық сөйлеу тілі** және **қарапайым сөйлеу тілі** деген түрлері бар.

Ал кітаби тілге 1) **ресми іс қағаздар стилі**, 2) **ғылыми стиль**, 3) **көркем әдебиет стилі**, 4) **публицистикалық стиль** жатады.

Сөйлеу тілі // сөйлеу стилі; кітаби тіл //кітаби стиль дегендегі тіл // стиль кей жағдайда бірінің орнына бірі жүре беретін, қолайына қарай қолданыла беретін мәндес, мағыналас ұғымдарды білдіретін атаулар болып табылады.

«Кітаби тіл // стиль» дегендерді қайсыбіріміз тек жазба дүниеге қатысты деп түсінеміз. Шындығында, бұл термин жазба мәтінге де, ауызша мәтінге де қатысты. Кітаби тілдің ауызша түріне радио, -телевизия хабарларының тілі жатады. Өйткені радио, -телехабарларда берілетін ақпарат ресми ақпаратқа жатады. Сондықтан ресми ақпарат – халық тілінде «ұзын құлақ» - сөйлеу тілімен беруді керексінеді.

Теле, -радиошешен әсіресе публицистика стиліне ерекше ден қоюға тиіс. Өйткені газет бағаналары мен радио, - телеарналар публицистикалық стильдің «меншіктеп» алған орны.

Публицистикалық шығарма қалың жұртшылыққа түсінікті тілмен елімізде, әлемде болып жатқан уақиғаларды жедел таныстыру, оған талдау жасау арқылы қоғамдық пікір қалыптастырады. Радиодан естілер сөздің мазмұны музыкамен, табиғи «шумен» (бұлақтың салдыры, жапырықтың сыбдыры, мотордың гүрілі, адамның дабыр-дұбыры т.б.), телехабардың ақпараттық мазмұны жанды жансыз дүниенің бейнелерімен толыға түседі. Дегенмен, бұл компоненттердің бәрінен маңыздысы – сөз. Сондықтан жұртшылыққа түсінікті сөздер жиі, көбірек қолданудың, жазба мәтінді дұрыс, сазына келтіріп дыбыстаудың, тиісті жерінде сөзге логикалық екпін түсірудің, жеке сөздердің орфоэпиялық нормаларын сақтаудың маңызы ерекше.

Бұрын, ертеректе, радио, - телехабарлар бағдарламасының жанрлары аса көп болмайтын. Қазір бір ғана бағдарламада ресми ақпарат, публицистикалық талдама, репортаж, комментарий, «дөңгелек үстел», интервью сөйлеу тіліне, ресми ақпарат ресми іс қағаз тіліне, очерк көркем мәтін тіліне жақын түсіп жатады. Осының өзі радио, -телеэфирдегі сөздің өзіндік ерекшелігі мол, аса күрделі және дербес жүйе екенін көрсетеді. Олай болса, бұл салада, бұқаралық коммуникация саласында, қазақ тілі қалай жұмыс істеп жатыр? Сала мамандарының кәсіби құралы тіл болғандықтан, «оны қалай пайдаланып жатыр?», «жақсы үлгілер мен қатар, кемістік түрі қандай?» деген мәселелер үнемі назарда болып, арнайы қарастырылып отыруға тиіс. Ал мазмұнның өзі, түптеп келгенде, әдеби тіл, тілдік норма, сөз мәдениетінің мәселелерімен ұштасып жатады. Жалпақ жұртпен сөйлесетін болғандықтан, радиошешен, телешешен тілдік норма, БАҚ-тың тілдік ерекшелігі, әсіресе сөз мәдениеті жөнінде білуге тиіс мәселелер аз емес. Ендігі сөз арқауы осылар жөнінде.

Алдымен, сөз желісін бастамас бұрын, сөз мәдениеті деген ұғымды айқындап алуға тура келеді. Өйткені қайсыбіреулеріміздің түсінігімізде сөз мәдениеті сыпайы, сынық сөйлеу, сөз ішінде бөтен тілдің элементтерін араластырмай, таза сөйлеу дегенге саяды. Бірақ бұл бәллендей дұрыс емес.

Шындығында, сөз мәдениеті деген ұғымның мазмұны «сіз»-«біз» дегеннен әлдеқайда кең, әлдеқайда терең. Сөз мәдениеті дегеніміз, қарапайым тілмен айтқанда, ең алдымен, ана тіліміздің иелігінде барша дүниеліктерді – тілдің дыбыстық жүйесін, оның ырғақ әуездерін; сөзді, оның мағыналық қырларын; сөздің тұлғалық құрылымдарын, оның жұрнақ, жалғауларын; сөз тіркесі мен сөйлем жүйелерін; тілдің стильдік құралдарын

т.б., – әдеби тілдің нормасына сай қолдана білу, дұрыс әлі бедерлі жұмсай білу деген ұғымды білдіреді.

Әрине, көп жағдайда «әдеби» мен «әдеби емес»-тің, «норма» мен «норма емес»-тің, «дұрыс» пен «бұрыс»-тың аражігін ажырату оңай бола бермейді. Бұлардың жігін айқындауда «меніңше былай» деген субъективті көзқараста емес, әдеби үлгілерге, әдеби тілді жұртшылық мойындаған, мәдениетті қоғам мүшелерінің баршасына міндетті деп танылған нормаларына сүйенеміз.

Өздеріңізге мәлім, қазақ тілі ертеден келе жатқан тіл: ол рулық, ру-тайпалық тіл, тайпалық одақ тілі, суперэтностық тіл дәуірлерін бастан кешіп, тарихтың талай толқындары мен тайфундарынан өткен. Сөйтіп, халықтық тіл деңгейіне көтерілген тіл. Ал қазіргі қазақ әдеби тілі осы кең шалқар халық тілінің аса мәнді, баға жетпес бөлігі, яғни халық тілінің бір формасы. Оның негізгі нормалары шешендік сөз өнерінде, фольклор мен ауыз әдебиеті, публицистикалық сөз, ісқағаз тілі мен ғылыми әдебиет (оқулық, энциклопедия, монография, ғылыми-көпшілік басылымдар), әсіресе аса биік профессионалдық деңгейге көтерілген көркем әдебиет үлгілері арқылы қалыптасты. Осы үлгілер арқылы тілдік ұжымның санасында әдеби тілдік норма туралы түсінік-таным пайда болды. Ең алдымен, бұл үлгілер халық тіліндегі барлы талғау, таңдау, таразылау арқылы әдебиет, мәдениет, ғылым, қоғам қайраткерлерінің шығармашылығында жүзеге асып, «мәдениеттендірілді». Сондықтан әдеби тілдің көптеген құралы халық тілімен еншілес. Алайда халық тілі кеңестігінде кездескеннің бәрі, ғалымдар айқындағандай, кейбір көркем сөз зергерлері байқағандай, әдеби тіл кеңестігін беттестірсек, әдеби тілден тысқары жатқан едәуір тілдік бірлік (единицаларды) байқауға болады.

Әдеби тіл кеңестігінен тысқары жатқан, бірақ халықтық тілде кездесетін бірліктер негізінен 1) диалектизмдер; 2) қарапайым сөйлеу тілі; 3) тілдік төсеніші өзгешелеу ескі кітаби жазба тіл элементтері; 4) жаргон, арготизмдер; 5) варваризмдер жатады.

Диалектизмдер – жергілікті жерде, белгілі бір аймақта қолданатын, яғни өзінің «жекеменшік территориясы» бар тілдік бірліктер. Бұлардың әдеби сыңарлары болады: *құдағай* (жергілікті) – *құдағи* (әдеби); *маңлай* (жергілікті) – *маңдай* (әдеби); *жылқыдар* (жергілікті) – *жылқылар* (әдеби); *вокзалдан қарсыладым* (жергілікті) – *вокзалдан қарсы алдым* (әдеби); *жұмысқа түстім* (жергілікті) – *жұмысқа шықтым* (әдеби); *әпше* (жергілікті) – *әпке* (әдеби); *шәш* (жергілікті) – *шаш* (әдеби); *чақыр* (жергілікті) – *шақыр* (әдеби) т.б. Сөз мәдениетіне ден қойған, әдеби тілдің тазалығын көздеген, оның нормасын мойындаған, міндетті деп таныған адам әлгідей бірліктердің әдеби нормаға сай түрін қолданып, мәдениеттіліктің үлгісін көрсетеді. Ал мұндайларды талғаусыз жұмсаған жандар өз мәдениетінің, әсіресе сөз мәдениетінің төмен екенін байқатады.

Сондай-ақ сөз ішінде диалектизмдер жиіліп кетсе, онда тыңдаушы үшін сөз түсініксіз болып, тілдік қарым-қатынас діттеген жерден шықпай жатады.

Қарапайым сөйлеу тілі – әдеби тіл кеңестігінен тысқарылау тұратын тілдік бірліктер жүйесі. Қарапайым сөйлеу тілінің «меншіктеп» алған территориясы болмайды, олар еліміздің барлық аймақтарында ұшырасады. Олардың мағынасын «түсіну»-«түсінбеу»-ге байланысты еш қиындық болмайды. Қайсыбір қарапайым сөздердің мазмұны төмендеу болса, кейбірінің дыбыс тұрпаты жарым-жан болып келеді. Сондықтан шаршы топ алдындағы сөзде, ресми жағдайдағы тілдік қарым-қатынаста қарапайым сөздерді қосып сөйлеу әдеби тілдің нормасына жат деп есептеледі. Мысалы, *қатып кетті, былшылдап отыр, не оттап жүрсің, ақша дегенің қырғын, мен саған пысқырмаймын* дегендердің мазмұны төмен болса, *әкеші, бересашы, келе сашы, кеп кетті* тәрізділер дыбыстық құрамы жағынан «жартыкеш», «жарым-жан» сөздер. Қоғамдық цензура бойынша айтуға, жазуға тиым салынған бейәдеп сөздер де әдеби тілдің нормасына жат деп танылады.

Жаргон, арготизмдер деп аталатын бейәдеби топқа жататын тілдік бірліктер белгілі бір әлеуметтік жіктің, топтың тілінде кездеседі. Олар былайғы жұртқа түсінікті бола бермейді. Байырғы кездегі қазақ қоғамында барымташылардың өздері ғана қолданатын жасырын сөздері болған. Мысалы, *салық* «зат, мүліктерін қоятын жасырын жер» дегенді білдірсе, *мас-етістігі* «тұтқиыл, көзіне көрінбей бас сал» дегенді білдірген.

Қазіргі кезде жастар арасында сөзді «құпиялап» сөйлеу дағдысы байқалмайды. Алайда соңғы жылдары, әсіресе 1990-жылдардан бері, өздерін ерекше әлеуметтік жік ретінде сезіну күшейе түскендіктен болар, қазақ үрдісі байқала басталады. Мысалы: *көпелек, құма* «ақымақ»; *базар жоқ* «иә, мақұл», *қораға кіру* «қиын жағдайда қалу»; *ҚЖ болып тұр* «қолайсыз жағдай болып тұр» т.б.

Ескі жазба тіл элементтері қазіргі әдеби тіл нормасынан тысқары тұрады. *Ғаһим* – «пайым», *уәһим* - «уайым», *жазғыл* – «жаз», *айла* – «ет», «қыл», *тоғра* – «тура» *екісі* – «екеуі»; *өле жазып* – «өле жаздап», *жібергін* – «жібер», *бірін-бірін* – «біртін-біртін»; *ашық, мағшұқ* – «ғашық»; *намы* – «заты, «аты, нәрсесі»; *жүрің* – «жүр»; *дәру* – «дәрі»; *зіңжір* – «шынжыр». Бұлардың ескі жазба тілге тән дүниеліктер екенін елеп-ескермей, парқын ажыратпай, оңды-солды жұмсау, әдеби тілдің мүддесімен үйлеспейді.

Әрине, журналист қаламы сөзге көнелік реңк беруді діттеп, орнымен қолданып жатса, әңгіме басқа. Ондай мақсатты қолданысты оқырман, көрермендер де іштей сезіп отырады.

5. Варваризмдер деп аталатын топқа әдеби тіл нормасында жоқ шет тілдік сөздер жатады. Қайсыбіреулер *звонда, звонить, конечно* тәрізділерге «бауыр басып» алады да, сөз арасында тықпалай береді. Бастапқыда бейресми жағдайда, екеуара сөзде пәлендей оғаш көрінгенімен, жұртшылық алдына шыққанда да, микрофон ұстағанда да әлгіндей сөздер тыңдаушысын мезі етіп, жағымсыз әсер қалдырады. Варваризмдерді уәжсіз, мақсатсыз қолдану тілдік түйсіктің, тілдік сананың төмен екенін көрсетеді.

Алайда республика, президент, сенат, финанс, банк т.б. тәрізді тілге сіңісті болып, лексика-фразеологиялық жүйеден орын алған терминдер мен

атаулардың, әрине, орны басқа. Бұлар номинативтік қажеттіліктен туған, әлеуметтік жағынан қолдау тапқан сөздер. Номинациялық мұқтажды өтеу мақсатында қолданатын шеттілдік атаулар мен терминдердің әлгідей, варваризмдерден, алабөтен сөздерден айырмасы жер мен көктей.

Кейде варваризмдердің көркем мәтінде, әсіресе кейіпкер тілінде ұшырасып отыратыны белгілі жайттардың бірі. Жазушы қайсыбір кейіпкерлерінің тілдік портретін жасап, даралау үшін ара-тұра бөгде тілдік элементтерді қолданып, варваризмдерді эстетикалық қызметке жегеді, яғни көркем шығарманың құрылыс материалы ретінде пайдаланады. Мұндайда қалауын тауып қолданған қаламгерді ешкім жазғыра қоймасы белгілі.

Сонымен «дұрыс» пен «бұрыс»-тың аражігін ажыратуда алдымен «әдеби» мен «әдеби емес»-тің ен-таңбасын айқындап алу керек. Жоғарыда бес топқа бөліп көрсеткен халық тіліндегі элементтер әдеби тілдің қойнауынан сыртқары жатқан, әдеби тілдің «мүлкіне» жатпайтын, құрамына кірмейтін әртекті (гетерогенді) элементтер көркем әдебиеттің тіл кестесінде, публицистикалық шығармаларда, микрофон алдына стильдік эффект тудыру тәрізді мақсатты түрде, парқын ажыратып барып қолданғанда болмаса, жаппай жұмсай беруге болмайтын, шектеулі элементтер болып табылады.

Сөз мәдениетінің қарастыратын мәселесі «әдеби» мен «әдеби емес»-тің ен-таңбасын ажыратумен шектелмеді.

Сөз мәдениетінің ғылыми пән ретінде қарастыратын негізгі мәселелерінің бірі әдеби тілдің өз қойнауындағы «дүниеліктерді» барды бардай етіп келістіре білу деген талаппен ұштасып жатады. Яғни әдеби тілдің өз ішіндегі біртектес (гомогенді) элементтерді дұрыс қолдану дегенге саяды.

Әдеби тіл деп аталғанымен, мысалы, жазба тілдің жүйесі мен нормасын ауызша тілдің тезіне салу немесе, керісінше, ауызша тілдің нормаларын елпескермеу көп жағдайда дұрыс нәтиже бермейді.

Әдеби тілдің ауызша және жазбаша түрі мен нормалары әсіресе соңғы жылдары ауызша сөздің нормалары мен жазба сөздің нормаларын шатастыру, дыбысталған сөзбен, жазба сөздің парқын ажырата алмай, әдеби тіл нормасын бұзу эфирден естілер сөзде жиілеп кетті. Тіпті бұл жерде мектеп бағдарламасындағы ережені еске түсіре кетуге мәжбүр боламыз. Көп ретте сөздің жазылуы нормасы мен айтылу нормасы сәйкес бола бермейді, салыстырыңыз:

Жазылуда *ақ отау*, айтылу [ағотау];

Жазылуда *шекара*, айтылу [шегара];

Жазылуда *қонақасы*, айтылуда [қонағасы];

Жазылуда *дөңбек*, айтылуда [дөңбөк];

Жазылуда *көзсіз*, айтылуда [көссүз];

Жазылуда *жұмысшы*, айтылу [жүмүшшү].

Бұл жөнінде толық дерек алғыңыз келсе, осы кітаптың «Сөздік» бөлігін қараңыз.

Ауызша сөздің интонациялық ерекшеліктерін, кідіріс, сөз ырғағы мен бунақтарын сақтап, оларды орын-орнына қойып айту орфоэпиялық норманың негізгі шарты. Сөздің дыбыстық құрылымына, әуездік

(суперсегменттік) құрылымына қатысты мұндай шарттылық бұзылса, айтылған сөзді дұрыс ұғыну мүмкін болмай қалады. Салыстырыңыз:

- *Ат қорада жүр* - [атқорада] жүр.
- *Жыр тыңда* - [жырттыңда].

Мұндай тіркестерді кідіріссіз айтсаңыз бір мағына, кідіріспен айтсаңыз басқаша мағына, мәнге ие болады. Бұл жөнінде осы кітаптың тиісті тарауында біршама толығырақ сөз болады. Сондай-ақ сөз екпінін дұрыс қойып айтудың да мәні ерекше:

- *Тартп[а]* – т[а]ртпа-
- *Бөлм[е]* – б[ө]лме
- *Оралм[а]н* – ор[а]лман
- *Оқушым[ы]з* – оқушы[ы]мыз.

4.3 Әдеби тілдің жазбаша және ауызша түрлері мен нормалары

Әдеби тілдің ауызша нормалары. Қазақ әдеби тілі ауызша және жазбаша түрде қызмет ететіні белгілі. Әдеби тілдің жазба түрімен байланысты оның жазу нормалары қалыптасты. Сырт қарағанда, ауызша тіл мен жазба тілдің еш айырмасы жоқ, айырма тек біреуінің естуге (аудиалды), екіншісі көруге (визуалды) негізделген, яғни бірінде дыбыс толқыны, екіншісі қағаз бетіндегі таңбалар жүйесі тәрізді материалдық негізінде ғана сияқты. Ал, расында, айырма тереңде, астыртта жатыр. Ол – тілдік құралдарды талғап, таңдау және қалай қолдану дегенге саяды. Мысалы, ауызша тілдің интонациялық құралдары беретін мән-мағына, интонациялық бедерді беруде қаламның мүмкіндігі шектеулі. Жазба тілдегідей ойды елпекшеуде, сол екшеуден өткен ойды объективтендіруде ең керекті-ау деген тілдік құралдарды, бірліктерді талғап, таңдауға келгенде микрофон алдындағы сөйлеушінің мүмкіндігі қалам ұстағандағыдай емес. Қалам «иесінің» жазылған сөзге қайта оралып, ойын дәлдеп, сөзін ұштап жатуға мүмкіндігі бар, ал микрофон «иесінің» ондай мүмкіндігі жоқ. Аса күрделі ойды ауызша сөзде күрделенген сөйлемдермен емес, қысқа құрылымды, ықшам құрылымдармен жеткізу орынды көрінеді. Кейбір стандартты құрылымдар, тұрақты тіркестер, сөздер мен формалардың ауызша сөзде қолданылу мүмкіндігі тым төмен болады. Оларды мән берместен ауызша сөзде қолдану сөзді жасандылау етіп көрсетеді.

Әдеби тілдің ауызша жүйесі мен жазбаша жүйесінің ара жігін біліп қолданудың сөз мәдениеті үшін принципті мәні бар. Өйткені бұл екі жүйе бір-бірімен тығыз байланысты. Екеуінің де өзегі ортақ, яғни көптеген қосымша, сөз, сөйлем құрылымы екеуіне де ортақ. Алайда мұндай ортақтыққа қарап, ауызша тіл мен жазба тілдің сыртқы-ішкі айырмалары елеусіз екен деуге болмайды.

Жазба тілдің өзіне тән жүйесі бар. Жазудың негізгі мақсаты дыбысталған сөзді айна-қатесіз қағазға түсіру емес немесе транскрипциялау

емес, ой мен сезімді дәл, тиімді жеткізу. Жазудың жүйесі осы мақсатты жүзеге асыруға бағынады.

Жазылған сөзді, яғни жазба кодты оқырман ешбір қиындықсыз тануға, «кілтін» ашуға тиіс. Оқырманның көзшалымына оңтайлы болу жағы көзделеді. Сондықтан көп жағдайда сөздің жазылуы мен дыбысталуы сәйкес келе бермейді.

Жазуда сөз мағынасын ажырата алатын қабілеті бар дыбыстар белгіленеді, ал олардың дыбыстық қоршауға тәуелді түрлері еленіп-ескеріле бермейді: *ба [с] шы, (ба [ш] шы емес); кез келді (кезгелді емес); мұ [ж] арғыш (мұжжарғыш); қара ала (қарала емес), қалааралық (қаларалық емес).* Бұл сөздерді айтылуынша таңбалау, яғни *баишы, мұжжарғыш, қарала, қалалық* деп жазу көзшалымына азды-көпті қиындық туғызары сөзсіз. Жазылған сөзді танудағы автоматизмді баяулатады. Сондықтан қазіргі жазу сөздің негізгі дыбыстық (фонемалық) құрамын сақтап жазу қағидасын негізге алады.

Ал жазудың дәл осы қағидатын ауызша сөзде қолдану, яғни микрофон, экраннан естілер сөзде қолдану қатеге саяды. Сондықтан әлгідей сөздер керісінше, *ба [ш] шы (басшы емес); кез [г] елді (кез келді емес); мұ [ж] жарғыш (мұжжарғыш емес); қарала (қара ала емес); қаларалық (қала аралық емес)* түрінде дыбысталады.

Әдеби тілдің ауызша нормасынан уәжсіз, мақсатсыз ауытқулардың салдарынан айтылған сөздің мағынасы тыңдаушы үшін бұлыңғыр тартып, тілдік қарым-қатынасқа қаяу түседі, бұл – бір. Екіншіден, дыбысталған сөздің өзіндік үйлесімі, ырғағы, әуені, әуезі болуға тиіс. Бұлар, бір жағынан, айтылған ойға, мағынаға қатысты болса, екінші жағынан, естір құлаққа жағымды болады, естіген құлақтың айызы қанатындай болады. Сондықтан сөз аралығындағы дыбыстарды ықпалдастырып, сындырып айтудың, «қатқылдау» дыбыстарды «жұмсартып» айтудың эстетикалық мәні бар.

Мысалы, қазақ тілінде қатқыл естілетін [қ] дыбысынан басталатын сөздің үлесі барлық дыбыстан жоғары, сөздікте тіркелген сөздердің шамамен оннан бірі деуге болады: қазақ, қымыз, қыз т.б. Осындай сөздердегі сөздің ұшар басындағы [қ] көп жағдайда сынық дыбысталады: *ер газак, сары гымыз, меңді гыз, т.б.* Егер тиісті жерінде қатаң [қ], [к] сындырылып айтылмаса, сөйлеуші «қақалап», «кекелеп» тұрғандай жағымсыз әсер қалдырады. Бірақ мұндайға мән бермегендіктен, эфирден естілер сөздің нормасы өрескел бұзылып жатады: *шекара, кө [к] ала, келе [қ] алды* деп, дикторлар «кекелеп», «қақалап» тұрады.

Жекелеген дыбыстар буын құрап, буын өзара бунақ құрап, бунақтар ырғақты топ құрап, өзара үйлесім, үндесіммен айтылады.

Орфоэпиялық норма дыбыс, буын, сөз, сөйлем ғана емес, мәтін деңгейін де қамтиды. Сөйлем әдетте, мектеп бағдарламасынан білетініміздей, біршама аяқталған ойды білдірсе, мәтін тиянақталған, аяқталған белгілі бір ойды білдіреді. Мәтіннің, яғни мәтіндегі ойдың басталуы, дамуы, аяқталуы болады. Бұл мәтіндердің динамикасы деп аталады. Мәтіннің ойжелісін сол мәтінге тән интонацияның реңктері арқылы тыңдаушы аңғарып отырады.

Көркем мәтіннің жанрларына өзді-өзіне тән, ортақ интонациялық реңктері болады. Мысалы, ресми хабарлар, ақпараттық хабарлар жанры «байыпты», «байсалды» интонациялық бедермен оқылады. Ал интервью жанрының интонациялық реңкі мен бедері мүлде басқа, сөйлеу тіліне жақын. Тіпті сөйлеу тіліндегідей мағыналы кідіріс, фонетикалық фигуралардың жиі кездесуі мүмкін. *Солайы солай-ау?! Ж [oo] қ, дұр [e] с*, т.б. Юмор, сатира жанрларының интонациялық бедері сөйлеу тілі интонациясының реңкіндей «ойнақы», «құбылмалы» болып келеді. Сөйтіп, мәтін интонациясы мәтін мазмұнына қатысты белгілі бір ақпарат береді. Бұл ақпараттық код адресаттың мәтін мазмұнын түсінуіне, дұрыс қабылдауына бағыт-бағдар береді. Мәтіннің мазмұнымен интонациялық бедер, реңктер үйлесіп жатады. Сөйтіп, мәтіннің сөз мазмұны мен мәтін интонациясының мазмұны тұтасып, бүтін бірлікке айналады.

Микрофоннан айтылған сөздің бунақ, буын үндесімі мен дыбыс үйлесімдері бұзылып жатса, бунақ ырғақтары келіспей жатса, мәтіннің интонациялық бедері дәл түспей жатса, эфир мен экрандағы сөздің әсері азайып, тіпті тыңдаушысын мезі етеді.

Әдеби тілдің грамматикалық нормасы. Морфологиялық тілдік нормалар тілдік жүйемен, тілдік дағдымен байланысты қарастырылады. Мысалы, тілдік жүйе бойынша тәуелдік жалғаудың үшінші жағы дауыссыздарға аяқталған сөздерге *-ы, -і* түрінде жалғанады: *ат-ы, ағаш-ы, жер-і*, ал дауыстыларға аяқталған сөздерге *-сы, -сі* нұсқасында жалғанады: *бала-сы, ата-сы* т.б. Осы жүйе – тілдік норма. Яғни тілдік норма осы жүйеге табан тірейді. Олай болса, *үшеуі, біреуі, екеуі* дегендердің норма екендігі даусыз. Алайда кейбір адамдар телекамера алдына шыққанда, микрофон ұстағанда *біреусі, екеусі, үшеусі* деп, нормадан қиыс кетіп жатады. Сондықтан мұндайлардың парқын ажыратпай, елеспей қолдана беру сөз мәдениетін төмендетеді.

Сөзге жалғанатын жалғауларды дұрыс қолданудың сөз мәдениеті үшін мәні айрықша. Мысалы, *келгелі бері, айтқалы бері, келгеннен бері, айтқаннан бері* дегендердің қайсысы дұрыс екенін ажырата алмай, дағдарып қалатындар да бар. Бұл жерде заңдастырылған норма бойынша *айтқаннан бері, келгеннен бері, естігеннен бері* деген нұсқаға жіп таққан орынды.

Өзінің тиісті қызметін дұрыс атқару үшін тілдің өзіне тән икемді тәсілдері болады. Мұндай тәсілдердің бірін көптік қосымшасының қолданылуынан айқын байқаймыз. Мысалы, балалар, кітаптар дегендегі көптік жалғауы – заттың, нәрсенің бірнешеуі екенінің көрсеткіші. Алайда заттың, нәрсенің бірнешеуі екені санмен, мөлшермен көрсетілген кезде *-лар, -лер*-ді түсіріп айту тілдік норма болып табылады: *мыңдаған бала (балалар емес), жүздеген студент (студенттер емес), қора-қора қой (қора-қора қойлар емес), он бес кітап (кітаптар емес), бес-он үй (бес-он үйлер емес)* т.б.

Сондай-ақ *-лар, -лер* қосымшасы *қуаныш, кездесу, бақыт, хабар, галам, әдебиет* т.б. тәрізді ұғымды білдіретін бейдерек сөздердің бәріне бірдей жаппай жалғана бермейді.

Осындай ерекшелікті ескермегендіктен болар, кейінгі жылдары БАҚ тілінде *-лар,-лер* қосып айту «кеселге» айналып барады. Мұндай жағымсыз құбылыс – тек нормаға ғана емес, тілдің үнемді, икемді, сындарлы қасиетіне нұқсан тигізетін кеселдің бірі.

Әдеби тілдің лексика-фразеологиялық нормалары. Әдеби тіл нормаларының бұл түрі негізінен сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін тілдік мағынасына сай, фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді дұрыс және орынды қолдану дегенге саяды.

Лексикалық нормадан ауытқу көбіне сөздің мағынасын үстірт түсінуден, оған жете мән бермеуден туындап жатады. Тіпті күндегісін-күнде қолданып жүрген сөздің мағынасын жете аңғармай, сөзден «сүрініп» жататын жайт – әсіресе микрофон, телекамера алдындағы шешен публицистер үшін аса қолайсыз нәрсе. Солардың бірер мысалы мына тәрізді: *шуақты жаз; дән сіңірді; сұр қой; жүз мың гектар жерге дән сіңірді; бозала таңнан боз қырауда қозы-лағын өріске өргізді* т.б. Сөз арасындағы осындай қате қолданыстардың кездесуі кездейсоқ тәрізді. Шын мәнінде бұл «кездейсоқтықтың» ар жағында тілге деген мән бермеушілік, немқұрайдылық жатыр. Сәл-пәл ой жіберіп көрейік: сөздің мағынасы біздің айналамыздағы болмыспен байланысты, бізді қоршаған ақиқат дүниені бейнелейді. Олай болса, шақырайған жаз айында шуақ болушы ма еді? Шуақ қысты күндері, ерте көктемнің алдында болады. Күнгей жерлерде ит орнындай жердің қары кетіп, қарая бастаған кезін *ит шуақ* дейді. Ал, ерте көктемде, күнгей тұста есіктің алдындай алаңқай жердің қарая бастаған кездегі күннің болар-болмас жылуын кемпір *шуақ*, беткейдің қары кетіп, күннің әжептеуір жылынып қалған кезін *жайма шуақ* дейді.

Сіңір етістігі су сияқты немесе май, иіс-қоңыс тәрізді заттардың қасиетіне байланысты айтылады. Құм, топырақ, суды сіңіреді; май, иіс-қоңысты сіңіріп алатын шүберек, мақта тәрізді заттар болады. Ал *дән* дегенің жердің сіңіріп алатындай сұйық нәрсе емес. Бұлай деу сөз мағынасына, оның қисынына жасалған зорлықтай көрінеді.

Объективті дүниедегі ақиқатқа жүгінсек, қой малын сөз танитын қазақ сұр деп айтпайды, қойда ондай түс жоқ, *боз қой, ор қой, ақ қой, қара қой* деп аталатыны белгілі. Сондай-ақ боз қырауда қозы-лағын өргізді деу ақиқатпен үйлеспейді. Боз қырау қара күзде, қараша айында болады. Ол кездегі тіпті кенже туған бірер қозы, лақтың өзі тоқты, шыбыш, текешік деп аталады. Бұндай теріс қолданыстар, түптеп келгенде, автордың сөз мағынасының объективті дүниемен байланысынан бейхабар екенін көрсетеді. Тұрақты тіркестердің, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің, штамп, клише, стандарттардың өзіне тән нормасы бар. Бұлар бірнеше сөзден тұратын құрамы тұрақталған тілдік бірліктер, сондықтан мұндай дайын құрылымдардың құрамын беталды өзгерте беруге болмайды. Осындай тілдік бірліктердің құрамындағы сөздерді мақсатсыз өзгертудің қате болатынынан бейхабар сөйлеуші дайын үлгі, қалыптасқан құрамның «басын жарып», «көзін шығаруға» дейін барады. Мысалы: *ат төбеліндей аз топ дегенді ат кекіліндей аз топ; жаңбыр бір жауса, терек екі жауады дегенді ағаш екі*

жаауды; дүниенің кеңдігінен не пайда, өз етігің тар болса дегенді өз аяқкиімің тар болса; мен не деймін, қобызым не дейді дегенді домбырам не дейді деп тіркестіріп орынсыз өзгертіп жатады.

Қазақ тілінің лексика-фразеологиялық қорында штампқа, стандартқа айналған тұрақты тіркестер бар. Солардың бір алуаны *домбыра тартты; домбырамен сүйемелдеді; ән айтты; қанат жайды; өріс алды; еңбек нәтижесінде; білімнің арқасында; өкінішке қарай; бір жақсысы; бір жаманы; бағымызға қарай; сорымызға қарай; етек алды; өркен жайды* т.б. тәрізді стандарттар. Нормалаушы сөздіктерде (түсіндірме сөздік, фразеологиялық сөздік т.б.) тұрақты тіркестердің бұл түрлері осы нұсқада беріліп, мән-мағынасы көрсетілген. Ал тілдегі мән-мағынасы айқындалып, тұрпаты тұрақталған мұндай бірліктерді бұра тартып, бұза қолданушылық жиілеп бара жатқандығы байқалады. Мысалы: *ән орындады, ән орындайтын* (дұрысы *ән салады, ән айтатын*); *домбырада ойнайды, күйсандықта ойнайды* (дұрысы *домбыра тартады, күйсандық тартады*); *маскүнемдік қанат жаюда, маскүнемдік өріс алды, нашақорлықтың арқасында, нәтижесінде* дегендер қате қолданыстың сөлекет түрі. Өйткені *қанат жаю, өріс алу, нәтижесінде, арқасында* дегендер жағымды мазмұндағы сөздермен тіркеседі, оларды жағымсыз мазмұндағы *маскүнемдік, нашақорлық* тәрізділермен қосақтау сөзге жасалған қиянат. Ал *нашақорлық етек алды, маскүнемдіктің салдары* деп орнымен қолданғанның жөні бөлек. Өйткені *салдары, етек алды* дегендер жағымсыз мазмұндағы сөздермен тіркесуге бейім. Абзалы, микрофон ұстағанда да, қалам ұстағанда да сөздің жағымды/жағымсыз мағыналарына мән бергенді естен шығармау.

- Сонымен, жоғарыда біз сөз мағынасын, тұлға-қосымшаларын, сөздердің байланысу, сөйлем құрау; ауызша және жазба мәдениетін «дұрыстық» тұрғысынан сөз еттік. «Сөз дұрыстығы» жай ғана айтыла салған сөз емес, ғылыми ұғым немесе термин екенін байқадық. Сөйтіп, сөз дұрыстығы дегеніміз алдымен тіл бірліктерін жұртшылық мойындаған және жұртшылықтың бәріне міндетті деп танылған әдеби тілдің нормасына сай қолдану. «Сөз дұрыстығы» дегенде алдымен сүйенеріміз – әдеби тілдің нормасы.

- Жоғарыда біз әдеби тілдің қойнауынан тысқары жатқан, яғни әдеби нормаға жатпайтын элементтерге, олардың түр-түрін нақты мысалдармен атап көрсеттік.

- Сонымен қатар, біз әдеби тілдің өз қойнауындағы тілдік бірліктерге тоқталып, кейбір сөз қолданыстардың дұрыс-бұрысын әдеби тіл нормасына сүйене отырып, нақты мысалдармен және оларды фонетикалық, грамматикалық, лексика-фразеологиялық деңгейлер бойынша көрсеттік.

4.4 Сөз бедері

Осы кезге дейінгі сөз желісі тек «дұрыстық» жөнінде болса, ендігі жерде қысқаша сөз бедері туралы да пікір тую аса қажет. Сөз мәдениеті деген терминдік ұғым тек сөз дұрыстығымен шектеліп қоймайды, яғни сөзді дұрыс айтсақ, жазсақ, мәдениеттің биігіне көтеріліп, шыңына шықтық деуге

болмайды. Өйткені сөз мәдениеті «дұрыстық» қана емес, сөзді б е д е р л і ж ұ м с а у деген ұғымды да қамтиды. Сөзді дұрыс жұмсағанымызбен, нақыш-бедерін дәл тауып, ақтан тигізіп айта алмасақ, дйттеген межеден көріндік деуге болмайды. Өйткені БАҚ әр түрлі хабарды «кұрғақ» ақпарат түрінде беріп қоймайды. Радио, -телешешеннің тыңдарман мен көрермендерге ықпал етіп, олардың қоғамдық пікір туралы белсенділігін де көтеруге тырысады.

Микрофон ұстаған, я болмаса жұртшылық алдына шығып, мінбеге көтерілген адам сөйлемес бұрын алдымен тілдік қарым-қатынастың түрін, мақсатын айқындап алуға тиіс.

- Тілдік қатынас ресми ме, бейресми ме?
- Сөздің адресаты кім? Жеке адам ба, көпшілік пе?
- Аудиторияның әлеуметтік құрамы, білім, мәдени деңгейі қандай? Бірыңғай ма, әлде әр алуан ба?
- Тілдік қатынас біржақты ма, әлде екіжақты ма?
- Тілдік қатынастың мақсаты не? Жай ғана хабарлау ма, ықпал ету ме?

Міне, осы айтылған тілдік емес жайттарға көңіл бөлінсе, мыңдаған сөздің, ондаған тілдік амал-тәсілдің ішінен қарым-қатынастың мақсатына, жағдаятына, түріне сай келетін ең лайықтысын талғап ала білудің мүмкіндігі арта түседі. Коммуниканттың дйттеген мақсаты айқын болуға тиіс. Атап айтқанда, адресаттың сезіміне әсер ету, ой-пікіріне түрткі болу, белгілі бір әрекетке жұмылдыру, ой салу; өтіну, талап ету, иландыру тәрізді жайттар тілдік құралдардың мақсатқа сай болуын талап етеді. Осы мақсаттың үдесінен шыға білу **сөз бедері** деп аталады.

Публицистикалық мәтінде радио, телепублицист коммуникантқа ықпал ету үшін сөз иесі (субъект) тілдегі эмоционалдык, бағалауыш мәнді сөздерге, бейнелі сөз орамдарына, тұрақты тіркестер мен теңеулерге, қарапайым сөздерге, фразеологизмдер мен паремологизмдерге (мақал-мәтелдерге) т.б. стильдік нышаны бар (маркерлі) бірліктерге иек артады. Бұлар перлокутивтік (ықпал ету) қызметі бар тілдік таңбалар. Тілдегі өзінен-өзі дайын тұрған мұндай бірліктердің түр-түрін әдетте ұзына бойы, екі сөздің бірінде талғаусыз жұмсау сөздің бедеріне нұқсан келтіреді. Ал тыңнан табылған теңеу, қиыннан қиыстырылған сөз орамдарының ықпалы, әсер ету қуаты әлдеқайда күшті.

Сөз бедеріне байланысты бұл айтылғандар негізінен БАҚ-қа, публицистика тіліне көбірек қатысты. Ғылыми мәтін, көркем мәтін, ресми ісқағаз мәтінінің арнайы тілдік құралдармен, тілдік тәсілдермен берілетін өзді-өзіне тән бедері болады. Мысалы:

Ғ ы л ы м и м ә т і н д е атаулар, терминдер, жекелеген сөздер

- логикалық айқындылыққа,
- заттың, құбылыстың, уақиғаның мәнін ашуға,
- белгілі бір қисынды дәлелдеуге қызмет етеді;
- логикалық айқындылықты көрсетеді, сөз құбылыстың, заттың, уақиғаның мәнін ашуға, дәлелдеуге қызмет етеді;

- сөз ғылыми мәтінде белгілі бір ұғымның «уәкілі» түрінде қызмет етеді.

к ө р к е м м ә т і н д е с ө з:

- ақиқаттағы заттың, нәрсенің, оқиғаның «образы» түрінде қызмет етеді;
- метафора, теңеу, бейнелі сөз орамдарын жасауға қатысады;
- ауыспалы мағынада көркем мәтіннің бедерін жасауда белсенді жұмсалады.

р е с м и м ә т і н н і ң өзіндік бедерін жасайтын тілдік құралдар болады. Оларға, мысалы:

- стандарттар,
- штамптар жатады;
- сөз екі ұшты мағынада қолданылмайды, логикалық айқындылыққа қызмет етеді.

Қазіргі БАҚ тілінің сөз бедері қандай? Сөзге бедер салатын тілдік құралдар дұрыс жұмсалып жүр ме? Дайын, үйреншікті бедерлеуіш амал-тәсілдермен бірге тыңнан табылған үлгілер бар ма?

Осындай сұраулардың төңірегінде азды-көпті сөз сабақтауға болады.

БАҚ-тың сөз бедері, тіл нақышы, ең алдымен, ой-сезімге әсер ететіндей эмоционалды, экспрессивті, бағалауыш сөздерден өрнектеледі. Стильдік нышаны бар мұндай сөздер, ең алдымен, автордың, шығармашылық ұжымның (редакцияның), әлеуметтік жіктің, саяси партияның нәрсеге, құбылысқа, уақиғаға бағасын, көзқарасын (қоштау, терістеу, ұнату, ұнатпау т.б.) білдіре отырып, олар жайында қоғамдық пікір қалыптастыру үшін аса қажет. Осындай стильдік нышаны бар тілдік құралдар арқылы коммуникант адресаттың эмоциясына әсер, ықпал етіп, қоғамдық пікір туғызады.

Алайда, әсіресе, 60-80 жылдары адресатқа әсер етудің құралы ретінде БАҚ тілінде *дала аруы* (жүгері), *тәтті тамыр* (қызылша), *ақ халатты* абзал жан (дәрігер), *көгілдір отын* (газ), *қара алтын* (көмір, мұнай), *болат жол* (теміржол), *болат жолдың батырлары* (теміржолшы), *екінші тың* (қой шаруашылығы), *екінші нан* (картоп), *көгілдір экран* (теледидар) т.б. тәрізді жасанды сөз әшекейлері шектен тыс жиі қолданылатын. Олардың көптігінен құлақ сарсылып, көз сүрінетін. Ол кезде өмірді боямалап көрсету дағдыға айналып, эфирдегі, газет бағаналарындағы сөзге жұртшылық құлай сенбейтін. Тіпті қазақтың *майталман* тәрізді мазмұнды, эмоционалды-бағалауыш сөзінің «бағасы» кетіп, шошқа бағушы да *майталман*, аула сыпырушы да *майталман* болып кетті. Мұндай жағымсыз құбылысты бағалауыш сөздің құнсыздануы, яғни девальвацияға ұшырауы дейміз.

Майталман домбырашы, майталман күйші, майталман шешен тәрізді сөздермен таңдап, талғап тіркесетін бағалауыш сөз құнсызданып, жасанды «әшекейге» айналды.

Қазіргі кезде БАҚ тілі мұндай жасанды әшекейлерден арыла бастады. Бұл, әрине, ұнамды жайт.

Тағы бір атап айтарлық ұнамды жайт – БАҚ тілінен, әсіресе «Егемен Қазақстан» тәрізді мерзімді басылымдар тілінен жаңа мазмұндағы өрнекті

сөз үлгілерін кездестіреміз: *Таудың биігі бөлек болғанмен, етегі бір* – «Дара тұлғалар қанша биік болғанымен, түп тамыры халықта» деген ойды аңғартады. Түйін шешілмесе, кеседі («Егемен Қазақстан»), *Күштілер тіл табысса, басқалар бас жарыспайды* («Егемен Қазақстан»).

«Түркістан», «Ана тілі», «Жас алаш» газеттерінен: *Амандық Алладан, сақтық адамнан; Қарттан қасиет кетсе, жастан ұят кетеді; Ақша бәрін билейді, қамырдай етіп илейді; Біңқылдан қыңқыл жаман; Көңілі мұздағанның жүрегі сыздамас; жер жүдемей, ел жүдемейді* тәрізді мазмұнға бай өрнекті сөз орамдарын ұшыратамыз. Әрине, кез келген жерде асыл сөз екен деп мақал-мәтелді тықпалай бермей, найзағайдай жарқ еткізіп, орынды қолданған өрнекті сөздің орны басқа. Орынсыз ділмарсу асылды бейасыл етеді. Бұл жерде біз ұтымды қолданған сөз үлгілерін айтып отырмыз.

Қазіргі БАҚ тіліндегі сөз бедеріне байланысты жағымды // жағымсыз көріністер айқын аңғару үшін *с ө й л е у т і л і, қ а р а п а й ы м с ө й л е у т і л і* (бейәдеби сөйлеу тілі), әдеби сөйлеу тілі, кітаби тіл (оның ауызша және жазбаша түрі) деген құбылыстардың мән-мағынасынан хабардар болуымыз керек. Ауызша сөз болсын, жазбаша сөз болсын, сөзді саралап алу қажет дейтін себебіміз БАҚ тіліндегі жағымды көріністер де, жағымсыз жайттар да осы айтылған сөздің түрлеріне байланысты. Сөздің аталмыш түрлерін ажыратып, саралап қолданғанда эфирден естілер сөз болсын, газет бағаналарындағы сөз болсын, бедер, өрнегі келісті болып, сөздің мазмұны ашыла түседі. Ал оларға мән берілмеген жағдайда бедері, нақышы теріс түсіп жатады.

Жоғарыда біз *қ а р а п а й ы м с ө й л е у т і л і* жайында, оның әдеби тіл кеңістігінен тысқары жатқан, жалпыхалықтық тілдің бір түріне жататын ерекше феномен екенін қысқаша айтып өттік.

Әдеби сөйлеу тілі мен қарапайым сөйлеу тілінің ортақ тұстары бар: екеуі де бейресми қатынас жағдайында (үй-іші, туыс, дос-жарандар т.б.) қолданылады; екеуі де алдын-ала дайындалмаған, ой елегінен өткізілмеген сөз типіне, яғни машықты сөз (спонтанная речь) түріне жатады. Әдеби сөйлеу тілі мен қарапайым сөйлеу тілі әлеуметтік жағынан да өзгешеленіп тұрады. Қарапайым сөйлеу тілінің элементтері шаруа баққан, әсіресе, жасы үлкен, ауыл тұрғындарының тілінде жиі кездеседі.

Әдеби тіл нормаларынан тысқары жатқан қарапайым сөйлеу тілі элементтерін, әдеби сөйлеу тілін кітаби тіл элементтеріне қарама-қарсы қоюға болады. Әдетте тектес, ұқсас құбылыстарды «қарама-қарсы» қойсақ, осы әдіс арқылы айырым белгі айқындала түседі.

Қ а р а п а й ы м с ө й л е у т і л і жүйесінде диалектизмдер, варваризмдер, фонетикалық ерекшеліктер, әсіресе мазмұны пәс бағалауыш, әсіре эмоционалды сөздер жиі кездеседі. Ал *ә д е б и с ө й л е у т і л і н д е* де бағалауыш, эмоционалды сөздер жиі кездеседі, бірақ жоғарыдағыдай әсіре эмоционалды, бейәдеби сөздердің қолданылуы шектеулі болады. Салыстырыңыз: *не боп қапты?, не бәле екен?* (не болып қалыпты?); *әкем, шелекті бере сашы* (қарағым, шелекті бере салшы); *Көзі бар болғыр көруден*

қалып барады (Көз шіркін көруден қалып барады; көз дегенің көруден қалып барады); *темекісі құрып кеткір жөтелте береді* (темекі дегенің жаман, жөтелте береді; темекі дегенді айтпа, жөтелте береді т.б.). Бұл келтірілген жарыспалылардың бірінші сыңары қарапайым сөйлеу тіліне жатады.

К і т а б и т і л ресми қатынас жағдаятында қолданылады. Ғылыми мәтін, ісқағаз мәтіні, публицистикалық мәтін, сондай-ақ шаршы топ алдындағы сөз, микрофон алдындағы сөз, лекция, діни уағыз т.б. кітаби сөзге жатады.

Теле, радиопублицист, әдетте, ауызша сөйлегенде сөз арасына уәжді, мақсатты түрде белгілі бір мөлшерде әдеби сөйлеу тілінің элементтерін қосып отыруы ықтимал. Егер сөйлеу тілінің элементтері басым болып кетсе, эфирдегі сөздің мазмұны төмендеп, ресмилік мәнінен айырылып, отбасында, үй арасындағы сөздің мазмұнына ұқсап келеді.

Кітаби сөзге (кітаби стильге) көбіне ресми мазмұндағы, ресми реңі бар тілдік бірліктер, сондай-ақ салтанатты, көтеріңкі мазмұнды білдіретін сөздер жатады: *білім беру саласы, жол жүру тәртібі, бәсекелестікті дамыту, жастар тиянақты білім алуда; ғылыми табыс, ту тіккен жер, тарих сахнасына шықты, бостандық туын желбіретіп* т.б. Әсіресе көтеріңкі үн, асқақ патетикамен айтылатын сөздерді газет, микрофон материалдарында тым жиі қолдану, мөлшерін білмей жұмсау сөзді жасандылау көрсетеді. Адресатқа ондай сөздің тигізер әсері, ықпалы шамалы болады.

Әсіресе әлеуметтік мәні аса маңызды заң жобалары жөніндегі талқылауларда, референдум, Президент, Парламент сайлауы тәрізді саяси акциялармен байланысты саяси-публицистикалық дискурста кітаби тілге, сөйлеу тіліне тән әсірээмоционалды элементтердің қолдану жиілігі саяси ахуалдың температурасына қарай жоғарылай түседі. «Жақтастар» мен «Тілектестер» бірін-бірі дабырайта мақтап, «Қарсыластар» мен «Өштестер» бірін-бірі дабырайта даттауға дейін барады.

Сөйтіп, кітаби тіл, сөйлеу тілі элементтерінің белсенділігі артып, «жағымды» немесе «жағымсыз» контекске қызмет істей бастайды. Осындай жағдаятпен байланысты сөз қолданыстарды БАҚ-тың саяси дискурстағы тілдік бет-бедерін байқау үшін «Өзім» және «Өзге» деген концептіні негізге ала отырып, өткен сайлау акциясымен байланысты бірер материалдың эмоционалды элементтеріне назар аударуға болады. Мұндағы «Өзім» концептісі – оппозиция. «Өзге» билік жақтастары деген ұғымды білдіреді.

«Өзге» концептісі	«Өзге» концептісі
Әділеттің ақ сауытын киіп... Демократияның туын желбіреткен Жалғандыққа жаны қас Ақиқаттың бетін ашты Батыр еді, батыл еді Биліктің бетін шикандай қылды Қолы таза азамат	Өрекпіп Жаппарқұл журналист Саққұлақтық танытып Қызылкөзденіп Әкім қара Алаөкпе Амантай қажыдан да асып түсті

<p>Шоқтығы биік тұлға Шындықтың шымылдығын ашқан Сәтсіз сценарий Тұлпар текті Тұяқбай Мемлекетшіл тұлға Мемлекетшіл азамат Елшіл азамат Әңгіртаяқ ойнатты (билікке) даңдайсығанның көкесін (көрсетті) Мемлекет үшін Халық үшін Шындықтың бетін ашты Саяси өмірге араласты Аузы қисайып бара жатқан шындықты орнына қойды Халыққа да, билікке де сүйкімді, ел алдында, мемлекет алдында Жоғары адам Көшін бастап</p>	<p>Үлкен кісінің шапанының етегіне жасырынып Бұқпантай әрекет Әңгімелер гулеп жүр Қаржыгерсымақтар Шолақ белсенділер Шоқпарын сүйреп «Мәдени мұраны» қатырып жатқаны шамалы Жағымпаздықтың жалауын шырқау шыңның биігіне тікті. Жәмпең қақты Құрдай жорғалағандай «Астауынан жем жеп жүрген» деп айтуға ауыз бармайды Басқаша сайрап тұр Сиқы осы Шыбын құрлы оған пысқырған да жоқ Мәймөңкесі Ол шіркініңіз</p>
--	--

Міне, бұдан байқайтынымыз «Өзім» концептісінің мазмұны көбіне кітаби тілге тән эмоционалды бағалауыштармен, ал «Өзге» концептісі сөйлеу тіліне, қарапайым сөйлеу тіліне тән эмоционалды бағалауыштар арқылы объективтенген. Бұл бағалауыштар арқылы публицист оқырманның сезіміне, эмоциялық күйіне әсер етуді дiттеген. Алайда әсіре сөздер басым болған сайын мәселенің сындарлы жағы, интеллектуалдық сипаты эмоцияның тасасында қалады.

Патетикалық мазмұндағы кітаби элементтер сөз мәнін салтанатты, мерекелік жиынға ұқсатып жіберсе, сөйлеу тілінің элементтері қатынастың ресми түрімен үйлеспей, сөзді үй ішіндегі, үй арасындағы сөзге ұқсатып жібереді. Сөз бедері, нақышы дәл түспегендіктен, саяси-публицистикалық дискурстың адресатқа тигізер ықпалы пәлендей әсерлі болып шықпайды. Бұқарамен коммуникация біржақты күйде қалады, жауап реакцияның деңгейі төмен болады. Бұл айтылғандар БАҚ-тың визуалды (мерзімді басылымдар) түріне ғана емес, аудиалды (радиохабарлар), аудиовизуалды (телевизия хабарлары) түрлеріне де қатысты.

Бұқаралық коммуникацияда сөздің сөйлеу тіліне, қарапайым сөйлеу тіліне тән бедерлеріне, қарапайым сөйлеу тілінің мән-мағынасына жете көңіл бөлмегендіктен, елеп ескермегендіктен, сөз арасы бейәдеби сөздермен араласып, ала-құлалық көбейіп бара жатқаны байқалады. Тіпті сындарлы-салиқалы деген республикалық телеарналарда, газет бағаналарында бейәдеби элементтерді уәжсіз жұмсау етек алып бара жатқан тәрізді:

Ержан мырза қазақшаны мүлдем қақпайды екен. Қызарақтап жан-жағына қарады. («Егемен Қазақстан», 1999, 19 қараша).

Қаржыгерлердің қазақ тіліне пысықырып та қарамайтыны осы жолы ашылып отыр («Жас Алаш», 1999, 18 қараша)

Империяның «дүниені тітіркендірсем» деген астам көңілін Ауғанстан бір басып жіберіп еді, «ТМД-ны тырқыратып қуаласам» деген екінші ойын Ичкерия өшірді («Ана тілі», 1997, 21 тамыз).

Қазақ жерінде бір қазақ өзін Жириновский құсатып көрсетсінші, әкесін танытып екі қолын кісендетіп, түрмеге тығып шірітіп өлтірер еді қазекендердің өздері-ақ («Алматы ақшамы», 1999, 2 тамыз). [Қолға кісен салмайды, бұғау салады ғой].

[–] қос қолымызды төбемізге қойып, Медеуге қарай тура қашуға тәс қалдық («Жас Алаш», 2004, 23 қазан).

Сонымен, әдеби тілдің стильдік тармақтар жүйесінде кітаби элементтер мен сөйлеу тілі элементтері – полярлық қарама-қарсылықтағы бедері айқын тілдік бірліктер. Әрине, сөз атаулы өзге де тілдік бірліктердің бәрі де тек осындай «қарама-қарсылықтан» тұрмайды. Екі аралықта саны жағынан да, қолдану жиілігі жағынан да бұл екеуінен әлде қайда басым бірліктер болады. Осындай бейтарап сөздердің аясында (фонында) қолданылған бедері айқын, бояуы қанық, кітаби // сөйлеу тілі элементтерін мақсатты, уәжді немесе коммуникациялық ділгерлікке орай қолданудың стильдік тиімділігі әлдеқайда жоғары.

Сөйлеу тілі элементтерін радио, телехабарлар тілінде қолданудың өзіндік ерекшеліктері бар. Жазба сөзге қарағанда эфирдегі сөздің сөйлеу тіліне біртабан жақындығы болады. Сөйлемдердің аса күрделі емес түрлері басым түсіп жатады. Тиісті ақпаратты тыңдарманның мүмкіндігінше толық қабылдау үшін сөйлемдегі сөздердің орташа саны 6-8-ден аспағаны жөн көрінеді.

Алайда газет бағаналарында қолданылатын, стильдік мақсатта жұмсалып, мәтіннің публицистикалық бедерін салудағы стильдік құралдардың бірі ретінде жұмсалатын сөйлеу тілі, қарапайым сөйлеу тілі элементтерін эфирдегі сөзде жұмсаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Әсіресе қарапайым сөйлеу тілі элементтерінің эмоционалдық жағымсыз // жағымды мағыналары дыбысталған сөзде тым күшейіп кетеді. Мәтіннің мазмұнына қарай эмоционалдық лексиканың интонациялық бояуын реттеп отыру радио,- телепублицист шеберлігіне байланысты.

Микрофон алдындағы сөз формасы жағынан екі түрлі болуы мүмкін: а) монологтік сөз; ә) диалогтік сөз.

Алайда сөздің формасы, мазмұны монолог болғанымен, микрофон ұстаған шешен диалогқа тән, яғни сөйлеу тілінің болмысына тән элементтерді пайдалануы мүмкін. Ондағы мақсат – адресатты өзіне жақын тарту, екеуара пікірлесіп отырғандай әсер қалдыру. Мысалы, *өздеріңіз байқағандай, сіздіңше қалай?, осы айтылған пікірді ойланып көріңіз; ... тым ертелеу емес пе* т.б. Шын мәнінде сөздің монологтік сипаты өзгерген жоқ. Ал жаңағыдай «іштарту» элементтері адресатқа сөйлеушіні көріп

отырғандай, онымен бетпе-бет отырғандай әсер етеді. Монологтің әуезі де бір сарынды болмай, интонациялық реңк әлгі әсерді күшейте түседі. Сөйтіп, микрофон алдындағы, экрандағы сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы коммуникация екіжақты болады. Сөйтіп, сөйлеу тілінің интонациялық элементтерін сөз бедерлеуге пайдалануды ұтымды стильдік амалдардың бірі деуге болады.

Сонымен, біз жоғарыда газет бағаналарында кездесетін, телекамера, микрофон алдында айтылатын сөз бедеріне байланысты ерекшеліктерге тоқталып, сөз бедерлеу мен нақыштаудың тілдік құралдары мен стильдік амалдарына тоқталдық. Оларға негізінен мыналар жатады:

- мақал-мәтелдерді орынды және мөлшерін біліп қолдану;
- фразеологизмдерді орынды және мөлшерін біліп қолдану;
- эмоционалды лексиканы орынды және мөлшерін біліп қолдану;
- кітаби тіл элементтерін уәжді қолдану;
- сөйлеу тілі элементтерін уәжді қолдану;
- кітаби және сөйлеу тілі элементтерін стиль тезіне салу.

Эфирдегі сөз және оның ритуалдық қырлары. Ғұмыр жасы жүздеген жылмен өлшенетін, заман өзгеріп жатса да, байырғы қалпын бұзбайтын құрылымдар тіл жүйесінің дыбыс, лексика, морфема, синтаксис деңгейлерінде ерекше орын алады. Сондай-ақ тілде өзгерте беруді қаламайтын ежелден қалыптасқан стееоретиптер, этикеттің формалар, эталонда т.б. орнықты сөз орамдары болады. Сонымен бірге оларды өзгерте бермей, орынды жұмсау аса қажет.

Амандық-саулық сұрасу, қоштасу, құттықтау т.б. ұлттық стееоретиптердің арнайы тілдік таңбалары (құралдары) және олардың «кім-кімге», «қашан», «қай жерде» деген принципке бағынатын қолдану жүйесі бар. Әсіресе тілдік дайын үлгілерді, яғни амандасу, қоштасу формулаларын әркім өз қалауынша өзгерте алмайды. Этикеттік сөздер осы қасиетімен құнды.

Алайда этикеттік таңбалардың осы қасиетінен бейхабар сөйлеушінің бүйректен сирақ шығарып алуы оңай. Мысалы, соңғы жылдары тыңдарман эфирден *құрметті достар, қадірлі ағайын* тәрізді этикеттік қаратпаны жиі еститін болды. Тыңдарманды құрметтеу нышаны, әрине, мақұлдарлық жайт, бірақ радиохабар аудиториясының әлеуметтік құрамы әр алуан болатынын ескеру қажет. Тыңдарман қатарында мектеп оқушысы да, зейнеткер де, қоғам, ғылым, өнер қайраткерлері, мектеп мұғалімдері тәрізді зиялы қауым өкілдері мен шаруа баққан ауыл тұрғындары болуы ықтимал. Олардың жас шамасы әр түрлі болатыны да белгілі. Сондықтан *«достар»* деген этикеттік қаратпаны әркім әр түрлі қабылдауы ықтимал. Бұл жерде «ақ самайлы ана, ақ шашты ата «достар» деген қаратпаны қалай қабылдар екен?» деп ойлануға тура келеді.

80-жылдары жастарға арналған «Ұшқын» тәрізді арнайы радиохабарларда *құрметті достар, замандастар, құрбылар* тәрізді этикеттік қаратпалар орынды қолданылатын. Сондай-ақ балдырғандарға арналған теле,

радиохабар бағдарламаларында *жас достар, менің қымбатты жас достарым* тәрізді этикеттік сөздер айрықша интонациямен айтылып, жас тыдармандарды баурап тұратын. Мұндай жағымды жайттар қазір де үлгі болуға тиіс. Сондықтан *достар* қаратпасын радио бағдарламаның мазмұнына келсін-келмесін тықпалай беру орынды деп есептелмейді.

Радио, -телехабар бағдарламалары көбіне-көп *көріскенше күн жақсы, эфирдегі келесі кездескенше, эфирдегі келесі ұшырасқанша, көгілдір экранда амандықпен жүздескенше, эфирдегі амандықпен көріскенше* т.б. тәрізді қоштасу ритуалын білдіретін формалармен аяқталып жатады. Алайда бірқатар тыңдаушы, көрермен *көріскенше* деген нұсқаны жылы қабылдамайды, өйткені олардың санасында *көрісу* сөзі өзгеше мазмұндағы ритуалмен ассоциацияланады. Сондықтан тәжірибелі журналист басқаша ассоциация тудыратын тілдік таңбалардан тартынғанды мақұл көреді. Байырғы кездегі телехабарларда *көріскенше* деген сөзді қолдана бермейтіні байқалатын.

Телехабарлар бағдарламасының спорт хабарында қоштасудың *жеңісті күндері жүздескенше* деген нұсқасы тыңдарман үшін жағымды әсер қалдыратын этикеттік формула деуге болады. Қоштасу ритуалын *бай болайық* тәрізді тілекпен аяқтап жүретін журналистің «тапқырлығы» естір құлаққа кезінде тосын, ерсі көрінгені белгілі. Өзге әріптестерінің бұл «жаңалықты» іліп әкетпей, іркіліп қалғаны мақұлдарлық болды.

Сөз этикетіндегі орнықтылық, тұрақтылық, ұрпақтан-ұрпаққа ұласып отыратын сабақтастық – өркениетті қоғамға, мәдениеті гүлденген халыққа тән қасиет. Қазақ сөз этикеті де осындай қоғамдастықта қалыптасып, тұрақталған. Ал оның қалыптасқан тілдік-мәдени дүниесіне жоқ жерден эксперимент жасау жаңсақтыққа саяды.

4.5 Жеке сөздердің орфоэпиясы

Адам баласы хат танып, қалам ұстамастан бұрын, алдымен, ана тілінің ауызша жүйесін меңгеріп, құлағына сіндіріп өседі. Сондықтан да тілдік мағынаға ие болатын дыбыстың бейнесі адам психикасында көрініс тауып, орналасады. Ол сол тілдің дыбыстық тілі болмақ. Өзі әлі дұрыс сөйлей алмайтын бала санасындағы дыбыстардың көрініс тауып, орналасады. Өзі әлі дұрыс сөйлей алмайтынын бала санасындағы дыбыстардың көрінісі арқылы бөгделердің сөзін түсініп, мағынасын ажыратып қана отырады. Ал өзінің тілі шығып, былдырлай бастағанда сол құлағы шалып, естігендерін тұп-тура қайталай алатын, санасына «орналасқан» тіл дыбыстарын орынды қолдана алатын дәрежеге жетеді. Бірақ бұл сауатты, мәдениетті адамның дыбыстауларына ұқсамай кетуі де мүмкін. Өйткені, әдетте бала қарапайым сөйлеу, ауызекі сөйлеу тілдік ортасында тәрбиеленеді. Сондықтан оның алғашқы сауат ашу жылдарында «бере саш», «ертең барам», «ош жақ», «қаяқ», «тыста кетті», «қашшоқ» деген тіркестердің құрамы «бере салшы», «ертең барамын», «осы жақ», «қай жақ», тастап кетті», «қасы жоқ» екенін білгенде қатты таңданатына күлуге болмайды. Сөйтіп, оқушы жинаған ауызша сөздік қорындағы бүкіл сөздер мен сөз тіркестерінің хатқа түскенде

«өңі айналып» өзгеріп сала бергенін, басқа құрам, өзгешелеу түбір, жұрнақ алып кеткенін, қып-қысқа, жылдам айтып жүрген сөздерінің ұзарып, шұбалыңқы тіркеске айналғанын, үйлесіп, үндесіп тұрған дыбыстардың тілге келмейтін дыбыстармен тіркескенін көріп, өзінің осыған дейін мәдениетсіздеу сөйлеп келгеніне ұялып, енді мәдениетті, әдеби тілде сөйлейтініне сенімі молаяды. Оған әліпбидегі әріптің бәрін дыбыс, әр әріптің бесеуден артық мағынасы болмайды, ол сөздің қай шеңінде келсе де, солай оқылады деген оқулық ережелері тіпті көмектеседі. Сөйтіп, қазақ тілінде «тәп-тәуір» сөйлеп келген бала қағазға жазылған сөзді, әріптеп оқимын деп, өз сөзіне өзі түсінбей қалатын кезі жиілейді. Мәтіннің, қарапайым мысал, ертегілердің мазмұнын өзі оқығанда, бірден ұғынып ала алмай, ал сол мәтінді ауызша сөйлеу нормасымен мәнерлеп оқыған басқа адамның аузынан қағып алатын оқушылардың көптігіне сондықтан таң қалуға болмайды.

Қазақ тілінің ауызша сөйлеу нормасы қашан, қалай бұзылды дегенде, міне, ең алдымен, хат танытудың осы сатыларын ескеруіміз қажет. Әсіресе, қала мектебін, қала берді ауыл мектетерін бітірген түлектердің 80-90 пайызы бүгінде қазақ тілінің орфоэпиялық нормасын білмейтін (тек теория жүзінде ғана білетін), соны сақтамайтын ұрпақ болып келеді. Сол ұрпақ елдің мәдениеті, экономикасы, өркениетіне араласқан, араласатын буын болмақ, болып жатыр. Сондықтан бүгінде радио, теледидар, қоғамдық орын, мінбелерден естілетін сөздердің жартысынан астамы «жарымжан» сөзге айналуға. «Жарымжан сөз» деп теле-, радиошешендерінің, кадр сыртында сөйлейтін журналистердің, театр сахналарындағы актерлердің қағаздағы мәтінді әуелі ауызша тілдің айтылу сазына салып алмай, бірден, сол қалпында айна-қатесіз, «әріптеп» оқуын айтып отырмыз. Осыдан барып естілген сөздің қағаздағы тұрпатын көрмесе, берілетін ақпараттардың мазмұны түгіл, дыбыстық жамылышын құлаққа сіндіре алмай (психикадағы дыбыс қорымен сәйкеспей), әрі-сәрі болып отыратын кездер жиілейді.

Бұл әсіресе тәуелсіз телеарналар мен радио журналистерінің тілінен, сахнадағы жас актерлер тілінен көбірек байқалады. Ауызша тілдің табиғаты басқа, оны дұрыс түсіну, дұрыс қолдану үшін жазылған сөзді ауызша сөзге көшіріп алу керектігі ескерілсе және жазуды оқуға айналдыратын ережелер мен бірдей етіп, қатар үйретілсе, сонда ғана тілдің айтылу мәнері бұзылмас еді. Қазақ тілінің ауызша жүйесіне көңіл бөлінбегендіктен (ауызша сөз бен жазу бір деп ұғынылғандықтан) бүгінде теледидар, радио, театр, кинодан естілетін аға буынның сөйлеу сазы мен жас буынның сөйлеу сазы жер мен көктей болып барады.

Ал қазақ әдеби тілінің орфоэпиялық нормасын құрайтын, қазақ тілінің ауызша жүйесі болып табылатын, жазба тілді ауызша сөзге айналдыратын мынадай ортақ заңдылықтар бар. Ол заңдылықтар алдымен жеке сөздерге байланысты мынадай қағидалар.

Біріншіден, қазақ тілі ауызша жүйесінің үлкен құрсауы үндесім заңы (сингармонизм заңы). Ол – тілдегі дауысты дыбыстардың бір-бірімен үйлесіп, үндесіп, ыңғайласып айтылуы. **Үндесім заңының** екі жағы бар. Оның біріншісі және негізгісі – бір сөз бойындағы дауысты дыбыстардың

бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке айтылатын тіл үндесімі. Сөз түбірі мен оған қосылған жұрнақ, жалғанған жалғау, не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып отырады. Қазақ тілінің бұл дыбыстық заңдылығы жазуда да көрініс тапқан. Сондықтан бүкіл түркі халықтарының мақтанышына айналған А.Байтұрсынұлының әліпбиі қазақ тілінің басты үндестік заңын айғақтайтын бірден-бір алфавит болғаны белгілі.

Қазіргі қазақ графикасында да үндестіктің осы түрі бейнеледі. Бірақ тілдің ауызша және жазба жүйесінде бұл қағидадан ауытқитын мынадай тұстар бар:

Ол ең алдымен ә дыбысына байланысты. Қазақ тілінде ә дыбысы сөздің барлық буынында, әсіресе соңғы буындарда айтыла бермейді. Сондықтан жазуда екінші буыннан ары *а* әрпімен таңбаланады. Мысалы: күнәһар, тәкаппар, рәсуа, Жәмила, Рабиға т.б. Ә дыбысының қазақ сөзін аяқтамайтынын сөз соңындағы жалғаулардан да көруге болады: *жайлауда* – *жәйләуда*, *қуаландыру* – *күуәләндіру*, *Күләшқа* – *Күләшқа*, *кінәламау* – *кінәләмау*, *тәкаппарланғанмен* – *тәкәппәрләңғаммен*, *Жәмилаға* – *Жәмйіләға*.

Сөйтіп, жіңішке буыннан басталған сөз жуандап барып аяқталып, тіл үндестігі бұзылғандай көрінеді. Бұл арада тілдің ауызша түрін таңбалап көрсетудің қиындығын ескеру керек. Өйткені орфоэпиялық сөздікте *күнәға* деп айтылуын *күнәға* деп беруден басқа амал таппай, екінші буындағы ә-ні жіңішке, үшінші буындағы **а**-ны жуан етіп, анық оқып, сөз бойындағы бейүндестікті «баттитып» көрсетеміз. Сондықтан сөз бірден жуандап кетпей, алдыңғы дауыстының реңкін ала жүріп, бірте-бірте өзгертінін әрқашан біліп отыру керек. Мысалы, *кінәламау* – *кінәләмау*, *күмәнданғандықтан* – *күмәндәңғандықтан*, *рәсуаланғанмен* – *рәс'уәләңғаммен* деген сияқты екінші буында ә келетін сөздер үшінші буында да «таза» ә-мен айтылып, кейінгі буындарда **а**-ға жуықтап, бірақ ә-нің реңкін сақтап, яғни **а** мен ә-нің ортасында айтылып, сөз аяғында жуан дыбыстауға көшеді. Сонда бейүндес жазылатын сөздерді жіңішкеден жуанға, бірте-бірте, буын жігін ажыратпай, өткізіп айтатын болсақ, сөз табиғи қалпын сақтап, үндесімді шығатын болады. Оны былай көрсетуге болады: **ә – ә – а**

1-тапсырма. Мына сөздердің айтылу нормасын сақтап, жаттығып көріңіздер:

пәруана – пәр'үәнә
пәруардігер – пәр'уәрдігер
пәруайсыздану – пәр'уәйсизденуу
пәруайсыз – пәр'уәйсіз
пәтуа – пәр'уә
пәтуаласу – пәр'уәләсұу
оәсуа – рәс'уә
рәсцаланғанмен - рәс'уәләңғаммен

Сондай-ақ **ш**, **ж** мен **й**-дің аралығында жазылатын **а** дыбысы айтуда жіңішкеріп, ә-ге ұқсап кетеді: *шай* – *шәй*, *жай* – *жәй*. Бұл позициядағы ә-нің жіңішкеруі өзінен кейінгі буынды да қамтиды. Бірақ сөз соңына, әсіресе қосымша қосылғанда сөз бірте-бірте жуандай береді. Сонда ә әрпі мен **а**

дыбысының аралығында тағы да 2-3 саты аралық реңктер айтылады, яғни ә дыбысы екінші буыннан ары жуандап, соңында мүлдем жуан дыбысқа айналып кетеді. Кейде ауызекі тілде сөз жіңішке үндесуін бұзбаған қалпы соңындағы **а** дыбысының орнына **ә** айтылады. Мысалы, *жайылымдағы – жәйілімдегі*. Бірақ бұл орфоэпиялық норма бола алмайды.

2-тапсырма. Мына сөздердің орфоэпиялық нормасын сақтап айтып, жаттығыңыздар:

шайға – шәйғә
шайларың - шәйләры'ң
шайларыңды - шәйләры'нді
жайлау – жәйләу
жайлауда - жәйләудә
жайлаудағылар – жәйләудағылар
шашбау – шәшпәу
ашына – шәшінә
шашындағы – шәшіндағы
жайылым – жәйілім

Екіншіден, қазақ тілінің үндесім құбылысына бағынбайтын түбірдің жуан, жіңішкелігіне үйлеспейтін мынадай жұрнақтар бар: *-қор, -паз, -кер, -кеш, -қой, -кент, -пен, -мен, -нікі, -күнем, -хан, -хана, -тал, -паң*. Мысалы: *шайқор – шәйқор, өнерпаз – өнөрпаз, әсеппаз – әсемпаз, арбакеш – арбакеш, қушыкеш – құушүкеш, қаламгер – қаламгер, жауапкер- жауапкер, айыпкер – айыпкер, саудагер – саудагер, ананікі – ананікі, Мараттікі – мараттікі, тарақпен – тарақпен, отпен – отпен, сумен – сұмен, пайдакүнем – пайдагүнөм, ақылгөй – ақылгөй, данагөй – данагөй, есепқой – есепқой, сәнқой – сәңқой, әзілқой – әзілқой, Шымкент – шымгент, Құмкент – құмгент, емхана – емхана, дәріхана – дәрі'хана, кітапхана – кітәпхана*.

Мұнда көріп отырғанымыздай, буын жігіндегі дауыссыз дыбыстар ғана көрші дыбыстың әсерінен өзгеріп, үйлесіп айтылады да (*ақылгөй, құмгент, пайдагүнөм*), тіл үндестігі сақталмайды. Бұлардың *қор, паз, кеш, гөй, кент, хана, хан* түрлері араб, парсы тілдерінен енген және сол тілдік нұсқасын біршама сақтап игерілгендіктен, өзгермей айтылады да, *-нікі, -күнем, -пен, -мен, -бен* жұрнақтары түбір сөзден туған төл жұрнақтар болғандықтан, үйлесім заңдылығына бағынып айтылады.

Үшіншіден, бір сыңары жуан, бір сыңары жіңішке біріккен қос, күрделі сөздер жазылуы бойынша аралас айтылады: *желбау – желбау, қара ет - қар'ет, Сәрсенғали – сәрсенғәліі, кесе-аяқ - кес'айақ, кесеқап – кесеқап, Зеңгібаба – зеңгібаба, итарқа – іитарқа, итала – іитала, итжуа – іитижуа, (27 бет) ит-құс – іит-құс*.

Тіл үндестігінің тағы бір бұзылар тұсы **и** әрпі немесе **ый, ій** дыбыс тіркесі мен **х** дыбысы айтылатын сөздер шешінде. Мысалы, *тарихи, рухани, жиһаз, жиһангер, ислам, иллаһи, илхам, табиғи сөздері* қаза әдеби тілінің орфоэпиялық нормасында тарыйхый, ыйлхам, табыйғый деп, бірыңғай жуан немесе *тәбиғий, рұухәний, жийхәз, жийхәңгер, ійсләм, ійләхий, ійлхәм,*

табиғий деп, бірыңғай жіңішке айтылмайды. Сондықтан бұл сөздер *х* дыбысының әсерінен және *йй*-дің табиғатымен аралас буын болып айтылады: *тарййхий, рұуханий, жййхаз, жййхаңгер, ййслам, ййллахий, ййлхам, табиғий*. Бірақаралас буын дегенді дұрыс түсіну керек. Мұндағы бір буынды жуан етіп тұрған – **а** дыбысы, шындығында **а** әріп таңбасы. Әйтпесе бұл жердегі **а** таңбасы **а** мен **ә** дыбысының аралығындағы реңкпен (**à**) айтылуы тиіс.

3-тапсырма. Төмендегі сөздердің айтылу нормасын сақтап, жаттығып көріңіздер:

табиғат – табиғат,
Ахмет – Ах^і мет
рахмет – рах^і мет (28 бет)
баиғат – балйғат

Сингормонизм заңының екінші жағы – **ерін үндесімі**. Бұл – бірінші буындағы ерін дауыстыларының әсерінен (**о, ө, ұ, ү**) екінші-үшінші буындағы езуліктердің (**ы, і, е**) еріндікке айналып, ұқсап, жуықтап айтылуы. Қазақ тіліндегі ерін үндестігі қырғыз, алтай, тува тілдеріндегідей жаппай қамтитын құбылыс емес екені белгілі. Сондықтан ерін үндестігі жазба тілде көрініс таппаған. Қазақ тіліндегі ерін үндестігі – 2-3 буынға дейін анық естілетін, айтылатын тұсы ашық буын жағдайында. Мысалы. *көбелек – көбөлөк, құбылыс – құб^ллұс, сүйініш - сүй^ннұш, бөдене – бөдөнө, бұр^ллұс, бүлініс – бүл^ннұс, көпене – көпөнө, күйініш – күй^ннұш, құбылыс – құй^ллұс*.

Жалпы, ерін дауыстыларын еріндік реңкінің күштісінен әлсізіне қарай орналастырсақ, былай болады: **ө, о, ү, ұ**. Сондықтан **ө** дыбысы үшінші бітеу буында сирек айтылады да, ашық буынды жоғарыдағы түбір сөздерден басқа жағдайда, мысалы, түбір мен жалғау жағдайында үшінші буын **е** болып дыбысталады. Болмаса өзінен еріндігі әлсіз **ү** болып айтылады. Мысалы: *көркемдік – көркөмдүк, өзенге – өзөңге, көркемдеу – көркөмдеу*.

Тіліміздегі ерін үндестігінің жаппай қамтитын құбылыс емес екенін жалғаулар арқылы білуге болады. Жалғаулар қатарында **ө**-мен келетін еріндік варианттар жоқтың қасы. Сондықтан сөз ашық буынды болса да, үшінші буындағы жалғау езулікпен айтылады. Мысалы: *төбеле – төбөле, төпеле – төпөле*.

4-тапсырма. Мына сөздерді айтылу нормасына сай жаттығып көріңіздер:

төбеден – төбөден (27 бет)
төбелес – төбөлес
төлдеме – төлдөме
төменде – төмөде
төпелеу – төпөлеу
төредей - төрөдей

Жалпы, **ұ, ү** ерін дауыстылары алғашқы буында естіліп, айтылады да, ары қарай солғындайды. Мысалы: *сүйініш - сүй^ннұш, сүйініш - сүй^ннұшшіз, түскіліктің – түскүлүктің, тұзды – тұздұ, тұщылық – тұшшылық*,

борышсыз – борұшшұз, құйыну - құй'нұу, құйыршық – құйұршұқ, құйрықты – құйрұқтұ, құзғындық – құздұндұқ, құбылу – құб'лұу, құбыжық - құб'жұқ, (29 бет)құбылыс - құб'лұс. Ал ө дыбысымен айтылған екінші буыннан кейінгі і әрпі ү дыбысына ұқсап, айтылып барып, ерін үндестігі солғындайды. Мысалы: төбесінің – төбөсүнің, көгершін – көгөршүн. Сондай-ақ көбөлөк, дөңгөлөк сияқты үш буынға дейін ө-мен айтылатын сөздерде ерін үндестігі төрт буынға да барады: көбелектің – көбөлөктұң, дөңгелекті – дөңгөлөктұ, бірақ көбелекке – көбөлөкке, дөңгелекке – дөңгөлөкке.

Бұл құбылысқа байланысты мына бір ерекшелікті көрсете кетуге болады. Әліпбидегі у таңбасы ұу және үу дыбыс тіркестерін, не үнді дауыссыз дыбысын беретіні белгілі. Мысалы: су – сұу, суық – сұуық, бу – бұу, сурет – сұурөт, тулақ – тұулақ, қуаныш – құуаныш, қуат – құуат. Бірінші буындағы ұ, ү дауыстыларының әсерінен екінші-үшінші буында жазылатын езулік дыбыстар еріндікке айналады. Мысалы: қуғын – құуғұн, қуқыл – құуқұл, құжыңдау – құужыңдау, қулық – құулұқ, шулы – шұулұ, тумыс – тұумұс, туылу – тұуұлұу, туырлық – тұуұрлұқ, туыс – тұуұс, тумыш – тұумұш.

Сондай-ақ у дауыссыз дыбысынан басталған буын құрамындағы езуліктер де еріндік болып айтылады. Мысалы: тауық – тауұқ, сауық – сауұқ, бауыр – бауұр, сауыр – сауұр, туыс – тұуұс, туылу – тұулұу, сауу – сауұу, сауылу – сауұлұу, туу – тұуұу, суу – сұуұу, сер'уөн, серуендеу - сер'уөндеу, керуен – кер'уөн, керуенбасы - кер'уөмбасы.

Соңғы мысалдардағы буын санын ықшамдау үшін және ашық буыннан қашу мақсатында екі бітеу буын аралығында ү, ұ дыбыстары жартылай немесе толық түсіріліп (редукцияланып) айтылады. Осы қатарға шаруа – шар'уа, меруерт – мер'уерт сөздері де жатады.

5-тапсырма. Мына сөздердің айтылу сазын сақтап жаттығыңыздар:

рәсуа – рәс'уә
қонағуар – қонағ'уар
керуен – кер'уөн
серуен – сер'уөн
сәруар – сәр'уәр
меруерт – мер'уөрт
пәруана - пәр'уәна
пәтуа - пәт'уа
шаруа – шар'уа
қалуа – қал'уа
белуар – бел'уар
сөзуар – сөз'уар

Ал екі бітеу буындағы еріндіктердің көрші буынға әсері алдыңғыларға қарағанда әлсіздеу болатынын білген жөн. Оның үстіне, екінші буындағы **ы, і** дыбыстарына қарағанда, е езулігін таза **е** де, таза **ө** де емес болып айтылады. Қараңыз: құрмет – құрмөт, құрметте – құрмөтте, сүрме – сүрмө, сүрмелеу

– сурмөлеу, сурет – сүүрөт. Е мен ө-нің арасындағы аралық реңкті é деп көрсетуге болады (*құрмет – құрмёт, сурет – сүүрёт*).

Ал біріккен сөз, кіріккен сөз, бір деммен айтылатын ырғақты топ сыңарларының алдығысындағы еріндік соңғысына әсер ете алмайды. Мысалы: *сол кез – сол гез (солгөз емес), соқыр сенім – соқұр сенім (соқұр сөнүм емес), сүтегі – сұтегі (сұтөгү емес), сүсімір – сұсімір (сұсүмүр емес), сүпияз – сұпыйаз, (сұпұйаз емес), сүжылан – сұжылан (сұжұлан емес), сүжегі – сұжегі (сұжөгү емес) су етті – сұу етті (сұу өтті емес)* т.с.с. Ереже ескертусіз болмайтыны сияқты үшінші буыннан артпайтын ерін үндесімімен айтылып, төртінші, тіпті бесінші буын езулік, ал келесі буында ұу, үу тіркесі келетін болса, онда сөз бастан-аяқ ерін үндестігімен айтылады. Мысалы: *сүйкімдену – сүйкүмдөнүү (сүйкүмденүү емес), бірақ сүйкімденбеу – сүйкүмденбеу.*

6-тапсырма. Төмендегі сөздердің айтылу нормасын сақтап, жаттығып көріңіздер:

түлкілену – түлкүлөнүү
түркілену – түркүлөнүү
түнделету – түндөлөтүү
түркілену – түрткүлөнүү
түртпектелу – түртпөктөлүү
түртілену – түрпүлөнүү

Дауыстылардың үндесімін сөз еткенде үнемі мына бір нәрсені есте ұстаған жөн. Дауыссыздарға қарағанда дауыстылардың айтылу реңкі өте құбылмалы, тұрақсыз болып келеді. Оның үстіне жалпы көпшілікке ұсынатын әдебиеттерде (орфографилық сөздік, айтылу нормасының анықтағыштары) таңбасынан аспайды және сонымен бірдей болады. Сондықтан әрпіне қарап, дыбысын да солай оқып, аздап қайшылық туады. Сол себепті тіл үндестігінде де, ерін үндестігінде де, яки жіңішке буыннан жуан буынға (ә → а) және еріндік дауыстыдан езулік дауыстыға бірте-бірте ауысарда, үнемі дауыстыға қатысты «анық айтылу», «солғындау», «көмескілену», «әмен а-ның», немесе «ө мен е-нің», «ү мен і-нің ортасында айтылу», «жартылай ө», «жартылай е» болып дыбысталу деген түсініктерді есте ұстап отыру керек. Сонда ғана сөз құрамындағы, тіркес құрамындағы бейүндестіктен құтылуға болады. Дауысты дыбыс негізгі реңкінен бірден айырылмайды, өз реңкін сақтай отырып, келесі буын үндесуіне бірте-бірте өтеді.

7-тапсырма. Ерін үндестігін сақтап, жаттығып көріңіздер:

құрылыс – құр лүс
бұйығысу – бұйұғұсұу
бөдененің – бөдөнөнүн
көпенені – көпөнөнү
дөңгелекті – дөңгөлөктү
тауық – тауұқ

сауықтыру – сауұқтұрұу

Сонымен, біз қазақ тілі айтылу нормасының басты екі заңдылығы тіл үндесімі мен ерін үндесімі жайлы айттық. Енді ықшамдау құбылысын, яғни дауысты дыбыстың түсіріліп, сусып, көмескі айтылуы туралы әңгіме қозғайық.

Қазақ тілінде құрама сөз (біріккен сөз, қос сөз, күрделі сөз). Сөз аралығында қатар келген екі дауыстының алдыңғысын (көбіне қысаң дауыстылар) т ү с і р і п а й т у – заңды құбылыс. Мысалы: *қара ала ат – қар'ал'т, алты атар – алт'атар, екі ағайынды - ек'ағайынды, төрг'үй, қараауыз – қар'ауұз, саптыаяқ – сапт'айақ, келсап – кел'сап, кертартпа – кер'тартпа, сарытікен – сар'тікен, сарымай – сар'май, сарыағаш – сар'ағаш, сары садақ – сар'садақ т.б.*

Бір дауыстының ықшамдалып, қысқарылуын жазуда да таңбалайтын кездер бар. Мұндай сөздер – көбіне нақты бір деректі заттың атауы болатындар. Қалған жағдайда айтылымда түсірілгенмен, жазуда әр сөздің түбірі сақталып жазылады. Сөздің түбірін қысқартып жазу, қалай дұрыс болмаса, сөз аралығындағы екі дауыстыны қатар айту сондай «сорақы».

Сонымен, түсіріліп айтылатындар көбіне қысаң дауыстылар болады. Мысалы: *ары отыр! – ар'отұр, келе алмады – кел'алмады, бері әкел – бер'әкел, ешкіемер – ешк'емес, сары өрік – сар'өрүк, алтыаяқ – алт'айақ, сарысадақ – сар'садақ, сарысою – сар'сойау.* Мұнда қысаң дауысты бірінші тұрса да, соңында келсе де бәрібір. Мысалы, *не істедің? – не'стедің* дегенде қысаң дыбыс екінші келіп тұр.

8-тапсырма. Осы норманы сақтай отырып, мына сөздерді айтып, жаттығыңыздар:

бара ек – бар'ек
не айтты? – н'әйтты?
не алдың? – н'алдың?
сабақты етістік - сабақт'етістік
сабақты ине – сабақт'йне
бірге өсу – бірг'өсуу
еті өсу – ет'өсуу
өте ерте – өт'ерте
кісі есігінде – кіс'есігінде
арманда өту – арманд'өтуу

Енді ықшамдалып айтылудың екінші түрі – сөз ішіндегі қысаң **ы, і** дыбыстарының көмескі айтылуы және мүлде сусып, түсіп қалуы туралы сөз етелік.

1.Соңғы бітеу буындағы қысаң дауысты тәуелдік жалғау мен жұрнақ қосылғанда түсіп қалады: *ерік – еркі, дауұс – даусы, ауұл – аулы, халық – халқы, бұйұр – бұйрұу, бұйрұқ, қорұқ – қорқақ, көрүк – көркү, мүлүк – мүлкү, қарын – қарны, қалып – қалпы, ерін – ерні, мұрұн – мұрнұ, қайын – қайны,*

нарық – нарқы, ырық – ырқы, құлұқ – құлқұ, ауұз – аузы, бүйүр – бүйрөк, ерін – ернеу т.с. (сөздер орфоэпиясы бойынша жазылған).

Бұл редукция жазуда да белгіленеді, өйткені жаппай құбылыс емес. Мысалы: *салық – салығы (салқы емес), балық – балығы (балқы емес), көрік (ұстаның) – көрігі (көркі емес), жерік – жерігі, солық – солығы* деген сияқты сөздерде екінші буындағы **ы, і** –лерді ықшамдап айту мүмкін емес.

Бірақ екі варианты да қатар айтылатын сөздер болады. Мысалы: *бөрүк – бөрүгү, бөркү, ауұл – ауұлұ, аулы, гұрұп – гұрұбұ, гұрпұ, мұрұн – мұрұнұ, мұрнұ, ойұн – ойұнұ, ойнұ, әріп – әрібі, әрпі, нарық – нарығы, нарқы, кеуіл – кеуулу, кеулі, қалып, қалыбы, қалпы, мүлүк – мүлүгү, мүлкү*. Мұндайда соңғы варианты әдеби норма болып табылады. Ал өлең жолдарында буын санын толтыру үшін көбіне алдыңғы нұсқасы қолданылады.

2. Екі буынды сөздердің ортасындағы қысандар көмескі немесе мүлде түсіріліп айтылады. Мысалы: *самаурын – самау рын, айырықша – ай рықша, наурыз – нау рыз, даурық – дау рық, қызмет – қыз мет, ресми – рес мій, рахмет – рах мет, зәулім – зәу лім құрлық – құр лүк, құрылыс – құр лүс, саңлақ – саң лақ, саңылау – саң лау, қабілет – қәб лет, мәжіліс – мәж ліс*. (32 бет) Бұлар жазуда таңбаланбаса да (*ауру, самаурын, наурыз, даурық, жирен, айрықша* т.б.), таңбаланса да (*айырым, мейірім, қайырым, жауырын, ақырын, қорытынды, мәжіліс, қазына, дәрігер, тәжірибе, саңылау, қойылым*) айтылуда **ы, і, ұ, ү** дауыстылары сәл көмескі дыбысталады және естіледі. Ал бірақ оларды толық стильде сақтап айту орфоэпиялық заңдылыққа жатпауы тиіс. Әдетте қысаң дауыстыдан кейін келген буын да қысаң болса, онды **ы, і, ұ, ү** дауыстылары ұзағырақ айтылатындай көрінеді. Сондықтан көбіне жазылуда да осы поэзиядағы **ы, і** әріптері таңбаланады: *қорытынды, жиылыс, мәжіліс, қазымыр, көрініс, құрылыс, ықылық, сауырын, жауырын, айырыл, қайырыл, ертінінді* т.б. Бірақ мұндағы қысаң дауыстылардың жартылай редукцияланатынын әрқашан есте ұстаған дұрыс.

9-тапсырма. Мына сөздердегі қысандарды түсіріп айтып, жаттығыңыздар:

құбылыс – құб лүс
мемлекет – мем лекет
емле – ем ле
абырой – аб рой
лағман – лағ ман
бадырайту – бад райту
кәмелет – кәм лет
кекірең – кек рең
қагілез – қағ лез
қабілет – қәблет
қорытынды – қор тұндү (32-33 бет)

Қысаң дауыстылардың қысқаруымен қатар, тілімізде қысаң дауыстылардың **с е л б е с у і** де бар.

Бір жазбаша тілден ауызша тілге қарата сөз етіп отырғаннан кейін, жоғарыдағы ықшамдалу құбылысы жазуда таңбаланатын дыбыстың айтуда көмескіленуі туралы ғана болады. Осыған орай селбесу де жазуда таңбаланған дыбыстың әнтек естілуі, айтылуы туралы. Әйтпесе екі құбылыстың табиғаты біреу – ол – сәл көмескі естілу, әнтек қана айтылу.

Сонымен, селбесу мынадай екі жағдайда:

1. Сөз басында келге л, р дыбыстарының алдынан әнтек **ы, і, ұ, ү** қысандары қосылып айтылады: *лақ – лақ, лай – лай, ләззат – ләзәт, рәсуа – рәс уә, рұқсат – рұқсат, рахмет – рах мет, рақым – рақым, разы – разы, риза – рыйза, рет – рет, ырыс – рыс, ләңгі – ләңгі, леп – леп, лепіру – леп рүү, лек-легімен – лек-легімен, лоқсу – лоқсұу, лайық – лайық, лаң – лаң, лажссыз – лашишыз, лебіз – лебіз, лоблу – лоблұу* (33 бет) т.с.с. Бірақ еліктеуіш сөздер мен одан жасалған туынды сөздер бұл қатарға жатпайды. Мысалы: *лақ-лақ, лақ ету, лап, лапылдау, лап-лап ету* т.с.с.

2. Сөз басында және аяғында қатар келген екі дауыссыз алдына бір дауысты дыбыс қосылып айтылады: Мысалы: Смағұл – ысмағұл, Смаил – Ысмайыл, стақан – ыстақан, станса – ыстанса, киоск – киоскіге, митинг – митингіге, объект – объектіні. Бірақ мұнда көбіне (стақаннан басқасы) орфоэпиялық нормаға сәйкес келеді де, айту мен жазу арасында ауытқу болмайды.

Енді қосар дыбыс таңбасын беретін **и** туралы сөз қозғай кетейік. Әліпбидегі **и** мен **ый, ій** дыбыс тіркесін береді. Тек *сый, тый* сөздері мен осы түбірдің туынды сөздері ғана *ый* әрпімен жазылады: *сыйлық, тыйым, тыйымды, тыйанақсыз*. Қалған жағдайда **и** әрпі сөз құрамындағы басқа дауыстылардың ырқымен жуан, жіңішке болып оқылады: *қиын – қыйын, жиын – жыйын, киім – кийім, зират – зыйрат, тиімді – тийімді, мирас – мыйрас*. Мұнда көп қиындық жоқ. Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жеке тұрғандағы қалпы жуан дыбысталады: *мы, ыр, сы, ты, ды, шы*. Сондықтан *ми – мый, мидай – мыйдай, сидам – сыйдам, сидию – сыйдыйұу, қиқию – қыйқыйұу, миқи – мыйқый, маймыю – маймыйұу, тырситу – тырсыйтұу, құнтиту – құнтұйтұу, қит етсе – қыйт етсе* (34 бет) сияқты сөздерді көрші буындағы жуан дауысты арқылы және жоғарыда айтқандай, дауыссыздардың негізгі реңкі арқылы бірыңғай жуан үндестікте айта аламыз.

Біршама қиындық тудыратын мұнда **х, ғ** дыбыстарымен қатар келген **и**. Мысалы: *тарихи – тарыхый, табиғи – табыйғый, яғни – ыйағыный, жиһаз – жыйхаз, жиһангер – жыйхаңгер, бидай – быйдай, дидар – дыйдар, рухани – руханый, диуана – дыйұуана, биыл – быйыл, дария – дарыйа* деп, бұл сөздерді жуан айтуға келмейді. Сондықтан мұнда да тіл үндестігі бұзылып, *тарийхий, табийгый, ыйағний, жийхаз, жийхаңгер, бийдай немесе бийдәй, дийдар, рүүхәний* (34 бет) болып, жіңішке айтылуына қазақ тілінің орфоэпиялық нормасы сай келмейді. Сондықтан сөздің жартылай жіңішкеруі дұрыс.

Енді дауыссыз дыбыстардың бір-біріне әсер етуін, яғни **үйлесім заңдылығын** сөз етеміз. Қазақ тілінің айтылым нормасында дауыссыз дыбыстар көрші дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке, еріндік, езулігіне қарай төрт негізгі реңкке құбылып дыбысталады. Мысалы: *бас, бес, бір, бос,*

бұр, бүр, бәс сөздеріндегі **б** дауыссызы өзінен кейінгі дауыстылардың ыңғайына қарай бірде жуан езулік, бірде жіңішке езулік, бірде жуан еріндік, бірде жіңішке еріндік болып айтылады. Бірақ ол жай құлаққа шалына бермейтіндіктен және мағына ажырата алмайтындықтан жазуда бір ғана таңбамен беріледі, айтылым сөздігінде ерекшеленіп көрсетілмейді.

Ал көрші дыбыстардың бір-біріне тигізетін әсерінен болатын нақты өзгеріс мыналар болып саналады:

Алдымен, сөздің ұяңдану бағытын көрсетейік:

1. Екі дауыстының, үнді мен дауыстының арасында келген **б** дыбысы екі еріннің сәл жуысуы арқылы айтылады. Мысалы: *ебедейсіз – ебедейсіз, сабақ – сабақ, қабаған – қабаған, абай бол – абай ˘ бол, әбігер болу – әбігер ˘ болу, тәпбие - тәрбіе, табақ - табақ, жаз бойы - жаз ˘ бойу.* (34 бет)

10-тапсырма. Мына сөздерді айтылу нормасына сай, жаттығып көріңіздер:

саба қарын – сабағарын
сабыр – сабыр
сабау – сабау
сабылу – саб лұу
солбаң-солбаң – солбаң-солбаң етуу
қабак – қабак
салымы бар – салымы ˘ бар
табалаушы – табалаушы
тай-байал – тай-байтал
көп жасау – көб ˘ жасау (34 бет)

2. Құрама сөз не тіркестің бірінші сыңары **п** дыбысына аяқталып, келесі сөз дауыстыға және **д, ж** дыбыстарынан басталса **да, п** жуысыңқы **б** болып айтылады: *сатып аламын – сатыб ˘ аламын, бір қап ұн – бірғаб ˘ ұн, домалақ – доб-домалақ, көп жылдық – көбжылдық, көп деңгейлі – көбдеңгейлі, көп жақ – көбжақ, барып алды – барыб ˘ алды, пісіріп жіберу – піс ріб ˘ жіберуу.* (35 бет)

3. Дауыстылармен және үнді, кейбір ұяң дыбыспен сөз жігінде қатар келген **к, к – ғ, г** –ге айналып, ұяңдайды. Мысалы: *күнкөріс – күңгөрүс, ақ үрпек – ағүрпөк, ақ дала – ағдала, бері кел – бері ˘ гел, көкорай – көкорай, қазақ елі – қазағ ˘ елі.* Бірақ ұяңдану бір ритмикалық топпен айтылатын сөзге ғана тарайды. Әйтпесе, мысалы, «*қарағым, айналайын, келдің қайдан?*» деп басталатын халық өлеңін «*қарағым, айналайын, гелдің гайдан?*» деп айтуға болмайды. Өйткені *айналайын* мен *келдің қайдан* бір ритмикалық топқа кірмейді.

Қазақ жазуында кейбір *шегара, немгетті, немғұрайлы, көгет, қырғүйек, қолған* сияқты сөздер ғана айтылуына жақындап, ұяңдап жазылады. Қалған жағдайда сөздер түбір құрамын сақтап отырады.

Алайда **к, к** дыбыстарының өзгермей айтылатын кездері де бар. Олар

-қор, -кер, -кеш, -қой жұрнақтарымен келгенде, мысалы: *шайқор – шәйқор, дүниеқор – дүн'йөқор, арбақеш – арбақеш, қалжыңқой – қалжыңқой, малқор – малқор, арызқой – арызқой, сәнқой – сәнқой.*

Бұлар, біріншіден, шығыс тілінен енген жұрнақтар: олар өздерінің алғаш игерілген нұсқасында айтылуын «қалайды». Екіншіден, *шәйгор, сәңгой, арбагеш деп айтылса, жұрнақтардың реңктік мәні солғындап, мағынада өзгеріс* болады. Сондай-ақ **қ, к** дыбыстарына бітетін еліктеуіш сөздер көрші дауыстылардың әсерінен айнамайды. Мысалы: *қарқ етті – қарқ̣ етті, жарқ етті – жарқ̣ етті, жарқ-жұрқ – жарқ-жұрқ және қалмақы ер – қалмақ'ер, қазақы ат – қазақ'ат* деген сияқты сөздерде дауысты дыбыстың әсерінен түбір соңындағы қатаң **қ** өзгеріске ұшырамай айтылады.

11-тапсырма. Төмендегі сөздерді орфоэпиялық нормасына сай айтып, жаттығып көріңіздер:

есек дәме – есег̣ дәме
көк долы – көгдолу
жарық дүние – жарығ̣ дүн'йө
көк ет – көгет
өрмек жіп – өрмөгжіп
сұйық зат – сұйұғзат
зорлық-зомбылық – зорлұғ-зомбұлұқ
көкөгіз – көгөгүз
жатақ үй – жатағүй
жоқ іздеу – жоғ̣ іздеу
қақ жүректің тұсы – қағ̣ жүрөктүң̣ тұсұ
тай кездеме – тай-гездеме
тайғақ жол – тайғағжол
таз кебін – тазгебін
таз қарын – тазғарын
тай-құлын – тай-ғұлұн

4. Қатар келген екі дыбыстың біріншісі **з**, екіншісі **ж** болса, соңғысының әсерінен **з** дыбысы **ж**-ға айналады:

көз жасы – көжжасы
бозжорға – божжорға
мұзжарғыш – мұжжарғыш
газ жолы – гажжолу

12-тапсырма. Төмендегі сөздерді орфоэпия нормасына сай айтып, жаттығып көріңіздер:

өз жолы – өжжолы
сөз жоқ – сөжжөк
қыз жолы – қыжжолу
біз жақта – біжжақта
сәбіз жеу – сәбіж̣ жеу

қыз жаны – қызжаны
қырғыз жігіті – қырғыз жігіті
кербез жан – кербезжан
сырбаз жігіт – сырбаз жігіт (36 бет)

5. Қатар келген екі дыбыстың біреуі **н**, екіншісі **б, м, п** болса, алдыңғысы айтылуда **м**-ға айналады. Мысалы: *қан майдан – қаммайдан, сан мыңдаған – сам мыңдаған, жын пері – жым-пері, қан плазмасы – қам плазмасы, сен бар зой – сем бар зой, сан пішінді – сам пішінді, барғанмен – барғанмен.*

Емледе тек кісі аттары ғана айтылу нормасына сай жазылады: *Бейсембай, Сәрсембай, Жампейіс.*

13-тапсырма. Төмендегі сөздерді орфоэпия нормасына сай айтып, жаттығып көріңіздер:

өсіп-өнгенмен – өсүб-өңгөммен
жан пида – жампыйда
қан болу – қан болу
саябырланбау – сайабырламбау
табанбалық – табам балық
ақтабан болу – ақтабан болу
табынбау – табымбау
сауынмал – сауыммал (36 бет)

6. Сөз ішінде немесе бір ритмикалық топта қатар келген екі дыбыстың біреуі **н**, біреуі **г, ғ** дыбыстары болса, соңғылардың әсерінен **н** дауыссызы **ң**-ға айналады. Мысалы: *күнге – күңгө, түңгі – түңгү, зиянкес – зыйаңкес – зыйаңгес, жан қысылу – жаңғыс лұу, (37 бет) қан құсу – қаңғысуу, жауынгер – жауыңгер.*

14-тапсырма. Төмендегі сөздерді айтылу нормасына сай жаттығыңыздар:

күнкөріс – күңгөрүс
түңге қарай – түңгө ғарай
сауынға – сауыңға
табан қарыс – табаң ғарыс
қан қақсату – қаң ғақсатуу (37 бет)
нанғысыз – наңғысыз
сенгісіз – сеңгісіз
мен келмесем – меңгелмесем

7. Бір ритмикалық топта, не сөз құрамында **н** дыбысымен **к, қ, х** дыбыстары қатар келсе, өзара әсерлесуден **н→ң**-ға, ал **к, қ, х→г, ғ**-ға айналып айтылады. Мысалы: *жан қалта – жаңғалта, он қап – оңғап.*

15-тапсырма. Төмендегі сөздерді айтылу нормасына сай жаттығыңыздар:

күн көру – күң ˘гөрүү
қақпан құру – қақпаң ˘ғұрұу
жасырын хат – жас рың ˘ғат (37 бет)
жирен қасқа – жйрең ˘ғасқа
қайран қалу – қайраң ˘ғалұу

Бұл дыбыстық өзгерістердің барлығы бір ритмикалық топқа енетін сөздер аралығында және түбір мен қосымша аралығында жүретінін әрдайым есте ұстаған жөн. Әйтпегенде сөз мағынасы өзгеріп, табиғи қалпынан ауытқиды.

8. **Ш, с** дыбыстарының алдынан келген **п** дыбысы «жұмсарып», екі еріннің жуысуы арқылы **п** мен **ф**-ның аралығында айтылады. Бірақ мұны орыс тіліндегі **ф** дыбысымен шатастырмау керек. **Ф**-дыбысы ерін мен тістің жуысуы арқылы жасалса, **п** дыбысы қос еріннің қатаң жуысуы арқылы жасалады. Мысалы: *тепсе – теңсе, қапса – қаңса, көпшік – көпшүк, тапсыр – таңсыр, тәпсір – тәңсір, топса – тоңса.* (37 бет)

16-тапсырма. Төмендегі сөздерді айтылу нормасына сай жаттығыңыздар:

жапсыру – жаңсырұу
қапсыру – қаңсырұу
жөпшеңкі – жөпшеңкү
алып шығу – алып ˘шығұу
тепсіну – теңсінүү
шапшаң – шаңшаң
қапшық – қаңшық
салып шық – салып ˘щық
беріп шық – беріп ˘шық (37 бет)

9. **Ш, с** дыбыстарының алдында **к, қ** дыбыстары жұмсарып, өзінің негізгі, яғни *қор, қала, тапқыр, көк, тек* деген сияқты сөздерді айтқандағы реңкінен айнып, жуасыңқы айтылады. Мысалы: *ақша – аңша, ақ шаңқан – ақшаңқан, ақ шағала – ақ ˘шағала, бақшаң-бақшаң ету – бақшаң-бақшаң ˘етуу, көк шәлі – көкшәлі, көксеу – көксөу.* (38 бет)

17-тапсырма. Төмендегі сөздерді айтылу нормасына сай жаттығыңыздар:

қақсау – қақсау
тексеру – тексерүү
бақша – бақша
қақ шекесі – қақ шекесі
жақсыат – жақс'ат
қақсыған – қақсыған

тақ сан – тақсан
бақша – бақша

кексе – кексе

көкшығу – көк шығу (38 бет)

Енді дыбыстардың қатандану процесін көрейік:

1. Қатаң дыбыстардан кейін келген **б, г, ғ, д, ж, з** ұяңдары қатаң айтылады. Мысалы: *тас балта – таспалта, бес бет – беснет, медбике – медпйке, ақ боз – ақпоз.*

18-тапсырма. Төмендегі сөздерді айтылу нормасына сай жаттығыңыздар:

көп бала – көппала

салт басты – салт пасты

үшбұрыш – үшпұрұш

қақ бөлу – қақ пөлу

аш бөрі – ашпөрү

жат дауыс – жаттауұс

ат дорба – атторба

бес дәптер – бестәптер

үш дөңгелек – үш төңгелек

бес жасар – бешшасар

тас жол – ташшол

еш жерге – ешшерге

үш жүз – үшшүз

күш жігер – күшшігер

жаз шықты – жаш шықты

сөзшең – сөшшөң

төзші – төшшү

сегіз сай – сегіссай

жазсын – жассын

көзсіз – көссүз

сегіз-сегізден – сегіс-сегізден

ширек ғасыр – шійрек қасыр

ақ гүл – ақкүл

жас ғұмыр – жасқұмұр

Бірақ сөз мағынасына нұқсан келер жағдайда ұяң дыбыстар өз реңкін сақтап отырады. Мысалы: *үшсайыс – үшсайыс, үшсайышы – үшсайышы, тілмашсыну – тілмәшсінүү, қорашсыну – қорашсыну, әтешсінү – әтешсінүү, яғни үшшәйіс, үшшәйышы, тілмәшшінүү, қорашшынұу, әтешшінүү деп айтылмайды.*

Кейде сөз аяғы **з** дыбысына бітсе, сөз ішіндегі **с, ж, з** дыбыстарын **ш**-мен айту оңайға соғады. Мысалы: *борышсыз – борұшшұз, көшсіз – көшшүз. Оқасы жоқ, осы жер, берекесі жоқ, аласы жоқ* деген сияқты бір ырғақты топ ішіндегі сөздер ауызекі тілде қысаң дауыстыны түсіріп, *шш* түрінде дыбысталады (*оқашшоқ, ошшер, берешшөқ, алашшоқ*). Алайда шаршы топ алдындағы сөйлеу стилі ресми, толық түрде болу керек. Сондықтан радио,

теледидар, театр, қоғамдық орындар тарапынан сөйлегенде *оқасы жоқ, осы жер* деп толық стильде айтылуы тиіс.

19-тапсырма. Төмендегі сөздерді айтылу нормасына сай жаттығыңыздар:

үшсайыс – үшсайыс
күш салу – күш $\widehat{}$ салуу
көш серуен – көшсер^у уөн
еш сенім жоқ – ешсенім $\widehat{}$ жоқ
іш сыры – ішсыры
үш серік – үшсерік
қорғанышсыз – қорғанышшыз
қуанышсыз – құуанышшыз
сүйенішсіз – сүйөнүшшіз
қорқынышсыз – қорқұнүшшыз
күйінішсіз – күй^у нүшшіз
ренішсіз – ренішшіз (39 бет)

2. Т-дыбысымен іргелес айтылған с дыбысында да негізгі *сай, тас* деген сияқты сөздерді айтқандағыдай реңкінен бөтен айтылу сазы пайда болады. Екеуі де тоғысыңқы болып табылатын дыбыстар қатар келгенде, соңғы с жабысыңқы айтылады. Мысалы: *сәтсіз – сәтсіз, отсыз – отсұз, сатса – сатса*. (39 бет) Бұл **тс** дыбыс реңкін орыс тіліндегі **ц** дыбысымен шатастыруға болмайды.

20-тапсырма. Төмендегі сөздерді айтылу нормасына сай жаттығыңыздар:

патсайы – патсайы
ретсіз – ретсіз
атса – атса
перзентсіз – перзентсіз
салт-сана – салт-сана
ант су – ант-сұу
мәдениет сарайы – мәденіет $\widehat{}$ сарайы (39 бет)

3. Т-мен іргелес келген **ш, ж** дыбыстары өзінің жуасыңқы айтылуынан айнып, жабысыңқы айтылады. Мысалы: *сатшы – сатшы, жат жер – жатшиер, жатжерлік – жатшиерлік*. **Тш, тж** дыбыс реңкін орыс тіліндегі **ч** дыбысымен шатастыруға мүлде болмайды. Оның үстіне **тш** дыбысына қарағанда, **тж** реңкі сәл жуысыңқы айтылатынын білген жөн. Әйтпесе сөз мағынасы өзгеріп немесе түсініксіз болып қалады.

Бұл айтылу нормасы тек, жоғарыда айтқандай, тек **ш** мен **ж**-ның **т** дыбысымен іргелес жағдайында ғана болады. Ал жергілікті ерекшелікке жататын **ш**→**ч**-ға, **ж**→**дж**-ға айналдырып айту орфоэпия нормасына жатпайды: *шық (чық емес), малышы (малчы емес), шатақ (чатақ емес)*.

21-тапсырма. Төмендегі сөздерді айтылу нормасына сай дыбыстап, жаттығыңыздар:

патша – патша
тоятшыл – тойатшыл
қант-шай – қант-шәй
сатшы – сатшы
кетші – кетші
пәтшағар – пәтшәғар
саясатшы – сайасатшы
саяхатшы – сайахатшы (40 бет)

Өлең жолдарында етістіктің *-ды, -ді* қосымшасы ұйқас үшін ықшамдалып қолданылады. Ондайда сөз соңындағы ұяң дыбыс қатаңданып, **т** түрінде дыбысталады. Мысалы: *барып келеді – барып келет, шының ба еді – шыныңб'ет, сүйгенім бе еді – сүйгөнүмб'ет.*

Сонымен, қазақ тілінің ауызша сөйлеу жүйесінде негізгі-негізгі деген осындай айтылу заңдылықтары бар. Бұл сөйлеу саздары, әсіресе, тыңдарман кеңістігі кең теле, -радио, театр шығармашылығы тілінде қатаң сақталып отыруы қажет. Олай етпесе, берілген ақпарат, айтылар ой тыңдаушы санасына дәл жетпейді. Дұрыс сөйлемеу берілген мәтін мазмұнын игеруді баяулатады. Ақпарат мазмұнын қабылдау үшін алдымен сөздің дыбыстық «жамылышын» тыңдаушы санасындағы дыбыс қоры «тануы» керек, өз дыбыс қорымен үйлестіруі қажет. Сонда ғана коммуникация тез, жылдам әрі сапалы жүреді.

4.6 Сөйлеу техникасы мен эфирдегі дыбысталған сөздің интонациясы

Тіл – шынайы өмірде екі түрлі формада: ауызша және жазбаша түрде қолданылатын қатынас құралы. Тілдің бұл екі түрінің пайда болып, дамуына адам баласы әрекетінің түрлі мақсаттары себеп болды. Күнделікті әрекет үстіндегі көзбе-көз тілдесуді жүзеге асыратын ауызша тіл адамның о бастағы қатынас құралы болды. Кейіннен жинақтаған өмірлік тәжірибесі мен білімдерін ұрпақтан-ұрпаққа сақталып жетуін, сондай-ақ алыстағы қоғам иелерімен тілдесуді көздеген адам баласы жазба тілді қажет етті. Сөйтіп ауызша тілден кейін пайда болған жазбаша тіл ең алдымен тарихи қызмет атқарды, бірте-бірте оның қызмет аясына адамдар мен мемлекеттер арасындағы ресми қатынасты қамтамасыз ету де кірді.

Жоғарыда көрсетілген мақсатына қарай ауызша тілдің өзіндік ерекшеліктері болатыны белгілі. Ең алдымен ауызша тілдің құралдары тыңдарманға бағытталып құрылады, яғни қарым-қатынастағы серігіне сөйлеушінің әсер етуі есту қабілеті арқылы жүзеге асады. Демек қандай да бір коммуникативтік мақсатпен айтылған сөз тыңдарманға, біріншіден, дұрыс естілуі шарт, екіншіден, ондағы мақсат айқын көрініп, соған сәйкес таңдалған тілдік лексика-грамматикалық құралдар (сөз, сөз тіркестері,

жалғаулықтар мен шылаулар) интонациялық жағынан дұрыс ұйымдасуы (әуен, қарқын, дауыс күші, әуез, пауза) керек.

Тілдің ауызша түрін әсер етуші, ақпарат жеткізуші ретінде пайдаланатын кәсіп иелерінің бірі – радио, теледидар саласының қызметкерлері – дикторлар мен журналистер, теле-, -радио арналары мен бағдарламаларының жүргізушілері. Аталған мамандық иелері өздерінің күнделікті еңбек құралы – ауызша сөзді жіті меңгергенде ғана кәсіби қызметін жақсы атқара алады. Бұлай дейтініміз, теледидар және радио журналистері мен дикторларының жұртшылықпен қарым-қатынас жасауындағы бірден бір мақсаты – ақпарат жеткізу ғана емес, сондай-ақ жұртшылықтың эмоциясына, еркіне, санасына әсер ету. Сонымен бірге «диктор-тындарман» үлгісіндегі қарым-қатынаста диктордың өз тындарманы – бүкіл бір тілді қауым екенін есте ұстағаны жөн. Демек ол микрофон, бейнекамера алдында сөйлегенде тіл иелерінің қауымына бірдей түсінікті тілдік фактілер мен құбылыстарды құрал етіп алуды ойлап отырады. Онсыз ақпараттың көпшілікке түсінікті болуын қамтамасыз ету мүмкін емес.

Көруге, сезінуге тағы да басқа сезім мүшелерін тітіркендіру арқылы ақпарат беруге негізделген құралдар мүлде жоқ немесе қызметі көмескі болғанда, ауызша сөз сол құралдардың барлық қызметін өзіне жүктейді. Сол себепті белгілі бір әлеуметтік жүк арқалаған түрлі мақсаттағы радио, теледидар және тағы да басқа ақпарат жеткізуші көздерден естілетін ауызша сөзге құбылғыштық, әсерлілік, сан алуан сарынға түрленгіштік қасиеттер тән болу керек. Сонда ғана радио, теледидар шешенінің сөзі айқышты, нақышына салынған, жұртшылыққа түсінікті бола алады. Бұл үшін осы саладағы кез келген маман ең алдымен сөйлеу техникасын меңгереді. Сөйлеу техникасы дыбысталған сөздің саналы шығуына, яғни қағаз бетіне түсірілген, ойда жинақталып түйілген мәтіннің сыртқа дыбысталып шыққанда құлаққа жағымды әрі түсінуге жеңіл болуына үйретеді.

Сөз ағымы дұрыс дыбысталып қана қоймай бөліктерге дұрыс бөлініп, олар өзара дұрыс ұйымдасу керек. Онсыз сөз ағымындағы мағыналық қатынаста тұрған сөз топтарын ажырату, олардың қатынасы арқылы берілетін ой желісін түсіну мүмкін емес. Мұның сөз ағымын мүшелеудің тілдік заңдылықтарын жете меңгерген, болмаса тілдік сезімі жоғары тіл иесі автоматты дағдыға айналдырып, сауатты пайдаланады.

«Диктор-тындарман» үлгісіндегі бір жақты тілдік қарым-қатынастағы коммуникативтік қызметтің барлығын интонация атқарады деуге болады. Себебі мұндай қатынаста әсіресе радио саласындағы диктор тындарманның көңіл-күйіне, ерік-жігеріне, түйсік-санасына тек қана сөз арқылы әсер етеді. Осындағы сөз арқылы берілген интеллектуалдық, эмоциялық, волюнтативтік және тағы да басқа барлық ақпараттың нәзік қатынастарын білдіретін тілдік құрал – интонация.

Жоғарыда көрсетілген сөйлеу техникасы, сөз ағымын мүшелеу мен интонацияға қатысты білім, біліктілік, дағдыны қалыптастыру үшін тілтанымдық сауаттылық, тілдік мәдениет жоғары болу керек. Сондықтан

сауатты әрі шебер сөйлеу үшін ауызша сөздің тілтанымдық негіздерін жан-жақты меңгерген жөн.

Сөйлеу техникасы. Ауызша сөздің шебері үнемі өзінің сөйлеу аппаратын жаттықтырып, оның қызметінің мүмкіндіктерін, икемделгіштік қабілетін дамытып отыру керек. Сөйлеу аппараты екі бөлімнен тұрады: орталық және шеткері (периферический). Орталық бөлімге ми мен жұлын жатады. Сөйлеуді басқарып реттеуші қызметті бастың сол жақ жарты шарындағы ми бөлігі атқарады. Сөйлеу аппаратының шеткері бөлімінің үш бөлігі бар: 1) дыбыс жасаушы немесе артикуляциялық жүйе – ауыз, көмей, мұрын қуысы, тіл, тілшік, таңдай, тіс, жақ; 2) тыныстау жүйесі – өкпе, кеңірдек және т.б.; 3) дауыс жасаушы аппарат – көмей мен дауыс шымылдығы. Осы үш бөліктің қызметіне қарай сөйлеу техникасы үш компоненттен құралады: 1) дыбыстау (дикция); 2) тыныстау; 3) дауыстау.

Дыбыстау (дикция). Дұрыс дыбыстау дегеніміз әрбір дауысты және дауыссыз дыбыстарды таза әрі анық естілетіндей нық айту. Дыбыстау мынадай жағдайларда бұзылады: 1) дауысты не дауыссыз дыбыстарды анық айтпағанда; 2) тілде қандай да ақаулар болғанда (сақаулық және т.б.); 3) тым бос, баяу сөйлегенде; 4) немесе керісінше тым жылдам, асығыс сөйлегенде; 5) сөздердің басын не соның жұтып қойғанда және т.б.

Дұрыс дыбыстауды қалыптастыру үшін сөйлеу аппаратын үнемі жаттықтырып, кез келген дыбысты айта алатындай сөйлеу мүшелерінің икемділігін арттырып отыру керек. Мұндай жаттықтырудың нәтижесінде ауыз қуысының бұлшық еттерінің қозғалғыштық қасиеті артып, сөйлеушінің ырқына бейім тұрып, кез келген дыбысты еш бір қиындықсыз, артық күшсіз айтуға икемделеді. Бұлай жаттыққан адамның сөзінде тек қана дауыстылар мен дауыссыздардың айтылуы анық, таза болып қоймайды, сонымен бірге тұтас фразалары да құлаққа табиғи түрде айқын естілетін болады. Жаттығуларды орындау барысында әрбір буынды, сөздерді айқаймен айтып немесе «декламациялаудың» қажеті жоқ, сөздер еркін табиғи түрде өздері көрсетіп тұрған мағынада бейтарап күйде, бірақ анық әрі нық айтылу керек. Сонымен бірге сөзді «әндетіп» буындардың барлығын бір сарынды созып айтудың да басы артық.

1-тапсырма. *Қазақ тіліндегі 9 дауысты дыбысты 19 дауыссыздың барлығымен мына үлгі бойынша тіркестіріп дауыстыны созбай, санамалау интонациясымен айтып шығыңыз.*

А, Ә, О, Ө, Ы, І, Ұ, Ү, Е;

Б, Г, Ғ, Д, Ж, З, Й, К, Қ, Л, М, Н, Ң, П, Р, С, Т, У, Ш

үлгі: БА, БӘ, БО, БӨ, БЫ, БІ, БҰ, БҮ, БЕ

2-тапсырма. *Төменде берілген жаңылтпаштарды тез әрі анық айтуға жаттығыңыз. Ол үшін алдымен жаңылтпашты баяу қарқынмен, әрбір сөзіндегі дыбыстарын анық айтып шығуға дағдылану керек. Дағдыланып алғаннан кейін жылдамдықты үдетсеңіз де жаңылыспайтын боласыз.*

Жаңылтпаштар:

1) Асат атам ас асатар,

- Асасатса, аз асатар.
- 2) Лайдың лайына ластанба.
 - 3) Ор, Ораз!
Ораз, ор!
Оз, Ораз!
Ораз, оз!
Ора, Ораз!
Ораз, Ора!
Ораз озар.
Ораз орар.
Аз озар.
Аз орар.
 - 4) Тары-азық, қазы-азық,
Нан азыққа қазық.
 - 5) Қарт, асқа қараңыз!
Қарақас, қонаққа қазан ас!
Қазан қара қоста,
Қарақас қонаққа қазан асқан.
Қонақта қосар ат.
Аттар отта.
Қонақ қоста тоқ.
Аттар отта тоқ.

Тыныстау. Тыныстау әдетте автоматты, бейсана түрде жүзеге асады. Ал қандайда бір дыбыстау (сөйлеу, ән айту) кезінде ол саналы түрде орындалады. Осындай саналы түрде жүзеге асатын тыныстау адам баласының сөйлеуі үшін аса маңызды фактор, себебі мұндай тыныстау дыбыстардың жасалуының негізгі энергия көзі болып табылады. Адамның үнсіз тұрған кезіндегі тыныстау ырғағы мен сөйлеп тұрған кезіндегі тыныстау ырғағы арасында біршама айырмашылық бар. Алғашқы жағдайда адам бірден демін ішке тартып, оны шығарады, сонан кейін пауза жасалады. Ал сөйлеу кезінде демді ішке тарту жылдам, сыртқа шығару баяу өтеді. Осы ерекшелігіне байланысты сөйлеу кезіндегі тыныстауды фонациялық тыныстау деп атайды. **Ф о н а ц и я л ы қ т ы н ы с т а у** кезінде өкпеден келген ауаның кинетикалық энергиясы артикуляциялық энергияға айналып сөз күйінде сыртқа шығады.

Ғалымдардың көбі сөз неғұрлым анық айтылуы үшін диафрагманың жиырылуы мен астыңғы қабырғалардың кеңуі арқылы жүзеге асатын қабырға-диафрагмалық (көкет) тыныстау дұрыс деп санайды. Дегенмен мұндай тыныстау кезінде ауаны өкпеге артық алып қоюдың қаупі бар, бұл, біріншіден, сөздің айтылу әуенін, екіншіден, тыныстау ырғағын бұзады. Сондықтан сөйлеу мен тыныстау операцияларын үйлестіре білу керек, яғни сөйлеу процесінде жеке дыбыс та, тыныс та болмай, олар үйлесіп, **дыбысталған тыныс** болатынын есте сақтаған жөн.

Сонымен, фонациялық тыныстауда денені тік қалыпта ұстап, иықты сәл артқа керіп, ішті тартыңқырап, мойын бұшық еттерін бос ұстауды, сондай-ақ ауаны өкпеге мұрын арқылы алып, сыртқа ауызбен шығаруды есте сақтау керек.

Дауыстау (голосоведение). Әдетте шет тілін үйренушілерге сөйлеу техникасын меңгеруде дыбыстау мен тыныстауға қатысты жаттығулардан кейін дауыстауды үйретеді. Себебі тіл дыбыстарының жасалым (артикуляция) базасы мен тыныстау процесін үйлестіре алғанда ғана дауысты басқара білудің дағдысын қалыптастырға болады. Дұрыс дауыстау дегеніміз сөйлеу барысындағы дауыс ағымын мейлінше табиғи естілетіндей етіп, оның физикалық сипатын (дауыс көлемі, күші, қаттылығын) әр түрлі сөйлеу мақсатына қарай түрлендіре алу.

Ауызша сөйлеудің кәсіби шеберлігінің бірінші талабы дауысқа қатысты болып табылады. Журналист немесе диктор дауысының диапазоны кең, әуенді, әуезі қою, қаттылығы жоғары, құбылуға икемді болып, әрі қанша салмақ түссе де, үзілмей жеңіл күйін сақтау керек. Бұл үшін дауыстау дағдысын қалыптастырып, дамыту жаттығуларын жасап отыру керек. Дауыстаудың құлаққа жағымды әрі әсерлі болуы оның диапазоны, регистрі мен икемдігіне (гибкость) байланысты.

Д а у ы с д и а п а з о н ы қарапайым түсінік бойынша әуеннің кеңдігін білдіреді. Диапазон неғұрлым кең болса және бұл қасиет сөйлеу барысында толық сақталып тұрса, соғұрлым ауызша сөздің құлаққа естілуі әуенді, жағымды болады. Әдетте қарапайым сөз бен әндетіп айтылған сөздің диапазондары әр түрлі, әндетіп айтылған сөздің диапазоны кеңірек болады. Дауыс диапазоны дұрыс жолға қойылған диктордың сөзі ән сияқты естіліп, тыңдарманды жалықтырмайды.

Дауыс диапазонын дамытудың түрлі жаттығулары бар. Олардың ішіндегі қарапайым түрі алдымен бір октаваға көтеріліп, сонан соң бір октаваға төмендеп айтылатын әр түрлі буындарды әндетіп айту.

1-тапсырма. *Ауаны ішке алып, берілген буындарды бір сарынмен әндетіп, екінші рет қайталағанда, дауысты сәл (жарты тонға) жоғарылатып айтып шыққан дұрыс. Осылай әр бір қайталағанда жарты тонға дауысты жоғарылата отырып, 6 рет жаттығыңыз.*

MIM, MƏM, MYM, MӨM

MIM, MEM, MƏM, MYM, MӨM

MIM, MEM, MƏM, MYM, MӨM, MYM, MӨM, MOM, MAM

2-тапсырма. *Өзіңізге ұнаған 2 шумақ өлең жолдарының әрбір тармағында дауыс диапазонын жарты тонға жоғарылатып, сонан соң жарты тонға бәсеңдетіп айтып шығыңыз.*

Жоғарыдағы диапазонға қатысты тапсырмаларды әннің инонациясымен де, сөйлеудің интонациясымен де орындаған дұрыс. Орындау барысында дауыс қаттылығы мен әуезді (тембр) барлық буындарда біркелкі сақтап, сөйлеу кезіндегі дауыстың үш регистрін анықтай білу керек.

Дауыс регистрі – бір дыбыстау механизмінде жасалған диапазондағы біртекті дыбыстар қатары. Регистрдің белгілі үш түрі бар: жоғары, төмен, аралас.

Жоғары регистрде дауыс толқындары бастың қуыстарында (резонаторда) тербеледі де дауыс диапазонының жоғарғы бөліктерін құрайды.

Төмен регистрде дауыс толқындары кеуде қуыстарында (резонаторда) тербеледі де дауыс диапазонының төменгі бөліктерін құрайды.

Аралас регистр орта диапазондағы дыбыстардан құралып, аралас резонаторлы болып келеді.

Сөздің әуезділігін дауысты дыбыстар жасайды, оларды айтқанда дауыс бірде көтеріліп, бірде бәсеңдеп, дауыссыздармен тіркескендегі айтылымында дауыс бірде қоюланып, бірде көмескіленіп, «кілемге түскен түрдей» жалпы сөз ағымы әуенінің суреті сызылады. Сондықтан да сөз ағымындағы дауыссыз дыбыстарды еркін, ашық айтуға тырысу керек. Бұндайда жоғары және төмен регистрдегі дыбыстаудан біртіндеп ауысып, дауыс ағымын үзіп алмау құлаққа жағымды естіледі. Бұған жаттығудың қарапайым тәсілдері төмендегі тапсырмаларда берілді.

1-тапсырма. *Мына буындардың бастапқыларындағы дауыстыны бәсең дауыспен айтып бастап, соңғыларында дауысты бірте-бірте қатты шығарып айтып үйреніңіз. Екінші рет айтқанда керісінше бастапқы буындардағы дауыстыларды қатты айтып, бірте-бірте, бірқалыпты қарқынмен дауысты бәсеңдетіп айтып үйреніңіз.*

а) НҰ, НЫ, НА, НО, НЕ,

НҮ, НИ, НӘ, НӨ, НЕ

ә) ЛҰ, ЛЫ, ЛА, ЛО, ЛЕ

ЛҮ, ЛИ, ЛӘ, ЛӨ, ЛЕ

2-тапсырма. *Мына буындардағы дауысты дыбыстарды төмен регистрден бастап, күрт өзгертпей баяулап бірте-бірте жоғарылата отырып, жоғары регистрде айтып аяқтау керек.*

АУ, ҰУ, ӘУ, ҮУ, ОУ, БУ, ӨУ, ІУ, ЕУ

АЙ, ҰЙ, ӘЙ, ҮЙ, ОЙ, БЙ, ӨЙ, ІЙ, ЕЙ

АЛ, ҰЛ, ӘЛ, ҮЛ, ОЛ, БЛ, ӨЛ, ІЛ, ЕЛ

3-тапсырма. *Дауысты дыбыстарды алдымен жоғары регистрде солғын, орташа, қатты дауыспен, сонан соң төменгі регистрде солғын, орташа, қатты дауыспен араларын үзбей, созып айтып шығыңыз.*

А, Ә, О, Е, Ы, І, Ұ, Ү

4.7 Сөз ағымы және оның бірліктері

Сөз ағымы және оның мүшеленуі. Адамның сөзі дыбыстардан құралады, ал дыбыстың физикалық табиғаты – толқын. Ауыздан шыққан сөз (речь) белгілі бір заңдылықтар бойынша ұйымдасқан, қандай да бір жиіліктегі толқыннан тұрады. Сондықтан да бейтаныс тілді естігенде ондағы жеке-жеке сөздерді бөліп алып ажырату мүмкін емес, себебі олар бір бірімен байланысып, бірге өрнектеліп тұтасып жатады. Тыңдаушы үшін сөз

ағымындағы сөздердің, сөз тіркестері мен сөйлемдердің жігін ажырату, олардың мағыналарын түсінбесе, қиынға түседі.

Ал сөйлем ішіндегі жеке сөздердің, жалпы сөйлемнің мағынасын түсіну үшін ең алдымен сөйлеуші мен тыңдаушы тілді дұрыс меңгерген болу керек. Бұның дәлелі ретінде бейтаныс тілдегі сөзді тыңдағандағы әсерді келтіруге болады. Сөздердің мағынасын білмеген соң, ондағы сөйлемдер мен сөздердің жігі айқын байқалмайды. Ал қандай да бір жіктің бар екенін байқағанның өзінде де, ол жеке сөз бе, жоқ әлде ұйымдасқан бірнеше сөздің тіркесі ме – аңғару мүмкін емес. Мысалы, *[йендіжаңабір/ апталықнаслымды/ шығарууісімен/ айналысабастадым]* сөйлеміндегі сөз тіркестерінің ара жігі көрсетілген. Егер тыңдаушы қазақ тілінен бейхабар болса, бұл сөйлемдегі жіктелген сөз тіркестерінің бірнеше сөзден тұратынын аңғармайды. Ал тілді жетік білетін болса, олардың ара жігін, әрбір сөзді айырып, басқа сөздермен байланыстыра сөйлем мағынасын дұрыс түсінеді.

Сонымен, сөздердің ағымдағы топтарын, олардың қалай құралғанын айырудың ең басты шарты – тілді білу. Екінші шарт – сөз ағымын дұрыс мүшелеудің заңдылықтарын білу. Егер олай болмаса, сөздердің топтасуы, соған қарай сөйлемнің мағынасы да өзгеріп кетуі мүмкін. Мысалы, Ол бала мектеп оқушысы емес сөйлемі құрамындағы сөздерді әр түрлі топтарға бөліп айтуға болады. 1) *Ол // бала// мектеп оқушысы емес.* 2) *Ол бала // мектеп оқушысы емес.* Бірінші жағдайда *Ол* есімдігі бастауыш қызметін, екінші жағдайда анықтауыш қызметін ақарады. Есімдік қызметінің өзгеруі сөз ағымын екі түрлі мүшелеумен байланысты. Демек тілде бастауыш міндетті түрде жеке топ болып, ал анықтауыш өзі анықтап тұрған сөзбен бірігіп бір топ құрап тұрады екен.

Сөз ағымын мүшелеудің заңдылықтары қандай деген сұраққа жауап іздеген ғалымдардың көбі оның тілдегі бірліктерге (сөзге, сөз тіркестеріне) сүйене бермейтінін, мұндайда тыныстау заңдылықтарының да қосылатынын аңғарған. Сөздердің сөз ағымында белгілі бір топтарға бірігуі ырғаққа байланысты болады. Бұл әсіресе өлең жолдарында қатаң сақталады. Прозалық сөзде де ырғақ болады. Ырғақ дегеніміз белгілі бір буын санының бірдей уақыт аралығында қайталанып отыруы. Бірақ кез келген сөздер бірігіп, бір ырғақты топ құрай бермейді, екі сөздің басы бірігіп, бір ырғақпен айтылуы үшін олардың арасында мағыналық байланыс болу керек. Мысалы, *Соңғы кездері / тың серпіліспен /жұмыс істей бастаған / «Қазақстан» / ұлттық телеарнасының ұжымына / көрермен қауымының / дән риза екені / белгілі* сөйлемінде 8 ырғақты топ бар:

- 1) *соңғы кездері*
- 2) *тың серпіліспен*
- 3) *жұмыс істей бастаған*
- 4) *«Қазақстан»*
- 5) *ұлттық телеарнасының ұжымына*
- 6) *көрермен қауымының*
- 7) *дән риза екені*

8) *белгілі*. Егер олардың ара жігін бұзсақ, сөйлем түсіну үшін қиындап кетеді. *Соңғы / кездері тың / серпіліспен жұмыс / істей бастаған / «Қазақстан» ұлттық / телеарнасының / ұжымына көрермен / қауымының дән / риза екені белгілі*. Сонымен, сөз ағымындағы ырғақты топтардың айтылуға икемді болуы үшін буын саны шектеулі болады, әрі олардың құрамындағы сөздер бір-бірімен қандай да бір (анықтағыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық және т.б.) қатынаста тұрып бір әуен өрнегімен үздіксіз айтылады.

Сөз ағымы бірліктері және екпін. Сөз ағымының мүшеленуі мағынаға да, тыныстаудың заңдылықтарына да бағынышты болатыны белгілі, келесі кезекте «оның қандай бірліктері болады?» деген сұрақ туындайды. Сөз ағымындағы бірліктер тілдің бірліктерімен (жеке дыбыс, жеке сөз, сөз тіркесі, сөйлем) үнемі сәйкес келе бермейді екен. Демек, жеке-жеке дыбыстарды айтпаймыз, олардың басқа дыбыстармен тұтастығын айтамыз, жеке-жеке сөздерді айту шарт емес, кейде оларды басқа сөздермен біріктіріп, бір деммен айтады екенбіз, жеке-жеке сөз тіркестерінің барлығын айырып жату да сөйлеуде міндетті емес екен, кейде оларды да біріктіріп араларына кідіріс салмай айта алады екенбіз. Ал сөйлемге келетін болсақ, сөйлемді міндетті түрде бірнеше сөздердің жиынтығы деп түсіну үнемі орындалатын заңдылық емес екен. Кейде ауызша сөзде бір ғана сөз немесе бір ғана дыбыс сөйлемнің айтылу заңдылығымен аяқталған ойды білдіретін дауыс сарынымен беріледі екен. Мысалы, « – *Естимісің?*

– *А?*

– *Естимісің деймін»* деген ауызша сөздегі диалогте екінші сұраулы сөйлем бір ғана дыбыспен, *А* одағайымен берілген. Бірақ ол жеке дыбыс сияқты емес, тұтас сұраулы сөйлем интонациясымен айтылады. *Сен маған не дедің?* деген толық сөйлем сияқты дауыс сарынымен беріледі. Жоғарыда айтылғандардың негізінде ауызша сөз ағымының өз бірліктері, тілдің өз бірліктері болатыны байқалады. Дегенмен олардың арасында ешқандай байланыс жоқ деуге болмайды. Сөз ағымының бірліктері тілдің бірліктердің материалынан жасалып құрылады. Сонымен айтылған сөз ішінде белгілі бір заңдылықтар бойынша ерекшеленіп, өздерінен жоғары деңгейдегі топтардың құрамына еніп, өздерінен төменгі деңгейдегі бірліктерден топталып құралып, ауызша сөздің заңдылықтары бойынша ұйымдасып тұратын сөз ағымы бірліктері мынадай екен:

1) *бунақты топ немесе фонетикалық сөз*

2) *ырғақты топ*

3) *синтагма*

4) *сөйлем*

Бұларды осылай ажыратуға негіз болатын сөйлеу құбылысы – екпін және ішінара пауза. Басқаша айтсақ, сөз ағымында *бунақты топ, ырғақты топ пен синтагманы, сөйлемді* ажыратып, олардың құрамындағы сөз бөліктерін ұйымдастырып тұратын белгі – екпін. Ал сөз ағымында осы топтардың бір-бірімен байланыстырып, олардың арасындағы қатынасты

көрсететін сөйлеу құралдары әуен, қарқын, кідіріс, дауыс қаттылығы (интенсивтілік).

Екпін дегеніміз не? **Е к п і н** дегеніміз қарапайым тілмен айтқанда, сөз бөлігіндегі бір буынның дауыс құралдары арқылы ерекшеленуі. Мысалы, *Кеш жарық, құрметті әнсүйер тыңдарман!* деген сөйлемдегі *кеш жарық* және *құрметті әнсүйер тыңдарман* бөліктері кідіріс арқылы жіктеліп, жеке-жеке топ болып айтылады да, олардың ішіндегі соңғы буындары басқаларына қарағанда **қаттырақ, ұзағырақ** естіледі, екпін түскен буынның әуені де **жоғары** болады. Қазақ тіліндегі екпін тұрақты түрде сөздің, сөз бөлігінің соңғы немесе соңғының алдыңғы буындарына түседі. Дегенмен екпіннің алғашқы буынға түсетін тұстары да болады. Бұл мағына ажырату мақсатымен байланысты. Мысалы, [a]лма (тыйым), алм[a] (жеміс), б[a]сна (тыйым), басп[a] (мекеме), к[ө]рме (тыйым), көрм[e] (орын). Екпін түскен буын өзінің айналасына басқа буындарды ұйытып, бастарын біріктіріп тұрады. Осылай айтылғанда бұл буындар сөз ағымының бір тобын құрайтынынан ақпарат беріліп, тыңдаушыға сөйлемнің мағынасын түсіну үшін қолайлы жағдай жасалады. Бұлай болмаса, яғни сөз ағымы бірліктерге дұрыс мүшеленбесе, ешбір буын екпінсіз берілсе, сөйлемнің мазмұны, мақсаты көмескіленеді. Мысалы, осы сөйлемді ешқандай топтарға жіктемей, яғни әрбір топты жеке-жеке екпінсіз, тек сөйлем соңына ғана екпін түсіріп бір деммен *кешшарыққұрмөттәнсүөрттыңдарман* деп, болмаса әрбір сөзін жеке-жеке бөліп, яғни әр қайсысын жеке екпінмен айтсақ: *кеш // жарық // құрмөтті // әнсүйөр // тыңдарман*, сәлемдесудің әсері төмендейді, себебі бұлай болғанда осы сөйлемдегі сәлемдесу (*кеш жарық*) мен қаратпаның (*құрметті әнсүйер тыңдарман*) ара жігі байқалмай қалады.

Әр сөз ағымы бірлігінің ерекшелеушісі екпін болатынын білдік. Ал осы бірліктерді бір-бірінен қалай ажыратамыз, олардың бір-біріне қатысы қандай деген сұраққа жауап берейік. Сөз ағымының синтагма және сөйлем сияқты бірліктері бір-бірінен дауыс кідірісі (пауза) арқылы бөлініп тұрады, сонымен бірге олардың әр қайсысы өзінше (бірі сұрау, екіншісі хабарлау, бірі – тиянақсыз, екіншісі тиянақты және т.б.) интонациямен айтылады. Ал сөз ағымының бунақты топ, ырғақты топ сияқты бірліктері осы жоғары деңгейдегі бірліктерді құраушы элементтер болып табылады. Оларсыз синтагма мен сөйлем құралмайды. Сондықтан да бунақты топтар мен ырғақты топтарда мағыналық әуен, яғни интонация байқалмайды, олар сөз ағымында екпіннің ұйымдастыруымен құрылады. Яғни бунақты топтар мен ырғақты топтардың құрамындағы бір буын ерекше дауыс сазымен айтылып, басқа буындарды өзінің айналасына ұйытып тұрады. Мысалы, *Қырғызстан Президенті Асқар Ақаев – алтыста. Мамандығы физик Асқар Ақаев Ленинградтың нақты механика және оптика институтын тәмамдап кейін осы жерде ғылым кандидаты болды* деген жаңалықтар мәтінінің үзіндісін диктордың айтылуы бойынша белгілесек былай болады (мәтіндегі шет тілінен енген сөздер жазылуы бойынша берілді).

¹Қырғызстан:н ²президенті.: / ³Асқа:р ⁴Ақа:::ев // алтыста::: ///

¹Мамандығы: \sim ²фи::зик / ³Асқа:р \sim Ақа::ев // Ленинградты::ң / на:қты \sim меха::ника / жә:не \sim о::птика \sim ¹⁰институты:н \sim ¹¹тәмамда::н // ¹²кейі::н / ¹³осұ: \sim жерде:: / зылы:м \sim кандидаты: \sim болдұ::: // (50 бет)

Мұнда [:] (созылыңқылық) таңбасымен **бунақты топтардың**, екпін түскен буынын таңбалады. Әдетте бунақты топтар лексикалық бір сөзден немесе барлық буын саны үшеу болатын сөз тіркесінен, біріккен сөзден тұрады (мысалы, *боз жорға* – [б^ож^жжор^{ға}:], *қан қызыл* – [қа^ңзы^ы:л], *бойтұмар* – [бой^тұ^{ма}:р] және т.б). Сондықтан осы ұғымды фонетикалық сөз деп атамай, бунақты, яғни екпінді топ түрінде көрсетуді жөн санадық. Мысалға алынған мәтін үзіндісінің бірінші сөйлемінде 5 топ, екінші сөйлемде – 17 бунақты топ бар.

Ал сөз ағымындағы **ырғақты топтарын** құрайтын сөз бөліктерінің басы \sim «доға» таңбасымен біріктірілді де, олар өзара / «таяқша» таңбасымен ажыратылды. Ырғақты топтың екпіні бунақты топ екпініне қарағанда сәл де болса жоғары шамалармен ерекшеленеді. Сондықтан біз ырғақты екпінді [::] таңбасымен көрсеттік, сонымен бірге ырғақты топтар кейде бір, кейде бірнеше бунақты топтардан құралуы мүмкін, демек олардағы буын саны үштен артық болады. Мәтіндегі бірінші сөйлемді – 3, екінші сөйлемде – 8 ырғақты топ бар.

Бунақты топтар мен ырғақты топтардың ара жігі бір-бірінен екпін түскен буын арқылы немесе әуеннің сынуы, яғни көтеріліп, күрт төменнен басталуы, сондай-ақ төмендеп күрт көтерілуі арқылы ажыратылады, бірақ олардың ара жігінде дауыс үзілмейді, яғни кідіріс болмайды.

Ал сөз ағымының синтагма, сөйлем сияқты бөліктерінің ара жігін бір-бірінен дауыстың үзілуі-кідіріс арқылы айқындалады. Мысалда синтагмалар ара жігі // «қос таяқша» таңбасымен көрсетілді. Демек **синтагма** кідіріс арқылы бөлінген, синтагмалық екпін арқылы (таңбасы – [::]) ұйымдасқан сөз ағымының бөлігі. Бұл жерде айта кететін жайт кідіріспен бөлінген сөз бөлігінің барлығын синтагма деуге болмайды. Себебі сөйлеуші кейде ұмытып қалған сөзін еске түсіру үшін де, кейде толғанысын білдіру үшін де кідіріс жасауы мүмкін. Сондықтан да синтагманы ажыратудың мағыналық жағы бар екенін еске саламыз. Мәселен, синтагма болу үшін сөз ағымы бөлігінде қандай да бір мағыналық көрініс болу керек. Синтагма біріккен сөздер сөйлемде бейнеленген тиянақты ойдың ақиқат өмірдегі көрінісінің бір қырын, бейнесін таңбалау керек, Мысалы, бірінші сөйлемдегі екі ырғақты топтан тұратын *Қырғызстан президенті Асқар Ақаев* және бір бунақты топтан тұратын алпыста синтагмалары тиянақты ойдың – объективті өмірдегі қандай да бір оқиғаның ақиқаттағы бір-бір көріністерін бейнелеп тұр. Бұлардың мазмұнында аяқталған ой болмағанымен, құбылыстың, тұлғаның, заттың бейнесі, сипаты, әрекеті көрініс табады.

Сонымен синтагма сөз ағымының мағыналық сипаты бар, сапалық жағынан жаңа деңгейдегі бірлігі екен. Синтагмалар бунақты топтар мен ырғақты топтардан құралып, құрамындағы буындары синтагмалық екпін түскен буын айналасында ұйымдасады екен. Сондай-ақ синтагмада қандай да бір интонация көрініс табады. Егер бунақты топтар мен ырғақты топтарда

интонация бірлігі айқын байқалмайтын болса, сөз ағымындағы синтагмалар белгілі бір интонациямен айтылады, яғни олар не тиянақты, не тиянақсыз, оның ішінде сұраулы, хабарлы, санамалау, лепті, қыстырма сөз, қаратпа сөз интонацияларының бірімен айтылады. Мысалдағы мәтіннің бірінші сөйлемі – 2, екінші сөйлемі – 3 синтагмадан құралған.

Енді сөз ағымының үлкен бөлігі **сөйлемге** көшейік. Сөйлем жоғарыда айтылған барлық сөз бөліктерінен құрала алады. Сөйлемнің басты белгісі сөйлем екпіні (таңбасы – [:::]). Ғылыми әдебиеттерде оны фразалық екпін деп те атайды. Қазақ тілінде сөйлемнің соңғы буынына түскен фразалық екпін мен сөйлем соңындағы дауыстың тынуы – кідіріс бір сөйлемнің ара жігін екіншісінен айырып тұрады. Фразалық екпін сөйлемнің соңғы буындарына түседі. Бірақ оның сандық көрсеткіштері басқа екпіндерден күштірек болады. Осылай ерекшелену арқылы фразалық екпін түскен буын тыңдаушыға қандай да бір тиянақты ойдың аяқталғанынан белгі беріп тұрады. Сөйлемдердің ара жігін /// – «үш таяқша» таңбасымен көрсетуіміздің себебі, олардың арасындағы кідірістің синтагмааралық паузадан көлемдірек болатынымен байланысты. Сөйлем тұтас ойды білдіргендіктен, оның өзіндік интонациясы болады. Ол қарым-қатынастың мақсатын білдіреді, яғни сөйлемнің хабарлы, сұраулы, бұйрықты әлде лепті мәнмен айтылғандығы сөйлем бойынан тұтастай көрінетін интонациядан байқалады. Сондай-ақ сөйлемнің өң бойынан ғана көрінетін мұндай интонацияда сөйлеушінің көңіл-күйі, айтылған ойы және сыйластық, салқын сыпайылық, енжарлық, мысқыл, ризашылық, құрмет, күдік, күмән, сенімсіздік, үгіт т.б. сияқты тыңдаушыға қатысы байқала алады.

Сөз ағымын мүшелеудегі ауытқулар. Жоғарыда айтылғандардың барлығы сөз ағымын мүшелеудің тілдік заңдылықтары. Осы заңдылықтар қолданыстағы сөзде, кейде тілдегі көріністеріне сәйкес келсе, кейде одан ауытқып жатады.

Басқаша айтсақ, сөйлеу барысында сөйлеуші сөйлемдерді үлкен кідіріс арқылы бөліп, күшті екпінмен мүшелейді де, оларды синтагмалар мен ырғақты топ, бунақты топтардан құрайды, ырғақты топтарды өз кезегінде орташа екпінмен ерекшелеп, бунақты топтардан құрайды деуге болады. Бірақ күнделікті сөйлеу барысында (ресми, бейресми) қандай жағдайда болмасын, сөз иесі осы қалыпты өзгертпей қолданбайды, сөздің мақсатына, көңіл-күйіне, тыңдаушымен қарым-қатынасының, жеке басының ерекшеліктеріне, сөйлеу жағдаятына қарай аталған нұсқа өзгеріп отырады, яғни сөйлем кейде бір сөзден жасалады, тіпті ол сөз бір буынды болуы да мүмкін, сонда оның айтылуы тиянақты сөйлем интонациясымен, фразалық екпінмен ерекшеленетін болады. Ал кейде тілдегі тиянақсыз тұлға (аяқталмаған сөйлем, сөз тіркесі, жеке сөз), бунақты топ немесе ырғақты топ түрінде емес, аяқталған ойды білдіретін сөйлем түрінде өрнектеліп, белгілі бір коммуникативтік мақсатта жұмсауы мүмкін. Мысалы: эфирдегі диалогтен үзінді: *Студенттік кезіңіз туралы айттыңыз. Ия.* Мұнда жүргізушінің екінші сөйлемі бір ғана ия сөзінен тұрады да, ол тек мақұлдауды емес, әңгіменің жалғасын сұрауды да білдіретін тиянақсыз интонациямен

өрнектелген. Бұл жерде тілдегі сөйлемнің қалпынан **у ә ж д і а у ы т қ у** жасалған, яғни тыңдарман үшін де, сұхбат иелері үшін де мағынаның көмескіленген, түсініксіз болған жайы жоқ.

Ал қалыптан **у ә ж с і з а у ы т қ у** болады. Бұл сөз иелерінің сөзді дұрыс мүшелей алмауынан, не болмаса сөйлеу физиологиясындағы жүре пайда болған, сондай-ақ туа біткен кемшіліктермен байланысты болады. Бұлардың алғашқысы ауызша сөздің мамандары үшін кәсіби қате болып саналады. Мәселен, кейде сөйлем аяқталмаған жерде оны тиянақты интонациямен айтып, ойды үзіп тастайтын мысалдар кездесіп қалады. Бұл қабылдауды қиындатады, әрі коммуникацияның мақсатына жетуде кедергі тудырады. Мысалы, *Қазан айының бірінен бастап «Менің қарттарым» атты республикалық жастар әлеуметтік акциясы өтіп жатыр. Аталмыш акция бірнеше кезеңдерден тұрады. Атап айтқанда, зейнеткерлердің тұрғын үйлерін жөндеу, отынын жару, бау-бақша жұмыстарына жәрдемдесу, медициналық көмек көрсету сияқты нақты іс-шараларды жүзеге асыру.* Осындағы соңғы сөйлемді аяқталмай жатып сияқты сөзінің алдында дауысты бәсеңдетіп тиянақты әуенмен жеке сөйленім екпінін түсіріп айтса, одан кейінгі бөлігінің мазмұны көмескіленіп қалады: **Атап айтқанда, зейнеткерлердің тұрғын үйлерін жөндеу, отынын жару, бау-бақша жұмыстарына жәрдемдесу, медициналық көмек көрсету::: / / / сияқты нақты іс-шаруаларды жүзеге асыру.** Себебі сөйлем аяқталмай жатып оның бір бөлігін кесіп тасталынады да, мағынаға нұсқан келеді. Бұған керісінше құбылыс та байқалады. Сөйлем аяқталып, ой тиянақталған тұста, оны тиянақсыз әуенмен айтып тыңдарманды ойдың жалғасы бар екеніне алаңдату да кездеседі. Мұндайда сияқты дикторлар тарапынан жіберілген сөз ағымын дұрыс мүшелемеуге байланысты уәжсіз ауытқулар олардың кәсіби біліктілігінің, дайындығының төмендігін көрсетеді.

Қорыта келгенде, сөз ағымы дұрыс мүшелееу ауызша сөзде жалпы ойды жеткізудің басты құралы екенін, сондай-ақ оның тілдік заңдылықтармен қатар сөйлеу заңдылықтарына да бағынышты екенін есте ұстаған жөн.

1-тапсырма. *Берілген мәтін үзіндісін бунақты топтар мен ырғақты топтарға жікпен, олардың санын анықтаңыздар.*

Тұрғынның дүниетанымы, талғамы мен таңдауы алдымен қаласының көшесінен, үйлері мен ғимараттарың бет-әлпетінен көрініс таппақ. Бұл өзі бір өзара сымсыз байланып жатқан тылсым дүние (Қаз.әдеб. №42, 2004).

2-тапсырма. *Жоғарыда (49-бетте) көрсетілген таңбаларды пайдалана отырып, берілген мәтіннің айтылу үлгісін қағазға түсіріңіз: сөз ағымы бірліктеріне бөліп, екпін түскен буындарды, паузаларды таңбалап көрсетіңіз.*

Таяуда Президенттік мәдениет орталығында белгілі мүсінші Шоқан Төлештің «Самғау» атты жеке көрмесі ашылды. Ердің жасы елуге толып отырған өнер өкілінің көрермен назарына ұсынған елу туындысы оның шеберлік шыңына нық сеніммен өрлеп келе жатқанының айғағындай (Қаз.әдеб. № 42, 2004).

Ой екпіні. Жоғарыда қазақ тілі ауызша сөзінің бірліктеріне тоқталдық. Олардың тілдік заңдылықтарға сәйкес қалай ұйымдасатыны белгілі болды. Егер қазақ мәтіннің ауызша үлгісінің ырғақты топтары мен синтагмаларына зер салып қарайтын болсақ, олардың мүшеленуінде өлең жолдарының бунаққа, тармаққа, шумаққа мүшеленуі сияқты белгілі бір тәртіптің, пропорцияның болатыны байқалады: бунақтан тармақ, тармақтан шумақ құралатыны сияқты бунақты топтан ырғақты топ, ырғақты топтан синтагма, синтагмадан фраза құралады. Осылай бір қалыпты ырғақпен айтылған қара сөз өрнегінің бойында ерекше мәндермен көрініп, басқаларының айтылу сарынымен салыстырғанда өзіндік дауыс безендірілуі болатын сөздер кездесіп жатады. Бұл – сол сөздегі ақпаратқа тыңдаушының назарын аудартудың тәсілі. Сөз ағымындағы мұндай сөздерді ой екпіні даралап тұрады. Ой екпінінің басқа, жоғарыда аталған екпіндерден қызметі ерекше. Сөз ағымы топтарының екпіндері: бунақты, ырғақты топ екпіндері, синтагмалық, фразалық екпіндер сөз ағымындағы дауыс сазының жалпы өрнегін жасайтын бөліктерді ұйымдастырып тұрса, ой екпін сол өрнекте ерекше нақышқа ие болатын сөзді ұйымдастырып тұрады. Ауызша сөзде қаттырақ, әуендірек, баяуырақ, тіпті кейде кідіріспен бөлектеніп айтылған мұндай сөз ой желісін, сөйлеушінің баса көңіл бөлген ақпаратын білдіреді. Мысалы, Қостанай қаласында өткен театр фестивалі аяқталды сөйлемін ой екпінін түсіру арқылы мынадай бірнеше түрлі айтуға болады.

Қ о с т а н [а] й қаласында өткен / театр фестивалі аяқталды ///
(Алматы, Астана емес)

Қостанай қ а л а с ы н д [а] өткен / театр фестивалі аяқталды ///
(облысында, ауылында емес)

Қостанай қаласында ө т к [е] н / театр фестивалі аяқталды ///
(ұйымдастырылған, басталған емес)

Қостанай қаласында өткен / т е [а] т р фестивалі аяқталды /// (кино, ән емес)

Қостанай қаласында өткен / театр ф е с т и в а л [і] аяқталды ///
(байқау, жиын емес)

Қостанай қаласында өткен / театр фестивалі а я қ т а л д [ы] ///
(аяқталып қалды, жалғасты емес), мұнда ойдың түйінін білдіретін сөздер өз орнында тұрып, дауысты құбылту құралдары, яғни интонациялық тәсілдер арқылы ерекшеленген.

Ал ой екпіні түскен сөзді орын тәртібі арқылы ерекшелену тәсіліне оны баяндауышқа жақын қою жатады. Мысалы: *Студенттер биыл оқуға дайындықпен келді* сөйлеміндегі ой екпінімен айтылатын сөзді баяндауыштың жанына жақын қою арқылы сөйлемді әр түрлі мәнмен түрлендіруге болады:

Студенттер / биыл о қ у з а / дайындықпен келді ///

Биыл оқуға / с т у д е н т т е р / дайындықпен келді ///

Студенттер / оқуға б и ы л / дайындықпен келді ///

Дикторлар мен журналистер қолдарына берілген жазба мәтін мазмұнымен алдын ала танысып, оның астарын түсінбесе, сөйлемдердегі ой

екпінімен айтылатын өздерді бірден анықтай алмайды, себебі мәтіндегі ой желісі оның мазмұнынан, автордың айтылған ойға қатысынан туындап отырады. Сондай-ақ мұнда тыңдарман үшін маңызды болып саналатын ақпарат ескерілу керек. Диктор сөз ағымында жаңа ақпаратты ерекшелеп отырса, тыңдарман үшін мәтіннің түсініктілігі артады. Басқаша айтсақ сөйлемдегі жаңа ақпарат пен бұрыннан таныс ақпарат ауызша сөзде ажыратылып отыру керек. Мәселен, Алматы қаласының Бөлтірік Атыханұлы атындағы гимназиясының оқу ісінің меңгерушісі Ерік Қуатбекұлына қала әкімшілігі тарапынан марапаттау қағазы берілді. Ол он жылдан астам уақыт бойы өз қызметін ойдағыдай атқарып келеді деген сөйлемдердің алғашқысында Ерік Қуатбекұлы есімі ерекше айтылса, екінші сөйлемде сол есімнің жұмсалған ол есімдігін ерекшелеудің, яғни ой екпінімен айтудың басы артық, себебі бұл ақпарат тыңдарман үшін жаңалық емес, жаңалық – оның он жылдан астам уақыт бір қызметті атқарып келуінде, болмаса осы қызметті ойдағыдай атқаруында. Сондықтан екінші сөйлемде ой екпіні не он жылдан астам тіркесіне, не ойдағыдай сөзіне түсірілуі орынды.

Дикторлар мен журналистердің ой екпініне қатысты білімдерінің болмауына немесе осы білімдерді дұрыс пайдаланбауына байланысты эфирден кейде тыңдарманын елең еткізе қоймайтын, бедерсіз айтылған, бір сарынды сөз естіліп жатады. Мұны болдырмаудың ең тиімді жолы – қолға берілген мәтінмен алдын ала танысып, оның мазмұнын, мәнмәтінін (контекст), астарын түсіну, содан барып, маңызды сөздерін ерекшелеп айту. Ал ой екпіні түскен буынның қалай айтылатынымен келесі тараудан таныс боласыз.

1-тапсырма. *Кез келген мәтін үзіндісін алып, ондағы сөйлемдердің құрамындағы әр түрлі сөздерге ой екпінін түсіріп, түрліше мән беріп айтып көріңіз.*

2-тапсырма. *Берілген мәтін үзіндісінде қандай сөздерге ерекше назар аудартар едіңіз, яғни ой екпінін түсірер едіңіз?*

Жапырақ жүрек жас қайың!

Жанымды айырбастайын.

Сен адам бола бастасаң,

Мен қайың бола бастайын

Келісесің бе, жас қайың?

(Көрінер мүмкін кімге ерсі)

Өмірінді маған бір берші!

Дүрбелең мына дүниені

Адам көзімен бір көрші (М.Мақатаев).

4.8 Интонация

Егер сөйлеу техникасына қатысты тарауда ауызша сөздің физиологиялық сипаттамасы, оны артикуляциясы жағынан дұрыс дыбыстап, акустикалық қасиеттерін жақсартудың жаттығулары, ал сөз ағымын мүшелеуге қатысты тарауда сөз ағымын дұрыс бөлшектеп ұйымдастырудың жаттығулары берілсе, интонацияға қатысты тарауда белгілі бір ойды

білдіретін сөз бөлігінің тыңдаушыға түсінікті әрі әсерлі болатындай безендірілуінің, сөз ағымы арқылы бір ғана емес, әр түрлі мағыналарды жеткізудегі әуен, әуез, ұзақтылық пен қарқын, дауыс қаттылығы сияқты дауыс сипаттамаларының үйлесімді қызметі туралы айтылады.

Интонация дегеніміз не? Оның тілдегі маңызы қандай? Интонация кез келген сыртқа шыққан ойдың ауызша сөздегі, яғни дыбысталған тілдегі көрінісі. Интонациясыз айтылған сөздің мысалын табу қиын. Бұған әліппиді жаңа үйреніп жүрген баланың мәтін мазмұнын түсінбей, ежіктеп механикалық түрде оқығандағы сөзін ғана мысалға келтіруге болар еді. Кез келген сөйлем, мағыналық қатынаста тұрған сөз бөлігі дыбыстық жамылғысының үстінен түсетін қандай да бір дауыс сазымен айтылады. Онсыз сөйлем сөйлеушінің ойын, оның сол ойға, тыңдаушыға деген қатысын білдіре алмас еді. Бұл – интонацияның жалпы тіл-тілдегі маңызы. Ал оның ауызша сөз иесінің коммуникативтік мақсатын орындаушы бірден-бір құралы екенін ескерсек, журналистер мен дикторлар, теле-, радиобағдарлама жүргізушілерінің, мұғалімдер мен оқытушыларының, жалпы шаршы топ алдында сөйлеуші мамандардың кәсіби біліктілігі үшін интонация туралы ғылыми негізделген білімнің қаншалықты қажет екенін түсіну қиын емес.

Осы тұста интонацияның тіл білімінде арнайы зерттелуіне себеп болған мынадай негізгі мәселелерді айта кеткен жөн. Ғалымдар көпке дейін интонацияны субъективті, яғни жеке адамның ғана түсінігінде болатын, ортақ белгілері жоқ дауыс құбылысы деп қарап келген. Тек XVIII ғасырдан бастап оны қоғамдық санада ортақ белгілері, бір тіл иелеріне түсінікті ортақ бірліктері бар құбылыс ретінде танып, зерттеу нысанына алды. Мәселен, интонация субъективті құбылыс болса, бір тілде сөйлейтін ортада тіл иелері бір-бірінің сөзін, сөзінің астарын, көңіл-күйін түсінбеген болар еді. Ал тіпті бір тіл иелері түгіл басқа тілді өкілдің сөзінен, мағынасын түсінбесек те, оның қандай сезімде (бейтарап, көтеріңкі, ашулы, қуанышты және т.б.), қандай мақсатта (хабарлау, сұрау, леп білдіру) сөйлеп тұрғанын интонация арқылы аңғара аламыз. Мұның себебі неде? Себебі интонацияның субъективті емес, объективті, тіл иелеріне ортақ құбылыс екендігінде жатыр. Неліктен біз шебер сөйлейтін шешеннің сөзіне таңданамыз: ол өз тарапынан сөйлеудің, дыбыстаудың, әуендеудің жаңа бір түрін ойлап тапқан жоқ қой, ол бәрімізге бұрыннан белгілі дыбыстау, дауыстау құралдарын шебер пайдалана алды емес пе? Егер ол тілдегі бар құралдарды қолданбаған болса, оның ауызша сөзі жұртшылыққа түсінікті болып, әсерін тигізе алар ма еді? Әрине, шешен барлығымыздың санамызға ортақ болып келетін қазақ тілінің интонациялық бірліктер жиынтығын үйлесімді, әрі орынды пайдалана білді, өз тарапынан көркемдеу тәсілдерін қоспаса, жаңадан ойлап тапқан тілдік бірлік жоқ. Осындай жайттардың негізінде ғалымдар тіл-тілдердің интонациялық құрылысын зерттеп, олардың бірліктерінің санын, қызметі мен өзіндік ерекшеліктерін анықтады.

Қай тілдің болмасын интонациясының мынадай негізгі компоненттері бар: **әуен** (мелодика), **дауыс қаттылығы** (интенсивтілік), **дауыс ұзақтылығы**, **сөйлеу қарқыны** (темп), **кідіріс** (пауза), **әуез** (тембр).

Бұлардың жиынтығы, сол жиынтықтағы түрлі қатынасы тіл-тілдердегі интонацияның өзіндік сипатын көрсетеді [88]. Мәселен, қазақ тілінің интонациясында **әуен** басты қызмет атқарса, одан кейінгі маңызды компонент **ұзақтылық**, яғни **буын созылыңқылығы** болып табылады. Бұлардың әр қайсысының өзгерістері сөз ағымында түрлі мағыналық реңктерді беріп, айтылмақ ойдың, сол ойға қатысты сөйлеушінің көзқарасы мен оның эмоциясын жеткізуге қызмет етеді. Олардың әр қайсысына жеке-жеке тоқталайық.

Әуен. Әуен интонацияның басты компоненті. Онсыз ауызша сөздегі ешбір сөйлем тиянақты ойды білдіре алмайды. Ғылыми анықтамаға жүгінетін болсақ, әуен деп дауыс толқындарының тербеліс жиілігін айтамыз.

Әуен барлық тілдердің интонациясында маңызды қызмет атқарушы компонент болып табылады. Тек қытай, вьетнам сияқты әуенді (тоналды) тілдерде ғана оның интонациялық қызметі көмескі, себебі бұл тілдерде әуен ең алдымен сөздердің мағынасын ашуға қатысады, мәселен, қытай тіліндегі бір ғана ма буын – сөзін түрлі әуенмен айтқанда оның мағынасы өзгеріп отырады. Ал түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілінде әуен:

- 1) сөз ағымындағы синтагмаларды ажырату, яғни сөз ағымын мағынасы жағынан қандай да бір ақпарат бөлігін жеткізетін топтарға жіктеу;
- 2) коммуникативтік (хабарлы, сұраулы, лепті) мақсатын ажырату;
- 3) сөйлемнің аяқталған, аяқталмағандығын белгілеу;
- 4) синтагмалар арасындағы қатынастың түрлерін (санамалау, қарсылықты

және т.б.) анықтайды. Бұл жерде ескерте кететін маңызды бір жайт, осы қызметтерді әуеннің басқа да интонация компоненттерімен бірге атқаратындығымен байланысты. Мысалы, сөз ағымын синтагмаларға мүшелеуге әуенмен бірге кідіріс, екпін де қатысады, ал ойдың аяқталғандығын әуе сызығының төмендеуімен бірге дауыс қаттылығының (интенсивтілігінің) бәсеңдеуі де белгілеп отырады. Сонымен, әуеннің көрсетілген қызметтеріне жеке-жеке тоқталып өтейік.

1) Синтагма – сөз ағымындағы қандай да бір ақпарат бөліктерін жеткізетін сөз топтарының мағыналық жағынан да, тыныстау жағынан да тұтасқан бірлік екені алдыңғы тараулардан белгілі. Сөз ағымында тыңдаушы үшін қажетті ақпарат осы топтардың бір-біріне қатысы арқылы беріледі. Ақпаратты жеткізетін сөздер, олардың мағыналары. Дегенмен егер осы сөздер сөйлеу барысында дұрыс топтасып, ұйымдасып, тиісті әуенмен өрнектелмесе, олардың мағыналары көмескіленеді, тіпті бұрмаланып кетуі де мүмкін. Синтагмаларға жіктеу тек әуен арқылы жүзеге аспайды. Бұл жерде кідірістің де қызметі зор. Яғни синтагмалар бір-бірінен кідіріс арқылы бөлінеді де, өзіндік әуен контурымен ерекшеленеді. Мысалы:

→ → →
Балғын жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар берді /// және

→ → →
Балғын // жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар берді /// деген екі сөйлем екі түрлі айтылған. Алғашқы сөйлемде бір, соңғы сөйлемде – екі синтагма бар.

Олар сөйлем ішінде кідіріс арқылы бөлініп қоймай, сөйлемнің әр қайсысы өзіндік әуенмен айтылған. Бірінші сөйлемдегі синтагма тиянақты әуенмен айтылған. Ал екінші сөйлемдегі алғашқы синтагма тиянақсыз, соңғы синтагма – тиянақты әуенмен айтылған. Әуеннің осындай құбылуы тыңдаушының есту, қабылдауына әсер етіп, сөйлем мазмұнын дұрыс түсінуге көмектеседі. Бір синтагмадан тұратын бірінші сөйлемнің тиянақты әуенмен айтылуы балғын сөзінің анықтауыш екенін білдіреді, ал екінші сөйлемдегі осы сөздің жеке синтагма түрінде өзіндік әуенмен берілуі оның бастауыш, яғни қимыл иесі екенін аңғартып тұр. Осы айтылғандар интонацияның әуен компоненті қаншалықты маңызды қызмет атқаратынын, сондай-ақ оның дұрыс берілуінің сөйлем мағынасын дұрыс түсіну үшін қаншалықты қажет екенін аңғартады.

- 2) Сөйлемдердің коммуникативтік мақсатына қарай хабарлы, сұраулы, лепті болып бөлінетіні белгілі. Жазба мәтінде бұларды көзге көрінетін арнайы таңбамен, яғни тыныс белгілермен көрсетеді. Ал ауызша сөзде олардың мұндай мақсаттары тек қана интонация, оның ішінде әуен өзгерісі арқылы ажыратылады.

Мысалы, – Кім келді?

– Асан.

– Асан?

- Иә, дәл өзі – деген диалогтағы бір *Асан* бунақты тобынан тұратын сөйлемдер мазмұны жағынан бірдей болғанымен мақсаты жағынан әр түрлі, біріншісі – хабарлау мақсатында, екіншісі – сұрау мақсатында қолданылып тұр. Бұлардың мақсаттарының екі түрлі екені айтылу әуенінен белгілі болады. Біріншісі көтеріңкі – бәсең, ал екіншісі көтеріңкі әуенмен айтылады. Ал осы интонацияны бұзып айтса, тілдік коммуникация мақсаты орындалмай қалуы мүмкін.

- 3) Аяқталған ойды білдіретін сөз бөлігі тиянақты, ал аяқталмаған ойды білдіретін сөз бөлігі тиянақсыз әуенмен айтылады. Мысалы, *Бүгінгі күннің жаңалықтары осындай* – деген сөйлем аяқталған ойды білдірсе, оны көтеріңкі-бәсең әуенмен айтамыз, яғни сөйлем басында дауыс толқынының сызығы жоғарылап келіп бір нүктеден қайта төмендеп, соңында басталған жерінен төмен нүктеде тынады. Ал егер бұл сөз бөлігі «*Бүгінгі күннің жаңалықтары осындай елеулі оқиғаларға толы болды*» түрінде кеңейтіліп берілсе, ондағы алғашқыда тиянақты әуенмен айтылған схемасы: «*Бүгінгі күннің жаңалықтары осындай*» түріндегі бөлік тиянақсыз әуенмен екі жарылып айтылады, сызба түрінде көрсетсек, былай болады:

Бүгінгі күннің жаңалықтары // осындай елеулі оқиғаларға толы болды. Демек, екі сөйлемдегі сөздік құрамы жағынан бірдей сөз бөліктерінің түрлі мағынасын: бірде тиянақты, бірде тиянақсыздығын әуен ажыратып тұр.

Сонымен бірге бірінші жағдайда *осындай* сөзі *жаңалықтар* сөзінің анықтағышы болса, екінші жағдайда, бұл сөз *елеулі оқиғалар* сөзінің анықтағышы қызметінде қолданылған. Аталған сөздің қай сөз топтарына қатысты екені де әуен арқылы ажыратылып тұр, бірінші сөйлемде *осындай* сөзі алдыңғы сөздерден үзіліп, өзі жеке синтагма болып, тиянақты әуенмен айтылса, екінші сөйлемде ол сөздің екінші синтагмасымен, яғни *елеулі оқиғалар...* сөз тіркесінен үзілмей, сонымен тұтас әуенмен айтылған.

4) әуен сөйлем құрамындағы қандай да бір мағыналық-грамматикалық қатынастар негізінде топтасып тұрған бөліктердің бір-біріне қатынасын білдіреді. Қатынас дегенде синтаксистік қатынасты, яғни анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық немесе болымдылық, болымсыздық дегенді ойламау керек. Интонация жалпыланған қатынас түрлерін білдіреді, ол көбінесе мағынамен байланысты болады, мысалы интонация арқылы сөз бөліктері арасындағы қарсылықты, санамалау сияқты жалпы мағыналар беріледі. Осы мағыналарды жеткізуші фонетикалық сигналдардың негізгісі – әуен өзгерісі болып табылады. Мәселен, екі сөз бөлігіндегі топтасқан сөздердің мазмұны бір-біріне қарама-қарсы болатын болса, олардың арасынан әуен сызығы үзіліп, біріншісінің соңындағы әуен нүктесі екіншісінің бастапқы нүктесінен әлдеқайда жоғары болады. Мысалы, *Сен бармасаң // мен барам*. Ал бірыңғай мүшелердің әуендері бірдей деңгейде айтылып, әрбір мүшенің соңында үзілген нүктеден төмен деңгейден көтеріліп отырып, сөйлем соңында тынады. Мысалы, *Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым, ойлап қой – бес асыл іс, білсеңіз*.

1-тапсырма. *Берілген мәтіннің айтылым үлгісіндегі әуен өзгерістерін жоғарыда көрсеткеніміздей сызып беріңіздер*

- Теңіздің суы неге ащы? – деп сұрапты біреу Қожанасырдан.
- Теңіздің суы қозғалыссыз бір жерде тұрады, сондықтан ондағы балықтар бұзылып кетпесін деп, Алла тағала тұздап қойған ғой, – депті Қожанасыр.

2-тапсырма. *Берілген сөйлемдерді әуен өзгерістері арқылы түрлі (бейтарап хабарлы ой, сұрау мәнінде, қуаныш лебімен, жақтырмаған кейіпте және т.с.с.) мазмұнда құбылтып айтып көріңіз.*

Қандай сәтті кездесу; Өткен жолғы келісімге сәйкес; Бала кезден танымын дедіңіз; Әзірге бүгінгі күннің жаңалықтары осындай; Мен сізді жақсы білем.

Дауыс қаттылығы (интенсивтілік). Дауыс қаттылығы туралы айтқанда, ой екпініне тоқталмай кету мүмкін емес. Себебі қазақ тіліндегі ой екпінінің басты көрсеткіші интенсивтілік болып табылады, яғни сөздегі ой екпіні түскен буын күшті дауыспен қатты айтылады. Осы сигнал тыңдаушыға сөз арқылы берілген ақпараттың маңыздылығы туралы хабарлайды. Интенсивтілік физикалық шама ретінде дауыстың күштілігін сипаттайды. Ал біздің «дауыс қаттылығы» деп отырған атауымыз көпшілікке түсінікті болуы үшін шартты түрде алынған, себебі шын мәніндегі дауыстың қаттылығы тек интенсивтіліктің артуымен емес, сондай-ақ әуеннің де үлкен көрсеткіштері арқылы жасалады. Әдетте дауыс қаттылығы әуенге параллель

шама, олай дейтініміз сөз ағымында әуеннің көтерілген бөлігінде дауыс қаттылығы да артып отырады да, керісінше әуен төмендеген жерде дауыс қаттылығы да кеміп кетеді.

Мысалы: *Әлкей Хақанұлы Марғұлан – жиырмамыншы ғасырдағы аса ірі ғалымның бірі.* Бұл жерде толық сызық әуен өзгерістерінің, үзік сызықпен дауыс қаттылығының өзгерістерінің суреті берілген. Бірақ бұл қатынас үнемі өзгеріссіз бола бермейді. Мәселен, салалас құрмалас сөйлем құрамындағы екі компоненті бір-бір синтагма болып айтылғандағы олардың әуені мен дауыс қаттылығының өзгерісін салыстырып қарайық:

Қазіргі Алматының ол кезде қандай болғанын қайдам,

сол кездегі Ташкент Азияның арда қаласы,

Шығыстың шырайлы шаһары болатын-ды. Сонымен, дауыс қаттылығы мен әуеннің бір-біріне қатынасын жоғарыдағы екі мысал негізінде анықтауға болады, яғни олар сөз ағымында бірде бірлесіп, екінші жағдайда өз беттерінше өрнек салады екен. Осы тұста дауыс қаттылығының ой екпіні түскен буынды ерекшелеуші басты қызметімен қоса сөйлемнің, яғни қандай да бір аяқталған ойды білдіретін сөз бөлігінің соңын көрсетуші қызмет атқаратынын айта кету керек. Дауыс қаттылығының бұл қызметі оның төмен мәндерімен беріледі, басқаша айтсақ, тиянақты ойды білдіретін сөйлем соңында дауыс қаттылығы бәсеңдеп, мүлдем төмендейді. Осы сигнал тыңдаушыға сөйлемнің аяқталғанын жеткізеді. Екі синтагмадан тұратын сөйлемнің дауыс қаттылығын шартты түрде мынадай суретпен көрсетуге болады.

Қорыта айтқанда, дауыс қаттылығының басты екі қызметін көрсетуге болады: біріншісі ой екпінімен, екіншісі сөйлемнің аяқталғандығын білдірумен байланысты.

1-тапсырма. *Мына сөйлемдердің әуені мен дауыс қаттылығы өзгерістерінің суретін сызып көріңіз, олар параллель ме, соны анықтаңыз.*

Үй тігіліп, жүк жиналды. Көптен күткен көктем де келді, жер көгерді, мал төлдеді. Жібек ханның қызы болса, Төлеген де ханның баласы.

2-тапсырма. *Дауыс қаттылығы жоғары буындардағы дауыстыны тік жақшаға ([]) алу арқылы ой екпіні түскен сөзді белгілеңіз.*

Біз – журналистпіз. Журналистпіз біз. Мынау тас па? Бейнетаспаға жаздыңыз ба? Ол кітапты алма! Алма – витаминге бай жеміс.

Ұ з а қ т ы л ы қ – қазақ тілінде екпіннің басты көрсеткіші, бұлай дейтініміз, қазақ тіліндегі сөз ағымында ерекшеленген буындардың барлығы дерлік басқаларымен салыстырғанда ұзағырақ айтылады. Бұл, әрине, сөз ағымындағы әр түрлі топтарды (бунақты топ, ырғақты топ, синтагма) ерекшелеуші екпіндерге қатысты басты белгі. Ал ой желісін көрсететін сөзге түскен логикалық (ой) екпіннің көрсеткіші ұзақтылықпен бірге дауыс қаттылығы болатынын жоғарыда айтып кеттік. Сонымен, ұзақтылық немесе

буын созылыңқылығы сөз ағымын мүшелеуші құрал – екпіннің басты шамасы бола отырып, сөз бөліктерін ұйымдастырушы қызмет атқарады екен. Сонымен қатар логикалық екпіннің құрамдас шамасы ретінде ой желісін көрсетуші интонациялық компонент екен.

Сөз ішіндегі буын ұзақтылығының өзіндік пропорциясы бар. Сөз неғұрлым ұзақ болса, яғни көп буынды болса, оның бастапқы буындары соғұрлым қысқа болады да, соңғы буыны созылыңқы айтылады. Ал буын саны аз сөздер буын саны көп сөздерден гөрі созылыңқы айтылады. Бірақ бұлардың қайсысында болса да, соңғы буын немесе соңғының алдындағы екпін түскен буын үнемі басқаларынан ұзағырақ айтылатыны – қазақ тілінің заңдылығы.

Мысалы, [бала:], [балала:p],[балалары:m], [балаларыма:]

1-тапсырма. *Ерекшеленген сөздердің қай буындары ұзақ айтылады? Себебі неде деп ойлайсыз?*

Оралман – репатриат сөзіне ұқсас мағынаны береді. **Көрермен** бүгінгі концертке дән риза. Қазақ радиосы **тыңдармандарының** саны көбейіп келеді. Енді ешқашан **оралман; Көрмес** түйені де көрмес. Ол бізді **көрместей** боп кетті. Әкелген күйтабағыңды ертең **тыңдармын**.

2-тапсырма. *Өзіңізге ұнайтын өлең жолдарындағы ұзақтылығы жоғары буындарды созып оқып жаттығыңыз.*

Қ а р қ ы н – ұзақтылық сияқты интонацияның уақытқа қатысты шамасы. Қарқын деп белгілі уақыт аралығында дыбысталған буын санын айтуға болады. Басқаша айтсақ, интонацияның қарқын шамасы сөйлеу жылдамдығын білдіреді. Сөйлеу жылдамдығының өзгеруі ауызша тілде өзіндік қызмет атқарады. Интонацияның барлық шамалары сияқты қарқын да басқа шамалармен бірлесе жүк арқалайды. Дегенмен оның үнемі бірлесіп көрінетін шамасы әуен, оның ішінде әуен кеңдігі – диапазоны болып табылады. Олардың бір-біріне қатысы параллель түрде жүзеге асады. Олай дейтініміз қарқынның баяулауы мен дауыс диапазонының кеңеюі, қарқынның жылдамдауы мен дауыс диапазонының тарылуы көп жағдайда қатар байқалып отырады. Мұндай өзгерістер арқылы сөз ағымының мазмұндық жағынан маңызды бөліктері ерекшеленеді. Егер сөйлем бірнеше құрамдас бөліктерден тұрып, оның бір бөлігі баяу айтылса, бұл сигнал тыңдарманға сол бөліктегі мазмұнға ерекше назар аудару керектігінен хабар жеткізеді. Міне, сондықтан да сөз иесі назар аударту мақсатында керекті сөздердің айтылу қарқынын баяулатып отырады. Сондай-ақ қарқынның өзгерісі сөздегі тілдік ақпаратпен қоса, сөйлеушінің ақпаратқа қатысынан, сөйлеу кезіндегі оның эмоциясынан (таңырқану, сасып қалу, қынжылу, кейде қуану сияқты күйінен) хабар бере алады.

Баяу қарқынмен басталып, соңына қарай сөйлеу жылдамдығының арта түсетіні көптеген тілдер үшін сөйлеудің ортақ заңдылығы ретінде байқалған.

1-тапсырма. *Мына сөйлемдердің қай бөліктері баяу, қайсысы жылдам қарқынмен айтылу керек деп ойлайсыз? Себебі неде?*

Шапқыншыға жұрт көзін тіксе, – Байжан. Айбарша көзін ашып қараса, – Дәулет. Жүгіріп келем, жүгіріп келем, зытып келем, зытып келем. Ол

алдымен асықпай оң жағына қарады, сосын баппен сол жағына көз салды, аяғын сылттып басып аяндап алға қарай ұмтылды. Жындыбай Желдібаев плащін желбіретіп жүгіріп шықса, кеш батып кетіпті.

2-тапсырма. *Кез келген мәтін үзіндісін алдымен баяу, сонан соң жылдам қарқынмен оқып көріңіз.*

К і д і р і с (пауза). Сөйлеу кезінде сөйлеуші тарапынан түрлі кідірістер жасалып, сөз ағымы үзіліп жатады. Сөз ағымының үзілген жерінде ешқандай дыбыстау болмайды. Мұндай үзілістердің барлығын кідіріс (пауза) деп атамаймыз. Белгілі бір тілдік, яғни мағыналық маңызды қызмет атқарып, тыңдарманның ақпаратты дұрыс қабылдап түсінуіне көмектесетін уәжді үзілістерді ғана кідіріс деп атаймыз. Дикторлар үшін кідірістің сан түрлі қызметін біліп, оны өз сөзінде дұрыс пайдалана алған аса қажет. Себебі интонация параметрлерінің ішінде ең әмбебап қызметтісі осы кідіріс болып табылады.

Бұған дейінгі тараулардан кідірістің сөз ағымын мүшелеуге, яғни синтагмалар мен сөйлемдердің ара жігін ажыратуға, ой екпіні түскен сөзді ерекшелеуге қатысатынын аңғардыңыздар. Бұған қоса паузаның мөлшерін үлкейту немесе азайту арқылы сөз ағымы мүшелерінің бір-біріне ыңғайластық, қарсылықты, тәуелді, тәуелсіз т.б. сияқты қатынасын да көрсетуге болады. Егер *Қыс ерте түсті // егін тез жиналды* деген сөйлемнің алғашқы синтагмасынан кейін үлкен пауза жасаса, онда синтагмалар өзара себеп-салдарлық қатынаста тұрады. Ал кідіріс мөлшері аз болса, екі синтагма ыңғайластық қатынаста тұрады. Жазба мәтінде бұл қатынас тыныс белгілері арқылы көрінеді. Тыныс белгілері мен кідіріс арасындағы сәйкестікті ғылыми тәжірибе жүзінде зерттеудің нәтижесінде қазақ тілінде жақша үшін кідіріс мөлшерінің әлі тұрақтанбағаны, ал басқа тыныс белгілері үшін келесі түрде (.) > (–) > (:) > (,) қалыптасқаны белгілі болды. Яғни сызықша тұрған жерде кідіріс үлкен болды да, үтір тұрған жерде елеусіз болады.

Сонымен бірге пауза бірыңғай мүшелердің, құрмалас (күрделі) сөйлем құрамындағы компоненттердің (жай сөйлемдердің) ара жігін ажыратады. Мысалы, *Үйдің алдында ағаш төсек, тас мүсін тұр* деген сөйлемді кідіріс жасау арқылы түрліше айтып, түсінуге болады: 1) *Үйдің алдында ағаш // төсек // тас // мүсін тұр*; 2) *Үйдің алдында ағаш төсек // тас мүсін тұр*. Бірінші сөйлемде пауза 4 бірыңғай мүшелердің ара жігін бөлсе, екінші сөйлемде екі бірыңғай мүше ажыратылған. Демек кідірісті сөйлемнің мазмұнына қарай дұрыс қою – маңызды.

Паузаның мағыналық маңызды сөз бөліктерінің ара жігін ажырату қызметімен қатар сөйлеушінің көңіл-күйін, тыңдарманға деген ниетін білдіру функциясы да бар. Егер сөз ағымының бір тұсында ой аяқталмай жатып сөйлеуші кідіріс жасаған болса, оның уәжді және уәжсіз екі себебі болуы мүмкін. Уәжсіз себебі сөз иесінің дұрыс тыныстамауымен, демінің жетпей қалуымен, сыртқы әсердің салдарынан сөзін тоқтауымен байланысты. Ал уәжді себебі көңіл толғанысын жеткізу мақсатымен, тыңдарманын ойлануға шақыруды діттеуімен, ерекше сезімін білдіру ниетімен байланысты. Мұндай паузаларды сөз иесі сөзінің кез келген бөлігіне қоя алады. Әдетте бұлар

ерекше назар аударылған сөз бөлігінен кейін, не оның алдында болады. Мұндай кідірістерді **эмоциялық паузалар** дейміз.

Кейде кідірістердің орнына ешқандай тілдік мазмұны жоқ «mmm», «хым» сияқты дыбыстар айтылуы мүмкін. Бұлар сөз иесінің алдын ала дайындықсыз, жағдайға қарай бірден сөйлеп отырғанының белгілері. Мұндай кідірістер тіл ғылымында **хезитациялық паузалар** деп аталып, сөйлеушінің сөз соңын ойланғанша бос уақытты толтыру мақсатында айтқан дыбыстарынан тұрады, көбінесе бейресми, тұрмыстық қатынастағы көзбе-көз тілдесуде жиі кездеседі де, ал бұқаралық ақпарат құралдары арқылы эфирге шығып отырған диктор немесе журналистің ауызша сөзінің сапасын төмендетеді.

1-тапсырма. *Берілген мәтін үзіндісінде синтагмааралық кідіріс болатын орынға – // «қос таяқша», сөйлемаралық кідіріс жасалатын орынға – /// «үш таяқша» таңбасын қойып шығыңыз. Мәтіннің тыныс белгілері әдейі көрсетілмеді.*

Бір мың тоғыз жүз елу сегізінші жылы біз қазіргі Қазақ ұлттық университетінің екінші курсында оқып жүрдік қазіргі қазақ тілі курсының морфология саласынан доцент Ыбырайым Есенқұлұлы Маманов сабақ берді студенттерге білім беретін ұстаздар аз емес бірақ көп ұстаздың ішінде білім беру ерекшелігімен із қалдыратын келешегіне жол сілтейтін ақыл-кеңесі өміріңе азық болатын ұстаздар санаулы-ақ мен үшін сондай ұстаз Ыбырайым ағай болды (*Сейілбек Исаев*).

2-тапсырма. *Қалай ойлайсыз, егер жоғарыдағы мәтінді ерекше тебіреніспен айтатын болсаңыз, қай тұста эмоциялық паузалар жасар едіңіз?*

3-тапсырма. *Мына сөйлем бөліктері арасында қандай кідіріс жасайтын едіңіз?*

Олар ерте жатты, өйткені ертең жұмыс еді.

Олар ерте жатты, ертең жұмыс еді.

Олар ерте жатты: ертең жұмыс еді.

Олар ерте жатты – ертең жұмыс еді.

Олар ерте жатты (ертең жұмыс еді).

Ә у е з (тембр). Интонациясыз сөйлем болмайды дегенде, айтылған ойға ешқандай қатыссыз сөйлеуге болмайды дегенді есте ұстаған жөн. Кез келген сөзде эмоция болады, бірақ бірде ол көмескі, екінші бірде айқын көрініп жатады. Интонацияның эмоцияны білдіруші негізгі құралы – әуез. Қарапайым тілмен айтқанда әуез дегеніміз дауыз қоюлығы, дауыстың бояуы. Неғұрлым эмоцияға бай дыбысталған сөз қою әрі айқын бояулармен беріледі, ал сөз неғұрлым бейтараптыққа жақындауға тырысса, оның бояуы да соғұрлым солғындай түседі. Басқаша айтсақ, көңілдің суреті дауыстың бояуларымен салынады. Бір еске сала кететін жайт: бұл жерде эмоция деген сөз жалпы ұғымды білдіреді. Мұнда тек адамның сезімдері ғана емес, оның ақиқатқа, айтылған ойға, тыңдарманына деген қатынасы түгел қамтылатын ұғым алынып отыр. Яғни дикторлар ауызша сөзінде жеке басының сезімдерін бейнелемеу керек деген тұрақты қағиданы басшылыққа алып жүріп, сөздің

бояуынан айырылып қалмау керек. Сөз арқылы айтылған оқиғаға жеке басының қатысын білдірмесе де, диктордың даусы қанық бояулармен берілу керек. Себебі кез келген ақпарат, оқиғаның мазмұнында қандай да бір жағымды / жағымсыз, тартымды / тартымсыз, мәнді / мәнсіз және т.б. реңк болуы әбден мүмкін. Сөз ағымындағы сөздер түрлі түсті бояумен, яғни өздік әуезімен сипатталып отыру керек. Кейбір атақты теледидар, радио жүргізушілерінің кәсіби биіктен көрінуі мен шеберлігінің сыры да дауыстарының әуезділігінде жатса керек.

Сонымен, қазақ интонациясының негізгі компоненттерінің әр қайсысының қызметі белгілі болды. Сөйлеу барысында олардың түрлі қатынасы сөз ағымындағы жалпы мағыналарды жеткізіп отырады, осыған байланысты ғалымдар қазақ тілінде 8 түрлі интонациялық бірліктің болатынын анықтады. Олар: 1) ойдың аяқталғанын білдіретін **тиянақты**, 2) оған қарама-қарсы мағынадағы **тиянақсыз**, 3) **лепті**, 4) **арнаулы сұрақ** 5) **жалпы сұрақ**, 6) **қыстырма сөз**, 7) **қатал бұйрық** және 8) **сыпайы бұйрық** интонациялары.

1-тапсырма. *Мына өлең жолдарын тиісті әуезбен, нақышына келтіріп оқып шығыңыз. Мұнда қанша түрлі интонация көрініс тапқанын байқаңыз.*

Пай, пай, пай! Киелі неткен жер!

Батырлар дүрілдеп өткен жер,

Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер,

Ғашықтар бір-бірін өпкен жер,

Сарылып сал-сері кеткен жер.

Бас иіп, иіскеп топырағын,

Тағзым жасамай өтпеңдер! (М.Мақатаев)

2-тапсырма. *Мына сұхбат мәтінін эфирден жеткізу керек болса, қанша түрлі интонация бірлігін пайдаланар едіңіз?*

– Қазақсың ба?

– Ия, қазақпын!

– Қай жердің қазағысың?

– Жетісудың.

– Тегің кім?

– Тұрысбеков.

– Қай Тұрысбектің? «Қарағаштағы» Тұрысбек қажының емес пе?

(«Мамания» кітабынан).

Интонацияның әрбір құрамдас компоненті сөйлеу барысында жеке-жеке емес, тұтасып, бір-бірімен бірігіп, кейде біреуі басым түсіп, кейде барлығы бірдей деңгейден көрініп сөйлемді ұйымдастырып, безендіріп тұрады. Бейнелі сөзбен айтсақ, құрғақ сөзге жан бітіріп, сән береді.

Осы тұста эфирдегі сөз шеберлеріне сөз шеберлеріне әр түрлі стильдегі түрлі жанрларда қалыптасқан интонациялық айтылым типтерінің болатынын ескерткіміз келеді. Мысалы, күнделікті тұрмыстық қатынастағы сөздің интонациясын ресми мәтіндерді оқуда қолдануға келмейді. Сол сияқты, керісінше, ресми қатынастағы сөз сарынымен көшедегі, отбасындағы серіктеріңізге тұрмыстық тақырыпта сөйлесеңіз, сөзіңіз түсінікті болмауы,

тіпті күлкі тудыруы әбден мүмкін. Сондықтан да бұл мәселені оқырман қауымның бағдарлап байқауы үшін келесі тарауда қазақ тілі функционалды стильдерінде дыбысталған мәтіндердің жалпы интонациялық безендірілу типтерін ұсынып отырмыз.

4.9 Қазақ тілі функционалды стильдеріндегі мәтіндердің айтылым үлгілері

Қазақ тілінде бес түрлі функционалды стильдің ажыратылатыны белгілі. Олар: ғылыми стиль, публицистикалық стиль, көркем әдебиет стилі, ісқағаз стилі, сөйлеу стилі. Бұлардың алғашқы төртеуі ресми қарым-қатынаста қолданылады да, соңғысы – сөйлеу стилі – бейресми қатынастағы тілдің қолданысы болып табылады. Шынайы қолданыста таза күйінде бір стильде дайындалған мәтін кездеспейді, себебі басқа стильдің элементтерін араластырмай қандай да бір нақты коммуникациялық мақсатқа жетуге болатын жағдайлар сирек кездеседі, тіпті бұл мүмкін емес. Алайда бір стильдегі мәтінді қолданатын ситуацияда екінші стильдің элементтерін уәжсіз жұмсау коммуникацияның мақсатына жетуді қиындатып, сөз сапасын төмендетеді. Мұның барлығы ауызша мәтіндердің интонациялық безендірілуіне де қатысты. Әрбір стильдегі мәтіндердің өзіндік айтылу сарыны болады. Сол арқылы коммуниканттар бір-біріне қатынасын (ресми/бейресми), ақпараттың сипатын (эмоциялық, үгіттеуіш, бағалауыш, тұрмыстық және т.б.) ажырата алады.

Сонымен, тілдің бірліктері белгілі бір стильге негізделіп құрылған мәтіннің дыбысталғандағы интонациялық ұйымдасуында да өзіндік ерекшелік болады екен. Мысалы, сөйлеу стилінде сөз соңына дейін қарқынның тұрақты, ал дауыс қаттылығы мен әуеннің бірқалыпты сақталуы сирек кездеседі, сөйлеу барысында сөз ағымының бір бөліктері жылдам, бір бөліктері баяу, әуен мен дауыс қаттылығы құбылып айтылып, олардың бір қалпынан екінші қалыпқа бірден ауысып отыруы сөйлеушінің еркін қарым-қатынас жағдаятында дайындықсыз, стихиялы түрде сөйлеп жатқанын аңғартады. Ал публицистикалық стильде дайындалған мәтіндердің интонациясы жанрлық ерекшелігіне қарай белгілі бір заңдылықтармен ұйымдасатынынан аңғару қиын емес. Мысалы, радио, -теледидар арқылы берілетін «Ақпараттардың» мәтіні арнайы дайындықпен келген диктордың айтылымында баяу қарқынмен, әуеннің бір регистрінде бірқалыпты дауыс сарынымен беріледі. Осы сияқты ортақ белгілеріне қарап тыңдаушы мәтіннің стильдік сипатын ажырата алады.

Мәтіндердің интонациялық безендірілуінің стильдік белгілері қазақ тіл білімінде толық зерттеліп болған жоқ. Дегенмен де әр стильге тән жалпы интонациялық сипат – айқын.

Сондықтан әр стильде дайындалған әр стильде дайындалған мәтіндердің дыбысталу интонациясы үлгілерін арнайы тарауымызда ұсынып отырмыз. Бұл жерде ескерте кететін жайт, тілдік ортақ сипаттың болғанымен, қатып қалған тұрақты айтылу үлгісінің болмайтынымен байланысты. Сондықтан да дәл біз көрсеткендей айтылмағанмен әр стильдегі мәтіндер

өздеріне тән белгілерін сақтай отырып, құбылып дыбысталуы да мүмкін. Мәтіннің интонациясын қағаз бетіне түсіру үшін оның компоненттерінің өзгерістері мынадай шартты белгілермен таңбаланды.

Шартты таңбалар:

1) / - ырғақты топтардың ара жігінің таңбасы. Арасында осы таңба тұрған

сөз бөліктері кідіріссіз айтылады, дегенмен олардың ара жігінде әуен өзгерісі болуы ықтимал;

2) // - синтагмалар ара жігі мен синтагмааралық паузаның таңбасы.

Арасында осы таңба тұрған сөз бөліктері бір-бірінен дауыс кідірісі арқылы бөлініп, әрқайсысы жеке-жеке әуен өрнегімен айтылады;

3) сөздерді бірге жазу – сөздердің бір екпінмен айтылатын бунақты топқа

бірігуі, бір деммен тұтасып айтылуы;

4) ↓ - эмоциялық пауза;

5) ∩ - ырғақты топқа біріккен сөздердің арасына қойылады;

6) : - бунақты топ екпіні, бунақты топтың басқа буындарынан созылыққы

айтылатын буын;

7) :: - ырғақты топ екпіні, ырғақты топтың басқа буындарынан созылыққы

айтылатын буын;

8) ::: - синтагмалық екпін, синтагманың басқа буындарынан созылыққы

айтылатын буын;

9) :::: - фразалық екпін, фразаның (сөйлемнің) басқа буындарынан созылыққы айтылатын буын;

10) әуеннің көтерілуі;

11) әуеннің бәсеңдеуі;

12) бірқалыпты әуен;

13) дауыс қаттылығының жоғарылауы;

14) дауыс қаттылығының бәсеңдеуі; (67 бет)

15) [] ой екпіні түскен сөздің қатты дауыспен айтылатын буыны;

16) – қарқынның жылдамдауы;

17) _ _ _ _ _ – қарқынның баяулауы.

Ескерту: мәтіннің айтылым үлгісінде шет тілінен енген сөздердің транскрипциясы көрсетілген жоқ, олар жазылуы бойынша берілді.

1. **Ғылыми мәтін** оқылғанда дауыста ойнақылық, эмоциялылық байқалмағаны дұрыс. Сонымен бірге жалпы алғанда орташа немесе баяу қарқында, абзацтары мен сөйлемдері арасында орташа немесе көлемді кідірістер жасалып оқылу керек. Дауыс әуезі бірқалыпты келіп, әуен мен дауыс қаттылығы арасында айтарлықтай айырмашылық болмау керек. Мәтіннің мазмұны үшін маңызды **терминдік мағынадағы тірек сөздер** оның айтылымының өн бойында ой екпіні арқылы ерекшеленіп, мәтін сөз

ағымы бірліктеріне тілдің барлық заңдылықтарын сақтай отырып бөліну керек. Эмоциялық паузалар өте сирек қолданылады.

Шын мәніндегі алгебраның тууы

Сегіз жүз жиырмашы жылы халиф Мамұн өзінің сарайына бастарын қосып жинаған ғалымдардың ішіндегі ең көрнектісі орта азиялық математика және астроном Мұхаммед Хорезми болды.

Сол кездегі математика ғылымы саласынан жасалған еңбектердің ішіндегі ең маңыздысы осы Мұхаммед Хорезмидің «Әлджебр және әлмукабаланы есептеу туралы қысқаша кітап» атты шығармасы. Оның бұл еңбегін латын тіліне аударғанда ғалымның «әл-ховарезм» деген сөзі «алгорифм» немесе «алгоритм» деген сөзге айналып кеткен. Қазіргі уақыттағы «алгоритм» деген сөздің мағынасы мынау: берілген есепті шығаратын математикалық амалдардың жиыны. < ... >

Мұхаммед Хорезмидің бұл шығармасы араб тілінен латын тіліне аударылып, бірнеше ғасырлар бойы Батыс Европада алгебраның негізгі оқу құралы болып келді.

(О.Жәутіков, Математика тарихы)

2. Публицистикалық мәтін тыңдарманға қандайда бір ақпарат жеткізіп

қана қоймай, оның еркіне, санасына әсер етуді көздейді. Ол үшін мұндай мәтіндер нық дыбысталып, ондағы барлық сөздер анық естілуі шарт, сондай-ақ **бағалауыш мәнді тірек сөздерді** мәтін бойында интонациялық құралдар (ой екпіні, баяу қарқын және т.б.) арқылы ерекшелеп отырған дұрыс. Сонымен бірге қарқынды өзгертіп отыруға, әуезді құбылтуға да әбден болады. Бірақ дауысты тым ойнақшытып, бір сарыннан (регистрден) екінші бір сарынға (регистрге) күрт ауысып отыру тыңдарманды шаршатып, қабылдауын қиындатып жібереді. Ой екпінімен айтылған тірек сөздерде дауыс қаттылығын жоғарылатып, бірақ оны тым үлкен мәндермен емес, орта мәндермен берген дұрыс. Тиісті жерінде эмоциялық паузаларды қолданған әсерлі. Дегенмен оларды шектен тыс көп қолданса, сөздің мәнері болмайды.

Қарттардың үмітін сөндіріп алмайық!

«Жас Отан» мүшелерінің ұраны осындай

Қазан айының бірінен бастап, бүкіл Қазақстан бойынша зейнеткерлерге, соғыс ардагерлері мен мүгедектерге жан-жақты жәрдем көрсету мақсатында ұйымдастырылған «Менің қарттарым» атты республикалық жастар әлеуметтік акциясы өтіп жатыр. Оны өткізуші – «Отан» республикалық саяси партиясының «Жас Отан» жастар қанатының мүшелері. Аталмыш акция бірнеше кезеңдерден тұрады. Атап айтқанда, зейнеткерлердің тұрғын үйлерін жөндеу, отынын жару, бау-бақша жұмыстарына жәрдемдесу, медициналық көмек көрсету сияқты нақты іс-шараларды жүзеге асыру. Сонымен қатар азық-түлікпен

толтырылған қапшықтар үлестіру, демалыс кештерін, алуан түрлі кездесулер және тағы сол сияқты іс-шаралар ұйымдастыру, бір сөзбен айтқанда, қайырымдылық акцияларын өткізу.

«Жас Отан» жастар қанатының бөлімшелері арқылы жүзеге асып жатқан осы игілікті шаралар Алматы, Ақтөбе, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарында қызу жүріп жатыр. Зейнеткерлерге, соғыс ардагерлері мен қарт мүгедектерге тегін медициналық көмек көрсетілуде. Және бұл жәрдем арнайы құрылған кесте бойынша әлеуметтік жағдайы төмен қарттардың үйлеріне апарып жасалады. Емделуге аса мұқтаж жандарға тегін медициналық квота беріледі. Жасотандықтар қажет болса, пациенттерді емделу гранттарымен қамтамасыз етеді. Осы акцияға қатысушы медициналық колледждің студенттері науқас қарттарға деген көмектерін аямауда. Олар зейнеткерлердің тиісті дәрежеде ем алуын қадағалап отырады.

Қазақ әдебиеті, 22.10.2004

3. **Көркем мәтін** ең алдымен тыңдарманның сезімдеріне әсер етеді. Олай болса, мұндай мәтінді тиісті көңіл толқынымен оқыған орынды. Бұл, әрине, поэзия жанрындағы мәтіндерге көбірек тән болады. Ал прозалық көркем әдебиетте шығарманың идеясын ашуда түрлі стиль элементтерінің араласып қолданылуы маңызды рөл атқарады. Көркем әдебиетке деректілік, яғни әр бір құбылыс, оқиға, адамның бейнесінің шынайы өмірге жақын сипатталуы тән болғандықтан, кейіпкер бейнесі, автор бейнесін ашуда бір ғана жоғары эмоциялық сөздерді қолдану жеткіліксіз болып қалады. Әсіресе драмалық шығармалардың стилі бірізді емес екені белгілі, мұнда әр бір кейіпкердің әлеуметтік сипатын ашу үшін сөйлеу стилінің және т.б. стильдердің элементтері жиі қолданылады. Шығарма интонациялық жағынан да осылай безендіріледі. Демек көркем әдебиет стиліне сөйлеу стилінің де, публицистикалық стильдердің де, тіпті ғылыми стильдердің де элементтері араласады. Сондықтан мұндай мәтіндерді ұсынғанда олардың негізгі идеясына, жанры мен автордың прагматикасына назар аударған жөн. Мұндағы автордың прагматикасы дегеніміз автордың тыңдарманын, оқырманын ескере отырып мәтінді соларға арнап құруы. Мысалы, балаларға арналған әдебиет пен ересектердің әдебиеті көркем стильге жатқанымен, тілі жағынан ерекшеленеді. Соған қарай олардың интонациялық сипаттары да басқа болады. Балаларға арналған мәтінді ұсынғанда бала санасына түсінікті интонациялық бірліктерді қолданған жөн. Мұндай мәтіндерді дыбыстауда интонация ең басты қызмет атқарады. Себебі көптеген сөздердің мағынасын әлі жете түсіне бермейтін бүлдіршіндер әңгіменің не туралы айтылып жатқанын, кейіпкердің жағымды, жағымсыз кейпін, оқиғаның қуанышты немесе ренішті сипатын және тағы басқа да жалпы мағыналық, эмоциялық ақпаратты диктордың интонациясынан ғана ажырата алады. Сонымен, көркем мәтіннің жалпы интонациялық сипатына келетін болсақ, ең алдымен оған құбылғыштық, әуен бедерінің түрлілігі, дауыс сазының өзгергіштігі тән

болады екен. Көркем шығарманың жанрына, идеясы мен автордың прагматикасына қарай оның интонациясы да белгіленеді.

Интонациясы жағынан айқын ажыратуға келетін жанрлар, поэзия, проза, драма болып табылады.

Өлең сөзде өзгермейтін тәртіп, ырғақ түрлері болады да, ақынның эмоциясы бір қалыпты өрнекпен түскен суреттердің үстінен байқалып жатады. Ал драмалық шығарманың интонациясы кейіпкерлердің эмоциясына қарай құбылып отырғанымен, әр кейіпкер сөзі өзіндік сарынымен ерекшеленеді. Прозалық шығарманың интонациялық безендірілуінде қалыпты форма болмайды. Оның әр түрлі құрылымдық бөліктерінде интонация түрліше көрінеді, мәселен, прозалық мәтіннің бастапқы бөліктері баяу қарқынмен, бір қалыпты әуенмен айтылуы мүмкін, бірте-бірте оқиға желісі дами келе, оның интонациялық суретіне құбылғыштық тән бола бастайды да, соңында қайта тұрақталуы мүмкін. Мәтін интонациясының суретінде **эмоционалдық тірек сөздер** қою бояулармен беріліп, ой екпіні және т.б. тәсілдер арқылы ерекшеленіп тұрады.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,

Ол – ақынның білімсіз бейшарасы.

Айтушы мен тыңдаушы көбі – надан,

Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.

(Абай)

4. **Ісқағаз стиліндегі мәтін.** Ресми ісқағаз стилі басқа стильдерден оқшау тұрады. Себебі бұл стильдегі мәтіндер қалыпты үлгі бойынша құрылып, одан ауытқу сирек болады. Осыған байланысты мұндай мәтіндердің интонациясында да бір сарындылық байқалады. Мәтіннің құрылымына қарай әр түрлі бөліктері (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды және т.с.) тиісті интонациялық әуенмен оқылады да, дауыс әуезінде құбылғыштық, әсерлілік өте сирек байқалады. Себебі ісқағаз стиліндегі мәтіндердің басты мақсаты – адресаттың көңіл-күйіне әсер ету, оның эстетикалық талғамын тәрбиелеу емес, ақпарат жеткізіп, сол арқылы бір шараларға ұйымдастыру болып табылады. Осы мақсатына қарай оның интонациясы да ерекшеленіп тұрады. Сонымен, ресми қатынастағы ісқағаз стиліндегі мәтіндердің интонациясына негізінен бірқалыптылық, әуеннің бірте-бірте өзгеруі, ұстамды дауыс сазы, орта немесе баяу қарқын тән болады. Осындай біртекті дауыс суретінде **бұйрық, ұйғарым** және т.б. мәнді ой екпіні түскен **тірек сөздер** ерекшеленіп тұрады.

Қазақстан Республикасының ғылым туралы заңы.

Жалпы ережелер. 2-тарау.

5-бап. Ғылыми қызметкердің құқықтары мен міндеттері

(үзінді)

1. Ғылыми қызметкердің:

- 1) *өзінің ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің авторы деп танылуына және өнертабыс пен санаткерлік қызметтің басқа да нәтижелеріне өтінім беруіне, сондай-ақ санаткерлік меншігін қорғауға;*
- 2) *Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзі авторы болып табылатын ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін іске асырудан түскен табыстарды алуға;*
- 3) *өзінің шығармашылық үлесіне сәйкес сыйақылар, көтермелеу сыйлықтары мен жеңілдіктер алуға;*
< > Қазақстан Республикасының заңдарына тыйым салынбаған өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқығы бар.

Сөйлеу стиліндегі мәтіндердің интонациясында бірізділік, бірқалыптылық болмайды. Ондай болғанның өзінде де жиі кездесе бермейді. Себебі сөйлеу стиліндегі сөз үлгісіне стихиялық қасиет тән, яғни сөйлеуші алдын ала дайындықсыз сөйлейді де, оның сөзіне себепкер болған сыртқы факторлардың барлығы ауызша сөздің бедерінен көрініс тауып жатады. Мұнда сөйлеушінің эмоциясын, прагматикасын, тыңдаушысына деген көзқарасын білдіретін тілдік құралдар еркін әрі молынан қолданылады. Осы себепті сөйлеу стилінің интонациясы да құбылып отырады. Сөйлеу стилінің монологтік түрі мен диалогтік түрінің интонациялары өзара ерекшеленеді. Монологте бір коммуниканттың сөзі берілгендіктен, оның интонациясы да соған сәйкес безендіріледі. Ал диалогте сөйлеушілер саны екі немесе одан да көп болғандықтан, олардың әрқайсысының өзіндік сөйлеу сазы болады да, диалогтің ауызша сөзінің бедері көп сарынды болып шығады. Мұндай мәтінде сөйлеуші маңызды деп тапқан кез келген сөзіне ой екпінін түсіре алады. Сөйлеу стилі мәтіндерінде қазақ тілінің барлық интонемалары көрініс таба алады. Диалог мәтінде жиі көрінетіні жалпы сұрақ арнаулы сұрақ, сондай-ақ лепті интонемалары.

- *Көмір! Көмір!*
- *Кәне, кәне, қандай екен?*
- *Кәдуілгідей болад та... Қандай болуш еді!..*
- *Ие, нағыз тас көмір!*
- *Қаттысын көрдің бе өзінің!*
- *Осыны кеміретін боламыз да...*
- *Тіс те керек болар бұған!*
(Ғ.Мүсірепов)

Жоғарыда көрсетілген әр түрлі стильдердегі мәтіндердің айтылым үлгілері барлық жанрлар үшін бірдей емес. Бір стильге қатысты әр түрлі жанрдағы мәтіндердің айтылым үлгілері ерекше болуы мүмкін, дегенмен оларға ортақ интонациялық белгілердің тән болатыны да белгілі. Осы ортақ белгілерді сақтай отырып сөйлегенде, әр түрлі стильдердегі ауызша сөз өз нақышында берілетіні де түсінікті. Алайда шынайы өмірде таза бір стильде,

басқа стильдің элементтерін араластырмай сөйлеу – сирек кездесетін жағдай. Тіпті бұлай түрлі стиль элементтерінің араласып қолданылуының өзі – тілдің икемділігінің бір белгісі, өйткені қалыпқа түскен үлгіден шықпай, таза стильді сақтап сөйлеу сөз иесінің тілдік мүмкіндіктерін шектейді. Сондықтан да ұсынылған айтылым үлгілерін қатып қалған өзгермейтін нұсқа деп түсінуге болмайды. Сөйлеу жағдаятына, сөз иелерінің қарым-қатынасы мен көңіл-күйіне, сондай-ақ дүниетанымы мен көзқарастарының ерекшелігіне қарай олардың айтылымы да түрлі вариантта берілуі әбден мүмкін әрі заңды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі қазақ орфографиясы – бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік міндеттерге толық жауап беріп отырған, кемел дәрежедегі орфографиялардың бірі. 1983

жылы бекітілген «Қазақ орфографиясының негізгі ережелері» қазақтiлді қоғамның, тұтастай алғанда, барша қазақстандықтардың бiлiмдiк-танымдық интексiнiң жоғары сапалы болуына елеулі ықпал жасады.

Қазақ жазуы мен орфографиясының қазiргi жай-күйi аталған заңнамалық құжатта көрсетiлген негiзгi принциптердiң ғылыми, нақты принциптер екендiгiн дәлелдеп бердi. Дегенмен бiр кезеңнiң идеалды, мүлтіксiз деп танылған емлелiк қағидалары қоғам дамуының келесi бiр кезеңдерiнде жекелеген принциптерi мен тұжырымдары жағынан тар ауқымдылық танытуы да мүмкiн. Өйткенi тiл ұдайы қозғалыстағы, үздіксіз даму, өзгеру процесiндегi құбылыс, сондықтан қалыптасқан, тұрақталған емлелiк қағидаларының өзiнде де тыңнан қарап, жаңаша тиянақтауды қажет ететiн проблемалардың туып отыратындығы – заңды жағдай.

Соңғы ширек ғасыр бойы қоғамдық-әлеуметтiк, саяси өзгерiстерге байланысты қазақ жазуын жақсарту, оңтайлы ету, тиiмдi қолдану, әлiпбиiн өзгерту мәселелер қазақ қоғамында дүркiн-дүркiн көтерiлiп, үнемі қоғамдық назарда болып отырды.

Осы себептi дыбыс тiлi мен жазба тiлдi, олардың негiзгi құрылымдық элементтерiн (сөз дыбыстары, фонема, әрiп, әлiпби) өзара байланыста қарай отырып, қазiргi жазуымыздың фонологиялық негiздерiн iздеу өзектi болып табылады.

Жазудың фонологиялық негiздерi жазу, графема, орфография және орфоэпия ұғымдарымен тығыз байланысты.

Жазу дегенiмiз дыбысталған сөздi арнайы таңбалар жүйесiмен хатқа түсiру немесе ауызша айтылған сөздi жазба тiлге транспозициялау, басқаша айтқанда, акустикалық сигналдарды оптикалық сигналға көшiру деген түсiнiктi бiлдiредi.

Дыбыстық тiл мен жазба тiлдiң ең шағын тұлғалары – фонема мен әрiптiң арасындағы күрделi қатынас жазу теориясында графема деген жаңа бiр ғылыми ұғымның пайда болуына себеп болды. Графема – дыбыстық тiлдiң әрi қарай бөлшектенбейтiн ең кiшкене тұлғасы – фонема мен жазба тiлдiң әрi қарай бөлшектенбейтiн ең кiшкене тұлғасы – әрiптiң арасындағы қатынастың жиынтығы. Басқаша айтқанда, графема дегенiмiз таңбаланушы (фонема) мен таңбалаушының (әрiптiң) бiрлiгi болып табылады.

Қазақ жазуының жүйесi «дыбысталған сөз – фонема – графема – әрiп» тұрғысынан қарастырылуы керек. Өйткенi «фонемадан әрiпке» деген қағида бойынша жазудың лингвистикалық мәнiн толық ашу мүмкiн емес. Бұл қағида бойынша фонеманың өкiлi – «әрiп» деп танылады. Ал фонема дегенiмiздiң өзi, бiр жағынан, абстрактi единица. Олай болса, абстракт единицаны жазбаша қалай таңбалауға болады? Мiне, сондықтан жазу жүйесiне талдау жасауда бастау алатын, табан тiрейтiн негiзгi дерегiмiз дыбысталған сөз болуға тиiс. Өйткенi фонема алдымен сөз дыбыстарында көрiнедi.

«Дыбыс – фонема – графема – әрiп» деген төрт мүшелi қатынас жазудың iшкi құрылымын бiршама толық аша түседi. Мұндағы сөз дыбыстары фонемалардың ауызша тiлдегi өкiлi болса, фонеманың жазба сөздегi өкiлi – графема (инвариант), ал графема фонема тәрiздi дерексiз единица, бiрақ ол

нақты әріптер (варианттар) арқылы көрінеді. Ал әріп дегеніміз – «жазуда фонемаларды немесе оның варианттарын белгілейтін белгілі бір әліпбидегі графикалық таңба».

Қазіргі жазуымыз сөз дыбыстарына негізделген біртұтас жүйе түрінде және сол жүйені құрап тұрған элемент, сол элементтердің өзара қатынасы сияқты ішкі құрылымдық деңгейде әлі де болса зерттелмей келеді. Ал мұндай міндетті шешу жазуымыздың фонологиялық транскрипция мен фонетикалық транскрипция жүйесінен қаншалықты айырмасы мен ұқсастығы бар екенін айқындауға мүмкіндік береді. Графикалық лингвистиканың қисыны бойынша жазу жүйесі фонологиялық, фонетикалық транскрипциядан қалайда бөлек болуға тиіс. Осымен байланысты жазуымыздың ішкі түзілімін және фонологиялық негізін (қандай бағытта, қай мектептің іліміне жақын т.б.), оған ұстанып отырған емле принципінің сайма-сай болуын қарастыру қазақ тілі орфографиясының негізгі міндеті болып саналады.

Бір сөзді әркім өз бетінше оқып, өз алдына жазатын болса, жазу-сызудың коммуникациялық мәні болмайды. Сондықтан дыбысталған сөзді хатқа түсірудің және оны сөйлеуде қайта жаңғыртудың жазарман мен оқырманға ортақ негізі болуға тиіс. Жазуда және жазылған сөзді жаңғыртуға басшылыққа алынатын негіз орфографиялық ұстаным (принцип) деп аталады.

Қазіргі қазақ жазуы үшін фонематикалық принцип басшылыққа алынады.

Фонематикалық принцип дегеніміз «белгілі бір фонеманың дыбыс түрленімдерінің ішінен фонетикалық ортаға неғұрлым тәуелсіз түрін жазу» болып табылады. Ал фонематикалық принциптің теориялық тірегі «фонема – дыбыс типтері, дыбыс кластары, сондай-ақ олардың күшті және әлсіз позициясы» дегенге саяды.

Тіл-тілдің дыбыс жүйесіндегі алшақтық пен өзгешелікке, әліпбидегі әріп санының әртүрлі болуына байланысты көптеген елдің жазу-сызуында тілдің ішкі жүйесі мен заңдылығынан тысқары жазылатын шеттілдік сөздер, сөз топтары болады. Коммуникациялық жақтан қолайлы болу үшін олар негізінен уәждемесіз принциптер (дәстүрлі, айырмыс, транслитерациялық, транскрипциялық, түпнұсқа принциптері) бойынша жазылады.

Аталған принциптер арқылы қазақ әдеби тілінің құрамындағы біріккен сөздер, қос сөздер, шеттілдік сөздер, құрама-күрделі атаулар категорияларын моделдеу арқылы дәлелдеуге болады.

Мәселен, Қазақ орфографиясында шешімін таппай келе жатқан қиындықтардың бірі – құрама сөздердің бірге я болмаса бөлек жазылуы.

Біріккен сөз құбылысын лексикология, морфология, сөзжасам, синтаксис, орфография ыңғайында қарастырған зерттеулерде проф. Қ. Жұбановтың концепциясында көрсетілген белгілер негізге алынған деуге болады.

Біріккен сөз екі таңбаның жай ғана механикалық тұрғыдағы қосындысы емес. Екі таңба (А,В) бірігіп, жай сипаттағы (С) таңбаға айналу үшін,

бірігуге тиіс екі таңба әр түрлі деңгейдегі азды-көпті а) мағыналық ә) формалық (материалдық) өзгеріске ұшырауы шарт. Сондықтан біріккен сөздерді анықтау үшін оларды алдымен мазмұнмеже, тұрпатмеже тұрғысынан қарастыру қажет. Олай болса, бірігуге тиіс таңбалардың семантикалық құрылымын денотат, сигнификат теориясы тұрғысынан қараудың мәні айрықша. Бұл ретте бірігуге тиіс белгілі бір екі таңбаның әрқайсының семантикалық құрылымындағы денотаттық, сигнификаттық компоненттерді өзара салыстырып көруге болады.

Сөз мағынасы – бірнеше компоненттік қабаттардан тұратын күрделі семантикалық құрылым. Бұл құрылым ақиқат дүниемен де, идеалды дүниемен де байланысты.

Қайсыбір сөздің ақиқат дүниеде меншіктеп алған «басыбайлы» денотаты болады. Лексикалық бірліктің белгілі бір объектіні меңзеуі оның денотаттық мағынасы болып табылады. Денотаттық мағына заттық ойлаумен, деректі ойлаумен байланысты. Денотаттық мағына тек материалдық мағынаны ғана емес, сезім, эмоция, психикалық күй, қатыстылық тәрізді т.б. материалдық емес нәрселерді де білдіреді.

Сонымен, екі сөзді біріккен деп тану үшін а) екі лексеманың материалдық жақтан бірігуін, яғни бір екпінге бағынып, аудиобосаралықсыз дыбысталуын, ә) мағыналық жақтан бір ұғымға (сигнификат, денотатқа) байлануын, б) сөйлеу кезінде жасалмай, үнемі дайын күйде қолданылуын, в) аталымдық қызметте жұмсалудың негізге алу қажет екенін байқаймыз. Бір екпінге бағынған, бір ұғымға байланған, үнемі даяр күйде қолданылатын, аталымдық қызметте жұмсалатын екі сөз біріккен сөз деп аталады.

Қазіргі қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамындағы орыс тілі сөздерінің жазылуы – бірқатар нормаланған, қалыпты сипат алған мәселелердің бірі. Олар, негізінен, орыс орфографиясына сәйкес өзгеріссіз жазылады. Бірсыпыра сөздер айтылу дағдысымен өзгерген түрде жазылады. Орыс тілі сөздерінің қазақ тілі қосымшаларымен түрленуі қазақ емлесі сүйенетін фонетикалық-морфологиялық принциптерге негізделеді.

Күрделі атауларды ықшамдап қысқартып қолдану – тіл дамуындағы жаңа құбылыстардың бірі. Бірқатар зерттеулерде қысқарған сөздердің тілдің қазіргі қоғамдық-әлеуметтік қызметіндегі аса ыңғайлы, қажетті элементтер екендігі дәлелденіледі. Шындығында да коммуникативтік актіде сөздерді қысқартып қолдану амалының тиімді тұстары бар; негізінен ғылыми стильде, ресми-публицистикалық материалдарда, газет-журналдар және радио-телевизия тілдерінде қолданылатын қысқарған сөздер айтар ойды нақты, тұжырымды етіп беруге, сонымен бірге орын, уақыт үнемдеуге де әсер етеді.

Баяндалғандарға байланысты жаңа латыннегізді әліпби бойынша қазақ орфографиясын оңтайландыру жолдарын анықтау аса маңызды болып табылады.

Латын әліпбиіне көшу ана тіліміздің болашағын ойлап, қолданыс аясының одан әрі кеңейе түсуіне мүмкіндік жасап, тіліміздің ішкі табиғатына әліпбиіміз арқылы жазудың айтуға жасап келе жатқан қиянатын болдырмай,

қазақы айтылым (орфоэпия) мен жазылым (орфография) талаптарын жүйеге түсіру деп түсіну керек. Сондықтан қазақ тілі емлесінің негізгі ережелерінде

Қазақ орфографиясының, қазақ сөздерінің орфографиялануының ұлттық тілдің ерекшеліктері мен заңдылықтарына сәйкес болуы қажет. Бұл үшін: а)тәжірибеде сыннан өтіп, дәстүрге айналған базалық нормаларды сақтау;ә) техникалық жақтан қазақ орфографиясының қолдануға оңтайлы, мобильді, жинақы болуын ескеру; б)халық тілінің дыбыстық қор әлеуетінің кеңірек қамтылуы;в)жаһандану үрдісінде жазу-сызудың ұлттық сипатының сақталып, космополиттік әсірелікке ұшырамауы көзделу тиіс.

Қазіргі қазақ тілінің жай-күйіне талдау жасау және оны бағалауда орфоэпиялық заңдылықтарды, орфоэпиялық нормаларды кодификациялаудың теориялық негіздерін анықтауға барып тіреледі. Әдеби тілдің орфоэпиялық нормасындағы қиындықтар жазу тәртібімен байланысты, өйткені жазба сөздің өзіне тән жүйесі бар да, ауызша сөздің өзіне тән жүйесі бар. Қазақ фонетикасында фонемалардың вариант, вариация түрлерін және олардың белгілі бір фонемалардың дыбыс қорын (шоғырын) құрайтын ерекше түзілім ретінде қараудың, жоғары мектеп оқулықтарына, оқу құралдарына, бағдарламаларына енгізіп, орфоэпиялық сөздікте, анықтағыштарда көрсетіп, сөз фонетикасының құрылымы ретінде танудың теориялық әрі практикалық мәні айрықша болмақ.

Әдеби тілдің жазбаша және ауызша түрлері мен нормаларын танып-білу маңызды.

Біріншіден, қазақ тілі ауызша жүйесінің үлкен құрсауы үндесім заңы (сингармонизм заңы). Ол – тілдегі дауысты дыбыстардың бір-бірімен үйлесіп, үндесіп, ыңғайласып айтылуы. Үндесім заңының екі жағы бар. Оның біріншісі және негізгісі – бір сөз бойындағы дауысты дыбыстардың бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке айтылатын тіл үндесімі. Сөз түбірі мен оған қосылған жұрнақ, жалғанған жалғау, не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып отырады. Қазақ тілінің бұл дыбыстық заңдылығы жазуда да көрініс тапқан.

Ұлттық жазу-сызу мәдениетінің жоғары деңгейде болуы оның әліпби жүйесімен, негізгі орфографиялық ережелерімен және осы ережелерді басшылыққа ала отырып жасалатын ортологиялық лексикографияның (орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктердің) түзілуіне, сонымен қатар ортологиялық құралдардың (орфографиялық анықтағыштар, біріккен сөздердің емлесі, жалқы есімдердің емлесі т.б.) ойдағыдай жасалуымен байланысты. Жазу мәдениетінің жақсара түсуін алдымен негізгі орфографиялық ереженің ұстанатын басты ғылыми принциптері айқындайды. Ал орфографиялық негізгі ереже өз бастауын әліпбиден алады.

Латын графикалы қазақ әліпбиі бекітілгелі бері қазақ жазуының төңірегінде қыруар жұмыстар атқарылды. Болашаққа жоспарланған сан түрлі еңбектерде графика, орфография, орфоэпия, одан әрі сөз мәдениеті, қазақ тілінің өміршендігіне қатысты басқа да мәселелер бойынша түйінді пікірлер айтылары анық.

Пайдаланылған әдебиет

1. Сералин М. Айқап. №4. 1914.
2. Альжанов О. Полезные книги для киргизов.
3. Ильминский Н.
4. Сыздық Р.
5. Байтұрсынов А. Тіл ғылымы, 325-б.
6. Дулатов М
7. Зиндер Л.Р. Очерк общей теории письма. М.: Наука, 1987, 52-б.
8. Кузьмина С.М. Теория русской орфографии. М.: Наука, 1981, 3-б.
9. Әліппе айтысы. Қарағанды: 1990. құрастырған Мәжітаева Ш. Алғы сөзін жазғандар: филология ғылымдарының докторы Әбілқасымов Б. және филология ғылымдарының кандидаты Мәжітаева Ш.
10. Мырзабеков С. Емлеге де ем керек. Ана тілі, 1990, 31 мамыр, 7 маусым; Қайдаров Ә.Т. Латын әліпбиінің болашағы зор. Ана тілі, 1991, 24 қазан, 7-14 қараша; Жүнісбеков Ә. Төл жазусыз түгелдік болмас. Ана тілі, 1992, 6-13 қаңтар ; Сыздықова Р. «Орысшылдықтан» қашудың да жөні бар. Ана тілі, 1992, 9-16 сәуір; Есенов Қ. Барымен базар абзал. Ана тілі, 14 мамыр.
11. Головин Б.Н. Введение в языкознание. М., 1977, 240-б.
12. Зиндер Л.Р. Общая фонетика. М., 1979, 38-б.
13. Реформатский А.А. Введение в языкознание. М., 1967, 211-б.
14. Зиндер Л.Р. Очерк общей теории письма, 67-б.
15. Лингвистический энциклопедический словарь. М., 1990, 117-б.
16. Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. Алматы: 1989, 19-б.
17. Амиров Т.А. Функциональная взаимосвязь письменного и звукового языка. М., 1985, 64-б.
18. Мырзабеков С. Қазақ орфографиясының арнаулы курсы бойынша методикалық нұсқаулар. Алматы: Қазақ университеті, 1991, 30-б.
19. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы: «Ана тілі» 1992. Жалпы редакциясын басқарғандар – филология ғылымдарының докторлары, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшелері Р.Сыздықова мен Ш.Сарыбаев. Құрастырушылар: Ғ.Әнесов пен А.Мектепов.
20. Джунисбеков А. Проблемы тюркском словесной просодии и сингармонизм казахского языка, 51-53-бб.
21. Сарыбаев Ш.Ш. Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші. Алматы: I б. (1965), II б. (1971), (1977), IV б. (1982), V (1987).
22. Қазақ және әліп кіндік комитеті 1929 жылдың 2-4 июнь күндері өткізген ғылыми-орфографиялық конференцияда сөйлеген сөзі. Стенографиялық есеп. Қызылорда, 1930, 81-90 бб.
23. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, 1973, 542-б.
24. С.К.Кеңесбаев, Г.Г. Мусабаев, Х.Неталиева. Орфография казахского языков СССР. М., «Наука», 1973, С. 103.

25. Жұбанов Қ. Қазақ тілінің емлесін өзгерту жайлы.
26. Жұбанов Қ. ...Стенографиялық есеп, 81-90 бб.
27. Кузьмина С.М. Теория русской орфографии, 10-б
28. Шерба Л.В. Теория русского письма. Ленинград, 1983, 19-б.
29. Қайдаров Ә. Латын әліпбиінің болашағы зор. «Ана тілі», 24, 10, 7, 14, 11, 91 ж.
30. Қайдаров А.Т. Структура односложных корней основ казахского языка. Алма-Ата: «Наука», 1986;
31. Ысқақов М. Халық календары. Алматы, 1982. 292-б.
32. Шербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Л., 1970, С.38.
33. Современный казахский язык. Алма-Ата, 1962, 28-б.
34. Мұсаев К. Вопросы разработки и дальнейшего совершенствования орфографии тюркских литературных языков Советского Союза // Орфография тюркских литературных языков. М., 1973. С.27.
35. Дмитриев Н.К. Вставка и выпадение гласных и согласных в тюркских языках // Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков: Фонетика. М., 1955. Ч.1. С.281-285.
36. М.Әуезовтың толық жинағының Алфавитті жиілік сөздік сөз көрсеткіші (қолжазба, 1-3 кітап).
37. Серебренников Б.А. Вероятностное обоснования в компаративистике. М., 1974. С.116.
38. Сыздықова Р. Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш. Алматы, 1974. 21-б.
39. Дмитриев Н.К. Вставка и выпадение гласных и согласных в тюркских языках // Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков: Фонетика. М., 1955. Ч.1. С.281.
40. Поппе Н. Монгольский словарь Мукаддимат аль-адаб. М., Л. 1938. С.233.
41. Пальмбах А.А., Исхаков Ф.Г. Явления метатезы в тувинском и некоторых других тюркских языках// Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков: Фонетика. М., 1955. Ч.1. С.295.
42. Досқараев Ж. Кейбір фонетикалық құбылыстар жайында // Қазақ тілі тарихи диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1963. 5-шығуы. 141-144-б.;
43. Шербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. Л., 1977. С.83.
44. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
45. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Алматы, 1963 (1972; 1978;1988; 2001).
46. Сыздықова Р. Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш. Алматы: Мектеп, 1959. 224 б.; Екінші басылым: Алматы, 1974. – 272 б.; Қазақ тілінің анықтағышы. Астана: Елорда, 2000 – 532 б.

47. Күдерінова Қ. Бірге, бөлек жазылатын сөздердің орфографиясы. Алматы, 2005. – 138 б
48. Жәркешова Г. Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі біріккен сөздер: Филол. ғыл. канд. дис. автореф. Алматы, 1949.
49. Жәркешова Г. Біріккен сөздердің кейбір мәселелері. Қазақ ССР Ғыл. академиясының Хабарлары. Филол. сериясы. 1954. №135.
50. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі. Алматы: Ғылым, 1987. – 272 б.
51. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
52. Копыленко М.М., Попова З.Д. Очерки по общей фразеологии. Воронеж: из-во Воронежского университета, 1972, С.40-61.
53. Мусаев К. М. Вопросы разработки и дальнейшего совершенствования орфографий тюркских литературных языков Советского Союза // Орфографии тюркских литературных языков СССР. М., 1973. С. 17.
54. Крысин Л. П. Иноязычные слова в русском языке. М., 1968. С. 18-19
55. Вопросы развития литературных языков народов СССР в советскую эпоху: Материалы Всесоюзной конференции. Алма-Ата, 1964. С. 35.
56. Орфографии тюркских литературных языков СССР. М., 1973.
57. Убрятова Е. И. Вопросы графики и орфографии языков народов СССР, пользующихся алфавитами на русской основе // Вопросы терминологии. М., 1961. С. 92.
58. Жұбанов Қ. Қазақ тілі бойынша зерттеулер. Алматы, 1966, 244-б.
59. Қазақ тілінің орыс графикасына негізделген жаңа алфавиті мен орфографиясы. Алматы, 1941.
60. Қазақ тілінің емле сөздігі // Редакциясын басқарғандар: С. Аманжолов, С. Бәйішев, Ғ. Бұзырбаев, І. Кеңесбаев, Н. Сауранбаев. Алматы, 1941.
61. Оралбаева Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының негіздері. Алматы, 1968.
62. «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерінің» өзгерістер мен толықтырулар // Қазақстан мұғалімі. 1983. 23 сентябрь..
63. Балақаев М. Б. Вопросы казахской графики и орфографии, Алма-Ата, 1952. С. 16.
64. Сейдімбеков А. Тіл тарихы // Қазақ әдебиеті. 1984. 9 ноябрь.
65. Маманов Ы. Орфографиялық сөздіктегі олқылықтар // Қазақ әдебиеті. 1983. 4 февраль.
66. Нұржекеев Б. Тіл заңдылықтарын сақтайық // Қазақ әдебиеті. 1984. 12 октябрь.
67. Ахунзянов Э. М. Русские лексические заимствования в татарском языке. Казань, 1968. С. 346.
68. Будагова З. И., Исмаилова Г. Г. Орфография азербайджанского языка // Орфографии тюркских литературных языков СССР. М., 1973. С. 56-57.
69. Баскаков Н. А. Современное состояние терминологии в языках народов СССР // Вопросы терминологии. М., 1961. С. 59-60.

70. Оңдасынов Н. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы, 1969; сонікі. Парсыша – қазақша түсіндірме сөздік. Алматы. 1974; Бекмұхамедов Е. Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері. Алматы, 1977.
71. Рүстемов Л.З. қазіргі қазақ араб-парсы кірме сөздері, Алматы. 1982.
72. Сыздыкова Р.Г. Вопросы развития казахского правописания // Вопросы казахской филологии. Алма-Ата, 1964. С. 89
73. Дмитриев Н.К. Фонетические закономерности начала и конца тюркского слова // Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков: фонетика. М; 1955. Т.І.С. 270.
74. Алексеев Д.И. Аббревиатуры как новый тип слов // Развитие словообразования современного русского языка. М., 1966; Словарь сокращений русского языка/. Под руководством Д.И. Алексеева М., 1963.
75. Жексенбаев Т. Қысқарған сөздер және олардың орфографиясы мен орфоэпиясы// Өрелі өнер. Алматы, 1976. 63-64-б.
76. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1974. 130-б.
77. Әбілқасымов Б. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. Алматы: Ғылым. – 1982. – 224-б.
78. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы: Жазушы. – 1989.
79. Сыздыкова Р. Сөз сазы. Сөзді дұрыс айту нормалары. Алматы. – 1983.– 75-б.
80. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. Алматы: Арыс. – 2005. – 780-б.
81. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. Алматы: Ғылым. – 1998. – 216-б.
82. Дүйсебаева М. Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының кейбір мәселелері. Алматы. – 1973. – 75-б.
83. Неталиева Қ. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. Алматы. – 1977. – 399-б.
84. Кеңесбаев І. Фонетика // Қазіргі қазақ тілі. Алматы. – 1954. – 283-б.
85. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі. Алматы. – 2002
86. Исхаков Ф.Т. Гармония гласных в тюркских языках // Исследование по сравнительной грамматике тюркских языков. I. Фонетика. М., 1955. – 122-159-бб.
87. Бадамбекқызы З. Қазақ тіліндегі фонемалардың дыбыс қорлары. Кандидаттық диссертация авторефераты. Алматы, 2001.
88. Базарбаева З.М. Қазақ тілінің интонациялық жүйесі. Алматы: Ғылым, 1996.
89. Николаева Т.М. Интонация сложного предложения. М.: Наука 1969.
90. Рапанович А.Н. Фонетика французского языка. М.: «Высшая школа» 1973.
91. Фазылжанова А.М. Қазақ тіліндегі қосқұрамды құрмалас сөйлем интонациясы. Филол. ғыл. кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2000.